

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ӘОЖ 81' 42

Қолжазба құқығында

**АБДИРОВА ШОЛПАН ГАЙДАРОВНА**

**Қазақстандық идеологиялық дискурс және «Рухани жаңғыру» концептісі**

6D020500 – Филология

Философия (PhD) докторы  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор  
Садирова К.Қ.

Шетелдік ғылыми кеңесші  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор  
Абдуллина Г.Р.  
(Уфа  
Ғылым және технология  
университеті)

Қазақстан Республикасы  
Ақтөбе, 2023

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b> .....	3
<b>АНЫҚТАМАЛАР</b> .....	4
<b>КІРІСПЕ</b> .....	6
<b>1 ДИСКУРСТЫҚ ТАЛДАУ: ТІЛ МЕН ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ</b> .....	15
1.1 Дискурстың анықталуы және дискурс-талдау әдістері.....	15
1.2 Тіл мен идеологияның қатынасын зерттеген ғылыми бағыттар.....	23
1.3 Идеологиялық дискурс және оның негізгі стратегиясы: «концептуалды квадрат» немесе «идеологиялық квадрат» (Т. ван Дейк зерттеулері бойынша).....	30
1.4 Қазақстандық идеологиялық дискурстың анықталуы, құрылымы, базалық концептілері .....	43
Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	60
<b>2 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДИСКУРСТЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ВЕРБАЛДАНУЫ</b> .....	61
2.1 Ұран, үндеу мәтіндері – қазақстандық идеологиялық дискурстың («Рухани жаңғыру» бағдарламасы) өнімі әрі құралы .....	61
2.2 «Рухани жаңғыру» концептісінің концептуалдануы .....	75
2.3 «Рухани жаңғыру» концептісінің лексика-семантикалық өрісі және сипаттамасы.....	88
Екінші бөлім бойынша тұжырым.....	105
<b>3 «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАЛАР САНАСЫНДА АССОЦИАЦИЯЛАНУЫ (ТӘЖІРИБЕ НЕГІЗІНДЕ)</b> .....	106
3.1 Ассоциативтік тәжірибе жүргізудің тәртібі мен әдістемесі .....	106
3.2 Қазақстандықтардың тілдік санасындағы «Рухани жаңғыру» концептісінің ассоциативтік өрісі .....	111
Үшінші бөлім бойынша тұжырым.....	133
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	135
<b>ПАЙДАЛАНАЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	139
<b>ҚОСЫМША А</b> – Ұран, үндеу мәтіндерінің дискурстық әсерін талдау мақсатында жүргізілген сауалнама.....	146
<b>ҚОСЫМША Ә</b> – Тілдік деректер мәліметі (ұран, үндеу).....	148

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгі қалыптарға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. "Ұлттық рухани жаңғыру" ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №724 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2019 жылдың 31 желтоқсаны, №1045 бекітілген.

5.3.5. Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары.

5.3.6. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.

«Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы (I. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. 21.11.2018 ж.).

ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04.2016 ж.).

Қазақстан Республикасы Президентіні Н.Ә. Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру: бағдарламалық мақала 2017 жылғы 12 сәуір.

## АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

**Ассоциация** (лат. Associatio – бірігу, өзара байланыс) – психикалық құбылыстардың өзара байланысы. Адам санасында оның біреуінің пайда болуы екіншісінің де ілесе туындауына әсер етеді.

**«Бүгілген» (свернутый) мәтін** – дискурста тілдік тұлға санасында өзіне бекітіліп тұрған барлық мәтіндердің ішінен қажетті мәтіннің қозғалысқа түсіп, сөз әрекетін қабылдауға, түсінуге қызмет ететін мәтін.

**Дискурс** – тілдік жүйенің әлеуметтік топтардың не жеке тұлғалардың коммуникативтік мақсат-мүдделеріне сай жағдаятта қолданылуы. Оның құрылымы көп деңгейлі, шикізаты да, өнімі де – мәтін.

**Дискурс** – тіл мен идеология кездесетін нүкте, ал **дискурс талдау** – тілді пайдаланудың идеологиялық қырларын және идеологияда тілді пайдалануды жүзеге асыруды талдау.

**Дискурсты сыни талдау** – дискурстың «жасырын мәнін» ашуды, көздейтін оның идеологиялық өлшемін анықтауға ұмтылатын әдіс.

**Дискурстық айналым** – адресаттар тарапынан дискурстың танымдық айналысқа түсуі, игерілуі. Бұл айналым бірнеше мәрте жүзеге асады.

**Дискурстың астырт құрылымы** – айтылатын ойдың өзегі, пропозициясы. **Дискурстың үстірт құрылымы** – ой өзегінің, санадағы сөздердің, сөз тіркестерінің, сөйлемнің таңдалып, белгілі бір құрылымның іріктеліп, дыбыстық жамылғысын жамылып, коммуниканттың қабылдауына жеткізілуі.

**Дискурстық формация** – белгілі бір жағдайда қандай да бір көзқарас тұрғысынан айтылуы мүмкін нәрсе мен айтылуға тиісті нәрсе.

**Жағдаяттық модель** – тілден тыс шындықтағы жағдаяттың танымдағы тірегі (корреляты) – бұл жағдаятқа қатысушы не жағдаятты бақылаушы адамның сол туралы оқыған не естіген кезде «ақылында болып жатқан нәрсе», модельге осыған ұқсас басқа жағдайдағы тәжірибелер де енеді.

**Идеологиялық дискурс** – мақсатты түрде идеологияны жүзеге асыру үшін жүргізілетін, әлеуметтік танымның барлық түрлерінің негізінде жататын білімге құрылатын дискурс.

**Идеологиялық формация** – әлеуметтің теңсіздігін көрсететін позициялар жиынтығы.

**Интрадискурс** – дискурс қызметінің өзіне өзінің қатынасы.

**Интердискурс** – қандай да бір дискурсқа қатысты алғанда өзара әрекеттесетін дискурстық формациялардың жиынтығы.

**Когнитивтік лингвистика** – (лат. cognition – білім, түсінік, көзқарас) – тіл біліміндегі бағыт. Тілді игеру. Табиғи тіл механизмін түсіндіру үшін білім жинау, қолдану және оны түсіну моделін құру тұрғысынан зерттеу.

**Концепт** – бір немесе бірнеше өзекке негіз болатын ұлттық дүниетанымда қалыптасқан таным түйіні.

**Концепт** – бір ұғым атауы емес, ол бойына ұлттық таным негізінде бағалауыштық мән сіңірген мәдениет пен салт-дәстүрге қатысты адам санасындағы қалыптасқан жиынтық бейне. Ол қабылдаушы миында оның санасында қалыптасқан танымның негізінде және бар ақпараттық біліммен ұштасып, сәйкесінше бейнелермен ассоциацияланып, сөздер, сөз тізбектері, фразалар арқылы сипатталады. Ол жеке адамның ерекшеліктеріне қарай әр түрлі формада көрініс береді.

**Концепт** – ұжымдық білімнің бірлігі, сана (жоғары рухани құндылықтарға жол ашушы) этномәдени ерекшелігі бар тілдік бірлік.

**Қазақстандық идеологиялық дискурс** – қазақстандық идеологияны тасымалдайтын, жүзеге асыратын, оны қоғам мүшелерінің санасына сіңіру мақсатын көздейтін сөз әрекеті.

**Ұлттық идеологиялық дискурс** – бір елдің өз ішіндегі ұлттық құндылықтарды насихаттайтын, идеологияға сай қоғам мүшелеріне ортақ түсінікті қалыптастыруға бағытталған сөз әрекеті.

**Ұран** – I Үндеу, шақыру, дабыл. Ұран тастады [салды] – дабыл қақты, ұрандады.

Ұран II Белгілі бір іс-әрекеттің негізгі мақсатын білдіретін қысқа ұғымды сөз тіркесі.

**Ұран мәтіндері** – белгілі бір идеологиялық мақсатта қолданылатын және соған сай мазмұндағы қысқа құрылымды, жеке сөзден немесе тіркестен құралған дискурстық бірлік.

**Үндеу мәтіндері** – елдің идеологиясына сай жүргізілген саяси бағдарламаларын, рухани құндылықтарын насихаттайтын дискурстық бірлік. Идеологиялық дискурстың шикізаты әрі өнімі.

**«Сығылған» (примитив) мәтін** – дискурстық бірлікке қатысты сөз әрекеті барысында қозғалысқа түсетін сол атауға бекітілген барлық мәтіндер жиынтығы.

**Тілдік құрылымдарды модельдеу** – ұғымның құрылым-құрылысын анықтау, сол құрылымға кіретін элементтердің санын, сапасын, мағыналарын анықтау, олардың арасындағы байланысты ажырату.

**Тірек сөздер** – идеологиялық дискурс мәтіндегі ой өзегін құраушы бірліктер.

**Ықпалдастық шек** – дискурс айналымында бір дискурстың екінші бір дискурсмен тоғысу шегі. Дискурстың жүзеге асу кеңістігінде өзге ғылым салаларымен сабақтасуы. Ол – дискурстық жанасу тұсын айқындайтын меже.

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Ұсынылып отырған зерттеу жұмысы қазақстандық идеологиялық дискурстың семантикасы мен лингвистикалық формасын, «Рухани жаңғыру» концептісінің тілдік тұлғалар санасында ассоциациялануына тәжірибе жүргізіп, нәтижесінде алынған реакция-сөздерге сүйеніп оның макромодельдерін, лексика-семантикалық, ассоциативтік өрістерін, «Рухани жаңғыру» фреймі мазмұнындағы уәждерді ескере отырып, «Рухани жаңғыру» концептісінің құрылымдық модельдерін құруға арналған. Бұл мәселе қазақ тіл білімінде арнайы зерттелмеген.

Ұсынылып отырған диссертацияда қазақстандық идеологиялық дискурстың «шикізаты» мен «өнімі» сапасында «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы алынды. Оның себебін аталған бағдарламаның елімізде 2017-2022 жылдар аралығында мақсатты түрде насихатталғанымен, жоспарлы шаралардың жүйелі жүргізілуімен байланыстырамыз. Бұл бағдарлама ұсынған идея бір күнде пайда болмаған. Ол ерте кезден-ақ қазақ қоғамында орын алған «бостандық», «азаттық», «тәуелсіз ел болу», «елін, жерін қорғау», «елін мәңгілік ету», «Алаш» идеяларымен сабақтасып жатыр. Оны көне жазба ескерткіштеріндегі, атап айтқанда, «Күлтегін» жырындағы Білге қағанның мына жолдары да айғақтайды: «Өкеміз, ағамыз құрған халықтың Аты, даңқы өшпесін деп, Түркі халқы үшін, Түнде ұйықтамадым, Күндіз отырмадым. Біріккен халықты от-су қылмадым» [1]. Әр кезеңде аталуы түрлі болғанымен, «Мәңгілік тәуелсіз ел болу» идеясы үнемі жалғасып отырады. Бұл ойымызды Е. Омаровтың мына пікірі де дәйектейді: «Барлық уақыттарда қазақтардың арғы ата-бабаларының басты арманы – бостандық идеясы еді. Азаттық сөзін сақтар, ғұндар көтеріп, күллі этностың өмір сүру тарихында бұл сөз аманат ретінде ұрпақтан ұрпаққа тарады. Өйткені ата-бабаларымыз рухтың бостандықты талап ететінін жақсы білген.

Мемлекет немесе адамдардың ұйымдасқан бірлестігі бірқалыпты жағдайды қалыптастыра отырып, адам сынды рухани жан иесінің өркениет деп аталатын өмірлік тәжірибесін сақтап, арттыруына ықпал етеді. Өркениет – қоғамның материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы. Өркениет дегеніміз – рух. Қоғам ақыл-есінен адасып, мәңгүрттене бастағанда, өзінің руханиятынан айырылып қалады. Халықты жаулау арқылы рухты басып тастауға болады. Егер ұжымдық рух әлсіремесе, онда қоғам уақыт өте келе қайтадан қалпына келеді. Адамның рухын таптасаңыз, ол мәңгүртке айналады» [2]. Ал рухтың әлсіремеуі үшін оны қолдап, бекітіп отыратын – ел идеологиясы. Біздіңше, елімізде 2017-2022 жылдар аралығында жүргізілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жаһанданудың әсеріне төтеп беру мақсатында жазылған, ұлттың, елдің рухын бекітуді көздеген идеология, ал сол идеология мазмұнын тілдік бірліктер мазмұнына бекітіп қазақстандықтар санасына сіңіру үшін жүргізілген сөз әрекеті – идеологиялық дискурс.

Диссертацияда идеологиялық дискурс, қазақстандық идеологиялық дискурс, ұлттық идеологиялық дискурс түсініктері анықталды. Саяси дискурс пен идеологиялық дискурс айырмасы мен ортақ белгілері сараланды.

**Зерттеудің өзектілігі.** Ғылыми зерттеулерде дискурстың 300-дей анықтамасы беріліп жүр. Оның соншалықты көп нұсқада берілуі дискурс талдау теориясының немесе дискурсологияның пәнаралық сипатта болуымен түсіндіріледі. Ол лингвистикадан өзге антропология, әлеуметтану, философия, психология, когнитология ғылымдарымен кірігеді. Біздің зерттеуіміздің нысаны – қазақстандық идеологиялық дискурс – дискурс талдауда саяси дискурс құрамында аталып жүргенімен жеке зерттелмеген. «Дискурс – тіл мен идеология кездесетін нүкте, ал дискурс талдау – тілді пайдаланудың идеологиялық қырларын және идеологияда тілді пайдалануды жүзеге асыруды талдау» (М. Пешё) деген анықтамаға сүйенсек, кез келген тіл белгілі бір идеологияның мақсатына сай жұмсалады. Дискурстық үдеріс парафраздың, синонимия мен метонимияның идеологиялық символдармен байланыстағы жүйе сапасында сипатталады. Кез келген дискурс типі қарым-қатынас бағдарына (коммуникативтік стратегияға) құрылады. Дискурста концепт пен бейнелер қалыптасып, орнығады, әрі дискурс арқылы ұрпақаралық мәдени-тарихи қарым-қатынас жүзеге асады.

Саяси дискурс кеңістігінде идеология анық көрінеді. Идеология әлеуметтік өзгерістер қажеттігі туған кезде халықтың билікке және ел болашағына сенімін туғызу, рухын бекіту мақсатында жүргізіледі. Саяси кеңістікте орындалатын идеологиялық дискурсты жеке зерттеу – тілдің идеологиялық мақсатта жұмсалудың, қоғам мүшелерінің, әлеуметтік топтардың санасына белгілі бір құндылықтарды қалай бекітетінін арнайы зерттеу деген сөз.

Қазақстандық идеологиялық дискурс пен оның нәтижесі мен шикізаты сапасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы арнайы зерттеу нысанына айналмаған, дискурс талдауға түспеген, оның тілдік санада орнығуы арнайы зерттелмеген. Оны зерттеу қазақ тілінің идеологиялық дискурста жұмсалудағы заңдылықтарын, ерекшеліктерін анықтауға, идеологияның тілдік тұлғалар санасына ықпал ету құралдарын сипаттауға мүмкіндік береді. Сондықтан да ұсынылып отырған диссертация тақырыбы өзекті.

**Зерттеудің мақсаты.** Жұмыстың басты мақсаты – қазақстандық идеологиялық дискурстың семантикасы мен лингвистикалық формасын анықтау, «Рухани жаңғыру» концептісінің макромоделдерін, лексика-семантикалық өрісін, ассоциативтік өрісін, фреймдік құрылымын айқындау.

Зерттеу барысында аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттерді** шешу көзделді:

1. Дискурс, дискурс талдау, идеологиялық дискурс, қазақстандық идеологиялық дискурс, ұлттық идеологиялық дискурс ұғымдарын анықтау.

2. Тіл мен идеологияның арақатынасына дискурстық талдау жасаған ғылыми бағыттарды сипаттау, негізгі мәселелері мен оларға қатысты тұжырымдарына талдау жасау.

3. Қазақстандық идеологиялық дискурстың лингвистикалық вербалдануын (семантикасы мен лингвистикалық формасын, өзіндік белгілерін, құрылымын, жүзеге асу құралдарын, дискурстық бірліктерін, базалық ұғымдарын («Билік», «Саясат» концептілеріне үш тілде ассоциациялық) талдау.

4. Қазақстандық дискурс өнімі сапасында «Рухани жаңғыру» концептісін зерделеу.

5. «Рухани жаңғыру» концептісіне ассоциативтік эксперименттік талдау жасау негізінде оның макромоделдерін, лексика-семантикалық өрісін, ассоциативтік өрісін, фреймдік құрылымын анықтау.

Диссертацияның зерттеу нысаны – қазақстандық идеологиялық дискурстың семантикасы мен лингвистикалық формасы және «Рухани жаңғыру» концептісі.

**Зерттеу пәні.** Танымдық модельдері қоғам мүшелерінің пайдалануына делдал болатын қазақстандық идеологиялық дискурс және Қазақстандық идеологиялық дискурста орныққан «Рухани жаңғыру» концептісі.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негізі төмендегі ғылыми бағыттар аясында орындалған еңбектерге сүйенілді: **дискурс теориясы мен дискурстық талдау** қазақ тіл білімінде: Б. Қалиұлы, Н. Уәли, Қ. Жаманбаева, Г.Н. Смағұлова, З.Ш. Ерназарова, К.Қ. Садирова, Ш.А. Нұрмышева, Қ. Айтмұхамедова, Қ.Ө. Есенова, А. Жұмағұлова, А. Саденова, Г. Асанова, К. Елшібаева, А. Жалалова, Н.Қ. Құлтанбаева, Г. Бүркітбаева, Г. Әлімжанова, Д. Әлкебаева, Ж.М. Кеншінбаева, С.Б. Альпатына, Ш.А. Сабитова, Г. Мұратова, А.Т. Қасымбекова, Л. Ақтанова, А. Әділова, орыс және шетел тіл білімінде: Ю.С. Степанов, В.З. Демьянков, Д. Кэмерон, У. Лабов, О.В. Соколова, Ш. Муфф, Ю.Н. Караулов, А.А. Кибрик, М. Фуко, Л.М. Макаров, Н. Феэрклаф, М. Стафф, Р. Водак, Д. Таннен, **тіл мен идеологияның арақатынасына қатысты** П. Серио, Т. ван Дейк, М.М. Бахтин, Ю.М. Малинова, П. Бурдьё, В.В. Бурсевич, Л. Альтюссера, т.б.), **тіл және таным арақатынасы** Б.Х. Хасанұлы, Ж.А. Құсайынова, М. Холлидэй, Г. Лассуэл, В. фон. Гумбольдт, Ч. Филлмор т.б., **тіл және мәдениеттің өзара әрекеттестігі бойынша** М.М. Копыленко, Ж. А. Манкеева, М.Ш. Мұсатаева, Ш. Мажитова, М.Б.Амалбекова, А.К. Жұмабекова, Б. Зейда, Г. Хофстеде, А.П. Бабушкин, Н.И. Гайнуллина, А. Вежбицкая, В.А. Маслова және т.б., **мәтін мәселесі бойынша** Р. Сыздық, Б. Шалабай, А.О. Тымболова, А.Адилова, И.Г. Гальперин, А.Н. Леонтьев, В.Г. Колшанский; **әлемнің тілдік бейнесінің концептуалдануы мен категориялануы тұрғысынан:** Б.И. Нұрдәулетова, Э.Д. Сүлейменова, Л.К. Жаналина, С.Р. Сүгірбекова, Ж. Мұратбекова, С. Жиренов, А. Әмірбекова, К.К. Дүйсекова, М. Хайдеггер, И.И. Токарева, Б.А. Серебренников, В.В. Петров, М. Минский, Ч. Филлиор, Дж. Лакофф, Й. Трир, Й.Л. Вайсгербер, Л.М. Васильев, Э.В. Кузнецова, З.Д. Попова, И.А. Стернин, С.С. Майзель, Е.С. Кубрякова, В.И. Постовалова, Ю.В.Трофимова, О.В.Любимова, В.Б.Крячко т.б., **саяси дискурстағы құндылық (аксиология) және бағалау категориясы бойынша** Б. Момынова, А. Түсіпбекова, Е.М. Вольф, Т.В. Маркелова, Е.И. Шейгал, Е.В. Бабаева,



В.И. Карасик, Е.С. Миронец, Т.А. Светоносова, Г.Г. Слышкин, В.А. Марьянчик, О.С. Синеупова, W. Zillig, және т.б., **саяси дискурс бойынша** Б.А. Ахатова, Г.Е. Дүйсембина, Ж.Қ. Ибраева, К.Қ. Кенжеқанова, А.А. Иманбаева, О.Ф. Русакова, И.Г. Митченков, **идеология мәселесі бойынша:** А. де Траси, Н. Канашевич, К. Гирц, К. Мангейм, **идеологиялық дискурс** Э. Лакло, Д. Бандран, Х.Х. Омар, С.Г.Тер-Минасова, А.Р. Тузиков, И.В. Кологривова, В.И. Герасимов, Т. Жиро, **лингвомәдениеттану** В.Н. Телия, Н.Д. Арутюнова, В.В. Воробьев, В. Шаклеин т.б. зерттеулері басшылыққа алынды.

**Зерттеу дереккөздері.** Қазақстандық идеологиялық дискурсқа қатысты теориялық материалдар, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы, «Рухани жаңғыруға» қатысты интернет желісінен жинақталған атаулар мен тіркестер, мәтіндер, «Рухани жаңғыру» концептісінің тілдік санада ассоциациялануын, лексика-семантикалық өрісін, ассоциативтік өрісін анықтау мақсатында дәстүрлі және Google кесте форматында жүргізілген сауалнама (3000 респондент), ұран, үндеу мәтіндерінің дискурстық әсерін талдау мақсатында жүргізілген дәстүрлі сауалнама (300 респондент), «Билік», «Саясат» концептілерінің қазақ, ағылшын және орыс тілді қазақстандық тұрғындардың тілдік санасындағы ерекшеліктерін анықтау мақсатында дәстүрлі және Google кесте форматында (2200 респондент) алынған сауалнамалардың тәжірибелік материалдары. Қазақстанның Ақтау, Атырау, Алматы, Ақтөбе, Қандыағаш секілді қалалары мен Ақтөбе облысының аудандарынан жинақталған билбордтар, көшедегі тақтайшалар мен ғимарат маңдайшаларындағы 164 ұран, үндеу мәтіндері.

Ғылыми жұмысты орындау барысында төмендегідей **әдістер** қолданылды: жалпы ғылыми әдістер – тілдік деректерді жинақтау, талдау, салыстыру, өңдеу, сипаттау; арнайы лингвистикалық әдістер – дискурсты сыни талдау, дискурстың астырт-үстірт құрылымын талдау, сөзге семантикалық-танымдық немесе концепт құрылымын талдау әдістері, еркін және тізбектей ассоциативтік талдау, контент талдау; салғастырмалы әдістер: салғастырмалы, лингвомәдениеттану әдістері.

Зерттеу жұмысының **ғылыми жаңалығы** алғаш рет қазақстандық идеологиялық дискурстың семантикасы мен лингвистикалық формасы анықталды. Идеологиялық дискурстың семантикасы тіл бірліктеріне бекітілген идеологиялық пропозицияларды анықтау арқылы жүзеге асты. Қазақстандық идеологиялық дискурстың ұйымдасуының негізгі іргетасы – пропозициялы құрылымы, семантикалық өзегі «жаңғыру» предикатына бекітілгені, талдау нәтижесінде анықталған 4 семантикалық абзацтың осы орталық пропозицияға толықтыру қатынасымен біріккендігі дәлелденді. Қазақстандық идеологиялық дискурстың лингвистикалық формасы идеологияның тілге әсерін анықтау арқылы сипатталды: *мен* есімдігінен *біз* есімдігінің жиі қолданылуы, идеологтің «мен» есімдігін *ұсыныс білдіру, қалау, нақтылау, сенім білдіру* мақсатында қолдануы, «біз» есімдігін қолдану арқылы ұсынылып отырған идеологияға қоғам мүшелерінің сенімін туғызуы, риторикалық сұраулы сөйлемдердің, ашық сұрақты білдіретін сөйлемдердің, ұлттық мәдени мазмұнға ие бірліктердің,

метафоралық қолданыстардың, төл сөз бен кірме сөздер тіркесінен туындаған қоғамдық-саяси бірліктердің қолданылуы, идеологиялық дискурстың негізгі стратегиясы саналатын «концептуалды немесе идеологиялық квадраттың» көрінісі талданды. Қазақстандық идеологиялық дискурс моделінің сызбасы ұсынылды.

«Рухани жаңғыру» концептісінің макромоделдері мен олардың өз құрамына енетін логикалық модельдері 2019-2022 жылдары 3000 респонденттен алынған сауалнама нәтижелерін талдау негізінде айқындалды. «Рухани жаңғыру» концептісінің лексика-семантикалық өрісінің өзегі мен оның барлық шеткері аймақтарына енетін 12 лексика-семантикалық топ, олардың парадигматикалық қатынастарына негіз болатын семантикалық корреляттары, сөз таптарына қатынасының пайыздық көрсеткіштері, «Рухани жаңғыру» концептісінің эмоциялық-бағалауыштық қабатының жағымды, жағымсыз мәндері, аталған концептіге қатысты орныққан метафоралар мен изафеттік тіркестер талданып, нақты тілдік деректермен дәйектелді. Қазақстандықтардың тілдік санасындағы «Рухани жаңғыру» концептісінің ассоциативтік өрісі 2019-2022 жылдары 10-75 жас аралығындағы әр түрлі әлеуметтік топ өкілдерінің арасында жүргізілген ассоциативтік эксперимент нәтижесіне сүйеніліп сараланды. «Рухани жаңғыру» концептісінің «Рухтың жаңғыруы» фреймінің құрылымы зерделенді, оның құрамында көрінетін когнитивтік құрылымдық компоненттері сипатталды.

«Идеологиялық дискурс», «қазақстандық идеологиялық дискурс», «ұлттық идеологиялық дискурс» терминдері анықталып, олардың өзара арақатынасы алғаш рет ажыратылды. Қазақстандық идеологиялық дискурс саяси дискурстың дербес түрі сапасында танылып, екеуінің айырым белгілері сараланды.

Идеологиялық дискурстың іргелі ұғымдары ретінде «Билік», «Саясат» концептісі анықталып, 2200 қазақстандық респондент қатысқан, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүргізілген ассоциативтік эксперимент жасалып, алынған материалдар негізінде алғаш рет осы концептілерге салғастырмалы лингвомәдени талдау жасалды, үш тілде алынған сауалнама қорытындысымен респонденттердің танымындағы «Билік», «Саясат» ұғымына қатысты ортақ таным мен айырмашылықтар анықталды. Соған сүйене отырып, қазақ, орыс, ағылшын тілді қазақстандықтардың қоғамдағы халық пен биліктің арасындағы байланыс сипатын бағалауын анықтауға мүмкіндік туды. Бұл бағалаудағы ерекшеліктер қазақстандықтардың тілдік санасындағы өзгерістерді және оның болжамды себептерін көрсетті. Қазақстандық идеологиялық дискурстың өзге дискурс түрлерімен жанасуын сипаттау мақсатында *ықпалдастық шек* термині ұсынылды. Оның көрінісі пандемия кезеңінде идеологиялық мақсатта ұлттық танымда жаңғырған «аластау» мен «бәдік» жырының кіріккен мәтінін талдау арқылы түсіндірілді.

Ғылыми жұмыстың **практикалық мәні** жалпы тіл білімі, дискурс теориясы, әлеуметтану, лексикалық семантика, лингвомәдениеттану, салғастырмалы тіл білімі, лингвистикалық зерттеу әдістері, оның ішінде,

ассоциативтік талдау, дискурстық талдау курстарын өткізуде пайдалануға болады.

### **Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:**

1. Қазақстандық идеологиялық дискурс – қазақстандық идеологияны тасымалдайтын, жүзеге асыратын, оны қоғам мүшелерінің санасына сіңіру мақсатын көздейтін, елдің болашаққа сенімін жоғалтпауын қамтамасыз ететін, рухын бекітетін, билік пен халықтың арасын жалғастыруға қызмет ететін сөз әрекеті. Қазақстандық идеологиялық дискурс моделі мынадай құрылымға ие: *идеолог – идеологиялық мазмұндағы хабарды тасымалдаушы (мәтін немесе ауызша және жазбаша сөз) – идеологиялық мазмұндағы хабарды (мәтінді) тарататын канал (интернет, әлеуметтік желілер, бұқаралық ақпарат құралдары, медиадискурс, ұран мәтіндері мен үндеу мәтіндері, ресми мекемелер, «Рухани жаңғыру» кеңселері т.с.с.) – қабылдаушының қабылдауы (түсінуі, идеологиялық ақпараттың қалыптасуы мен соған сай әрекеті).*

2. Қазақстандық идеологиялық дискурс семантикасы өз құрамына семантикалық бірліктерді енгізетін 4 семантикалық абзацтың (*1-семантикалық абзац: Ел мақсаты – жаңғыру. 2-семантикалық абзац: Ұлттық сананың жаңғыруы. 3-семантикалық абзац: Таяу жылдардағы міндеттер. 4-семантикалық абзац: Жаңа жағдайда жаңғыру – даму қағидасы*) өзара байланысынан түзілген, «жаңғыру» түсінігінің компонентіне кіретін, «жаңғыру» предикатына бекітілген семантикалық актанттар арқылы түзілетін пропозициялық құрылымдардан тұрады. Бұл идеологиялық дискурстың семантикасында «Жаңа заман талабына сай елді жаңғырту идеясы» бар. Семантикалық абзацтардың өзара байланыстылықта тұруын қамтамасыз етіп тұрған – пропозиция тақырыбы (*ел мақсаты - жаңғыру*), оны сыртқы құрылымда бекітіп тұрған – орталық пропозициялар (**жаңғыру: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру**).

3. Қазақстандық идеологиялық дискурстың лингвистикалық формасы «мен» есімдігінен гөрі «біз» есімдігінің жиі қолданылуымен, өткен шақ етістігімен 1-жақ жіктік жалғауының көптік тұлғасында қиысуымен, ілік септік тұлғасында жұмсалудымен, риторикалық сұраулы сөйлемдердің, ашық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдердің, идеологияның дұрыс қабылдануын ұйымдастыру мақсатында ұлттық-мәдени мазмұнға ие бірліктердің, метафоралық қолданыстардың, төл сөз бен кірме сөз тіркесінен туындаған қоғамдық-саяси бірліктердің, кірме сөздердің қолданылуымен сипатталады.

4. Қазақстандық идеологиялық дискурс мазмұны дискурс-мәтіндерде бекітіледі. Кез келген дискурсты талдау, сипаттау сол дискурс өнімі саналатын мәтіндерге талдау жасау арқылы орындалады. Қазақстан қалаларында көшеде, мекемелер мен түрлі ғимараттарда ілінген ұран, үндеу мәтіндерін қазақстандық идеологиялық дискурстың өнімі әрі оны тасымалдау құралы деп түсінуге болады. Зерттеу материалдарына жинақталған ұран, үндеу мәтіндерінің **30%** «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мәтіндерінен алынғаны және ұран, үндеу мәтіндерінің тақырыптық мазмұны бағдарламаның бағыттарына сәйкес келуі – 2017-2022 жылдар аралығында қазақстандық идеологиялық дискурстың негізгі

өзегі – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы болды деп тұжырымдауға негіз болады; ұран мәтіндерінің ішінара (Алматы, Ақтау қалаларында) үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жазылып ілінуі де – «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы «Үш тілде білім беру» идеясына сәйкес қалыптасқан деп есептейміз.

5. «Рухани жаңғыру» концептісінің концептуалдануы 1) көру, есту сезім мүшелері арқылы тікелей қабылдау (барлық жерде, көшеде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын насихаттайтын ұрандар мен үндеулердің, бейне роликтердің т.б. көру арқылы қабылдануы); 2) адамдардың арнайы бағытталған әрекеті («Рухани жаңғыру» кеңселерінің жұмысы); 3) ойлау операциялары (арнайы конкурстар мен шығармашылық жұмыстардың орындалуы барысындағы ойлау әрекеттері); 4) тілдік қарым-қатынас арқылы («Рухани жаңғыру» концептісінің тілдік формамен түсіндірілуі); 5) тілдік бірліктерді саналы қабылдау жолымен («Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын мақсатты түрде түсініп оқу арқылы) жүзеге асты.

«Рухани жаңғыру» тіркесіне ассоциативтік тәжірибе жасау нәтижесі оның 3 макромоделі барын анықтады: 1. «Рухани жаңғыру» – ұлттық құндылық, өз құрамына «Аманат», «Ұлттық код», «Сананың жаңғыруы» логикалық моделін, олардың қатынасын. 2. «Рухани жаңғыру» – саясат, өз құрамына «Жаңа бағыт», «Бағдарлама» логикалық модельдерін, олардың қатынасын. 3. «Рухани жаңғыру» – күш, өз құрамына «Даму», «Өзгеріс» логикалық модельдерін және қатынасын енгізеді.

6. Сауалнама нәтижесінде «Рухани жаңғыру» концептісінің лексика-семантикалық өрісінің өзегі – *рух* лексемасы және «Рухани жаңғыру» концептісі құрамына *он екі лексика-семантикалық топ* енеді. «Рухани жаңғыру» концептісінің эмоциялық-бағалауыштық қабатының жағымды мәндері толық қалыптасқан және жағымды мәні басым орныққан. «Рухани жаңғыру» концептісіне қатысты метафоралардың қалыптасуына бағдарламадағы «Бәсекеге қабілет», «Білімнің салтанат құруы» бағыттары негіз болған.

7. «Рухани жаңғыру» концептісінің ассоциациялық өрісін анықтау мақсатындағы сауалнама жауаптары респонденттердің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын игергенін, болашаққа сенетінін, салт-дәстүрді жаңғырту сапасында ұғатынын аңғартты. Осыған сүйене отырып біз 2017-2022 жылдар аралығындағы қазақстандық идеологиялық дискурста «Рухани жаңғыру» концептісі қазақстандықтардың санасында бұрыннан бар «бостандық», «тәуелсіздік», «мәңгілік ел» идеяларымен сабақтастықта орнықты деп тұжырымдаймыз.

**Зерттеу апробациясы.** Диссертация жұмысының нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, филология факультетінің қазақ филологиясы кафедрасы (докторанттарға арналған «Ғылыми-танымдық жұма» (2021), «Түркі филологиясының өзекті мәселелері» атты дәстүрлі онлайн ғылыми семинары (2022). М. Ақмулла атындағы Башқұрт

мемлекеттік педагогикалық университеті, филология факультеті «Түркі филологиясының өзекті мәселелері» атты дәстүрлі онлайн ғылыми семинары (2022). «Билік», «Саясат» концептілеріне дәстүрлі және электронды формада (Google forma) ассоциативтік тәжірибелік талдау Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде, «Рухани жаңғыру» концептісіне дәстүрлі және электронды формада (Google forma) тәжірибелік талдау Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде, Ақтөбе облысы Қандыағаш қаласының №3 мектеп гимназиясында, Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Тобық Жармағанбетов атындағы мектебінде, №1, №2 Қарауылкелді ЖОББМ, Байғанин аудандық мәдениет үйінде, Байғанин аудандық мұражайында, Ақтау қаласының №16 ЖОББМ мектебінде, Ақтөбе қаласының «Рухани жаңғыру» орталығында жүргізілді. Ұран, үндеу мәтіндеріне қатысты дәстүрлі форматтағы сауалнама Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Тобық Жармағанбетов атындағы мектебінде, №1, 2 Қарауылкелді ЖОББМ, Байғанин аудандық мәдениет үйінде, Байғанин аудандық мұражайында жүргізілді. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, филология факультетінің қазақ тіл білімі кафедрасында «Рухани жаңғыру және қазақ тіл білімі» тақырыбында баяндама жасалды (21.04.2020).

#### **Зерттеудің жариялануы мен мақұлданыуы:**

Диссертацияның негізгі бөлімдері бойынша 13 мақала жарияланды.

*Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдардың ин-прессінде жарияланған еңбектер:*

1. Delving into the Concept of «Authority» and «Politics»: An Associative Word Analysis in Kazakh, Russian, and English // International Journal of Society (Culture & Language, 12.12.2022. Процентиль 74%, Q 2).

*ҚР ҒЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарық көрген еңбектер:*

1. Ұран, үндеу мәтіндерінің идеологиялық аспектісі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2019. – №12/2. – Б. 228-231.

2. Ұран мәтіндеріндегі тірек сөздердің дискурстық әсері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2020. – №2/1. – Б. 175-178.

3. Идеологиялық дискурс және ықпалдастық мәселесі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. – №3(132). – Б.133-14.

4. Дискурстың идеологиямен арақатынасы // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – №4(67). – Б. 172-181.

5. Characteristics of kazakhstan ideological discourse in pandemy // Тілтаным.

Мерзімді ғылыми журнал. (Өндірісте).

*Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:*

1. Саяси дискурс мәселелері // Көрнекті ғалым, Қазақстан Республикасы

Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Сейілбек Мұхамеджарұлы Исаевқа арналған дәстүрлі «Исаев оқулары» конференция (Ақтөбе, 2019. – Б. 17-20).

2. Идеологиялық дискурстың ерекшеліктері // Жас ғалымдар мен магистранттарға арналған «Ғылым және білім – 2019»: XIV халықаралық ғылыми конференция (Нұр-Сұлтан, 2019. – Б. 2358-2361).

3. Үндеу мәтінінің ұйымдасуы // Электронная письменность народов Российской Федерации: опыт, проблемы и перспективы: материалы 2-й международной научной конференции (Уфа, 2019. – С. 144-147).

4. Особенности казахоязычного идеологического дискурса // Электронная письменность народов Российской Федерации: опыт, проблемы и перспективы: материалы 2-й международной научной конференции (Уфа, 2019. – С. 147-150).

5. «Рухани жаңғыру» концептісі // Актуальные проблемы теоретической и прикладной филологии: материалы 7-й международной научной конференции, посвященной 100-летию образования Республики Башкортостан и 110-летию создания Башкирского государственного университета (Уфа, 2019. – С. 19-25 (Ауызша баяндама жасалды. Сертификат.)

6. Ұлттық танымның идеологиялық дискурста жаңғыруы // Көрнекті ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Сейілбек Мұхамеджарұлы Исаевқа арналған дәстүрлі «Исаев оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференция (Алматы, 2020. – Б. 17-20). (Онлайн форматта, ауызша баяндама жасалды. 1-дәрежелі диплом).

7. Қазақстандық идеологиялық дискурстың ерекшеліктері // «Дискурс теориясының өзекті мәселелері» халықаралық онлайн ғылыми конференция (Ақтөбе, 21 мамыр 2021 жыл. – Б. 329-335 (Онлайн форматта баяндама жасалды. Сертификат).

**Зерттеудің құрылымы мен көлемі.** Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен, анықтамалардан және қосымшадан тұрады. Ғылыми жұмыстың жалпы көлемі 145 бетті құрайды.

# 1 ДИСКУРС ТАЛДАУ: ТІЛ МЕН ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

## 1.1 Дискурстың анықталуы және дискурс-талдау әдістері

Дискурс талдау теориясы немесе дискурсология ғылымының негізгі зерттеу нысанына берілген анықтамалар сан түрлі. Дискурс анықтамаларының жалпы саны 300-дей. Біз оның себебін аталған ғылым саласының пәнаралық сипатта қалыптасуымен байланыстырамыз. Д. Кэмеронның көрсетуінше, дискурс талдаудың негізгі мәселелері антропологиямен, философиямен, әлеуметтанумен, лингвистикамен тығыз байланыста қарастырылады. Оның айтуынша, дискурс-талдау антропологиядан әлеуметтік мәдени мәнмәтінде тілді қолдану мәселесін зерттеуді алған, себебі антрополог адамзат мәдениетінің әртүрлілігін зерттейді, ал қоғам мәдениетін түсінудің бір жолы – тіл мен сөзді зерттеу. Сөз әрі әлемдегі әрекет, әрі сол әлемді түсіну құралы болса, тіл – мәдениеттің бір қыры, сондықтан ол антропологтардың зерттеу нысанына енеді. Ал философиядан дискурс-талдау тілді қолданған кезде оның мағынаны қалай иеленетініне қатысты мәселелерді алған деп санайды. Тіл философиясының негізгі мәселесі – «мағына мәселесі». Философтар Дж. Л.Остин, Д. Серль, Г. Пол Грайс адамзаттың тілдік қарым-қатынасын сипаттай отырып, адамдардың айтқан сөзінің айтқысы келгенінен аз не керісінше көп болуына көңіл аударған. Дискурста айтылған сөзді зерделеуде, түсінуде біз сөздің мағынасын ғана біліп қоймауымыз керек, сонымен бірге айтушының сол сөзбен не айтқысы келгенін де түсінуіміз керек. Мысалы, «Тарихыңды жақсы білесің бе?» деген сөзді айтқан жан тыңдаушының өз тарихын білмейтінін айтып тұр ма, әлде қойылған сұрақтың тура жауабын алғысы келіп тұр ма – бұл жауап нұсқаларының қайсысы дұрыс екені сөйлеу жағдаятынан немесе коммуникативтік оқиғадан анықталады. Бұл мәселе прагматика терминімен де беріліп жүр. Дискурс-талдау әлеуметтанудан өзара әлеуметтік әрекеттесу себептерін түсіну мәселесін алған. Әлеуметтануда бұл этнометодология деп аталып, Г. Гарфинкел теориясымен байланыстырылып талданады. Оның негізгі мәні мынаған саяды: әлеуметтік агенттер – өздерінің тәртібін реттейтін ережелерге бағынады. Мысалы, адамдардың күнделікті тұрмыстағы әңгімесі саналы түрде арнайы реттелмесе де, олардың сөзі бейберекетсіздікке ұшырамайды. Күнделікті сөздің ретін құру табиғаты зерттелуі керек деп есептейді және ол конферсациялық талдау деп аталады. Дискурс-талдау лингвистикадан тілдің құрылымы мен тілдік формалардың жұмсалуда бөлінуіне қатысты мәселені алады [3]. Әлеуметтік лингвистиканың өкілі У. Лабов дискурс-талдаудың іргелі міндетіне «бір фразаның екінші фраза соңынан рационалды және заңды жолмен айтылатынын көрсетуді» [4] жатқызады. Басқаша айтқанда, сөз қандайда бір заңдылықтарға сай сөйленеді. Тілдік қарым-қатынасқа түсушілердің интеракциялық міндеті қалай орындалатынын зерттеу осы заңдылықтарды ашуға мүмкіндік береді, бұл мәселені интеракциялы әлеуметтік лингвистика өз нысанына алады. Бұл айтылғандардан біз дискурс терминінің түрлі анықталуының себебін олардың

қандай ғылым тұрғысынан талданғанына сай берілгенін көреміз. Бір ғылыми бағыттың өз ішінде де дискурстың түрліше сипатталатыны да аңғарылады.

Дискурс термині француз тіліндегі *discours*, ағылшын тіліндегі *discourse*, латын тіліндегі *discursus* сөзінен шыққан. Мағынасы «алдыға-артқа жүгіру, қозғалыс, шеңбермен айналу, әңгімелесу, әңгіме» дегенді білдіреді.

Қазақ тіл білімінде дискурсқа қатысты біршама ғылыми зерттеулер жүргізілген. Олардың қатарында Г. Смағұлова [5] шешендік сөздер дискурсын, З. Ерназарова [6] коммуникативтік актідегі дискурстардың пресуппозициясын, К. Садирова [7] көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздерін, Ш. Нұрмышева [8] қазақ кинодискурсының аударма үдерісінде түрленуін анықтаған. Г.Г. Бүркітбаева [9] іскери дискурсты, Қ. Айтмұхамедова [10] медициналық дискурстағы дәрігер мен пациенттің диалогын, Қ. Есенова [11] саяси дискурс мәселелерін газет материалдары негізінде талдаған, А. Жұмағұлова [12] шешендік сөз дискурсын, А. Саденова [13] диалогтік дискурсты, Г. Асанова [14] іскери дискурс мәселесін салғастыра зерделейді, Б.А. Ахатова [15], К. Кенжеханова [16] саяси дискурстың когнитивтік және прагмалингвистикалық компонентін сипаттаса, Г. Дүйсенбина [17] медиамәтіндердің аксиологиялық өрісі мәселесін, А. Жалалова [18] интонацияның дискурстық сипаттамасын ұсынады, К. Елшібаева [19] көпшілік алдында сөз сөйлеу дискурсына лингвопрагматикалық талдау жасаса, Н. Құлтанбаева [20] ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдерін және өзге де ғалымдар дискурсты түрлі аспектіде анықтаған, Қ.Б. Күдерина [21] қазақ дискурсының (ауызша) ұлттық және заманауи ерекшеліктерін, С.С. Исакова [22] университет дискурсын қарастырған.

Қазақ тіл білімі зерттеулерінде де дискурс бірыңғай түсінілмейді. Мысалы, Б. Қалиұлы дискурсты күрделі тілдік бірлік деп танып, оған да өзге тілдік бірліктерге тән тұрпат, құрылым, мағына, қызмет тән болатынын, айырмашылығы дискурстың ұлттық ерекшеліктерге негізделетінін, көп аспектілігі мен құрылымының күрделілігін атайды [23].

Ж. Кеншінбаева: «Дискурс – қолданыстағы мәтін», Н. Уәли: «Дискурс «фреймі», «автор», «сөз актісі», «адресат» және сөз жағдаяты (сөздің қандай ситуацияда айтылғандығы) деген құрылымдардан тұратын коммуникативтік «уақиға», ал Г.Г. Бүркітбаева мәтін мен интеракцияға қатысушылар және коммуникативтік жағдаят қосындысы дискурс деп анықтама берген.

Ж. Манкееваның зерттеуінде дискурс ұғым мазмұны сапасында, білімнің тілдегі көрінісі және тілтанымдық кеңістік сапасында анықталған. Ғалымның өз сөзімен келтірсек: «...дискурс – ана тілі арқылы сананың дүниетанымдық құрылымында анықталған түпмәннің «дәнінен» коммуникация барысында өсіп шығатын ұғым мазмұны [24], дискурс – танымның, ғалам туралы білімнің тілдегі көрінісін жеткізетін бірлік [24, б. 95], дискурс – сөздің коммуникативтік әлеуетін ашып жүзеге асырушы тілтанымдық кеңістік [24, б. 97], дискурс – жеке тұлғаның тіл әлемін (оған тұлғаның тілдік өресі, белгілі бір дүниетанымдық білім аясы енеді) танытатын кеңістік [24, б. 99]». К. Садирова дискурсты «өмірдегі, яғни шынайы уақыттағы нақты оқиғалардың тілге көшкен



тізбегінің ағымы», «дайын мәтіннің сөйлеу әрекетін туғызушылар мақсатына сай күрделі әрі нақты коммуникативтік жағдайға айналуы, мәтін қызметтерінің дискурс құзыреттілігіне көтерілуі» [25] – деп анықтайды.

Қ. Жаманбаеваша, дискурс – дара тұлғаның ішкі интенциясын тілдік терең негізде объективті түрде өмір сүретін дайын модельдерді бейнелейтін мәтіндер [26].

Ғылыми зерттеулерде дискурс прагматиканың зерттеу пәні ретінде қаралып, «өзара байланысты, әрі көлемді қозғалыстағы мәтін – дискурс, ол басты субъектімен, тұтас мәтіндегі «Эгомен», мәтінді түзуші адаммен сәйкес келеді. Ал адам – сөйлеу жағдаятының авторы» деп тұжырымдалады [27]. Ю.С. Степановтың айтуынша, «дискурс – тілдегі тіл», ол тіл ерекше әлеуметтік деректерді білдіреді. Дискурс өзінің грамматикасы мен лексиконы бар қарапайым тіл түрінде өмір сүрмейді, ол ерекше грамматикасы, ерекше лексиконы, ерекше сөз жұмсау ережесі мен синтаксисі, ерекше семантикасы – қорыта айтқанда, ерекше әлемі бар мәтінде өмір сүреді. Кез келген дискурс әлемінде өзіндік ереже болады, ол мағыналас сөздерді ауыстыруда, өзіндік шындық пен өзіндік этикетке бақылау жасайды [28].

Л. Макаров [29] дискурстың интерактивтілігін, диалогтік сипатын, көп қырлы кристалл тәрізді болатынын, оның әр қыры өзара тілдік әрекеттесуде – ұлттық-этникалық, әлеуметтік-жанрлық, нақты-жағдаяттық, сөзбен ойлау, формалды-құрылымдық т.с.с. болатынын атап көрсетеді.

Дискурстың семантикасын, грамматикасын, прагматикасын қамтитын анықтаманы В.З. Демьянков зерттеуінен кездестіреміз. Оның пайымдауынша, дискурс – мәтіннің еркін бөлігі, оның құрылымы бір сөйлемнен көп болады. Көбінесе тірек концептінің айналасына шоғырланады, дискурс жүрген уақытта сөз түзуші мен оны қабылдаушы үшін жалпылыққа ие мәнмәтінді «құрады». Ал ол сөз түзетін тұлғаны, жағдайды, нысанды, уақыт пен әрекетті сипаттайды [30]. Бұл тұста біз ғалымның дискурс болу үшін оның құрылымы бір сөйлемнен кем болмауы керек деген ойы шындыққа жанаспайды деп есептейміз. Себебі дискурс «қозғалыстағы мәтін болатын болса», ғалымның өзі айтып отырғандай, «мәтіннің еркін бөлігі болса», ол үнемі сөйлем құрылымында келмеуі де мүмкін. Егер дискурс ғалымның өзі айтып отырғандай, тірек концептінің айналасына шоғырланатын болса, демек сол тірек концептінің өзі де дискурс болып саналады, ал тірек концепт бір сөз не сөз тіркесі түрінде келе алады. Мысалы, «Рухани жаңғыру» тіркесін атағанда не оқығанда осы бағдарламаға қатысы бар қазақстандықтардың санасында 2017-2022 жылдар аралығында елімізде жүргізілген мемлекеттік бағдарлама ассоциацияланады, соған қатысты орындалған шаралар, олардың өткен орны мен ұйымдастырушылар тұлғасы, сол кезде орын алған оқиғалар т.с.с. есіне түседі. Демек, дискурс жүрді, сөзді түзуші мен қабылдаушы үшін жалпылыққа ие мәнмәтінді «құрды».

Қазіргі гуманитарлық ғылымда «дискурс» термині адамзат қарым-қатынасындағы тұрақты мәдени, әлеуметтік дәстүрді білдіреді, ал «дискурстың тәнін» қарым-қатынас тәжірибесінде жүзеге асқан не жүзеге асатын ашық айтылымдар жиынтығы түзеді, бірақ ол кез келген айтылым емес, сол

дискурстың әлеуметтік-мәдени өрісінде күшті жүйеде құрылған айтылымдар болуы шарт [31].

Қазіргі мәтін лингвистикасында дискурс былайша анықталады: 1) байланысты мәтін; 2) мәтіннің ауызша, ауызекі формасы; 3) диалог; 4) мәні бойынша байланысқан айтылымдар тобы; 5) ауызша не жазбаша түрдегі сөз туындысы [32]. Сондай-ақ дискурс екі деңгейде анықталады: 1) ауызша не жазбаша сөзбен тіркелген коммуникативтік жағдай, 2) тақырыбы сәйкес келетін мәтіндер жиынтығы [33]. Дискурсты осылай түсіну зерттеушінің міндетін екі деңгейде анықтауға мүмкіндік береді. Бірінші анықтамаға сай жекелеген нақты коммуникативтік жағдай дискурс деп зерттелсе, екінші түсінікке сай дискурс қандайда бір нақты коммуникативтік актілердің кіріккен жиынтығы деп саналады және оның қорытындысында мазмұндық-тақырыптық ортақтығы бар барлық мәтіндер жиынтығы түзіледі. Біз өз зерттеуімізде қазақстандық идеологиялық дискурс пен «Рухани жаңғыру» концептісінің арақатынасына сипаттама беруде осы екі деңгейді де қарастырамыз. Зерттеуде мұның біріншісіне пандемия кезеңіндегі билік пен дәрігерлер тарапынан жүргізген сақтандыру шарасына қатысты түрлі жанрдағы (бейнероликтер, акциялар т.с.с.) дискурс мәтіндеріне қатысты жекелеген тұлғалардың, әлеуметтік топ өкілдерінің комментарийлері алынса, екіншісіне «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасына қатысты барлық дискурста түзілген кіріккен мәтіндер жиынтығын жатқызамыз. Бұл мәселе арнайы тарауда талданады.

Қазіргі лингвистикада дискурс тілдік жүйе мен оның қолданысы арасындағы шынайы әрекеттесу деп те анықталады. Дискурс – тілдік әрекеттесу үдерісі мен оның нәтижесінің, яғни түзілген мәтіннің біртұтастығы. Дискурстың құрамдас бөлігі – мәтін. Ол тұрақты нысан, ақпараты тек сөз әрекетінде қозғалысқа түседі. Ол графикалық символдардың бірізділігінен түзілетін жазбаша мәтін де немесе акустикалық сигналмен берілетін ауызша мәтін де болуы мүмкін. Дискурсқа мәтіннің түзілуі мен түсінілу үдерісі де енеді [34].

Дискурстың анықтамаларында берілгендей, дискурс мәтінсіз жүзеге аспайды, ал мәтін дискурсыз түзілмейді. Ғылыми зерттеулерде мәтін мен дискурстың арақатынасы мен айырым белгілері жіктеліп беріліп жүр. Біз зерттеуімізде ол мәселелерге арнайы тоқталмағанымызбен, зерттеуімізге қажетті мына пікірге көңіл аударамыз. Мәтін дискурстың құрамдас бөлігі және дискурстың нәтижесі дедік, бірақ бұл ой дискурсқа мәтінмен салыстырғанда артықшылық бере бермейді. Оны ван Дейк еңбегіндегі [35] тұжырыммен дәйектеуге болады. Ол өз зерттеуінде парламенттік дебаттарды талдай отырып, мәтіннің дискурсқа әсер ету мүмкіндігінің жоғары екеніне назар аударады, сол арқылы қоғамдағы құндылықтардың идеологиялық жүйесін құратынын (біздің зерттеуімізге қатысты айтсақ, «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасы елімізде ұлттық құндылықтарды жаңғырту бағдарламаларының қабылдануына түрткі болды, оны жүзеге асыруға ықпал етті), мемлекеттің мәдени ерекшеліктерін қалыптастыратынын (ұлттық салт-дәстүрлерді жаңғырту), мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси ұстанымын анықтайтынын

көрсетеді. Сондықтан біз өз зерттеуімізде *дискурс пен мәтін бірін-бірі құруға қатысады, бірінсіз бірі орындалмайды, қозғалыста тепе-теңдік түзеді* деген тұжырым ұстанамыз.

Дискурс П. Серио тарапынан айтылым мен дискурстың қарама-қарсы қойылуымен түсіндірілген, оның ойынша, айтылым – арасында екі кідірісі бар бірізді тіркестер, ал дискурс – сол айтылымдарды басқаратын дискурстық тетіктер [36].

Дискурстың айтылымдарды (мәтінді, сөзді) басқару тетігі – сөз сөйлегендегі ашық (эксплицитті) және жасырын (имплицитті) тетіктер жиынтығы идеологиялық дискурста да орын алады. Идеологиялық дискурста тіл (мәтін, сөз) қоғамдық санаға ықпал етуге, оны басқаруға, жаңа идеологияны құруға қызмет етеді.

Дискурс – қозғалыстағы, көп деңгейлі құрылым, ол мәтін мазмұны мен формасының және экстралингвистикалық категориялардың (мәнмәтіннің) тұтастығынан тұрады [37]. Дискурстың көп деңгейлі құрылымы формалды, мазмұндық және мәнмәтіндік деңгейлерден тұрады. Дискурстың формалды деңгейі нақты грамматикалық-синтаксистік құралдар жиынтығы түрінде көрінеді, әрі ол дискурстың әр типі үшін әр түрлі, дискурстың мазмұндық деңгейі белгілі бір лексикалық бірліктер түзетін концептоөріс пен танымдық тетіктер қатарынан танылады. Дискурстың мәнмәтіндік деңгейі дискурсты ұйымдастырудың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерінің жиынтығынан тұрады (1-сурет).



Сурет 1 – Дискурстың көп деңгейлі құрылымы

Дискурс – тіл мен идеология кездесетін нүкте, ал дискурс талдау – тілді пайдаланудың идеологиялық қырларын және идеологияда тілді пайдалануды жүзеге асыруды талдау. Саяси күресте сөз мәні таптық көзқарас тұрғысынан

өзгереді [38]. М. Пешёнің көзқарасынша, дискурс идеологиялық таптық қатынастардың ажырамас бөлігі болып саналады. Дискурстық үдеріс парафраздың, синонимия мен метонимияның идеологиялық символдармен байланыстағы жүйе сапасында сипатталады. Дискурстың идеологиялық құрылымы әлеуметтік және жеке тұлғалық сәттердің байланысы сапасында қарастырылады. Кез келген дискурс типі қарым-қатынас бағдарына сай (коммуникативтік стратегияға) құрылады. Дискурста концепт пен бейнелер қалыптасып, орнығады, әрі дискурс арқылы ұрпақаралық мәдени-тарихи қарым-қатынас жүзеге асады.

М. Фуко дискурсты «дискурстарда айтылатын нысанды жүйелі құратын тәжірибелер» [39] – деп санайды. Аталған ғалымның анықтамасында дискурс көпше түрде қолданылады, басқа ғалымдарда дискурс жеке түрде жұмсалады. Оның көпше түрде жұмсалыуының өзіндік себебі бар. Ғалымның сөзінше, дискурстар – тәжірибелер, олар сол дискурста айтылатын нысандарды қалыптастырады. Осы ойды Д. Кэмерон «есірткі» сөзінің дискурстарына қатысты таратып түсіндірген. Оның талдауында бұл сөзге қатысты дискурстар осы сөздің қолданыстағы мәніне сай қалыптасады, атап айтқанда: 1) адамның санасы мен денесіне әсер ететін зат; 2) мәнмәтінге қарай ол – медициналық дәрі, ол заңсыз түрде медициналық емес мақсатта да жұмсалыуы мүмкін. Осы медициналық емес мағынадағы *есірткі* категориясын қалыптастырған тәжірибелер: заңнама (кей зат қолданысына заңмен тыйым салынуы), құқықтық тәртіпті сақтау (есірткіге қатысты заңды бұзған жағдайлардың алдын алу немесе ұстау), сот тәжірибесі (есірткіге қатысты ұсталған адамдардың тарихы мен заңмен жазалануы), әлеуметтік және қайырымдылық мекемелерінің тәжірибесі (есірткіден келетін залалды болдырмау шаралары), мектеп тәжірибесі (есірткіге қатысты ақпарат беру, зиянын түсіндіру жұмыстарын жүргізу), бұқаралық ақпарат құралдарының тәжірибесі (есірткінің зияны). Осылардың әрбірі бөлек тәжірибе, демек бөлек дискурс. Есірткіге қатысты дискурстар болып саналады. Талдауда бұл дискурстар осы мәндеріне қарай нақтыланады. Мысалы, «заң және тәртіп» дискурсында есірткі нашар адамдар жасайтын қылмыс деп саналса және ол адамдар жазаланса, медициналық дискурста есірткі тартатын адамдар ауру деп саналады, оларды жазаға тарту емес, емдеу керектігі алға шығады, әлеуметтік дискурста есірткіні пайдалану себебінен адамдар үмітін үзеді. Бұлардан басқа есірткі жеңіл көңіл-көтеру жолы деп ұғынылады. Осыған орай ғалымдар «шындық дискурсивті құрылады» деген тұжырым жасайды [3, с. 38].

М. Фуко анықтамасында келтірілген тәжірибелер Д. Кэмерон еңбегінде *билік/білім* түсінігімен теңестіріледі. Бұл жердегі *билік/білім* сөзінің мәні белгілі бір шешім қабылдауға қатысты тілдің жұмсалыуымен түсіндіріледі. Мысалы, сарапшылар адамның психикалық сау не ауру екендігін сараптап, соған сай анықтама дайындайды, осы анықтама негізінде адамдарды психикалық саулығына байланысты жіктейді. Сондай-ақ сарапшылар «интеллект» түсінігін анықтап, оның өлшемдерін (IQ тест) құрады, бұл шынайы өмірде адамдардың жұмыстағы мансабы мен білім саласындағы қызмет деңгейіне әсер ететін

шешім қабылдауға негіз болады. Сол тәрізді әлеуметтік топтың көзқарастары мен идеологиялық ұстанымдары да олардың сөздері, тілдік қолданыстары арқылы танылып, белгілі бір әрекеттер жүзеге асады. Сондықтан да *билік/білім* түсініктері М. Фуконың *тәжірибелер* деген қолданысымен сай түседі деп есептеледі. Қазақстандық идеологиялық дискурс та осыған сай тәжірибелер немесе сөз арқылы жүргізілетін билік не білім арқылы жүзеге асады деп айта аламыз.

Дискурс – күрделі коммуникативтік құбылыс, оның құрамына белгілі бір аудиторияға бағытталған мәтін және сол мәтіндегі хабарламаны түзу үдерісі мен оның нәтижесін дұрыс түсінуге қажетті экстралингвистикалық мәнбірлер, атап айтқанда, әлеуметтік мәнмәтін, қатысушылардың фондық білімдері мен пікірлері және коммуникация интенциясы енеді. Ол мәтіндердің жай шоғыры еместігін айта отырып, Ван Дейк дискурс талдау алгоритмі ретінде «жағдаяттық модель» түсінігін енгізген: тілден тыс шындықтағы жағдаяттың танымдағы тірегі (корреляты) – бұл жағдаятқа қатысушы не жағдаятты бақылаушы адамның сол туралы оқыған не естіген кезде «ақылында болып жатқан нәрсе», модельге осыған ұқсас басқа жағдайдағы тәжірибелер де енеді [40].

Келтірілген анықтамалардың мазмұнын өзара сабақтастыра отырып талдасақ, дискурс таза лингвистикалық, әлеуметтік және философиялық тұрғыдан да анықталғанын көреміз. Бұл дискурстың пәнаралық сипатымен байланысты орныққан. Біз өз зерттеуімізде, дискурсты тек лингвистикалық тұрғыдан ғана анықтамай, оның әлеуметтану тұрғысынан берілген анықтамаларын да басшылыққа аламыз. Нақты айтқанда, біздіңше *дискурс – тілдік жүйенің әлеуметтік топтардың не жеке тұлғалардың коммуникативтік мақсат-мүдделеріне сай жағдаятта қолданылуы. Оның құрылымы көп деңгейлі, шикізаты да, өнімі де – мәтін.*

Дискурс дискурс-талдау түсінігімен қатар аталады. Дискурс талдаудың өзі де ғылыми зерттеулерде бірнеше мәнге ие: 1) дискурсты зерттейтін ғылым саласы; 2) дискурс-талдау – әлеуметтік зерттеу жүргізу әдісі; 3) сөз бен мәтіннің ұйымдасуы туралы эмпирикалық білімнің көлемі; 4) адамзат қарым-қатынасының жұмысы мен табиғаты туралы түрлі теориялардың негізі; 5) әлеуметтік шындықтың түзілуі мен қайта түзілуінің теориясы. Дискурс талдау әрі тілге қатысты, әрі өмірге қатысты [3, с. 40].

Дискурсты талдау әдістері ғылыми зерттеулерде нақты аталып, сипатталып жүр. Біз өз зерттеуімізде дискурс талдаудың бірнеше әдістерін кешенді қолданамыз. Олардың бірі – дискурсты сыни талдау әдісі. Дискурсты сыни талдау әдісі – дискурстың «жасырын мәнін» ашуды, оның идеологиялық өлшемін анықтауға ұмтылатын әдіс. Бұл әдісте дискурстың екі сипаты да талдау нысанына алынады: 1) қолданыстағы тіл (лингвистикалық); 2) айтылатын нысанды құратын әлеуметтік тәжірибелер (әлеуметтанымдық). Дискурсты сыни талдау әдісінің мәні мынада: *қандай да бір шындықты айтудың не жазудың құралын таңдау кездейсоқ болмайды, оның идеологиялық қалыптары болады.* Тілдік жүйе тұрғысынан алғанда, айтудың не жазудың

құралы деп отырғанымыз – таңдалған сөз немесе сөйлем. Дискурсты сыни талдау әдісіне, негізінен, бұқаралық ақпарат құралдары материалдары алынады. Оның себебі – аталған құрал өз хабарларында қолданған тіл бірліктерінің астарына идеологиялық жасырын мәнді сақтап, соны әлеуметтік топтарға таңады. Дискурсты сыни талдау – сын теориясы тұрғысынан әлеуметтік әлемді түсіну құралына жатады. Бұл парадигма бойынша шындық – түрлі әлеуметтік күштердің қалыптастыруы арқылы құрастырылады. Күнделікті дискурста шындық – әлеуметтік тәжірибе нәтижесі ретінде көрсетілмейді, жағдайды жай хабарлау сипатында беріледі. Бірақ шын мәнінде олар белгілі бір топтардың нақты мақсатына сай туындаған нәтижелер [3, с. 203-233].

1980-1990 жылдары дискурсты сыни талдаушылар «тіл мен билік», «тіл мен идеология» мәселелеріне назар аударған. Әсіресе бұл мәселеге британ лингвисті Норман Фэркло ерекше көңіл бөлген. Оның себебі бұл кезең әлеуметтік өзгерістердің белең алған кезеңі (коммунизмнің құрдымға кеткен уақыты). Н. Фэркло қазіргі формалды дискурста әлеуметтік өзгерістерді көрсететін жалпы үрдістерді атаған: дискурс жанрларының ауысуы, мысалы, ақпараттық сипаттан жарнамалық сипатқа ауысуы; интермәтіндіктің болуы (әрі ақпараттық, әрі жарнамалық сипаттың болуы); ресми дискурстың күнделікті, тұрмыстық дискурс сипатына көшуі (ресми дискурста күнделікті тұрмыстық дискурс сипатының араласуы) т.с.с.

Дискурсты сыни талдау *нақты мәтіндегі немесе мәтіндердегі жиі кездесетін қалыптарды (лексиканы, грамматиканы, қаратпаларды, басқа мәтіндермен, басқа жанрлармен қатынастағы интермәтіндікті қоса алғанда) табудан, сол қалыптың түсінілуін, зерделенуін ұсынудан, оның мағынасын, идеологиялық маңыздылығын сипаттаудан тұрады.* Біз өз зерттеуімізде аталған әдісті қазақстандық идеологиялық дискурстың ерекшеліктерін, «Рухани жаңғыру» тіркесінің концептіге айналу үдерісін сипаттауда қолдандық.

Дискурс талдауда қолданылатын әдістердің бірі – дискурстың астырт-үстірт құрылымын талдау. Дискурстың астырт құрылымы деп отырғанымыз – айтылатын ойдың өзегі, пропозициясы, ал үстірт құрылымы – сол ой өзегінің санадағы сөздердің, сөз тіркестерінің, сөйлемнің таңдалып, белгілі бір құрылымның іріктеліп, дыбыстық жамылғышын жамылып, коммуниканттың қабылдауына жеткізілуі. Яғни, тілдік бірліктермен таңбалануы. Ойдағы құрылымы мен тілдегі таңбалануының тұтастығын талдау. Бұл талдауда біз тілдік бірліктердің астарындағы ойдағы мәтіндерді, олардың «бүгілген» және «сығылған» түрлерін талдап, «мәтін» кітапханасының «мағына кітапханасына» көшуіне талдау жасаймыз.

Сондай-ақ зерттеуде сөзге семантикалық-когнитивтік немесе концепт құрылымын талдау әдісі де қолданылды. Бұл әдіс бойынша концепт құрамындағы *образ* (перцептивті, танымдық, прототиптік), *ақпараттық мазмұн* (танымдық белгілердің жинақталуы), *зерделену өрісі* (энциклопедиялық (тәжірибемен, оқумен келетін), утилитарлық (практикалық мақсатқа сай), реттеушілік (не істеу, не істемеу), бағалауыштық (жақсы, жаман), әлеуметтік-мәдени (ұлттық салт-дәстүрлер), паремиологиялық (мақал-мәтелдердегі

көрінісі), мифологиялық (мифтік мәтіндердегі көрінісі), лексикографиялық мағыналары талданады. Әдіс «Рухани жаңғыру» тіркесінің концептуалдану үдерісін танытуда қолданылды.

Зерттеуде «Саясат», «Билік», «Рухани жаңғыру» сөздерінің қазақстандықтардың тілдік санасында қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында ассоциациялық эксперимент жүргізу әдісі пайдаланылды.

«Дискурс», «дискурс талдау», «дискурс талдау әдістері» терминдерінің анықталуына қатысты ғылыми тұжырымдарды өз зерттеуімізде қандай мәнде қолданатынымызды атай отырып, «Дискурс – тіл мен идеология кездесетін нүкте, ал дискурс талдау – тілді пайдаланудың идеологиялық қырларын және идеологияда тілді пайдалануды жүзеге асыруды талдау» (М. Пешё) тұжырымын негізге ала отырып, тіл мен идеологияның қатынасын зерттеген ғылыми бағыттарға жеке тоқталу қажет деп есептейміз.

## **1.2 Тіл мен идеологияның қатынасын зерттеген ғылыми бағыттар**

Дискурс-талдауда әлеуметтік шындықтың моделін құрудағы тіл мен идеологияның арақатынасын зерттеу жүзеге асады. Олар, жоғарыда көрсеткеніміздей, аталған ғылыми бағыттың пәнаралық сипатынан туады. Бұл бағыттағы зерттеушілер нақты әлеуметтік топтарда шындық мағыналарын құрудың ерекшеліктерін, сол мақсаттағы тілдің жұмсалуын, дискурсты билік жүргізу тетігімен және әлеуметтік топтың өзара саралануымен байланыстырып зерттейді.

Ғалымдардың пікірінше, әлеуметтік әлем құрастырмалы, оны белгілі бір модельдерге сай қандай да бір әлеуметтік топқа таңуға болады. Ал әлеуметтік топта өмір сүру стилі ұқсас, әлемді қабылдауы бірыңғай тұлғалар бірігеді. Қоғамның осындай құрастырмалы сипатын ескерсек, идеологияның маңызы аса зор екенін түсіну қиын емес.

«Идеология» терминін ғылыми айналымға алғаш француздық ғалым, ағартушы Антуан де Траси енгізген. Ол «Идеология элементтері» атты еңбегінде қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ететін, жақсы іс-әрекетке толы адамдарды тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратын пікірлер туралы ілімді идеология деп анықтаған [41].

«Қазақ сөздігінде» идеология – (грек. Idea – бейне, logos – сөз, білім) зат. саяси. зат. 1. Адамдардың үлкен әлеуметтік топтарының іс-әрекетіне бағдар беріп, олардың мақсат-мүдделерін білдіретін идеялар мен көзқарастар жүйесі. 2. Белгілі бір әлеуметтік топтар, таптар, партиялар және т.б. мақсаттары мен мүдделерін бейнелейтін, үстемдік етіп отырған қоғамдық қатынастарды орнықтыруға немесе оларды өзгертуге қызмет ететін тұжырымдамалар мен пікірлер, идеялар жүйесі [42] – деп көрсетілген. Ғылыми көзқарас тұрғысынан қарағанда, идеология – қалыптасқан билік қатынастарын сақтауға, өзгертуге немесе төңкеруге де бағытталуы мүмкін саяси әрекетке негіз болатын идеялардың белгілі бір жүйесі. Сондықтан барлық идеология: 1) әдетте «дүниетаным» ретінде қоғамдағы орныққан саяси тәртіпке қатысты көзқарасты қалыптастырады; 2) болашақ қоғамның өзіндік үлгісін ұсынады; 3) осы

қоғамды құрудың өзіндік құралдары мен жолдарын нұсқайды. Алайда идеологиялар томаға-тұйық ой жүйесі емес, олар көбінесе ауыспалы сипатқа ие және белгілі бір кезеңдерде бір-бірімен өзара тоғысып отырады [43].

«Идеология» терминінің мәні әр уақытта түрліше түсінілген. XVIII ғасырда идеология – ғылыми танымның құралы деп танылса, XIX ғасырда идеология әлеуметтік шындықты танумен байланысты қаралған. Идеология – қоғамдық сананың, әлеуметтік қатынастың және ұжымдық әрекеттің бірлігінен тұратын күрделі құбылыс. Демек, идеология – танымның құралы, идеология – әлеуметтік қарым-қатынастың құрамдас бөлігі, идеология – саяси ықпал ету құралы [44].

К. Гирц идеологияны жеке дара болмыс деп әрі қоғамдағы мәдениет жүйесі деп санайды. Оның ойынша, идеология – реттелген мәдени символдар жүйесі, олардың мазмұнында және қалпында әлеуметтік және психологиялық үдерісті ұйымдастыруға қажетті ақпараттар болады. Олар танымдық құрылымдарда бекітіледі, сол құрылымдар күрделі әлеуметтік шындықты тануға қызмет етеді және ұжымның мүддесі тұрғысынан бірлескен әрекетті негіздейді. Оның түсіндіруінше, идеология – «символдық матрица» болып табылады, ол әлеуметтік кодтар мен символдық формалардың жиынтығы сапасындағы логикалық модельдер мәнімен анықталады. Бұлар әлеуметтену үдерісінде игеріледі, ұжымдық мүдде тұрғысынан алғанда тәжірибе мен әлеуметтік білімді жүйелеуді жүзеге асырады, ақпаратты реттеуге мүмкіндік береді [45].

П. Бурдьё идеологиялық өндіріс алаңы деген терминді қолданып, оны «әлеуметтік әлемді ой елегінен өткізу құралдарының бәсекелестігі мен өзара дау-дамайын өндіретін автономды әлем» деген сипаттама береді [46].

Идеология көп қырлы құбылыс сапасында танылып, идеологияны зерттеудің концептуалды модельдері қалыптасқан. Олар негізінен идеологияны таным мәселесімен сабақтастықта, әлеуметтік қатынастар мәнмәтінінде және саяси әрекет құралы сапасында қарастырады. К. Мангеймнің айтуынша, шынайы өмірдегі бір жағдаят әр түрлі әлеуметтік топ өкілдері тарапынан түрліше қабылданады, түрліше ұғынылады [47].

Тіл мен идеологияның арақатынасын зерттеуде қалыптасқан ғылыми бағыттар бар. Олар: «дискурсты автоматты талдау» мектебі, «дискурс теориясы» және сыни дискурс-талдау.

«Дискурсты автоматты талдау» мектебі М. Пешёнің осы аттас еңбегінен басталған, ол мектептің өкілдерінің қатарына Р. Робен, К. Арош, П. Анри, П. Серио және өзгелер жатқызылып жүр. В.В. Бурсевичтің [48] айтуынша, бұл мектеп өкілдері М. Фуконың зерттеуінен «дискурс», «дискурстық формация» терминдерін алған. Аталған мектеп өкілдері «дискурстық формация» түсінігін «белгілі бір жағдайда қандай да бір көзқарас тұрғысынан айтылуы мүмкін нәрсе мен айтылуға тиісті нәрсе» деп анықтайды. Бірақ дискурсты автоматты талдау мектебінің өкілдері дискурстық формацияның ашық, тұйықталмаған сипатта болатынын және тарихилығын атайды. М. Пешё мен П. Анридің көрсетуінше, дискурс қызметінің өз-өзіне қатынасы – «интрадискурс» және қандай да бір



тірек дискурса қатысты алғанда өзара әрекеттесетін дискурстық формациялардың жиынтығы – «интердискурс» болады. Бұл кезде интердискурс парафраздардың, цитаталардың, таңылған шындықтардың түйісуі ретінде қызмет атқарады, қолданылған тіл бірліктерінде тарихи және экономикалық үдерістермен шарттасқан мән жасырын беріледі.

Л. Альтюссера кез келген тәжірибе белгілі бір идеологияның аясында жүзеге асатынын, идеологиядан тыс болмайтынын көрсетеді. Оның айтуынша, дискурс талдау дискурстың идеологиялық негізін көрсетуге бағытталуы керек. Сондықтан дискурса қатысты «идеологиялық формация» түсінігін қолданып, оны әлеуметтің теңсіздігін көрсететін позициялар жиынтығы деп түсіндіреді [49]. Бұл мектеп өкілдерінің көзқарасынша, идеология мен дискурс тең емес, дискурс идеологияның материалдық жағын көрсетеді. Нақты идеологиялық формацияны бір немесе бірнеше дискурстық формация құрайды. Идеологиялық формацияның құрамдас бөлігі бола отырып дискурс әлеуметтік құрылымды трансформациялауға және өндіруге қатысады. Дискурстық формацияны идеологияның құрамында қарастыру онымен қоса дискурстық емес элементтердің де болатынын білдіреді. Бұл М. Пешё мектебін кейінірек қалыптасқан сыни дискурс талдау бағытымен байланыстырады.

Л. Альтюссераның «субъектімен субъекті үшін құрылатын идеологиядан басқа нәрсе жоқ» деген тезисі аталған мектептің әдіснамалық негізін құраған [49, р. 3]. Бұл ой лингвистикалық тұрғыдан идеологиялық жұмыс нәтижесін субъектіге тигізген әсері арқылы зерттеуге, нақтырақ айтқанда, жүргізілген идеологияның тиімділік мәнін зерттеуде қолдануға мүмкіндік ашты. Аталған ғалымның бұл ойы М. Пешёнің екі ойында жалғасын тапқан: біріншісі, *сөздің мағынасы өзінен өзі жасалмайды, оның жасалуына мәнді дұрыс түсінуді орнықтыратын қандайда бір дискурстық формация мүмкіндік туғызады, сол арқылы субъект нені айтуы не түсінуі мүмкін екендігі анықталады, дискурстық формация дискурсаралық түсіністіктің негізін қамтамасыз етеді*. Екіншіден, *дискурстық формацияда сөйлеу мүмкіндігі өз кезегінде идеологиялық формацияның ерекшеліктеріне сай болады, ал ол негізгі мәнді ашық түрде емес, астарлы беруді көздейді*. Яғни тілдік бірлік мағынасының астарындағы мәнді идеологиялық тетіктер реттейді. Сонымен бұл бағыттағы дискурс-талдаудың ерекшелігі – сөйлеуші субъектілердің өз сөзінің толық қожасы бола алмайтындығын көрсетуі. М. Пешёнің пайымдауынша, дискурстың түп мәнін түсіну үшін субъект қажет емес, дискурстық формация мен онан туатын үдерістерді қайта құру керек, субъектінің өзі де, оның сөйлеген сөзі де соның себебі емес, нәтижесі болып саналады. Сондықтан да бұл мектептің әдіснамасы «ой тиімділігін субъективті емес талдау» деп аталады.

Дискурс талдаудың келесі ғылыми бағыты – *дискурс теориясы* деп аталады. Ол Э. Лакло мен Ш. Муффтың «Гегемония және социалистік стратегия» атты 1985 жылы жарық көрген еңбегінен басталады. Олар дискурстан әлеуметтік шындықтың өлшемін көреді. Бұлар физикалық әлемнің бар екенін жоққа шығармайды, бірақ әр түрлі әлеуметтік топтардың бір

дискурста тоғысуы әлеуметтік өзгерістерді дискурстық тетіктер арқылы болжауға мүмкіндік туғызатынын айтады. Осы арқылы бұл ғылыми бағыт өзгелерден ерекшеленеді.

Дискурстық үдеріс – бұл белгілі бір мағыналарды не қоғамдық ойды орнықтыру үдерісі, сондықтан әлеуметтің арасында қоғамға символикалық шындықты таңу үшін күрес жүреді. Э. Лакло мен Ш. Муфф өз зерттеулерінде А. Грамшидің «гегемония» (грек тілінің *hegemonia* – біріншілік, жетекшілік, басшылық деген сөз) терминін пайдалана отырып, белгілі бір мәнге не көзқарасқа қатысты қоғамның келісімін туғызуды немесе балама нұсқаларды болдырмауды күш қолданбай-ақ ұйымдастыруға болатынын түсіндіреді. Дискурс және дискурстағы мағына сипаты өзгермелі, құбылмалы болатынына қарамастан, объективтік тұрғыдан дискурс өзінің бірыңғайлық сипатын сақтау үшін тұйықталуға ұмтылады. Қоғамда таңылатын әлеуметтік шындық қабылдаушылар үшін солай болуға тиісті болып көрінеді, түсініледі. В.В. Бурсиевичтің көрсетуінше [48, с. 40], бұл ғалымдар өз еңбектерінде «идеология» терминін қолданбайды, оның орнына осы мәнде «объективтілік» терминін пайдаланады. Олардың еңбектерінде идеология орныққан мағыналар жиынтығы деп түсіндіріледі, ал ол мағыналарды туғызғандарға қатысты ақпарат елеусіз қалады, ол күш көрсететін құрал сапасында емес, әлеуметті құратын тетік ретінде қарастырылады. Орныққан мағыналар жиынтығы ретіндегі идеологияны қоғамның басым бөлігі қабылдайды, бірақ тұрақталған бұл мағыналар саяси үдерістердің барысында өзгеріп, қоғамды қайта бөлуді көрсететін дискурстық үдерісті туғызуы мүмкін. Э. Лакло былай деп жазады: «Идеология дискурстық формада болады, ол мағыналарды тіркеу негізінде қоғамды сақтайды. Әлеуметтік сипат белгілі бір мағыналар орнықпаса, айқындалмайды, идеология әлеуметтік сипаттың негізін құрайды» [50]. Осыған сай дискурсты зерттеушінің мақсаты идеологияның қалай бұзылатыны емес, жетекші идеологияның қалай құрылатыны мен оны туғызатын шарттар, жаңа мағыналарды орнықтырудың баламалы мүмкіндіктері болуы керек.

Дискурсты сыни талдау ғылыми бағытының өкілдері Р. Водак, Н. Фэркло, Л. Чоулиараки және т.б. күнделікті нақты дискурстарды талдауға басымдық берді, қолданбалы талдау ұстанымдарының әдіснамасын ұсынды. Бұл бағытта Т. ван Дейк еңбегі ерекше назар аударады. Ол тіл мен сананың, қоғамның арасындағы байланысқа танымдық тұрғыдан талдау жасайды. Ол өз зерттеуінде идеологияны топтардың ұжымдық түсінігінің байланысын туғызатын аксиомалар жүйесі деп таниды. Ол идеяларды әлеуметтік құрылымдармен немесе идеологиялық тәжірибелер түсінігімен шатастырмау керектігіне мән береді. Т. ван Дейктің айтуынша, идеология жеке дара түсініктер емес, бірақ топтың бірыңғайлық сипатының іргесін құрайтын категория болып саналады. Олар мазмұны жағынан түрлі сипатқа ие: жағымсыз болуы міндетті емес, үнемі басымдық таныта алмауы да мүмкін, сонымен бірге орныққан идеологияға қарама-қарсы сипатта болуы да, не қоғамда тыйым салынуы да ықтимал [51]. Идеологияның сан түрлі қызметі бар: ұжымдық түсініктің негізін құрайды; әлеуметтік құрылымдар мен дискурстардың арасын байланыстырушы буын

болып табылады; билікті мойындаудың не оған қарсылық танытудың негізі болады.

Т. ван Дейк өз зерттеуінде дискурстық және идеологиялық құрылымдардың өзара әрекеттесуі туралы айтылады. Оның түсіндіруінше, идеология, негізінен, дискурста (ауызша не жазбаша қарым-қатынаста) беріледі және игеріледі [52]. Бірақ идеологиялық және дискурстық құрылымдар әр түрлі өлшеммен өлшенеді. Ақпараттық жүйе ретінде идеологиялық құрылым дегеніміз – саяси қозғалыстың негізгі ұстанымдары көрінетін теориялық-концептуалдық деңгейден (гуманитарлық ғылымнан игерген білім негізінде түсініледі), бағдарламалық-саяси деңгейден (саяси қозғалыстардың мақсат-міндеттері мен оны жүзеге асыру кезеңдері көрсетілген нақты бағдарламалардың ұстанымдары мен идеялары) және күнделікті, өзектелген деңгейден (саяси әрекетке нақты қатысушылардың топтық және жеке дара санасында көрінеді) тұратын үш деңгейлі құрылым [53]. Бұл деңгейлер қоғам мүшелерінің танымдық құрылымында жүзеге асады. Осы танымдық құрылымдарда дискурстық құрылымдармен түйіседі.

Дискурстық құрылым дегеніміз – өзара логикалық (конъюнкциялық, дизъюнкциялық т.с.с.) қатынастармен байланысқан қарапайым пропозициялардың бірізділігі. Оның элементтері: мазмұндалатын оқиға, оның қатысушылары, перформативті ақпарат және а) оқиғаға қатысты жағдай; ә) оқиғаны түсіндіретін фон; б) оқиғаға қатысушылардың бағасы, в) дискурсты оқиғаға байланыстыратын ақпарат [30, с. 7]. Зерттеушілер осы екі құрылымның түйісетін кеңістігін табу керек деп санайды. Т. ван Дейк мұндай кеңістікті қоғам мүшелерінің танымдық моделінен табады. Бұл танымдық модельдер дискурсты пайдалануға да, идеологияның әлеуметтік құрылым туралы түсінікті қалыптастыруына да делдал болады.

Дискурс құрылымына қатысты У. Манн мен С. Томпсонның риторикалық құрылым теориясы қолданылады. Ол теория бойынша дискурс құрылымы өзара семантикалық қатынастармен байланысқан дискурстық бірліктердің торы (желісі) түрінде қаралады, үш деңгейлі құрылыммен сипатталады: 1) суперқұрылым (тұтас мәтіннің макроқұрылымы мен оның мағынасының жалпы ұйымдасуына қажетті форма); 2) байланыс құрылымы (сөйлемдердің қарапайым бірізділігінен біртұтастықтағы мәтін ретінде ұйымдасуы); 3) синтаксистік құрылым (сөйлем мағынасының ұйымдастырылуы мен көрінуі) [54].

Т. ван Дейк зерттеулері тіл мен идеология байланысының өте күрделі екенін танытады. Нақты мәтін немесе сөйленген сөзден идеология типін анықтау жай нәрсе емес, себебі сөз субъектісі бір сәтте әр түрлі топтардың мүшесі бола алады, сондықтан олардың идеологиялық жүйесі қарама-қарсылықта болуы да кездеседі. Оның үстіне ықпалды идеология мәні жасырын сипатта болады, дискурста ашық берілмейді. Сондықтан идеологиялық талдау жасауда мәтіндер мен сөздерде тасымалданатын идеологиялық мән «бірден оқылмайды». Осыған орай Т. ван Дейк дискурсты түзуден көрі оны қабылдаудың күрделі тетігін табуға көңіл бөледі. Дискурсты қабылдауда жеке

тұлғалардың менталды сүзгілері тікелей іске қосылады. Олар кейде идеологиялық қарапайым хабарды қабылдауға да кедергі келтіруі мүмкін.

Т. ван Дейк дискурстың көп мағыналылығын түсіндіру үшін танымдық психологияға сүйенеді. Оның зерттеу ерекшелігі – идеологияның бейтарап тұжырымдамасын ұсынуы, нақтыласақ, идеологияны жағымсыз не жағымды деп бөлмей бейтарап сипатта қарастыруы, дискурстың идеологиялық бастауларын талдау үшін сын тұрғысынан келуі.

Тіл мен идеологияның қатынасы К. Гирц зерттеуінде олардың әлеуметтік қызметінің бір болуымен анықталады. Ғалымның пайымдауынша, идеология да, тіл сияқты әлеуметтік қызмет атқарады, екеуі де адамдарды біріктіреді және бірлескен ұжымдық әрекетке жұмылдырады [55].

В.В. Бурсиевичтің [48, с. 40] пайымдауынша, дискурс талдауда тіл мен идеологияның өзара әрекеттесуін зерттейтін ғылыми бағыттардың сүйенетін ортақ теориялық негіздемелері бар. Оларға мыналар жатады: біріншіден, әлеуметтік-құрылымдық база, дәлірек айтқанда, қоғамды онтологиялық тұрақты құрылым деп емес, жалпы әлеуметтік шындық туралы мағынаны тудыратын үздіксіз әрекеттесу нәтижесі деп қарайды. Осы әлеуметтік-құрылымдық базада әлеуметтік шындықты құру моделі мен оның таңбалануының арасы байланыстырылады. Екіншіден, дискурс әлеуметтік тәжірибе түрі сапасында түсініледі. Ол әлеуметтік тәртіпті құру үдерісін ғана бейнелемейді, оның кері әсеріне де ықпалын тигізеді. Осы арқылы тілдік үдерістер мен биліктің, нақтырақ айтқанда, идеологияның өзара әрекеттесу заңдылықтары негізделеді.

Дискурс талдауда идеология қарым-қатынастағы үстем билікке ие топтардың өз мүдделеріне сай жұмсалатын құралы болып саналады да, тіл сол идеологияны дискурста делдал сапасында тасымалдайды, оның тәсілдері болады. Дискурс талдауда осы тәсілдер анықталады. Дискурс талдаудың бір мақсатын Р. Водак «дискурсты демистификациялау» [56] – деп көрсетеді. Демистификациялау – мәтіннің лингводискурстық деңгейіндегі идеологиялық құрылымдарды талдау, бұл талдау бір таңбаның мүмкін барлық мағыналарын ашуға қызмет етеді [57]. Біздің зерттеуімізде демистификациялау «Рухани жаңғыру» тіркесінің барлық мағыналарын лексика-семантикалық, ассоциативтік өріс арқылы анықтаумен байланыстырылады. Бұл тіркестің негізгі мәні қазақ елінің ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған «Мәңгілік ел болу», «тәуелсіз, еркін ел болу» идеясымен байланысты анықталады. Ал ол көне түркі жазба ескерткіштеріндегі идеялардан бастау алып, біздің бүгінгі заманымызға жетіп отыр, нақты айтқанда, «Күлтегін» жырындағы Білге қағанның:

«Әкеміз, ағамыз құрған *халықтың*  
*Аты, даңқы өшпесін деп,*  
*Түркі халқы үшін,*  
Түнде ұйықтамадым,  
Күндіз отырмадым.

*Біріккен халықты от-су қылмадым»* деген сөзінен бұл идея нақты көрінеді. Бұл жердегі от-су қылмадым тіркесі – өштестірмей бірлікте ұстау мағынасында айтылған [1, б. 17-18]. Әр кезеңде аталуы түрлі болғанымен, «Мәңгілік тәуелсіз ел болу» идеясы Президенттердің кім болуына байланыссыз үнемі жалғасып отырады. Бұл ойымызды мына пікір де дәйектейді: «Барлық уақыттарда қазақтардың арғы ата-бабаларының басты арманы – бостандық идеясы еді. Азаттық сөзін сақтар, ғұндар көтеріп, күллі этностың өмір сүру тарихында бұл сөз аманат ретінде ұрпақтан ұрпаққа тарады. Өйткені ата-бабаларымыз рухтың бостандықты талап ететінін жақсы білген. Қазақ этнонимдерінің бірі еркін адам, тәуелсіз адам ретінде талдануы кездейсоқ емес. Адам сынды рухани жан иесіне тән әлеуметтік жағдай барысында ол уақытын үнемдеп, мәдениет деп аталатын өмірлік тәжірибесін арттырып отырады.

Мемлекет немесе адамдардың ұйымдасқан бірлестігі бірқалыпты жағдайды қалыптастыра отырып, адам сынды рухани жан иесінің өркениет деп аталатын өмірлік тәжірибесін сақтап, арттыруына ықпал етеді. Өркениет – қоғамның материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы. «Өркениет дегеніміз – рух... Егер ұжымдық рух әлсіремесе, онда қоғам уақыт өте келе қайтадан қалпына келеді. Адамның рухын таптасаңыз, ол мәңгіртке айналады» [2, б. 314]. Осы пікірде айтылғандай рухтың әлсіремеуі үшін оны қолдап, бекітіп отыруы керек. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жаһандандудың әсеріне төтеп беру мақсатында жазылған, ұлттың, елдің рухын бекітуді көздеген идеологиялық дискурс.

Дискурс талдауда идеологиялық құрылымдардың дискурстық құрылымдармен қалай және қандай деңгейде тіркесетіні, қабысатыны анықталады. Сонымен бірге дискурс талдауда кез келген тіл және оның бірлігі идеология ықпалында болады деп есептеледі. Дискурс талдаушылардың мақсаты – қоғамдағы дискурстың қызметін сөздердің референциясына негіз болған идеологиялық детерминанттық сипаттамаға сүйеніп зерттеу [58].

Тіл мен идеологияның қатынасын зерттеуде шешімін күткен мәселелер де бар. Олардың бірі – дискурс талдаудың бірнеше пәннің талдауларының жиынтығынан тұратыны. Мысалы, Т. ван Дейк зерттеуінде дискурсты талдауда дискурстық, танымдық, әлеуметтанымдық, саяси талдау элементтері қатар қолданылғаны айтылып жүр. В.В. Бурсиевич мұндай талдау кезінде әр пән өзінің тұрғысынан әлеуметтік шындықты түрлі түсіндіретінін, сондықтан ол талдау нәтижелерін тұтастықта қарағанда қиындықтар тууы мүмкіндігін айтады. Тіл мен идеологияның арақатынасын, өзара әсерін зерттеудегі басы ашық мәселенің екіншісі – әлеуметтік шындықты түзу мен түсінудегі дискурстық және дискурстық емес бөліктердің ара жігін ажырату мәселесі. Үшінші мәселе дискурс талдауды жүргізушіге қатысты туындайды. Егер дискурстағы әрбір сөз идеологияға байлаулы болса, онда зерттеу жүргізуші қандай да бір әлеуметтік топтың өкілі ретінде идеологияның ықпалында болады, ол сондықтан сыни талдау жасауда бейтараптылықты ұстана алмауы мүмкін.

Тіл мен идеологияның қатынасы мен өзара ықпалын зерттеудің ғылыми бағыттарына жасалған шолу өз зерттеуімізді жүргізгенде мыналарды басшылыққа алуымызға негіз болды:

1. Тіл мен идеологияның арақатынасын сипаттауда «дискурстық формация», «идеологиялық формация», «интрадискурс», «интердискурс» түсініктері сабақтаса қолданылады. Дискурс идеологияның материалдық қабығы сапасында қызмет ететіндіктен, дискурстық формация идеологиялық формацияның құрамына енеді, дискурс сол идеологияны тасымалдай отырып әлеуметтік құрылымды не шындықты құруға, өзгертуге қатысады.

2. Сөздің мағынасы өзінен-өзі жасалмайды, оның жасалуына мәнді дұрыс түсінуді орнықтыратын қандайда бір дискурстық формация мүмкіндік туғызады, сол арқылы субъект нені айтуы не түсінуі мүмкін екендігі анықталады, дискурстық формация дискурсаралық түсіністіктің негізін қамтамасыз етеді.

3. Дискурстық формацияда сөйлеу мүмкіндігі өз кезегінде идеологиялық формацияның ерекшеліктеріне сай болады, ал ол негізгі мәнді ашық түрде емес, астарлы беруді көздейді. Яғни, тілдік бірлік мағынасының астарындағы мәнді идеологиялық тетіктер реттейді.

4. Қоғам мүшелерінің тілдік санасындағы танымдық модельдер – идеологиялық және дискурстық құрылымдарды біріктіреді. Олар дискурсты пайдалануға да, идеологияның әлеуметтік құрылым туралы түсінікті қалыптастыруына да делдал болады.

5. Тіл мен идеологияның екеуіне де ортақ сипат – екеуінің де әлеуметтік топ немесе мәдени қауымдастықта жүзеге асатыны, өмір сүретіні. Екеуі де әлеуметтік сипатқа ие.

Тіл мен идеологияның дискурста түйісуінің когнитивтік (танымдық) тетіктері арқылы түсіндірілуі Т. ван Дейк зерттеулерінде нақты талданған. Соған байланысты біз идеологияны тасымалдайтын дискурс пен оның негізгі стратегиясына қатысты ғалымның пікіріне арнайы тоқталуды қажет деп есептейміз.

### **1.3 Идеологиялық дискурс және оның негізгі стратегиясы: «концептуалды квадрат» немесе «идеологиялық квадрат» (Т. ван Дейк зерттеулері бойынша)**

М. Бахтин: «Қай жерде таңба болса, сол жерде идеология бар» [59] – деген пікір айтады. Осы арқылы ғалым идеологияны тек саяси мәнмәтінге байлап қоймай, идеологиялық сипат барлық таңбаларда болатынын нақты көрсетеді. Идеологияның семиотикалық тетіктерін талдау өзге де ғалымдар еңбегінде кездеседі. Мысалы, Р. Барт мифологияға қатысты зерттеуінде «тіл – таңбалар жүйесі» деген анықтамаға сүйене отырып, миф пен идеологияны «метатіл», «екінші семиотикалық жүйе», «екінші тіл» деп атайды. У. Эко зерттеуінде де идеология хабарламаға екінші мән беретін бірінші кодты қайта кодтау деп сипатталады [59, с. 406]. Мұндай пікір М. Фриден еңбегінде де кездеседі. Ол идеологияны «мультиконцептуалды конструкт немесе «жеңіске

жеткен» концептілердің ішкі еркін араласуы, көптеген комбинация түзуі деп түсіндіреді. Оның ойынша, идеология немесе концепт қандайда бір сөздің мағынасын «бекітеді» [60]. Сонымен бірге М. Фриден: «...идеология – тіл, билік, бұқараның мақсаты мен бұқараның тәжірибесі түйіскен тұста пайда болады» [61], – деп есептейді.

П. Рикер «От текста к действию» еңбегінде идеологияның 5 белгісін көрсетеді: 1) топтың мүддесіне сай және оның жеке өмір сүру белгісі ретіндегі бейнесінің болуы; 2) идеология – қоғамдық өмірдің күрделілігіне қарамастан әлеуметтік тәжірибе үшін түрткі болатын, динамикалық сипатқа ие әлеуметтік-саяси жоба; 3) идеология үшін нақты әлеуметтік тәжірибенің бейнесі қарапайым сипатта болады және белгілі бір догмаларды орнықтыруға мүмкіндік жасайды (рәсімдер, салт-дәстүрлер, санада стереотиптер т.б.); 4) идеология билігі; 5) идеологияның инерциялығы, жаңа нәрсенің бәрін бұрыннан түсінікті ұғымдармен түсіндіруі мен өздерінің көзқарасына сай келмейтінді мойындамауы [62]. П. Рикердің пікірімен үндесетін ойды Т. ван Дейк зерттеуінен де кездестіреміз. Оның пікірінше, идеология нақты әлеуметтік топтар мен оның мүшелерінің бәріне ортақ әлеуметтік, экономикалық, мәдени мақсат-мүддеге сай жалпы түсініктердің жиынтығы, ол түсініктер аталған әлеуметтік топтың өмір сүруі үшін маңызды болып саналады. Оның зерттеуінде идеология әлеуметтік жадтың құрамына кіреді. Нақты қоғамдағы барлық мүшелерге ортақ, жалпы мәдени қызмет атқаратын іргелі құндылықтардан идеологиялық түсініктердің айырмашылығы бар. Ол айырмашылық мынада: идеологиялық түсініктер нақты әлеуметтік топтың әлеуметтік жадының негізінде жатады және сол әлеуметтік топтың әлеуметтік шындықты қабылдауын бейнелейді [63]. Бұл ойды таратып айтар болсақ, «Рухани жаңғыру» бағдарламасында биліктің ел дамуының стратегиясында үштілділік мәселесін көтеруі, соған сай билікті жүзеге асырушы әлеуметтік топтардың ағылшын тілді мамандарға басымдық беруі, соның салдарынан көпшіліктің ағылшын тілін оқып-үйренуге ұмтылуы, мектептер мен арнаулы және жоғары оқу орындарында білім бағдарламалары мазмұнында ағылшын тілінде оқытылатын пәндердің енгізілуі мен жүргізілуі, өз пәндерін (негізінен, физика, математика, химия, биология, жалпы тіл білімі т.с.с.) ағылшын тілінде оқытатын пән мұғалімдері мен оқытушыларды ел деңгейінде қайта дайындау т.с.с. әрекеттер *билікке ұмтылған әлеуметтік топ жадында ағылшын тілінің басымдық алуымен орныққанын байқатты*. Бұл ойымызды «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мәтінінен алынған еліміздің қалаларында ілінген ұран, үндеулердің ішінара ағылшынша берілуі де (Алматы және Ақтау қаласында), жас оқушылар мен студенттік топтардың ағылшын тілін еркін меңгеруге ұмтылуы мен үштілді жастардың көбеюі, қазақша заманауи ән мәтіндерінде ағылшын сөздерінің аралас қолданылуы (Димаш Құдайберген «Be With me», Ninety One «Mooz», «eMoji», Қайрат Нұртас «My Universe», Райым Артур «Meni oilai», «Oh My Love», «Were are you», «Whatcha wanna», Ziruza «Uyatsyz Bala», «Qulaim», Алина Герц «I love you», Kaliforniya «Give it to me»), қала көшелеріндегі мекеме, дүкен, сауда орындары атауларының ағылшын

сөздерімен берілуі т.б. дәйектейді. Қоғамда үштілділік мәселесіне қарсылық танытқан әлеуметтік топтар да болды. Олардың аталған мәселеге қатысты өз тұжырымдары мен дәлелдері айтылды, талданды, пікірталас жүрді. Бұл айтылғандар дискурс арқылы идеологияның қоғамдағы әлеуметтік топтарға таңылатынына дәлел бола алады. Аталған үдеріс Т. ван Дейктің идеология жалпы құндылықтарды нақты топтарға «трансляциялайды» (латынның «translatio» сөзінен шыққан бұл сөздің мағынасы орыс тіліндегі «перенос», «перемещение» сөзімен сәйкес келеді) немесе көшіреді дегеніне мысал бола алады. Бұл жерде жалпы құндылықтарды нақты әлеуметтік топтардың мақсат-мүдделеріне сай «көшіруді» білдіреді деп түсінеміз. Біз жоғарыда атаған ағылшын тіліне қатысты мәселе билікке қатысты әлеуметтік топтар үшін – «ел дамуының алғышарты, жаһандану талабы» деп түсінілсе, келесі бір әлеуметтік топ үшін, атап айтқанда, ұлт тілін зерттеуші ғалымдардың тобы тарапынан «орыс тілінен туған үстемдікті қайталайтын, қазақ тілінің қолданысына кері әсерін тигізетін тіл» – деп қабылданды.

Топтық түсініктің базистік жүйесі сапасында идеология маңызды когнитивтік қызмет атқарады. Идеология күрделі, иерархиялы ұйымдасқан құрылым, ол әлеуметтік бағдарды, жағдайды бақылайды, маңызды нақты әлеуметтік мәселелерге қатысты жалпы көзқарастар мен пікірлерді қамтитын күрделі құрылым. Мазмұндық жағынан алғанда идеология нақты әлеуметтік топтардың мақсат-мүддесін қорғауға қажетті әлеуметтік ақпараттан тұрады [64]. Идеология нақты бір әлеуметтік топтың білімі мен тәжірибесін ұйымдастыруды жүзеге асыра отырып, сол топтың әлеуметтік тәжірибесіне бақылау орнатады, демек сол әлеуметтік топ мүшелерінің сөз әрекеті, дискурсы бақыланады. Бір қызығы, бұл ой қазақтың «басқа пәле тілден», «аңдамай сөйлеген, ауырмай өледі», «үндемеген үйдей пәледен құтылады» деген сөздерінің мазмұнымен сай түседі. Бұл мақал, мәтелдерде сөздің бақыланыатыны, соған сай сөз бағдарлау (стратегиясы) мен сөз аңдаудың (тактикасының) маңыздылығы беріліп тұр.

Т. ван Дейктің айтуынша, идеология әлеуметтік әрекеттің маңызды түрінің бірі күнделікті дискурсқа (сөз әрекетіне) ықпалын тигізеді. Дискурста идеологиялық түсініктердің тасымалдануы мен игерілу жолдарына әсер етеді. Адамдардың нақты бір әлеуметтік топтың мүшесі екендігі олардың күнделікті сөйлеген сөзінен көрінеді. Олар өз сөздерін өздерінің әлеуметтік тобының идеологиялық түсінігіне сай құрады. Т. ван Дейк дискурс пен идеологияның арақатынасын талдай келе мынадай тұжырым жасайды: «дискурс нақты әлеуметтік топтың идеологиялық тәжірибесінің ажырамас элементі болып саналады». Ол идеологияны құрудағы дискурстың рөлін зерттей келе, идеологиялық түсініктердің ауызша және жазбаша сөздің барлық құрылымында орын алуы мүмкін екендігіне көз жеткізген. Әсіресе, митингіде сөз сөйлеу, үгіт-насихат мақсатындағы сөз жанрларының идеологияны тікелей «оқытуды» көздейтінін атайды [63, с. 77].

Т. ван Дейк зерттеуінде идеологиялық дискурстың негізгі стратегиясы былай көрсетіледі: «БІЗДІҢ жақсылығымызды, ОЛАРДЫҢ жамандығын



асырып айт». Идеологиялық дискурсты талдай отырып ол «концептуалды квадрат» немесе «идеологиялық квадрат» деген атаумен идеологиялық дискурстың негізгі стратегиясына тән мынадай төрт ұстанымды атайды:

1. БІЗДІҢ жақсылығымызды асыр (біз туралы тек жақсы нәрселерді айт).
2. ОЛАРДЫҢ жамандығын асыр (олар туралы тек жағымсыз нәрселерді айт).
3. БІЗДІҢ жамандығымызды жасыр (біз туралы тек жақсылықты айт, кемшілігімізді айтпа).
4. ОЛАРДЫҢ жақсылығын жасыр (олар туралы жақсы нәрсе айтпа, тек кемшілігін көрсет) [63, с. 83].

Т. ван Дейк атаған идеологиялық дискурстың бұл стратегиясы қазақ тіліндегі «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын, Жаманның жамандығын айт құты қашсын» деген мақал мазмұнымен сай келетіні аңғарылады. Бірақ «идеологиялық квадратта» бұл әлеуметтік топтардың өз мақсат-мүдделеріне сай мақсатты түрде жұмсалады: «БІЗ» өздерінің нұрын тасытуды, ал «ОЛАР»-дың құтын қашыруды көздейді. Осы идея қазақ тіліндегі «жақсылығымды асырып, жамандығымды жасырып» деген бірлік мазмұнына да сәйкеседі. Нақтырақ айтсақ: БІЗ үшін «жақсылығын асырып, жамандығын жасыру» ұстанымы ұсталады, ОЛАР үшін «жамандығын асырып, жақсылығын жасыру» ұстанымы алға шығады.

Әлеуметтік тәртіпті заңдастыру бұқараның санасына «қажетті» идеяны енгізуге ғана байланысты болмайды. Ол көзге көрінбейтін тетіктер арқылы дискурста жүргізіледі, М. Фуко айтқандай, «дискурс ұйымдастырылады, бақыланады, қайта өндіріледі, іріктеуден өтеді» [61, с. 32-67]. Идеологиялық дискурста билікке ұмтылған саяси бәсекелестік символдық деңгейде түрлі бағдарламалармен, әлеуметтік жобалармен, идеялармен бүркемеленеді, саяси дебаттар үшін заңмен рұқсат етілетін ойын ережелері белгіленеді, басқаша айтқанда, мұны идеологияның мақсаты «қауіпсіздік клапаны» қызметін атқару деп те атайды [64, с. 66 ].

Қоғамның қарқынды дамуы, цифрлық технологияның қалыптасуы мен жетілуі, өмірге терең енуі, интернет желісінің ықпалының артуы, жаһандану – бұлардың барлығы қазіргі идеологиялық дискурста ықпал етуші мәнбірлер. Жаһандану – объективті үдеріс, оның тиімді жақтары да (өндірістік күштердің артуы, экономикалық өмірдің интернационалдануы, елдердің бір-бірімен тәуелділігінің артуы, жаһандық ақпараттық кеңістік пен желінің пайда болуы, экономикалық, технологиялық, ақпараттық және мәдени алмасулардың артуы), жағымсыз жақтары да (тәуекел мен қауіптің артуы) бар. Мәселе сол жаһандануды идеологиялық зерделеу мен оны реттеу тетігін анықтауға қатысты туады. Қазіргі идеологиялық дискурстың құрылымын «жаһандану идеологиясы» анықтап жатыр. Біз мұны жоғарыдағы айтылған үш тілділік мәселесіне, атап айтқанда, ағылшын тілін үйрену мақсатынан анық аңғарамыз. «Болашақ» бағдарламасы арқылы шетелде мамандар дайындау, шетелдік алдыңғы қатарлы оқу орындарында оқытылатын үздік оқулықтарды қазақ тіліне аудару т.с.с. «жаһандану идеологиясын» реттеу тетігі деп есептеуге

болады. Бұл «Болашақ» бағдарламасымен білім алған жас мамандарды еліміздің жоғары оқу орындарының басшысы ретінде тағайындау әрекетінен де анық көрінеді.

Дискурста идеология қоғамдық сананың негізгі формасы болып қала береді. Әрі символдық формалар мен интерпретацияланатын кодтар сапасында түзіледі. Сондықтан да идеологиялық дискурс қазіргі жаһанданумен сабақтастырыла түсініледі. Оның бір көрінісі – идеологиялық дискурстың интернет желісінде айналымға түсуі мен сол үдерісте ықпалдастық шегінің анықталуы.

Идеологиялық дискурс – саясаттың негізгі құралы және адами капиталды қалыптастырушы күш. Олай деуіміздің себебі идеологиялық дискурс арқылы саяси үдеріс қалыптастырылып, елдің даму бағдарламалары жүзеге асырылады. Осы мақсатта орындалатын жұмыс түрлері идеологиялық дискурсқа құрылады. Ал адам капиталын жасау күші деген тіркеспен байланыстыруымыздың себебі мынада: идеологиялық дискурс – қоғам мүшелерінің санасына әсер етіп ішкі рухани күшті ояту тетігі. Ол арқылы адамгершілік рухты, адами қасиеттерді түзетуге немесе керісінше әсер етуге болады. Бұл идеологиялық дискурс құрушының мақсатына байланысты болады. Идеологиялық дискурс интеграцияланған кеңістікте жүзеге асады. Мысалы, кеңестік дәуірде газет-журналдар мен көркем әдебиет идеологияға қызмет етті. Қазіргі жаһандану заманында идеологиялық дискурстық айналым кеңістігі кеңейді. Соған сәйкес идеологиялық дискурстың өзге дискурс түрлерімен ықпалдастық шегі артты. Ықпалдастық дегеніміз – идеологиялық дискурстың дискурстық айналым жүйесінде өзге дискурстармен жанасуы. Осы айналым жүйесінде идеологиялық дискурстың өзге дискурстармен жанасу шекарасын *ықпалдастық шегі* деп таныдық. Идеологиялық дискурстың ықпалдастық шегін төмендегідей 1-кестеге түсірдік.

Кесте 1 – Идеологиялық дискурстың ықпалдастық шегінің сипаты

	<i>Ықпалдастық шегі</i>	<i>Өнімі</i>
<i>Идеологиялық дискурс</i>	Көсемсөз дискурсы	Жолдау, газет материалдары, сайлау материалдары, санақ т.б.
	Көркем әдебиет дискурсы	Мақала, жыр, айтыс, тарихи туынды т.б.
	Ресми іскери дискурс	Президенттің ант қабылдау сәті, дипломатиялық кездесулер, саммит, елшілік қатынастар т.б.
	Интернет дискурсы	Вебинарлар, конференциялар, арнайы, сайттар, инстаграм парақшалары, фейзбук т.б.
	Медиадискурс	Көрнекі ақпараттық материалдар, лозунгілер, ұран, үндеулер т.б.
	Іс қағаздары дискурсы	Ақпараттық хаттар, үндеу мәтіні, қызметтік хаттар т.б.
	Теледискурс	Шоу, танымдық хабарлар, айтыс т.б.
	Үгіт-насихат дискурсы	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы концерттер, акциялар, конкурстар, жобалар, көшпелі дәрігерлер пункті т.б.

*Ықпалдастық шек* идеологиялық дискурс орындалатын кеңістік болса, оның құралы сол идеологиялық дискурстың жанрына сәйкес болады. Мысалы, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауы. Бұл жолдауда елдің даму бағдарламасы талқыланады. Идеологиялық дискурстың ықпалдастық шегі – көсемсөз дискурсы, өнімі – жолдау жарияланған газет немесе журнал, жанры публицистикалық мақала болады. Біздің ойымызша, кез келген дискурстың түрі мақсатты түрде қолданылса, идеологиялық дискурстың құралына айналады.

*Идеологиялық дискурстың айналымы дегеніміз* – оның адресаттар тарапынан танымдық айналысқа түсуі, яғни танылуы. Бір идеологиялық дискурс әр қилы танылуы мүмкін, ол адресаттың жадына, түпсанасына байланысты. Оны бақылаудың бір жолы – идеологиялық мақсатта жұмыс жасайтын арнайы инстаграм парақшаларын талдау. Идеологиялық дискурстың айналымын анықтауда сол дискурсқа қатысушылар саны мен олардың ой-пікірлері, дискурс шикізаты мен өнімі болған мәтіндер мен ондағы ақпараттар талданады. Дискурстық айналым инстапарақшада комментарий бөлімінде анық көрінеді. Бір мәтін дискурстық айналымда дискурсқа түсушілердің тарапынан оның «мәтін кітапханасына» сай жаңғырып, түрлі ақпарат ағымын қалыптастырады. Мысалы, Ruhanijanguгу инстапарақшасында тіркелгендер саны – 25 500 адам болса, ондағы жарияланымдар саны – 1491. Демек, жалпы алғанда, 1491 жарияланым 25 500 тіркелушіні ақпаратпен хабардар етіп, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі идеясын, ойын сол оқырман санасына орнықтыруға қызмет етті деген сөз. Оны осы жарияланымдарға байланысты жазылған комментарийлерден көруге болады. Мысалы, осы парақшада 2020 жылдың 22 желтоқсанында «Кітап – балалардың дамуының негізгі көзі» тақырыбында Нұр-Сұлтан қаласының «Рухани жаңғыру» бағдарламалық кеңсесі №90 мектеп-гимназияға «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында үш тілде жазылған «Қасиетті Қазақстан» кітабын сыйлағандығы туралы хабарлама жарияланған (<https://www.instagram.com/p/CJGIm9yDnQV/?igshid=MDJmNzVkMjY>). Мәтін негізінен үш ақпаратты қамтиды: 1) «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын зерттеуге бағытталған кітаптардың жарық көруі және «Қасиетті Қазақстан» еліміздің киелі жерлеріне арналған кітап екендігі; 2) «Рухани жаңғыру» өңірлік бөлімшесі «Қасиетті Қазақстан» жобасы аясында елорданың он орта арнаулы оқу орнына жүз дана кітап тапсырғандығы; 3) әлемдегі ең көп оқитын елдер туралы ақпарат және жасөспірімдердің кітап оқуға қызығушылығын арттыру. Оған 396 адам қолдау білдіріп, 5 адам пікір қалдырған. Дискурс айналымы төмендегідей орындалды. Бірінші адресат қазіргі жағдайда жастардың кітап оқуға құлшынысының бәсеңдігі туралы хабарлап, мәдениетті көтеру үшін Қазақстанның тарихи құндылықтарын оқытуға қызығушылығын арттырудың қандай да бір жолын табу керектігін хабарлайды. Бұл адресат үшінші ақпаратты ғана игеріп, «мағына кітапханасында» жаңғыртқан. Екінші адресат «культурное развитие сейчас важно как никогда, молодежам будет полезно укрепить свои знания в области исторического наследия» деген жауап қалдырған. Бұл арқылы оның

«мәтін кітапханасында» жастардың мәдениеті туралы қандай да бір ақпараттың бар екендігін байқаймыз. Ол хабарланған мәтіндегі тарихи-мәдени мұраны жаңғырту туралы айтылған ақпарат негізінде жарыққа шығып тұр. Үшінші адресат балалардың кітап оқуға сүйіспеншілігін ояту керектігін қолдап, олардың кітап оқымай кетуін телефонмен байланыстырады. Бұл адресатта мәтінде берілген үшінші – кітап оқуға қызығушылығын ояту туралы мәлімет – «мәтін кітапханасындағы» кітапты оқудан алшақтау телефонның кесірі деген ақпаратты оятты. Төртінші адресат кітапқа «өте керемет кітап» деген баға беріп, кітапты қайдан алуға болатындығын сұрайды. Бесінші адресат кітаптың тек балалар емес, үлкен адамдарды да дамытудың құралы екендігін айтып, өз ойын Максим Горькийдің пікірімен сабақтастырады. Бұл адресаттың ақпаратта берілген «Кітап – балалардың дамуының негізгі көзі» деген пікірді толықтыруына, «мәтін кітапханасындағы» ақпараты негіз болды. Фейсбуктағы RyhaniJangyry парақшасына тіркелгендер саны – 49 000 адам. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының Қазақстанның киелі жерлерін насихаттау бағытына сәйкес осы парақшаға 2022 жылдың 25 наурыз күні Түркістан облысы Қазығұрт ауданында орналасқан Ақбура әулиенің кесенесі туралы «Ақбура әулие кесенесі – тылсым күштер мекені» тақырыбында мәлімет салынған. (<https://m.facebook.com/RyhaniJangyry/photos/a.1880161645640746/3199748957015335/?type=3&source=48&paipv=0&eav=AfZsXs7CdoC1K0R4GEsgtFLpu-I-roDyvVKcU2урqLhLLlNayT2raXTbSXXLv0vv1yI>). Желіде бұл ақпаратты 225 адам қарап, 4 адам комментарий қалдырған. «Ақбура әулие кесенесі – тылсым күштер мекені» мәтінде 3 негізгі ақпарат беріледі. Біріншісі, әулиеге қатысты деректер, оның ақ бураға мініп жүретіндігі; екіншісі, кесенедегі шипалы бұлақ және жалыны бар ақ жылан; үшіншісі, түрлі емге дауа іздеп келушілердің шипа табатыны, әсіресе бала көтере алмайтындардың көп келетіндігі туралы. Бұл ақпаратқа 4 адам кері байланыс жасаған. Бірінші мәлімет қалдарушы «*Бір Алла жол берсе деп тілейік. Алладан үміт үзбейік*» деп жауап берген. Бұл оның «мәтін кітапханасында» әулие туралы ақпарат бар екендігімен қоса адресаттың сол жерге бару ниетін де көрсетеді. Екінші кері байланыс жасаушы «Алла шипасын» берсін деген тілек қалдырған. Үшінші жауапта әулиенің ерекше қасиетіне таң қалуын жағымды бағалауыш мәндегі «*Керемет*» сөзі арқылы білдірген. Төртінші жауап иесі өз пікірін әулие туралы жағымды бағалауыш мәнде «Керемет, өте киелі әулие» деп жазған. Дискурс айналымында адресаттар ақпаратты тек танумен ғана шектелген. Талдауларға сүйеніп, бір мезгілде тараған бір ақпарат адресаттың «мәтін кітапханасында» жаңғырып, дискурстық айналым түзеді деп тұжырымдаймыз.

Идеологиялық дискурс ақпараты теледидар, радио, интернет желілері арқылы таратылады. Осы орайда идеологиялық дискурс теледискурспен де ықпалдасады. Мысалы, «Балапан» телеарнасындағы «Қолыңды жу» әні – індеттен сақтандыру мақсатында туындаған идеологиялық ақпарат өнімі. Сондықтан әннің жазылу мақсатына сай оның мәтінде «жоламайды індет» тіркесі бірнеше рет қайталанған. Осы қайталаулар ақпараттың тыңдаушылар

санасында орнығып, олардың сол әрекетті орындауын туғызады. Бұл идеологиялық дискурстың құралы, таралу арнасы – теледидар, демек, бұл тұста идеологиялық дискурс теледискурспен ықпалдасып тұр. Идеологиялық дискурс сонымен қатар радио, газет, журнал, интернет желілері арқылы да өзге дискурс түрлерімен ықпалдасады.

Ықпалдастық шек дискурстық айналымның жүзеге асу кеңістігінде өзге дискурстармен сабақтасуынан көрінеді. Ол – дискурстық жанасу тұсын айқындайтын меже. Дискурстық айналым – адресат тарапынан дискурсты игеру үдерісі негізінде жүзеге асады. Дискурстық айналым бірнеше рет жүзеге асады. Ол бір мезетте немесе әр түрлі уақытта болуы мүмкін. Идеологиялық дискурстық айналым адресаттың түпсанасындағы ақпараттар негізінде орындалады. Бұл ойға дәлел сапасында пандемия кезеңінде елді індеттен аман алып қалу, қиындық туған кезде адамдарды біріктіру мен болашаққа, бәрі жақсы болатынына сендіру мақсатында туған түрлі жанрдағы идеологиялық дискурс өнімдерін атауға болады. Ол өнімдер қазақы ұлттық танымға негізделген сипатта болды. Нақты айтсақ, қазақтың ауыз әдебиетінің бір жанры – бәдік жырының жаңғырған нұсқасының 9 түрі байқалса, аластау, ұшықтау ырымдары да жасалды. Әрі бұл ақпараттар халықтың үрейін басу мақсатын көздегендіктен идеологиялық формацияны, ал жаңғырған бәдік жырларының жиынтығы «дискурстық формацияны» түзді дейміз. Оған мысал келтірсек:

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын негізге ала отырып, мәдениет қызметкерлері де ұмыт болған ұлттық құндылықтарды насихаттау, жаман індетпен күресуге үлес қосу мақсатында «бәдік айту» эстафетасын жолдаған. АРЫС: 14.04.2020 жыл «Бәдік» айтып, індетті қуайық! Бірлікте жеңейік! - YouTube

Көш, көш, көш!  
Тауларға көш!  
Елге дертті таратқан  
Қаскөй күшті қуайық.  
Бәдік айтып, қорқытып,  
Сабалайық, құртайық.  
Көш, көш, көш!  
Тауларға көш!  
Ата салтын ұстанып,  
Бәдік жырын айта түс!  
Етек-жеңді сілкіп ап,  
Сен көшесің, бізде күш  
Көш, көш, көш!  
Бауларға көш!  
Көш дегенде, көшіп кет,  
Жапан сары далаға,  
Емессің иесі елімнің  
Кетші қара орманға!

Көш, көш, көш!  
Мияға көш!  
Азат елдің ұрпағын, баурап алма, қара  
күш!  
Ауру етіп, әлек сап, мазалама, желмен ұш.  
Көш, көш, көш!  
Қияға көш!  
Аурудың тәнінен, қинамастан жеңіл шық.  
Бес бетпандай күшінді  
Жеті қабат жерге тық  
Жаншып, түйреп алатын инеге көш!  
Көш, көш, көш!  
Бірге болып бәріміз,  
Қуып, қуып алайық!  
Деніміздің саулығын  
Тілейікші, халайық!  
Кет, кет, кет! Көш, көш, көш!  
Келмеске көш!

Бейнероликте 7 бәдік жыры айталады. Бейнероликтегі бәдіктің бәріне ортақ белгілер: 1) қалыпты тіркестердің қолдынылуы – *кет, көш, қош*; 2) Аурудың атын жасырын беру – *дерт, індет, ауру, бәлекет*; 3) халықтың үрейін басу, жақсылыққа сендіру – *бейбіт елдер тобынан табылайық, қуаныштан жарылайық, бір болайық, аман болсын, ел-жамағат*. Айырмашылықтары: 1) аластау мен бәдіктің синкреттелуі – 1 бәдік жырында адыраспанмен аластау кездеседі; 2) айтысқа тән бірліктерді қолдану – *бұл бәдікті сіз де айттыңыз, біз де айттық*; 3) қара өлең және әуенмен айтылуы.

Бұл бәдіктерде бұрынғы бәдік жырының барлық элементі толық сақталған. Халықтың танымында жаман аурудың атын атамай тұспалдап атаған. Бұл – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық танымның көрінісі. Идеологиялық дискурстың қызметі ел билеушілердің не биліктің мақсатына сай коммуникацияға түсушілерге әсер етеді. Ол әсер ету үшін ұлттық танымға сай құрылуы шарт. Ұлттық таным – халық санасының коды. Ол ғасырлар бойы ұрпаққа генетикалық жолмен берілетін жады. Дегенмен заманауи өзгерістерге, қоғамның дамуына байланысты ырым-жоралғы, салт-дәстүрге қатысты кейбір ақпараттардың ұрпақ жадына өтуі бәсеңдейді. Солай болса да, қажетті дискурстық жағдаятта оның жаңғыруы заңды. Өйткені әлеуметтік топ өкілдерінің санасында осы танымдық құрылымдар бар. Олар жадта бар не соған ұқсас ақпаратпен байланысты қабылданады.

Бұл уақытта пандемияға байланысты таралған идеологиялық ақпараттар негізінде халық жадында рухани жаңғыру жүзеге асты. Індеттен аман қалу, дертті жою, одан құтылудың жолын іздеу әр адамды шын мәнінде өзі жоғары бағалайтын құндылықтар мен сенімге жетектеді. Бұл қазақ халқында ұмытыла бастаған бәдік жыры мен аластау салтының қайта жаңғыруына жол ашты. Бақсы-балгерлік наным бойынша әр аурудың иесі болады деп санаған. Алғашқыда ауруды аластау мақсатында қолданылған бәдік уақыт өте қыздар мен жігіттер кезектесе орындап, бәдік айтысына айналған. Бұл уақытта бәдіктің атқаратын қызметі өзгеріп, қыз-жігіттің арасындағы ойын-сауық айтысына ауысқан. Ал аластау – малды немесе адамның ауруын аластау мақсатында жасалатын ырым. Бұл оттың киелі қасиетіне сенуден туындаған тазарту тәсілі, ұшықтаудың бір түрі. Екеуі де тотемдік наным негізінде пайда болған. Індетпен күрес кезінде бәдік пен аластау жаман ауруды (Covid-19) жеңу мақсатында халық танымында қайта жаңғырды. Оқшаулану уақытында індетті бәдік айтып қуу, аластау мақсатында бәдік жыры әлеуметтік желілер арқылы тарайды. Негізінен бәдік жыры мен аластау екеуі екі бөлек жанр. Пандемия кезеңінде бәдік жырымен қоса екеуінің біріккен, синкреттелген туындысы да пайда болды (2-кесте).

2. Әлеуметтік желіде таралған аудио мәтінде осы індетті аластау арқылы қуу мақсатында өлең туындағанын жазып, бір мезгілде ауылды, қаланы жаппай аластауға шақырады. Авторы – Дариға Мұжтанова, оқыған Нұргүл Жұбатова (Бәдік өлең. Аластау! Оқыған: Нұрлыгүл... - Дариға Мұштанова | Facebook )

Кесте 2 – Идеологиялық дискурс өнімі – аластау салтының бәдік жырымен біріккен мәтіні

<p>Қайдан шыққаны белгісіз, Түрі де адам көргісіз, Көлденең келген кесапат Күтпеген жерден берді сыз. Әлде өтірік, әлде шын, Құдай басқа бермесін. Ватсаптан жолдап жатыр жұрт Кең жерде өтер ән кешін. Құлақта хабар не түрлі, Қариды ызғар бетінді.</p>	<p>Денсаулықтың уәзірі Балгерлер боп кеткенді Жолдардың бәрі жабылды Сынама жұрттан алынды Саудагерлер бағаны Көтеріп көкке қағынды, Таксилер шықты бір жақтан Атының майы қымбаттан Үлесін алып қалмақшы Жанталас бұл жұлмақтан Алладан басқа панаң жоқ Қорғайтын сені адам жоқ Елу мыңға жетпеген</p>	<p>Көмегін саған көп деген Құдайдан миллат сұрадым Жеңілден болғай сынағың! Ата-бабаның жолымен Қасиеттілердің қолымен Аластап енді шығамын Алас-алас Мың бір пәледен алас Ауыл менен қаладан алас Қауым менен даладан алас Ана менен баладан алас Ақыл менен санадан алас, Ұлан байтақ даламнан алас Бір уыс қана елімнен алас</p>	<p>Батқан күнмен көш, Қараңғы түнмен көш Шұбар тілмен көш Түпсіз інмен көш Тоймас ындынмен көш Ем болмас жындыңмен көш Осыны жасағанмен көш Ұрлық қып асағанмен көш Алды-артыңа қарамай көш Ыққа қарай домалай көш Емінген жебірлерге көш, Екі жеп семіргенге көш Көш, көш, көш Өш, Өш! Бәдіктің жолын кес, кес!</p>
---	---	---	--

Індетпен күрес кезінде ауылдың құрбылары ватсаптағы аудионы бір-біріне жолдап, өз жадынан шығарып бәдік айтып, осыны желі арқылы таратып, жаппай бәдік жырымен індетті аластауға шақырды. Бұл жаңғырған бәдік жыры – идеологиялық мақсатта айтылған жыр.

Бұл бәдік жырларын айтушылардың жадында індеттен құтылудың ең басты жолы – сақтану болып тұр. Ол ақпарат тағы да идеологиялық мақсатта жасалған хабарландырулар, барлық бұқаралық ақпарат құралдары таратқан акциялық бағдарламаларда көрсетілген мәлімет арқылы жеткізілген. Мысалы, #үйдебол, #аманболайық, #жақыныңажанашырбол т.б. хештегімен жүргізілген бағдарламалар. Бұл сөзімізге бәдік жырын айтушының «Сақтану әр адамға міндеттеймін-ай», «Сақтансаң, сақтаймын деп Алла айтқан-ай», «Сондықтан сақтанайық ел жұрт болып-ай». «Сақтанайық-ай, сақтанайық-ай» деген жолдары дәлел бола алады. Сонымен қатар билік тарапынан берілген міндетті сақтану тәртібін өзінің діни ұстанымындағы «Алланың сақтансаң, сақтармын» деген тіркесімен сабақтастырып тұр. Бұл дискурстың кеңістікте өмір сүріп, әрбір хабарды игерушінің жадында бар білім қорымен жаңадан түрленіп, формасын өзгертетінін айғақтайды. Бәдік жырының келесі бөлігі сендіру, індетті жеңу мәніндегі тіркестерге құрылған. «Сақтанайық-ай,

*сақтанайық-ай, Жеңіп-ап бұл індетті мақтанайық-ай, Сабырлы бол-ай, бірлік болсын-ай, Ұрпағы қазағымның мейірімді болсын-ай*. Бәдік айтушы Аллаға сыйынып, дұға қылушылардың дұғасының қабыл болуын тілейді. Бәдік жырының келесі жолдарында елдің басына түскен қиыншылықтарға – *Басына нелер келіп, не кетпеген-ай* – бір сөйлеммен қысқаша шолу жасайды. Бұл да идеологиялық дискурс мәтініндегі дискурсқа қатысушының әлеуметтік тәжірибесін еске түсіріп, жаңа ақпаратты дұрыс қабылдауға негіз болады. Яғни осы бір сөйлем түгел қазақ даласының тарихындағы нәубетті жылдарды бойына жинап тұр. Бұл сөйлем ақпаратты қабылдаушының білім жадында, санасында қазақтың тарихы, ондағы тарихи тоқырау, нәубетті жылдар туралы ақпараты болса, осы түрткі сөз барлық ақпаратты жедел ой елегінен өткізу, көз алдына елестетуге мүмкіндік туғызады. Бәдік жырының қорытынды бөлімі рухани құндылықтарға арналған. Ең бірінші еліміздің тәуелсіздігі, ұрпағы, болашағы, ерлері, ел байлығының сақталуын тілейді. «*Ел аман бол-ай*», «*Жер аман бол-ай*», «*Теңесіп егемендік алған қазақ Ұрпағы өсіп-өнген сен аман бол-ай*», «*Ошағы бұл індеттің шарпылмасын-ай*», «*Елімнің болашағы қарқындасын-ай*», «*Ерлерім ел басқарған аман болып*», «*Байлығы еліміздің сарқылмасын-ай*». Бәдік айтушының танымындағы тәуелсіздік, туған жер, ұрпақ, болашақ, ел басқарған ерлер, хан, ел байлығы ұлттық код – қазақтың ұлттық танымындағы рухани құндылықтар. Міне осылардың сақталуын, жойылмауын тілеп отыр. Бәдік жырының формасына келсек, бәдікке тән тіркестер жоқ, өлең формасында жазылған, таспада әуенмен сүйемелденеді. Яғни синкретті формада туындаған жаңа түрі. Бұл бәдіктің бойында аурудың атын атамай тұспалдап айту бар, індет сөзі 3 рет, кесел сөзі 1 рет қолданылады.

Бәдік жырының мәтінінде бәдікке тән қалыпты тіркестер – «*кет бәлекет, кет*», «*қайдан шықтың ербиген түрің құрғыр*», «*жердің бетінен кет*» – қолданылады. Бұл да ғасырлар бұрын айтылған бәдік элементтерінің санада жаңғыруы. Мысалы, *Кет, бәлекет, елімнен, жерімнен де, Асу менен белдерден, көлімнен де, Жайып салдым алдыңа жаулығымды, Жоқ боп кетші көзіме көрінбе де, Жердің мына бетінен кет бәлекет, Жалмап дертті өзіңмен бірге ала кет, Бұзылмайды іргеміз, біз біргеміз, Аман болса, қазағым сені жеңеді*. Бәдік айтушы қалыпты формадағы *бәлекет* сөзімен береді. Қорытынды бөлімінде қазақ байрағының жығылмауын тілейді. Бұл бәдік жырында бәдікке тән індетті қуу тіркестері қолданылған, жыр әуенмен айтылады. Адресаттың «*жайып салдым алдыңа жаулығымды*» деген тіркесті қолдануы ескі дәстүрмен байланысты. Себебі бас киімді тебуге, лақтыруға, теріс киюге болмайды. Жақсылықтың бәрі адамның мандайына жазылады, сондықтан да бас киімнің орны ерекше. Бөтен адамға бас киім бермейді. Адам басы кемиді деп санайды. Қазақ халқында «Тымақ ұру» дәстүрі бар. Бұл дәстүрдің мағынасы тымақты тастап кешірім сұрау – дау, жанжал кезінде қолданылатын дәстүр. Кінәлілер арызданушылар алдына барып, кешірім сұрайтын болған. Ол бітімге шақырудың ең үлкен көрінісі болған. Қызды алып қашу үрдісінде де аяққа жығыла барған кездейсоқ құдалар да бас киімін жерге, қыз жағына алдына тастайтын салт та бар. Бәдік айтушының әйел адам болғандықтан тымақтың



орнына жаулығын тастап, індеттен «кішірейіп, кешірім сұрап» кетуін өтінеді. Бәдік жырымен қоса, ұмыт болған «тымақ ұру» дәстүрі де жаңғырып тұр. Бәдік айтушы *#бізбіргеміз* тіркесін қолдануы оның жадындағы індеттен сақтану шаралары туралы таратылған идеологиялық мәліметтерден хабардарлығын танытып қана қоймайды, идеологиялық дискурстың адам санасына әсерінің күштілігін аңғартады. Бәдік мәтінінде ауруды *бәле* сөзімен 1 рет, *бәлекет* 2 рет, *дерт* сөзі 1 рет ауыстырып қолданады.

Идеологиялық дискурс саяси дискурспен тығыз байланысты. Сондықтан да ғылыми зерттеулерде идеологиялық дискурс саяси дискурстың бір түрі сапасында қарастырылады. Саяси дискурс дегеніміз – саяси мазмұндағы кез келген сөз [65]. Саяси дискурс – белгілі бір саяси және әлеуметтік салада шектелген сөз жанрлары [64, с. 86]. Е.И. Шейгал мен Т. ван Дейктің бұл анықтамаларынан аңғарғанымыз, саяси дискурстың белгілері – саяси мазмұнда болуы мен саяси және әлеуметтік салада жүзеге асатыны. Саяси дискурстың қатысушылары – саясаткерлер мен халық. Бірақ халық – саяси ойынды бақылаушы қызметінде көрініс табады. Ал саяси дискурс – билікке ұмтылған саяси не әлеуметтік топтар арасында бәсекелестік сипатта жүзеге асады. Сондықтан да саяси дискурстың өзіндік ерекшеліктерін анықтайтын белгілері аталып жүр: 1) агоналдық сипаты (билік партиясы мен оның қарсыластарының сөз жекпе-жегі, бір-біріне сөзбен қысым жасауы, өз ұстанымдарының дұрыстығын дәлелдеу қабілеті); 2) агрессивтілігі (қарама-қарсы күштің бірінің екіншісінен басым түсуге, билікке ұмтылуы, сөзден ұту); 3) идеологиялық сипаты (саясаткер қандайда бір әлеуметтік топқа тән ортақ түсініктер мен идеяларды, құндылықтарды мойындайды, өзгелердің түсініктерін мойындамайды); 4) қойылымдылық сипаты (халық саяси жағдайларды қойылым деп қабылдайды, өздерін театр көрермендері сапасында, яғни қойылым қараушылар сапасында түсінеді, саясаткерлер бейнесі түрлі жарнамалар арқылы, кездесулер арқылы, бұқаралық-ақпарат құралдары арқылы, алдын-ала дайындалған сөз мәтіндері арқылы жүзеге асады).


Идеологиялық дискурс әуел бастан-ақ топтық дискурс, ол идеологияны тарату мен насихаттауға құрылады, ал идеология топтың әлеуметтік танымының барлық түрлерінің негізінде жатқан іргелі білім немесе сенім жүйесі. Саяси дискурс пен идеологиялық дискурстың негізгі айырмашылығы – олардың қызметінде. Саяси дискурс – саяси топтың не оның өкілінің өз жақтастарының қатарын көбейту, билікке қол жеткізу үшін қолданған сөз әрекеті. Идеологиялық дискурс – идеологияны насихаттау, идеологияны оқыту, идеологияның негізгі «семантикалық өзегін», пропозициясын қалыптастыру, басқаша айтқанда, сенім туғызу мақсатындағы сөз әрекеті. Саяси дискурс, негізінен, саяси білімге құрылса, идеологиялық дискурс әлеуметтік танымның барлық түрлерінің негізінде жататын білімге құрылады. Мысалы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы – қоғам мүшелерін ел болашағының жарқын болатынына сенім туғызу мақсатын көздеген идеология, оның сенімділігін орнықтыру үшін – ел дамуының ұлттық құндылықтарға негізделетінін тірек еткен.

Идеологиялық дискурс – мақсатты түрде идеологияны жүзеге асыру үшін жүргізілген ақпарат айналымы. Оның мазмұнында саяси терминдердің болуы шарт емес, ішкі мазмұны идеологиялық мақсатқа сай құрылады. Идеологиялық дискурсқа тән белгілер: идеологиялық мазмұндағы ақпаратты тасымалдауы; идеологиялық мақсатты жұмсалуды; идеологияны игерту, оқыту, соған сендіру; әлеуметтік топтарда ортақ пікір қалыптастыру; қоғамдық сананы билеу; өзіне тән тілдік қолданыстардың болуы (3-кесте).

Кесте 3 – Саяси дискурс пен идеологиялық дискурстың айырмашылығы

Саяси дискурс	Идеологиялық дискурс
Саяси топтың не оның өкілінің жақтастар қатарын көбейтуді көздейді	Идеологияны насихаттайды, идеологияны оқытады, идеологияның негізгі «семантикалық өзегін» пропозициясын қалыптастырады, елдің болашаққа, билікке сенімін туғызады
Саяси білімге құрылады	Әлеуметтік танымның барлық түрінің негізінде жататын білімге құрылады
Саяси терминдер қолданылады	Саяси терминдер қолдану міндетті болмайды
Саяси билікке қол жеткізуді мақсат етеді	Әлеуметтік топтарда ортақ пікір қалыптастыруды, қоғамдық сананы билеуді мақсат етеді

Идеологиялық дискурс әр мемлекеттің не елдің өзінің мәдениетіне, тарихына, экономикалық және әлеуметтік даму стратегияларына сай анықталады. Олар әр елде түрліше болады. Соған сай идеология сол елдің атымен аталып жұмсалады, сондықтан біз Қазақстандық идеология деп қолданғанда қазақ мемлекетінде жүргізілетін идеологияны атаймыз да, ал сол қазақстандық идеологияны тасымалдайтын, жүзеге асыратын, қоғам мүшелерінің санасына сіңіру мақсатындағы сөз әрекетін қазақстандық идеологиялық дискурс деп қарастырамыз. Ал осы бір елдің өз ішіндегі ұлттық құндылықтарды насихаттайтын, идеологияға сай қоғам мүшелеріне ортақ түсінікті қалыптастыруға бағытталған сөз әрекетін ұлттық идеологиялық дискурс деп түсінеміз. Олар өзара сабақтастықта жүзеге асады. Өз ойымызды 2-суретте келтірдік.



Сурет 2 – Саяси дискурс пен идеологиялық дискурстың арақатынасы

Қорыта айтқанда, идеологиялық дискурсты саяси дискурстың бір түрі ретінде қарастыра отырып, қазақстандық дискурстың анықталуы мен құрылымына, базалық концептілеріне сипаттама беру керек деп есептейміз.

#### **1.4 Қазақстандық идеологиялық дискурстың анықталуы, құрылымы, базалық концептілері**

Идеология негізінен әлеуметтанудың зерттеу нысаны болып табылғанымен, идеологияны лингвистикалық тұрғыдан зерттеудің негізгі тірегі – идеологияның түзілуі мен қоғам мүшелерінің санасында қабылдануы тілдің қатысынсыз мүмкін еместігі. Ал тіл сол идеологияны қалыптастыру мен қоғам мүшелеріне жеткізуді қозғалысқа түскенде, демек дискурста жүзеге асырады. Сол идеологиялық дискурстың нәтижесінде идеологиялық мазмұндағы мәтін түзіледі. Жалпы идеологиялық дискурстың бұл сипаты қазақстандық идеологиялық дикурсқа да тән.

Идеологияны белгілі бір топтың іргелі білімдерінің немесе сенімдерінің жүйесі деп санайтын болсақ, идеологиялық дискурста тасымалданатын осы сенім не іргелі білімдер жүйесі тілде қалай таңбаланады және тілдің қолданыстағы қызметіне қалай әсер етеді деген сұрақ идеологиялық дискурстың сипатын анықтауға негіз болады деп есептейміз. Идеология осы мақсатта үгіт-насихат жұмысын жүргізетіндер үшін немесе қоғам мүшелеріне белгілі бір нақты идеяларды таңу үшін арнайы оқытылады, үйретіледі. Егер осыны ескерсек, идеологияның «семантикалық өзегі» немесе пропозициялары болады. Ол пропозициялар дискурстың, сөйлемдердің не сөз тіркестерінің т.с.с. тілдік бірліктердің мағынасына бекітіледі.

Когнитивистика ғылымында іргелі базалық білімді немесе сенімді репрезентациялайтын қалыптар (формалар) ментальды модельдер деп аталатыны белгілі. Т. ван Дейктің айтуынша, ментальды модельдер нақты және жеке тұлғалық сипатқа ие болады. Олардың жеке тұлғалық сипатта болуы деген сөз қандайда бір мәдени шектеулермен сабақтасатынын көрсетеді. Олардың нақты пропозициялары бастапқы ақпараттың еркіндігін туғызады, солай бола тұрып оны нақты жүйеден шығармайды (тіл бірлігінің мәні нақты жағдаятта ғана анықталады). Дискурс немесе тілдің сөз әрекетіне айналуы әлеуметтік тәжірибе деп есептеледі. Ол мәнмәтінге әсер етеді немесе мәнмәтіннің өзі менталды модельге айналады. Т. ван Дейктің айтуынша, мұндай идеологияға байланған мәнмәтіндік модельдер сөз актісінің түзілуін және қарым-қатынастағы сөз бағдарын (стратегиясын) анықтайды. Жағдайдың, әрекеттің немесе адамдардың менталды модельдері «идеология – тіл» қарым-қатынасындағы мағыналарды қамтамасыз етеді: 1) нақты мен жалпының, әлеуметтік пен жеке тұлғалықтың, топтар мен индивидтердің арасындағы байланысты орнатады; 2) мәнмәтінді анықтайтын ментальды модельдер тілдік құрылымдар мен әлеуметтік жағдаяттар арасындағы, тілдің қолданылуы мен тіл тұтынушының арасындағы қатынасты анықтайды.

Идеологияның дискурста сөзбен таңбалануы, яғни ойдың тілде таңбалануы, мағынаның қалыптасуы идеологиялық дискурстың формаларының

көп екендігін білдірмейді. Дәлірек айтқанда, ол қандайда бір нақты жағдаяттардың дискурсын білдірмейді. Т. ван Дейк бұл кездегі идеологиялық пропозициялардың екі сипатын анықтайды: «идеологические пропозиции нуждаются, во-первых, в преобразовании в модель конкретного события (как то: личное мнение говорящего как представителя группы), а уже затем – в адаптации к конкретной контекстной модели, которая регулирует вербальное общение» [66].

Идеологияның дискурста тілдік таңбаларға көшуі немесе вербалдануы оның *семантикасы* мен *формасынан* көрінеді. Идеологиялық дискурстың *семантикасы* сөйлеушінің *не туралы* не *кім туралы* айтуымен байланысты анықталады. Бұл кезде сөйлеушінің қандай да бір жағдайға не оқиғаға қатысты менталды моделіне сай түсінігі көрінеді, ол сол модельдің пропозициясына сай болады. Ол пропозиция идеологиядан туған немесе сол идеологиямен бақыланатын не сөйлеушінің өзінің жеке тәжірибесіне сай келуі мүмкін. Идеологиялық дискурста элеуметтік топ мүшелері өздерінің идеологиялық түсініктерінің мазмұнын өзектеген кезде идеологиялық пропозицияларға сүйенеді. Кез келген пропозиция идеологиялық дискурста идеологияны түзуде қолданылуы ықтимал, *Идеологиялық дискурстың пропозициялары оның макроқұрылымдарын және ондағы имплицитті пропозицияларды анықтайды.*

Прагматика тұрғысынан алғанда дискурстың мәнмәтіні идеологиялық дискурсты (идеологияны оқытатын және насихаттайтын) жүзеге асыратын болса, семантикалық репрезентацияның барлық пропозициялары жалпы жағдаятта да, нақты жағдаятта да идеологияның негізгі пропозицияларын қалыптастыруға бағытталады. Семантика идеологиялық дискурстың негізгі стратегиясына сай (БІЗ және ОЛАР) тіл тұтынушыларының антонимияны, гиперболаны т.с.с. қолданыстарды кеңінен пайдалануына мүмкіндік береді. Т.ван Дейк сөзімен айтқанда, идеологиялық дискурстың семантикалық құрылымы мәнмәтінге тәуелді бола отырып, идеология құрылымының қызметін атқара алады [51, p. 138-139].

Идеологиялық дискурстың лингвистикалық формасы «идеологияның тілге әсерін» анықтауынан көрінеді. Ол тілдің қызметі мен тілдің когнитивтік және элеуметтік құрылымдармен қатынасын сипаттау арқылы идеологиялық дискурсты жүйелі зерттеуді туғызады. Нақтырақ айтқанда, идеологиялық пропозиция мен құрылымның ментальды модельдерге әсері, ментальды модельдердің семантикалық репрезентациясы мен олардың үстірт құрылымда (тілдік құрылымда) таңбалануы идеологиялық дискурсты сипаттауға мүмкіндік береді.

Осы тұжырымдарға сүйене отырып біз қазақстандық идеологиялық дискурстың семантикасы мен лингвистикалық формасын анықтаймыз. Ол үшін біз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақала мәтінін негізге аламыз. Біздің зерттеуімізде бұл бағдарламалық мақала елімізде 2017-2022 жылдар аралығында жүргізілген идеологиялық дискурстың «шикізаты» әрі «өнімі» сапасында алынды.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақала мазмұнында тіл бірліктеріне бекітілген идеологиялық пропозициялар бар. Олар жалпы идеологиялық дискурстың семантикасын, макроқұрылымдары мен имплицитті пропозицияларын анықтауға мүмкіндік береді.

Пропозиция термині лингвистикалық зерттеулерде *сөйлем* түсінігімен сай да қолданылады. Б.Х. Хасанұлының көрсетуінше, «пропозиция (лат. *propositio*) – көне сөйлем (сөйлеуде белгіленген жағдай)» [67]. Қ. Есенованың анықтауынша, *пропозиция* сөйлемнің және одан түзілетін өзге де конструкциялардың модальдық және коммуникативтік парадигмасындағы барлық мүшелеріне ортақ семантикалық инвариант (негіз) немесе сөйлемдегі *тұрақты семантикалық өзек* болып табылады [68]. Біз пропозицияны семантикалық тұрғыдан анықтаймыз. Пропозиция жағдайдың өзін тікелей бейнелемейді, оның менталды бейнесін білдіреді, ол әлем туралы білім, желілік, тұжырымдамалық жағдай жүйесіндегі дәрежесін иеленеді. Осылайша пропозиция қарапайым жағдайға сәйкестенеді. Ол мәтінге дейінгі құрылымда түзіліп, сонан соң мәтін ішіне көшеді де, оның бойында дискурстық мәнді түзуге қызмет ететін пропозициялар мағынасы мен мәнін тасымалдап отырады. Пропозиция тасымалдайтын пропозициялы ақпарат үстірт құрылымда бәріне ортақ бір құрылымға енгізіліп те тұрады, не әр пропозициялы ақпарат жекелеген құрылымдарда да келеді. Пропозиция немесе семантикалық конфигурациялар тілден тыс (денотатты) жағдайларды оның негізгі элементтері мен қарым-қатынасы негізінде синтаксистік конструкциямен модельдейді. Пропозициялы құрылымдар когнитивтік модельдердің логикалық аналогы ретінде өзінің жүзеге асуының бір жолын дискурстық деңгейде көрсетеді [69]. М. Холлидэй тілді қолданушының идеологиялық бағдары оның тілдік бірліктерінің синтаксистік құрылымына әсер ететінін дәлелдеген. Сөйлемдегі етістіктің етіс тұлғасының таңдалуы сөйлеушінің өз тобының және өзге топтың әрекетіне жауапкершілікті «жұмсарту» немесе оны «айырықшалап көрсетуіне» байланысты таңдалады [70].

Аталған пікірлерді басшылыққа ала отырып «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы мәтінінің негізінде қазақстандық идеологиялық дискурстың пропозицияларын анықтауға тырысамыз. Қазақстандық идеологиялық дискурстың семантикасын анықтауда біз талдауға алған дискурс-мәтінде «не туралы айтты?» деген сұраққа жауап беру арқылы идеологиялық пропозициялар мен оны таңбалаған тілдік бірліктерді не құрылымдарды айқындаймыз.

Қазақстандық идеологиялық дискурс семантикасының негізгі «семантикалық өзегі» немесе семантикалық тірек пропозицияларының бірі – «*жаңғыру*». Бұл пропозиция идеологиялық дискурстың бастапқы негізінде жатқан семантикалық инварианты. Сондықтан пропозициялық құрылымның предикаты да осы «*жаңғыру*» сөзіне бекітілген. Ол пропозициялы өзек түзеді. Пропозициялы өзек семантикалық компоненттер арасындағы қатынастарды (түсінік, нысан, әрекет, абстракция) білдіреді. Пропозиция предикаты өз актанттарын еркін билейді, оларға фрейм ашады. Семантикалық предикаттарға

қазықталған актанттар пропозициялы құрылымды толықтырады. Бұл актанттарға мыналар жатады: *ел, мақсат, саяси реформа, экономика, сана, аумақ, қабілет, білім, рух, туған жер, патриотизм*. Бұл актанттардың семантикалық рөлі – объективтер, жаңғыру әрекетіне қатысатын жанды не жансыз заттар. Пропозициялық құрылымын былайша беруге болады: *ел жаңғырады, мақсат жаңғырады, саяси реформа жаңғырады, экономика жаңғырады, аумақ жаңғырады, қабілет жаңғырады, білім жаңғырады, рух жаңғырады, туған жер жаңғырады, патриотизм жаңғырады, озық дәстүрлер жаңғырады*. Бұлар аталған дискурстың орталық пропозициясын түзіп, дискурстың өне бойына ортақ тақырыпты білдіреді. Осы предикатқа қазықталатын мына актанттардың семантикалық рөлі – атрибуттар: *рухани жаңғыру, сана жаңғыруы, ұлттық сана жаңғыруы, аумақтың жаңғыруы, ұлттық жаңғыру, жаңа тұрпатты жаңғыру*. Бұл құрылымдар қазақстандық идеологиялық дискурстың ұйымдасуының негізгі іргетасы – пропозициялық құрылымы, семантикалық құрылымы «жаңғыру» түсінігіне шоғырланған. Ол – орталық түсінік, орталық пропозиция. Осы түсінікке немесе семантикалық өзекке өзге семантикалық абзацтар, толықтырушы пропозициялар топтасады. Орталық пропозициялар мен толықтырушы пропозициялар арасындағы қатынас – *толықтыру қатынасы*. Бұлар әрі әрекет пропозициясына жатады. *Әрекет пропозициясы* дегеніміз – басты құрамдас бөлігі әрекет болып табылатын пропозиция. Толықтырушы пропозицияларға мыналар жатады: *сананың істен озуы, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның эволюциялық дамуы, сананы жаңғырту, дамыған 30 елдің қатарына қосылу, үш тілде білім беру, сана-сезімнің «отбасы, ошақ қасы» аясында қалуы, дамудың көгіне темірқазық болу, есік қақпастан, бірден төрге озу, қазақтың тілі мен мәдениетінің құрдымға кете сақтауы, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипатын өзгерту, ұлттық сананың аясында сүрлеу, латын әліпбиіне көшу, біртұтас ұлт болу*.

Бөлінген пропозициялардың өздерінің семантикалық құрылымы, олардан іріленген әр семантикалық абзацтардың өз құрылымы, олардың арасында қалыптасқан байланыстары, қатынастары болады. Сол арқылы идеологиялық дискурс тұтастанады. Анықталған пропозициялық құрылымдарға бекітілген семантикалық бірліктер семантикалық абзацтарды түзеді. 1-семантикалық абзац: *Ел мақсаты – жаңғыру*. Бұл семантикалық абзацқа енетін семантикалық бірліктер: *әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу, санамыздың ісімізден озып жүруі, саяси және экономикалық жаңғыру*. 2-семантикалық абзац: *Ұлттық сананың жаңғыруы*. Бұл семантикалық абзацқа енетін семантикалық бірліктер: *ұлттық код, ұлттық дәстүр, ұлттық мәдениет, ұлттық рух, ұлт жады, сананы жаңғырту бағыттары: бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы*. 3-семантикалық абзац: *таяу жылдардағы міндеттер*. Бұл семантикалық абзацқа енетін семантикалық бірліктер: *жобалар: латын әліпбиіне көшу, Жаңа гуманитарлық*

*білім, Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық, Туған жер, Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет, Қазақстандағы 100 жаңа есім. 4-семантикалық абзац: Жаңа жағдайда жаңғыру – даму қағидасы.* Бұл семантикалық абзацтардың өзара байланыстылықта тұруын қамтамасыз етіп тұрған – пропозиция тақырыбы (*ел мақсаты – жаңғыру*), оны сыртқы құрылымда бекітіп тұрған – орталық пропозициялар (*жаңғыру: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру*). Бұл қазақстандық идеологиялық дискурстың семантикалық құрылымының пропозицияларын ажырату арқылы танылған сипаты. Жалпы айтқанда ол 4-семантикалық абзацтың өзара байланысынан түзілген, «жаңғыру» түсінігінің компонентіне кіретін, «жаңғыру» предикатына бекітілген семантикалық актанттар арқылы түзілетін пропозициялық құрылымдардан тұрады. Бұл идеологиялық дискурстың семантикасында «Жаңа заман талабына сай елді жаңғырту идеясы» бар.

Қазақстандық идеологиялық дискурстың лингвистикалық формасы идеологияның тілге әсерін анықтаудан көрінеді. Ол үшін талдауға алынып отырған дискурс-мәтіннің тілдік бірліктеріне идеологиялық мазмұн қалай таңбаланып тұр немесе қандай тілдік бірліктер идеологияны дискурста мақсатқа сай тасымалдап тұр деген сұраққа жауап береміз. Ең алдымен, сөйлеуші идеолог өзінің дискурсында «мен» есімдігінен гөрі «біз» есімдігін жиі қолданған. «Мен» есімдігі қолданылған орындарда идеолог өзінің «менін» *ұсыныс білдіру* (жөн көрдім), *қалау* (қалаймын), *нақтылау* (атап өтемін), *сенім білдіру* (сенімдімін) мақсатында қолданған. Идеологиялық мазмұндағы дискурс-мәтінде негізінен «біз» есімдігі *қолға алдық, іс атқардық* тәрізді өткен шақ етістіктерді 1-жақ жіктік жалғауының көптік тұлғасында және *біздің мақсатымыз, ойлағанымыз* орындалуы үшін, *біздің санамыз* сияқты ілік септік тұлғасында қолданған. «Біз» есімдігінің «мен» есімдігінен жиі қолданылуының себебі – идеологиялық мақсаттан туған деп есептейміз. Осы арқылы идеолог өзінің ұсынып отырған идеологиясына ел сенімін туғызуды көздейді (*бәрі біз үшін, ел үшін, ұлт үшін*) және ұсынылған идеологияның орындалуына қоғам мүшелерінің жауаптылығын сездіреді. Бұл істің атқарылуына біз жауаптымыз деген ой таратады. Дискурс-мәтінде қоғам мүшелерін немесе дискурсқа қатысушылардың зейінін ұстап тұру мақсатында қолданылған тәсілдер де бар. Атап айтқанда, риторикалық сұраулы сөйлемдер: *Еуропалық Одақтың 400 миллионнан астам тұрғыны ана тілдері – неміс, француз, испан, итальян немесе басқа да тілдерді сыйламай ма? Әлде 100 миллиондаған қытай мен индонезиялықтар, малайлар ағылшын тілін еріккеннен үйреніп жатыр ма?* Ашық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер: *Бұл бағдарлама арқылы неге қол жеткіземіз? Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады? Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді? Жалпы бағдарламаның мәні неде? Бұл жоба нені білдіреді?*

Идеолог бағдарлама мазмұнының дұрыс қабылдануын ұйымдастыру мақсатында ұлттық-мәдени мазмұнға ие бірліктерді кеңінен қолданады: *өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық, кезегесі кері тарту, аяқтан шалу, түгін*

*тартса, майы шығу, қу медиен шөл, елді құрдымға бастау, отбасы, ошақ қасы аясында қалу, қайта түлеу, қайта түлету, шекеден қарау.*

Метафоралық қолданыстар мол қолданылған: *дамудың көгіне темірқазық болу, тарихтың темір қақпаны, ұлттық, діни, мәдени, сепаратистік перде, жаңа технологияның ағыны, жаһандық үрдістердің есік қақпастан бірден төрге озуы, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, ұлттық болмыстың өзегі, білімнің салтанаты, демографиялық соққы, елес идеология, тарихтың шаңы, арқауы үзілмеген тарих.*

Төл сөз бен кірме сөз тіркесінен туындаған қоғамдық-саяси бірліктер қолданылған: *мінез-құлық прагматизмі, ұлттық прагматизм, меритократиялық қоғам, мәдени және конфессияаралық келісім, Цифрлы Қазақстан, популистік идеологиялар, орындалмайтын елес идеологиялар, кірме сөздер: реализм, прагматизм.*

Бұл бірліктер идеологиялық дискурстың мазмұнының дұрыс әрі жеңіл қабылдануына, қоғам мүшелерінің жатсынбауын туғызуға қызмет етіп тұр.

Талданған дискурс-мәтінінде идеологиялық дискурстың негізгі стратегиясы деп саналатын «идеологиялық квадрат» немесе «концептуалды квадрат» та көрініс тапқан. Бұл дискурс-мәтінінде *«XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында»* деген ойында көрінеді. «Идеологиялық квадрат» мәні мынада: ОЛАР, яғни батыс жаһандану кезеңінде өзге мәдениетті жұтушы. «БІЗ» өз ұлттық мәдениетімізді жаңғыртушылармыз. Немесе *«Өкінішке қарай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысал аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді... Реализм мен прагматизм ғана таяу онжылдықтардың ұраны болуға жарайды».* ОЛАР – күйреді, БІЗ – релизм мен прагматизмді таңдау арқылы «күйремейміз».

Қандай дискурс болса да оның құрылымы жалпы адамзаттың тілдік қарым-қатынасының теориялық тұжырымдалған сызбасына негізделеді. Ғылыми зерттеулерде коммуникацияның математикалық теориясын алғаш ұсынған Шеннон мен Уивер [71] – деп көрсетіліп жүр. Бұл сызба мынадай бөліктерден тұрады: *хабарды жіберуші* (ол қандай хабар жіберетінін шешеді) – *хабарды тасымалдаушы* (таңдалған хабарды сигналға айналдырады) – *сигналдың канал арқылы қабылдаушыға өтуі* – *қабылдануы*. Аталған ғалымдар бұл сызба бойынша зерттеу жүргізудің мынадай деңгейлерін бөліп көрсетеді: *А деңгейі*: символдың тасымалдану дәлдігі (техникалық деңгей); *В деңгейі*: символдар арқылы тасымалданатын мәннің деңгейі (семантикалық мәселе); *С деңгейі*: қабылдаушының әрекетіне қабылданған мәннің ықпал етуі (прагматика мәселесі). Аталған ғалымдардың айтуынша, соңғы деңгей манипуляция мен насихаттауды ғана жүзеге асырмайды, бұл деңгейде эмоционалды, эстетикалық және адамдық реакциялар іске қосылады. Коммуникацияны мақсатты және



тиімді жүзеге асыруда бұл үш деңгейдің үшеуі де маңызды және бірлікте жүреді. Мұндай модельді Г. Лассуэлл де ұсынады. Оның моделінің мәні мынаған саяды: «Кто сообщает, что именно, по каким каналам, кому и с каким эффектом» [72].

Қазақстандық идеологиялық дискурс та осы коммуникацияның жалпы моделіне сай құрылыммен құрылады: *идеолог – идеологиялық мазмұндағы хабарды тасымалдаушы (мәтін немесе ауызша және жазбаша сөз) – идеологиялық мазмұндағы хабарды (мәтінді) тарататын канал (интернет, әлеуметтік желілер, бұқаралық ақпарат құралдары, медиадискурс, ұран мәтіндері мен үндеу мәтіндері, ресми мекемелер, «Рухани жаңғыру» кеңселері т.с.с.) – қабылдаушының қабылдауы (түсінуі, идеологиялық ақпараттың қалыптасуы мен соған сай әрекеті).*

Идеологиялық мазмұндағы хабар не ақпарат – қоғамдық саяси өмірдің барлық саласын қамтитын мәліметтер жиынтығы, ол қоғамды басқару үшін маңызды ресурс болып табылады. Ол тек саяси ақпаратты емес, саяси үдеріске ықпал ететін барлық саланы, атап айтқанда, тілді, мәдениетті, өнерді т.с.с. қамтиды.

Осыған сүйене отырып біз қазақстандық идеологиялық дискурсты елдің болашаққа сенімін жоғалтпауын қамтамасыз ететін, билік пен халықтың арасын жалғастыруға қызмет ететін сөз әрекеті деп танимыз.

Қазақстандық идеологиялық дискурс саяси дискурстың бір түрі ретінде базалық концептілерге ие. Мұндай базалық концептілер қатарына біз «билік» пен «саясат» концептілерін жатқызамыз. Аталған концептілерге қатысты қазақстандық қазақ, орыс, ағылшын тілді респонденттер және ағылшын тілді өзге ел тұрғындары арасында ассоциативті эксперимент жүргізілді. Алынған материалдар негізінде билік пен халықтың арақатынасына респонденттер бағасын анықтау, сол арқылы ол қатынасқа ұлттық мәдени ерекшеліктер қаншалықты әсер ететінін тану көзделді.

Сауалнама дәстүрлі және Google кесте форматындағы алынды (Қосымша А). Сауалнамаға барлығы 2200 респондент жауап берді. Оның ішінде 2019 – қазақ ұлтының өкілдері, 181 өзге ұлт өкілдері. Қазақстандық орыс тілділер – 700. Оның ішінде – орыс ұлтының өкілдері – 73, қазақ – 551, өзге ұлт өкілдері – 76 (өзбек – 9, неміс – 4, корей – 3, түрік – 2, шешен – 6, украиндық – 18, қарақалпақ – 1, татар – 16, ағылшын – 1, қырғыз – 2, грузин – 1, еврей – 1, үндіс – 1, молдован – 2, иран – 1, әзербайжан – 4, саха – 1, американдық – 1, ұйғыр – 1, мытыс – 1. Қазақстандық ағылшын тілділер – 300. Ағылшын тілінде жауап берген қазақтар – 268. Өзге ұлт өкілдері – 32 (молдаван – 1, неміс – 4, украин – 3, мексикандық – 1, орыс – 6, чех – 3, белорусь – 1, славян – 2, чуваш – 1, хинди – 1, американдық – 3, грузин – 1, түрік – 1, тай – 1, үндіс – 1, италиян – 1, әзербайжан – 1).

Сауалнамада ассоциативті эксперименттің *еркін, бағытталған және тізбектелген* түрлері қолданылды.

Сауалнама барысында ассоциативті эксперимент немесе ассоциативті өріс әдісі бойынша стимул-сөздер, сөз тіркестері алынып, информанттың

дүниетанымындағы ассоциацияларға сигнал беріп, берілген сұрақтарға байланысты қазақ, ағылшын және орыс тілдерінің тасымалдаушыларының берген реакция-сөздері жиналды.

Сауалнаманың қазақ тіліндегі сұрақтары ассоциативті эксперименттің түрлеріне қарай мынадай сипатта болды:


1. «Билік», «саясат» сөзіне ассоциацияны жазыңыз (еркін).
2. «Билік», «саясат» сөздеріне синоним сөздерден тұратын семантикалық топ құрыңыз (бағытталған).
3. «Билік», «саясат» сөзіне берілген уақыт ішінде (1 мин) 5 сөз немесе сөз тіркесі, сөйлем, мақал-мәтел жазыңыз (тізбектелген).

Ассоциативті эксперимент әдісінің бірінші сұрағында «билік», «саясат» түрткі сөз ретінде алынып, сыналушылардың сөздік реакциясы тексерілді.

Сауалнаманың бірінші сұрағында информанттар «Билік», «саясат» сөздеріне ассоциация жасады. Нәтижесі: қазақ тілінде: «билік»: мемлекет, президент, тақ, басқару, жауапкершілік, басшылар, парламент, депутат, ақша, бедел, қиындық, ұлт жанашыры, халыққа адал қызмет ету, ұйымдастыру, ынтымақтық, халық, өкім, демократия, жоғары сенат, лайық, халық қалаулысы, өз айтқанын жасау, лауазымды адамдар, бұйрық, халыққа қызмет ету, шыншылдық, саясат, басшы, жауапкершілігі бар адам, қызмет.

«Саясат» – саясаткерлер есімі, ақ орда, саммит, Қасым-Жомарт Кемелұлы, халық пен үкімет, ұлт жанашыры, қоғамдық шара, мемлекет пен халық, мемлекеттермен байланыс, жаңалықтар, мансап, мемлекеттік істерді басқару, мүдделер қақтығысы, үкімет, адамдарға еркінен тыс әрекет жасату, қырғи қабақ соғыс, қазақ хандығы, жүйе, мемлекеттік биліктің қызметі, ақылмен жұмыс жасау, жолдау, бір мемлекеттің дипломаты, мемлекеттік мәселе, бюджет.

Сауалнама нәтижесінде қазақ тіліндегі информанттардан алынған ассоциат сөз-жауаптардың тізімі төмендегі 3-суреттен (диаграммада) бейнеленген.




а – Билік сөзі сіздің санаңызда қалай бейнеленеді?; ә – «Саясат» сөзі сіздің санаңызда қалай бейнеленеді?

Сурет 3 – Қазақ тіліндегі ассоциат сөз-жауаптардың тізімі

Бірінші сұрақ бойынша ағылшын тілінде алынған реакция сөздер: *throne* (тақ), *state* (мемлекет), *the president* (президент), *the summit* (саммит), *fight* (шайқас), *open* (ашық), *serious* (байынты) т.б.

Алынған жауаптарды жинақтап, ағылшын тіліндегі ассоциат реакция сөздерді төмендегі 4-суретте (диаграммада) топтастырдық.




a – How is the word power reflected in your mind?; ә – What do you associate word politics with?

Сурет 4 – Ағылшын тіліндегі ассоциат сөз-жауаптардың тізімі

4-суретте (диаграммада) берілгендей ағылшын тіліндегі «Билік» ұғымына берілген алғашқы реакция сөзі – *memлекет*. Респонденттер тарапынан берілген онға жуық реакция сөздер кему ретімен орналастырылған. Ассоциативті эксперименттің еркін түрі қолданылып, қойылған бірінші сұраққа орыс тілінің тасымалдаушылары мынадай жауаптар ұсынды: «Билік» – государство, престол, президент, управление, бразды правления, ответственность, диктатор, власть, понимание подчиненных, управлать миром, правительство, служение своему народу, должность, которая возлагает ответственность и множество обязательств на других, власть, народ, СМИ, свобода, мышление, движение, Нурсултан Назарбаев, закон, управление другими, между людьми, которые могут отстаивать свое мнение отношении. «Саясат» – деятельность, борьба, игра, вранье, жадность, лицемерие, притворство, коррупция, государство, тактика, дипломатия, жизнь.

Орыс тіліндегі сауалнама нәтижесі 5-суретте (диаграммада) сипатталған.



a – Как вы понимаете слово «власть»?; ә – Как Вы понимаете политику?

Сурет 5 – Орыс тіліндегі ассоциат сөз-жауаптары

5-суретте (диаграммада) бейнеленгендей орыс тіліндегі ассоциат сөздердің жиілігі жоғарысы - *государство, президент, престол* сөздері.

Аталған әдістің екінші сұрағында информанттарға берілген «билік», «саясат» түрткі-сөздеріне байланысты синоним сөздерден тұратын семантикалық топ құру тапсырылған болатын.

Сауалнаманың екінші сұрағына берілген жауаптарды сараптау барысында «билік», «саясат» сөздеріне мағыналас синонимдерден тұратын семантикалық топ анықталды:

*Ассоциат-синонимдер:* «Билік» концептісі – мемлекет, президент, тақ, басқару, жауапкершілік, басшылар, парламент, депутат, ақша, бедел, қиындық, ұйымдастыру, ынтымақтық, халық, демократия, шыншылдық, саясат, басшы, қызмет. «Саясат» концептісі – саммит, билік, жаңалықтар, мансап, үкімет, жүйе, жолдау, мемлекет дипломаты, билік, бюджет.

*Ассоциат-сөз тіркестер:* «Билік» – ұлт жанашыры, өкім ету, жоғары сенат, лайықты болу, халық қалаулысы, өз айтқанын жасау, лауазымды адамдар, біреуге бұйрық беру, халыққа қызмет ету.

«Саясат» – ақ орда, саясаткерлер есімі, ұлт жанашыры, халық қалаулысы, мемлекеттермен байланыс, қоғамдық шара, мемлекеттік істерді басқару, мүдделердің қақтығысы, қазақ хандығы, ақылмен жұмыс жасау, мемлекеттік мәселе, билік қызметі.

«Билік», «саясат» сөздеріне ағылшын тілінде берілген синонимдер қатары.

*Ассоциат-синонимдер:* «Билік» – responsibility (жауапкершілік), capacity (қабілет), money (ақша), love (махаббат), freedom (бостандық), independent (тәуелсіздік), lie (өмір), force (күш), strength (күш), authority (билік), woman (әйел), rule (билік), king (патша), respect (құрмет), strong (күшті), people (адамдар), country (ел), citizens (азаматтар), me (мен), freedom (бостандық).

«Саясат» – Zelenskyi (Зеленский), fight (күрес), government (үкімет), problems (мәселе), campaigning (сайлау науқаны), power (билік), diplomatic (дипломатия), service (қызмет), Lukashenko (Лукашенко), money (ақша), selection (таңдау), state (мемлекет), people (адамдар), life (өмір), danger (қауіп), domination (үстемдік), open (ашықтық), game (ойын), economy (экономика), eloquence (шешендік).

*Ассоциат-сөз тіркестер:* Associat – phrases: «Билік» – domination man (адамның үстемдігі), good reputation (жақсы беделі), state domination (мемлекеттің үстемдігі), the desire to follow a person side by side (адамды қатар ұстануға деген ұмтылыс). «Саясат» – supreme power (жоғарғы билік), affairs of state (мемлекеттік істер), defense of the motherland (Отанды қорғау), good manager (жақсы менеджер), Global view (жаһандық көзқарас).

Орыс тілінде берілген синонимдер тізімі:

*Ассоциат-синонимдер:* Концепт «Билік» – государство, трон, президент, главный, управлять, ответственность, диктатор, могущество, правительство, народ, СМИ, свобода, мыслить, передвигаться, Нурсултан Назарбаев, закон.

«Саясат» – деятельность, борьба, игра, ложь, жадность, лицемерие, притворство, коррупция, государство, тактика, дипломатия, жизнь.

*Ассоциат-сөз тіркестер:* бразды правления, понимание подчиненных, править миром, служение своему народу, управление другими, борьба за деньги, борьба за власть.

*Ассоциат-сөйлемдер:* Должность которая несёт за собой как ответственность за других и много обязательств. Отношение между людьми,

которые могут навязать свое мнение. Это устные отношения между странами или же в самой стране. Все что нас окружает. Служба, если политика выбрал народ. Необходимая сфера для поддержания в целостности государства как внутренне так и от внешних факторов, а также отстаивание своих интересов. Много врешь, мало делаешь, много получаешь.

Тізбектілген ассоциативті экспериментте «Билік», «Саясат» сөзіне респонденттерден сөз тіркесі, сөйлем, мақал-мәтелдер алынды. Сауалнаманың үшінші сұрағына алынған жауаптарды құрамына байланысты біз *ассоциат-сөздер*, *ассоциат-сөз тіркестер* және *ассоциат-сөйлемдер* немесе *мақал-мәтелдер* деп үш топқа бөліп қарастырдық. Тізбектілген ассоциативті эксперименттің нәтижесі қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде мынадай нәтижелерді берді (4-кесте).

Кесте 4 – Ассоциативті құрылымдар

Жауап түрі	Қазақ тілі	Ағылшын тілі	Орыс тілі
1	2	3	4
<i>Ассоциат-сөз</i>	14%	27.%	11%
	Алға!	throne (тақ), state (мемлекет), the president (президент), the summit (саммит), fight (шайқас), open (ашық), serious (байыпты).	Глобализация Сила, Власть
<i>Ассоциат-сөз тіркестері</i>	29%	33%	37%
	жоспарда тұр, Алға, Қазақстан! бәрін жасаймыз, Жаңа Қазақстан, қырғи қабақ болу, халық қалаулысы, қазақ хандығы, ақ орда.	to win (жену), legislative power (заң шығарушы билік), executive power (атқарушы билік), come to power(билікке келу), local authorities (жергілікті билік органдарына).	Сендіру мәнді тіркестер: Мы решим Мы вместе Новый Казахстан Мой народ Алға, Қазақстан! За будущее! За мечту этой страны! За мир и безопасность Жаңа Қазақстан Қазақстан, алға!
<i>Ассоциат-сөйлемдер немесе мақал-мәтелдер</i>	57%	40%	52%
	Жұбату мәнді құрылымдар: Қолымыздан келгенін жасаймыз. Барлығы жақсы болады. Бәрін қалпына келтіреміз. Бәрі халық үшін. Көмек қолын созамыз, жалғыз қалдырмаймыз.	“In war, you can only be killed once, but in politics, many times.” – Winston Churchill («Соғыста сізді тек бір рет өлтіреді, саясатта бірнеше рет өлтіруге болады». — Уинстон Черчилль), Make country great again (Елді қайтадан ұлы ету), Politicians don't lie, they misspeak and they don't steal, they mispocket	Жұбату мәнді құрылымдар: Мен халықпен біргемін Мақал-мәтелдер: Легче за стадом ходить, чем стадо водить. Когда власть делали, нас позвать забыли. У кого деньги, у того и власть. Имеешь власть, будь для народа солнцем. Вы можете не заниматься политикой, Все равно

4-кестенің жалғасы

1	2	3	4
	<p>Күтіндер, бәрі болады. Халық біз үшін бірінші орында.            Сендіру мәнді сөйлемдер: Маған дауыс бер!            Міндет- халыққа қызмет ету.            Мақсат – елді, жерді көркейту.            Ел үшін жанымды пида етемін.            Мақал-мәтелдер:            Бірлігі бар ел озады, бірлігі жоқ ел тозады.            Би болу оңай, билік ету қиын.            Төр кімдікі болса, билік соныкі.            Билік, байлық, даналық бір өзіңе байланысты. Би болмасаң да, би түсетін үй бол.</p>	<p>(Саясаткерлер өтірік айтпайды, олар шатасады және олар ұрламайды, олар қате тағайындайды),            im tired i'm gone (мен шаршадым, кетіп бара жатырмын),            Reader, suppose you were an idiot. And suppose you were a member of Congress (Оқырман, сіз ақымақ болдыңыз. Сіз Конгресс мүшесі болдыңыз).            But I repeat myself (Бірақ мен қайталаймын).            I'll show you where Belarus was being attacked from, it is not always the same thing to be a good man and a good citizen. Aristotle (Мен сізге Беларуссияға қайдан шабуыл жасалғанын көрсетемін, жақсы адам және жақсы азамат болу әрқашан бірдей бола бермейді. Аристотель ),            Just because you do not take an interest in politics doesn't mean politics won't take an interest in you (Сіз саясатқа қызығушылық танытпағаныңыз үшін, бұл саясат сізді қызықтырмайды дегенді білдірмейді),            Politics for not everyone the summit            I am not interested in politics, that is why I don't know any proverb (Мен саясатқа қызығушылық танытпаймын, сондықтан мен бірде-бір мақалды білмеймін).</p>	<p>политика займется вами. Политика не наука, а искусство. Где власть народа, там победа и свобода. Если народ един – он не победим. Без царя народ сирота.            Сарказмды құрылым:            Денег нет, но вы держитесь. Есть Путин – есть Россия, нет Путина – нет Россия. Плохие законы – худший вид тирании.            Мир!Труд! Май!</p>

Қазақ және орыс тілінде жауап берушілері ассоциат-сөйлемдерге ортақ *Алға, Қазақстан! Жаңа Қазақстан* ұрандарын жазса, орыс тілді жауап берушілер *За будущее! За мечту этой страны! За мир и безопасность! Жаңа Қазақстан!* ұрандарын жазған. Орыс тілінде 52-66 жас аралығындағы 10 қатысушы *Мир! Труд! Май!* ұранын жазған. Жас ерекшеліктерін ескерсек, бұл – кеңес дәуірінің тарихи ұранын тасымалдаушылар. Сонымен қатар, орыс тілінде сарказмды құрылымда *Денег нет, но вы держитесь* (2016 жылы Крымда зейнеткерлердің зейнетақының аздығына наразылығына қатысты шағымына Дмитрий Медведевтің жауабы. Халық арасында бұл тіркес наразылық тіркесі ретінде қалыптасқан) ұранын жазған. Бұл респондент 66 жастағы жұмыссыз ер адам. Оның реакция ұраны әлеуметтік жағдайының туындысы. *Есть Путин – есть Россия, нет Путина – нет Россия. Плохие законы – худший вид тирании.*

Қазақ тілді жауап берушілердің ассоциат-сөйлемдері мен сөз тіркестері сендіру мәнді, жұбату мәнді құрылымдар және мақал-мәтелдерді құраса, орыс тілді жауап берушілерде сыни, сарказмды мазмұндағы ассоциат-сөйлемдер бар. Бұл қазақ тілді жауап берушілердің ұлттық табиғатындағы шыдамдылықты, сенгіштікті, төзімділікті танытса, орыс тілді жауап берушілердің мінезіндегі тура айту, еркіндікті байқатады.

Ағылшын тілінде жауап берушілерден мінез ашықтығы аңғарылды. Респонденттердің «Билік», «Саясат» концептілеріне берген, ұлттық-мәдени ерекшеліктерін танытатын ассоциат-сөздеріне сүйене отырып билік пен халықтың арасындағы қатынасына бағасын анықтадық. Ол үшін Г. Хофстеденің мәдени өлшем моделіне сүйендік. Оның моделінде ұлтаралық айырмашылықты сипаттаудың 4 көрсеткіші көрсетіледі:

- 1) билік дистанциясы (төменнен жоғарыға дейін);
- 2) коллективизм және индивидуализм;
- 3) нәзіктік және ерлік;
- 4) белгісіздіктен қашу (әлсіз және күшті) [73].

Билік пен халықтың арақатынасы (халықтан билікке қарай) биліктің қоғамда біркелкі бөлінбеуіне халықтың (билігі аз немесе мүлде жоқ адамдардың) келісу дәрежесінен көрінеді.

Халқы биліктің біркелкі бөлінбеуімен және әлеуметтік қатынастардың теңсіздікке негізделетінімен келісетін елдерде билік пен халық арасы қашық мәдениетке жатады. Билік пен халық арасындағы байланыс алшақтаған мәдениеттерде адамдар билікті біркелкі бөлуге ұмтылады.

«Билік», «Саясат» концептілерінің ерекшеліктерін қазақ, орыс тіліндегі жауаптарды салғастыра зерттеу нәтижесі елімізде билік пен халық арасындағы байланыстың алшақ мәдениетке жататынын анықтауға мүмкіндік берді. Оған информанттар берген реакция сөздер қатарында *трон, президент, главный, управлять, бразды правления, диктатор, могущество, понимание починенных, править миром, сила, управление другими, отношение между людьми, которые могут навязать свое мнение, борьба, игра, вранье, жадность и лицемерие, притворство, борьба за власть, коррупция* сөздерінің жиі кездесуі дәлел бола

алады. Бұл әр тілдегі ассоциат-сөз тіркесінде де байқалды. Мысалы, қазақ тіліндегі ассоциат-сөз тіркестерінде *қырғи қабақ болу* деген тіркес келтірілген. Мұндағы *қырғи қабақ* тұрақты сөз тіркесін фразеологизмдер сөздігінде «Қырғи қабақ болды – бір-бірімен араз болды» деп түсіндірген [74]. Тіркес құрамындағы қырғи – жыртқыш құстың аты. Қазақ халқында адамның көңіл-күйі қабаққа қарай танылады. Тілдік қолданыста адамның көңіл-күйін суреттейтін *қабағы салыңқы* – көңілінің қошы жоқ, *қабағы қарс жабылды*, *қабағы тарс түйілді* – ашулы, ызалы, *қабағын ашпады*, *қабағын тыржиту*, *қабағын тую* – ұнатпау, қабағы кірбің тарту, қабағы салбырау – көңілсіз болу, уайымға салыну, *қас-қабағына қарау* – көңіліне қарау секілді тұрақты тіркестер қолданылады.

Ассоциат сөз тіркесін жазушының 56 жастағы сатушы әйел адам екендігіне қарап, *қырғи қабақ соғыс* ассоциат-сөз тіркесін жазуға оның ұлттық танымы мен жас ерекшелігі, жынысы негіз болды деп есептейміз. Қазақ тілінде жауап жазған 66 жастағы зейнеткер, ер адам ұлттық ерекшелікті этномәдени тұрғыдан сипаттайтын *халық қалаулысы* тіркесін жазған. Халық қалаулысы – халық таңдап алған адам. Қазақ халқында хандар мен билер халық таңдауымен таққа отырып, билік, шешім жасаған. Ханды ақ киізге отырғызып, ел болып құрметтеп, үш рет «Хан!», «Хан!», «Хан!» деп айқайлап аспанға көтерген. Содан кейін жиналған жұртшылық хан отырған киізді ханның тағы есебінде «хан талапай» жасап, тарихи уақиғаға қатысқанының куәсі әрі тәбәрік деп бөліп алатын болған.

Ал ағылшын тілді информанттардың жауаптарында берілген *the summit* (*саммит*), *open* (*ашық*), *serious* (*байыпты*) реакция сөздері олардың билік пен халық арасы жақын мәдениет өкілдеріне жататынын растайды.

Г. Хофстеденің концепциясында индивидуализм индивидтер арасындағы байланыс елеусіз болатын қоғамды сипаттайды: ең алдымен, әрбір адам өзіне және отбасына қамқорлық жасайды деп болжанады.

Коллективизм адамдар туылғаннан бастап күшті, ұйымшыл топтарда өсіп, дамитын қоғамды сипаттайды. Бұл топтар сөзсіз келісім үшін өз мүшелеріне өмір бойы қамқорлық жасайды және қорғайды [73, p. 3-270] Қазақ тілді информанттардың жауаптары қатарында ұлттың лингвомәдени ерекшелігін танытатын *қалап алу* тіркесі де келтірілген. *Қалап алу* тұрмыстық салт атауы. Жиен нағашысынан үш рет бағалы бұйымын қалап алуға құқылы болған. Сыйлас адамдар бір-бірінен қызыққан бұйымын да қалап алады. Келген сыйлы қонаққа үй иесі «қалауынды айт» деп құрмет білдіреді. Туыс, жақын адамдар бір-бірінен «итше араз болармыз» деп, итті қалап сұрамайды. Бұл сияқты тіл бірліктері қазақ қоғамының коллективизммен сипатталатынын көрсетеді, ал ағылшын тілді информанттардың жауаптарындағы *love* (*махаббат*), *good reputation* (*жоғары бедел*), *respect* (*құрмет*), *freedom* (*бостандық*) қолданыстары олардың қоғамына индивидуализм тән деген қорытынды шығаруға негіз болады.

Қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдарында *депутат* сөзіне *халық қалаулысы* тіркесі балама түрде қолданылып жүр. Ел мүддесін саралайтын



депутаттарға да осы атауды телу халық танымындағы ел билеушілерге құрмет пен сенімді білдіреді. Жауап берушінің бұл тіркесті таңдауына оның қазақ тарихын, салтын жетік білуі мен жас ерекшелігі және әлеуметтік дәрежесі түрткі болып отыр. Бұл тұрақты тіркестер халықтық танымның нәтижесінде қалыптасқан, ұлт мәдениеті мен тарихын, этностық ерекшелігін даралайтын және тасымалдайтын бірліктер болып табылады.

Ағылшын тіліндегі *throne /chair (мақ), state (мемлекет), the president (президент)* тіркестерінен қазақ тілі мен орыс тіліне де ұқсас тұстарын байқауымызға болады. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Билік» концептісінің көрінісі мен аудармасын зерттеген ғалым Ж. Есенғалиеваның пікірінше, қазақ және ағылшын тілдері туыстас болмағандықтан, объективті дүние мен ондағы құбылыстардың концептуализациялануы да ұқсас болмайды [75]. Дегенмен біздің зерттеуімізде қазақ, орыс, ағылшын тілін игерген респонденттерден ортақ белгілер танылды. Мысалы, «Билік» ағылшын тілінде ең біріншіден, *қабілет* немесе *мүмкіндік* ретінде бейнеленсе, қазақ, орыс тілдерінде ол *тікелей басқарумен* және *бақылаумен* байланысты. Қазақ тілінде ол *мансап, өмір ұғымдарын* қамтыса, ағылшын тілінде *махаббат* сөзімен байланысты. Бұл олардың билікті қабілет ретінде танып, оны сүйіспеншілікпен орындау деген танымынан туындаған. Қазақ, түрік тілдеріндегі «Билік» концептісін лингвомәдени аспектіде зерттеген Б. Зеяданың айтуынша, концептілердің мазмұнын ашуда халық мәдениеті, оның ішінде, мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері, халық әндері негіз болады [76].

*Халық қалаулысы, қырғи қабақ болу, қазақ хандығы, тақсыр, төрелік, би* реакция сөз-жауаптар тек қазақ тілді респонденттер тарапынан берілді. Себебі бұл тіркестер – қазақ халқының тарихы, өмір тәжірибесі, ұлттық таным негізінде қалыптасқан тіркестер, сондықтан тек қазақ тілді жауап берушілерде кездесті. Орыс тілінде жауап берушілердің 24-29 жас аралығындағы үй шаруасындағы әйелдері мен бала күтуші және жұмысшылары билікті жауапкершілік ретінде таныса, 17-24 аралығындағы студенттер үстемдік құру деп есептейді. Ал 23-27 жас аралығындағы мемлекеттік қызметкерлер мен кәсіпкерлер билікті ақша, қызметпен байланыстырған. Бұған жауап берушілердің жас ерекшелігі мен әлеуметтік статусы түрткі болды деп есептейміз.

29-60 жас аралығындағы респонденттер билікке ассоциат сөзді *жауапкершілік* деп түсіндірген. Бұл олардың биліктің міндеті мен оның қоғамдағы рөлі мен оны атқарудың да жеңіл еместігін түсінуімен байланысты деп есептейміз. Қазақ тілінде жауап берушілер бірінші сұрақ бойынша билікке ең көп ассоциат-сөз – *жауапкершілік* сөзі. Қазақ халқы танымында билікті *әділдік, ардың ісі* саналған. Билік жасаудың жауапкершілігін мойнымен көтерген қоғам қайраткерлерінің қанатты сөздері билікке қойылатын міндетті танытады. XII ғасырда өмір сүрген тарихи тұлға, атақты би, шешен Майқы бидің *Халқыңды билеместен бұрын, өз ордаңды билеп ал* деген қанатты сөзі әділ билік жасаудың, көпті мойындату мен бағындырудың оңай емес екендігін көрсетеді. Қазақ халқының билік концептісін *жауапкершілік* деп есептеуіне

ежелден қалыптасқан ұлттық танымы ықпал етті деп есептеуге болады. Жауап саны бойынша үстемдік құру, еркіндік ассоциат сөздері де қазақ танымындағы би мен ақшаның байланысынан туындаған. «Әділ би халық үшін, залым би құлқын үшін, Аталыдан би қойсаң адаспас жол мен жобадан, Атасыздан би қойсаң, босамас аузы парадан» деген Бұқар жырау әділ бидің бейнесі мен би мен параның арақатынасын ашып береді.

Саясат түрткі сөзіне орыс тілді жауап берушілердің 44,5% *саясаткерлер есімі* (30-79 жас аралығындағы мемлекеттік қызметкерлер, директорлар, кәсіпкерлер, тарихшылар, инженерлер, зейнеткерлер, жұмыссыздар, сатушылар, негізінен, ер адамдар белсенділік танытқан), 34,7% күрес (26-55 жас аралығындағы кәсіпкерлер, мемлекеттік қызметкерлер, жұмысшылар, дәрігерлер, жұмыссыздар, мұғалімдер, өнер адамдары, есепшілер), 15,35% құрайтын (студенттер мен жас мамандар) ассоциат сөзді *ойын* деп белгілесе, қалған 5,45% – *Враньё, жадность и лицемерие, притворство, борьба за власть, коррупция, Это устные отношения между странами или же в самой стране, все что нас окружает, служба, если политика выбрал народ, Необходимая сфера для поддержания в целостности государства как внутренне так и от внешних факторов, а также отстаивание своих интересов, Человек должен быть политически грамотность, борьба за деньги, жизнь, много врешь, мало делаешь, много получаешь, государство, тактика, дипломатия* деген жауап жазған. Бұл жауаптар қазақ және орыс тілді қоғамның ерлерге тән сипатқа жататынын растайды. Олай дейтін себебіміз ерлерге тән сипаттағы қоғамда адам «еңбек ету үшін өмір сүреді». Адамдар үлкен ұйымдарда жұмыс істегенді жөн көреді. Жұмыста мансаптық өсуге ұмтылу, бәсекеге қабілеттілік, талапшылдық, өзіне деген сенімділік сияқты қасиеттер құпталады. Әркім нәтижеге жетуге және әділ сыйақы алуға ұмтылады. Көшбасшылық үшін ішкі күрес болғандықтан, адам қатаң бәсекелестік жағдайында жұмыс істейді.

Әйелге тән сипаттағы қоғамда өмір сүру үшін еңбек ету керек деген түсінік қабылданған. Тиімді жұмыс үшін жақсы ұжымдық орта маңызды. Адам материалдық жетістікке емес, үйлесімді отбасылық өмірге бағытталған (жұмыста кешке дейін отырудан гөрі отбасымен уақыт өткізу әлдеқайда маңызды). Дамыған елдерде адамдар шағын компанияларда жұмыс істегенді жөн көреді.

Түрткі сөздерге қазақ тілінде синонимдердің 52%, ағылшын тілінде 15%, ал орыс тілінде 33% ассоциат-сөйлемдер берілген. Үш тілде де берілген жауаптар негізінде қазақ, орыс тілдері бойынша *мемлекет, тақ, жауапкершілік* реакция сөздерінің ең жоғары жиілікке ие болғанын атаймыз.

Сонымен, алынған жауаптарға байланысты, қазақ тіліндегі ассоциат сөз-жауаптар мен ағылшын және орыс тілдеріндегі ассоциат сөз-жауаптар бір-біріне жалпы көріністе ұқсас болғанымен, әр тілді тасымалдаушылардың мәдениетінің тілдегі көрінісі арқылы туыстығы алшақ қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі айырмашылықтарды көруге болады. Жүргізген сауалнамамыздың нәтижесіне байланысты келесі тұжырымға келдік: «Саясат»,

«билік» концептілерінің ерекшеліктерін қазақ тілді респонденттер санасында *ақ орда, халық қалаулысы, қырғи қабақ болу, қазақ хандығы, тақсыр, төрелік айту, би* сөздері танытса, ал орыс тілді респонденттер санасында *господство, держава, царь, государь, империя, самодержавие* сөздерінен, ағылшын тілді респонденттер санасында *love (махаббат), good reputation (жоғары бедел), respect (құрмет), freedom (бостандық), service (қызмет)* сөздерінен көрінді.

Біздің зерттеу мақсатымыз қазақ, ағылшын және орыс тілдерін қолданушылардың тілдік санасындағы «билік», «саясат» ұғымына қатысты ерекшеліктерін анықтау болды. Нәтижесінде, осы ұғымның әмбебап семантикалық сипаттамасы бар болғанымен, әр тілді қолданушыға тән ерекшелігі де бар деген тұжырым жасалды.

Сонымен, сөздердің ассоциативті белгілерін зерттеу – сөздік анықтамаларында тікелей айтылмайтын ұғымдардың жасырын мағыналарын ашуға мүмкіндік береді. Әрбір тілде сол халықтың жылдар бойы қалыптасқан тілдік, мәдени, этно тәжірибесі жатады, сондай-ақ тілдік бірліктердің мағыналары белгілі бір тілдік мәдениетті тасымалдаушы адамдардың дүниетанымы мен мінез-құлқына әсер етеді деген тұжырым жасалынды. Бұл тұжырымдар «Саясат» концептісіне қатысты Ю.В. Трофимованың «Концепт "политика" в русской языковой картине мира» [77] кандидаттық диссертациясында және «Билік» концептісіне қатысты материал О.В. Любимова, В.Б. Крячконоң «Концепт "власть" в русской и английской лингвокультурах» мақаласындағы материалдармен сабақтастырыла отырып ұсынылды [78].

Қорыта айтқанда, зерттеу нәтижесінде біз әр халықтың өз мәдениеті мен тарихы, қоғамдағы өзара қатынасында, идеологиялық дискурсында қалыптасқан қағидалары олардың тілінен көрініс табады деген тұжырымға келдік. «Билік», «Саясат» концептілерін талдау қазақ, орыс, ағылшын тілдерін тасымалдаушылардың тілдік санасындағы ерекшеліктерді, нақты айтқанда қазақ, орыс ұлтының мәдениеті билік пен халық арасындағы байланыс алшақ екенін, сондықтан ол қоғамға коллективизм тән болса, ал ағылшын тілін тасымалдаушыларда билік пен халық арасындағы байланыс жақындығын, оларға индивидуализм тән екенін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл ерекшеліктер олардың қолданысындағы тілдік бірліктер негізінде анықталды. Қазақ тілді респонденттер мен орыс тілді респонденттер – екеуі де қазақстандық болғанымен, олардың тілдік мәдениетінде, дүниеге көзқарасында айырмашылықтар бар екенін аңғартты. Тіпті қазақ тілді қазақтар мен орыс тілді қазақтардың, ағылшын тілді қазақтардың да дүниетанымында, тәртібінде бір мәдениеттің өкілі болса да, билік пен халықтың арақатынасына берген бағаларында, «Билік» пен «Саясатқа» қатысты ассоциацияларынан айырмашылықтар бары аңғарылды.

Идеологиялық дискурстың «шикізаты» әрі «өнімі» деп таныған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасының насихатталуы мен мақсатты және жоспарлы жүргізілуінің нәтижесінде қазақстандықтардың тілдік санасында «Рухани жаңғыру» тіркесінің концептіге айналу деңгейін анықтауды

мақсат еттік. Ол үшін респонденттерден арнайы сауалнама алынып және ассоциациялық эксперимент жүргізілді. Оның нәтижесінде жинақталған материалдарды талдау арқылы «Рухани жаңғыру» тіркесінің концептуалдануын, лексика-семантикалық, ассоциативтік өрістері сипатын келесі тарауда ұсындық.

### **Бірінші бөлім бойынша тұжырым**

Бірінші тарауда зерттеушілердің дискурс, дискурс талдау терминдеріне берген анықтамалары салыстырыла талданды. Дискурстың анықтамасы берілді. Дискурсты сыни талдау, дискурстың астырт-үстірт құрылымын талдау, сөзге семантикалық когнитивтік талдау жасау немесе концептіні талдау әдістеріне сипаттама жасалды. Тіл мен идеологияның арақатынасын зерттеген ғалымдардың пікірлері талданды. Идеологиялық дискурс, оның негізгі стратегиясы айқындалып, дискурстық айналым, ықпалдастық шек түсініктеріне анықтама берілді. Ықпалдастық шек, дискурстық айналым түсініктері «Ruhanijangu» instagram, facebook парақшасындағы, «Балапан» телеарнасындағы материалдар, пандемия кезіндегі «дискурстық формация» сапасында жұмсалған бәдік жырларына талдау жасау арқылы дәйектелді. Саяси дискурс пен идеологиялық дискурстың ара жігі ажыратылды. Қазақстандық идеология, қазақстандық идеологиялық дискурс, ұлттық идеологиялық дискурс терминдеріне анықтама берілді. «Билік» пен «Саясат» арасындағы байланысқа халықтың көзқарасын тану, ұлттық мәдени ерекшеліктерін анықтау мақсатында респонденттерден алынған ассоциативті сауалнама қорытындысы ұсынылды.

## 2 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДИСКУРСТЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ВЕРБАЛДАНУЫ

### 2.1 Ұран, үндеу мәтіндері – қазақстандық идеологиялық дискурстың («Рухани жаңғыру» бағдарламасы) өнімі әрі құралы

Қазақстандық идеологиялық дискурстың лингвистикалық вербалдануы дегеніміз – идеологияның тілде таңбалануы, тілдік бірліктер мазмұнына «көшуі». Бұл тілдің ойды сыртқа шығару қызметіне де, ұрпақтан-ұрпаққа ақпаратты тасымалдау қызметіне де, танымдық қызметіне де әсер етеді. Бұл кезде қазақстандық идеологиялық дискурста идеологиялық мазмұндағы білім, ұлттық мәдениет пен қоғам мүшелерінің (әлеуметтік топтардың) сенімдері мен көзқарастары тілде (тілдік бірліктерде) қоса таңбаланады, тасымалданады. Қазақстандық идеологиялық дискурс мазмұны – дискурс-мәтіндерде бекітіледі. Кез келген дискурсты талдау, сипаттау сол дискурс өнімі саналатын мәтіндерге талдау жасау арқылы орындалады. Қазақстан қалаларында көшеде, мекемелер мен түрлі ғимараттарда ілінген ұран, үндеу мәтіндерін қазақстандық идеологиялық дискурстың өнімі әрі оны тасымалдау құралы деп түсінеміз. Оның дәлелі мынадай: ұран, үндеу мәтіндеріне кез келген сөз таңдалмайды, ол белгілі бір таңдалған саясат пен ел идеологиясына сай іріктеледі. Сондықтан біз өз зерттеуімізде 2017-2022 жылдары қала көшелері мен мекемелерде ілінген ұран, үндеу мәтіндерін қазақстандық идеологияның осы аралықтағы бағдары болған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» ел дамуының стратегиясын айқындаған дискурстың өнімі деп санаймыз. Ал сол идеологияны қоғам мүшелерінің санасына сіңіру мақсатында жоспарлы жұмыстар жүргізілді. Нақты айтқанда «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы мазмұны арнайы, жоспарлы түрде насихатталды, соның бір жолы – бағдарлама мазмұнын ұран, үндеу сапасында көрнекі орындарға іліп қою. Көпшіліктің көз алдында ілініп тұрған құралдар қоғам мүшелерінің көру (ұран, үндеу мәтіндері), көру және есту (идеологиялық мазмұндағы бейнероликтер) мүшелері арқылы олардың санасына идеологияны сіңіруге қызмет етті. Яғни, ұран, үндеу мәтіндері – идеологияны тасымалдау құралдарының бірі. Ұрандар саяси бағдарламаларды жүзеге асыру, ұлттық рухты ояту, адамгершілікке баулу, өнерді насихаттау мақсатында қолданылғандықтан, ұран мен үндеу мәтіндерін идеологияның негізгі құралы деп есептейміз.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде ұранға мынандай анықтама беріледі: «Ұран I Үндеу, шақыру, дабыл. Ұран тастады [салды] – дабыл қақты, ұрандады. II Белгілі бір іс-әрекеттің негізгі мақсатын білдіретін қысқа ұғымды сөз тіркесі» Ұран, үндеу мәтіндері белгілі бір ақпаратты саналы, мақсатты түрде хабарлау және игертуге бағытталады. Кез келген ақпарат адресаттың танымына, біліміне сай түрліше игерілуі мүмкін. Ұран, үндеу мәтіндерінің қолданылу тарихы шайқастармен, батырлардың жекпе-жек айқасымен байланысты. Тәуелсіздік жолындағы көтерілістерде де ұрандар көп қолданылды. Әр заманның идеологиялық талабына сәйкес ұрандардың мазмұны мен тілдік құрамы да өзгеріп отырады. Жаугершілік кезеңінде шайқаста, батырлар жекпе-жегінде

ұран ретінде аруақ аты мен ру аттарын, жекелеген батырлардың есімдерін жиі қолданған. *Абылайлап атой салды, жауға ұрандап шапты, ұран салды* деген тіркестерді тарихи туындылар мен батырлар жырларынан жиі кездестіреміз. Мысалы, «Өтеген» жырында: *«Барлығы бөліп олжа алды, Әуелгі шыққан соғысы. Он жеті жаста шеп бұзып, Ақжолдап салды ұранды»* [79].

Тарихи деректерге сүйенсек, ұран батырлардың жауға аттанғанда айтатын рух көтеру тіркестері болып табылады. Еуропада ұрандар саяси құрал ретінде қолданылған. Саяси партиялар халыққа әрқилы нұсқау, бағыт-бағдар беруде ұран мәтіндері мен бағдарламалар жасаған. Делано Рузвелттің «Жаңа бағыт», Климент Этлидің «Болашаққа бет бұру» ұрандары дүниежүзі тарихына танымал. Әлемдік саяси ұрандардың ішінде ең танымалы Махатма Гандидің қарапайым халықтың мүддесін қорғау үшін Британ коллониясына қарсы дайындаған «Тұз жорығы» ұраны. Ұранның қолданылуы туралы мәліметтер сақ дәуірінен басталады. Сақ дәуірінде ұранның орнына жауының мысын басу үшін дабыл қағылған. Түрлі дыбыс шығаратын үрмелі аспаптар арқылы үрейлі дыбыстар шығарып, жауға аттанған. Ол кездерде ұран екі түрлі идеологиялық қызметте қолданылған: біріншіден, жауға аттанатын әскерлерді жігерленду, рух беру; екіншіден, қарсыласына үрей туғызу мақсатын көздеген. Бұл үшін үрейлі әуендерді тудыратын үрмелі аспаптар пайдаланған. Біздің ойымызша, кейіннен осы ритмикалық әуендерге лайық қысқа-қысқа тіркестер бірге қолданыла бастаған. «Ұран» сөзі «шақыру» етістігімен бірге қолданылады. Себебі ұран сөзіне әрекетке шақыру мәні ие. Әмір Темірдің Тоқтамыстың жорықтарын баяндайтын туындыларында «сүрен салу» деген тіркес бар. Ол да ұранмен мәндес болып келеді. Көшпелі заманда жер-су атаулары да ұран ретінде қолданылған. Оған мысал ретінде кіші жүздің Төртқара руының ұранын айтуға болады. Аңыз бойынша Әлімнің ұрпақтары Қаратаудың солтүстігіндегі Ұлытауға жақын Айыртау жайлауын мекендеген. Қарамашық батыр жиырма бір жасында қалмақтармен шайқаста дүниеден озып, Айыртауда жерленіпті. Оның артында қалған төрт баласы Жаманақтың қамқорлығында өсіпті. Оларға Жаманақ күнде әкесінің есімі мен оның жерленген жерін айтып, зиярат етіп тұруларын өтініп, құлақтарына құйып отырыпты. Өскен соң Қарамашықтың төрт қарасы жауға шабар алдында әкесінің басына барып зиярат жасап, жауға «Қарамашық», «Айыртау» деп аттанады екен. Солай жер атауы олардың ұранына айналып кеткен [80].

Түрік халықтарының шежірелік дәстүрінде ұран ұғымының тарихи бастауларын Шыңғыс ханмен байланыстыратын аңыздар көп кездеседі. Бұл туралы татар оқымыстысы Ибрагим Хальфиннің 1822 жылы қазанда жарық көрген «Ахуал Шыңғыс хан уа Ақсақ Темір» атты еңбегінде Шыңғыс хан династиялық әулеттің негізін салушы ретінде қарамағындағы бағынышты ру-тайпалардың билерін тағайындап, руларға рәміздік белгілерді – таңбалар, ұрандар, ерекше құстар мен ағаштарды белгілеп бергендігі туралы айтылады. Мәселен, Қоңырат би оғлы Сеңлеге «Қоңырат», Үйсін Майқы биге «Салауат», Қыпшақ биге «Тоқсаба» ұран ретінде берілген. Осы тектес аңызды Ш. Құдайбердіұлы да өз шежіресінде келтіріп, қазақ халқындағы ұран

ұғымының түп қазығын Шыңғыс ханмен байланыстырады. Дәстүрлі қазақы ортада ұранның әрбір ру-тайпаның, халықтың функционалдық мәні, үлкен атрибуты болғандығын өз Тәуке ханның әйгілі «Жеті Жарғы» заңдар жинағынан да байқауға болады. «Жеті жарғының» Саққұлақ би нұсқасында «Әр рудың ұраны, таңбасы болсын», – деген арнайы бап (113-бап) кездеседі. Бұл ұранның мемлекеттік идеологиялық құрал ретінде қолданылғандығын көрсетеді [81].

Біздің ойымызша, әр заманның идеологиялық талабына сәйкес ұранның мазмұны мен тілдік құрылымы өзгеріп отырады. Ұран мазмұндары мен ұран ретінде қолданылған бірліктерді тану арқылы сол кезеңнің идеологиясын да бағдарлауға болады [82].

Қазақ халқына ортақ «Алаш» ұранының тарихы туралы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының зерттеулерінде мынадай деректер бар. «Бұл қазақ қай уақытта «Үш жүз» атанған?» атты аңызда: «Бұрынғы заманда қазақтың «Жүз» деген аталарының аты болса керек. «Алаш» деген де аталарының аты болса керек. «Жүз» деген атты руға, «Алаш» деген атты ұранға қойып, жауға шапқанда, «Алаш, Алаш» – деп шабындар! «Алаш, Алаш» – демегенді әкең де болса, ұрып жық!» – деп бата қылысыпты» [83]. Қазақ хандығы тұсында ұран болған «Алаштың» рухтық колоритінің мықтылығы қазақ халқының ұлт болып, іргетасының қалануына ықпалы зор болғанын «Алаш» саяси партиясының атына ауысқандығынан көруге болады. Қазақ тілінде *алты алаш, он сан алаш* деген тіркестер бар. Осы дәуірде Алаш сөзінің мағынасы кеңейіп, ол жалпы ұлттың атына ауысты. С.Торайғыровтың «Алаш ұраны» өлеңінде:

«Алаш туы астында,  
Күн сөнгенше сөнбейміз.  
Енді ешкімнің алашты,  
Қорлығына бермейміз!  
...Жасайды *алаш*, өлмейміз!  
*Жасасын, алаш, жасасын*» [84].

Ұран, үндеу мәтіндері көбіне тарихи шайқастарда, батырлардың жекпе-жектерінде айтылған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының зерттеулеріндегі «Үйсін Төле бидің түйесін баққан Сабалақтың қалай Абылай атанғандығы» туралы аңызда Сабалақ жорықта «*Абылайлап*» ұрандап шапқан, сол жорықтан кейін ол Абылай атанып, оның аты ұранға айналған. Сонымен қатар Абылай өзін құтқарған Тоғанас батырға ерекше ықылас білдіріп, «Сенің есімің – елде жоқ есім екен, елде жоқ есімді иеленген адам бір тайпаға көсем болуға лайық. Лайықтығыңды ісіңнен көрдім. Атың бір рулы елге ұран болатындай-ақ екенсің. Көп жаса, шырағым, – депті. Кейін Тоғанастың аты күллі Сіргеліге ұран боп қалыптасыпты [85]. Махамбеттің «Соғыс» өлеңінде:

Әскер жиып аттандық,  
Бекетай еді тұрағым  
Айқайлап жауға тигенде,  
*Ағатай, Беріш* ұраным,  
...Ұрандап жауға тигенде,

Кім жеңері талайды, – деп ұрандата жырлайды [86].

Абылай хан кезеңінде елдің негізгі идеологиясы жерді сақтау, жаудың бетін қайтару болған. Осы идеологияға сәйкес ұрандар да ру көсемдері, атақты батырлар, ата-баба есімдерінен болды. Бұл ұрандардың тууына ұлттың ата-баба рухына сыйыну, әруаққа сену, содан күш, рух жинау танымы негіз болған. «Қаһар» романында: «Батырдың ұранын естіген сарбаздары да аттарының басын бұрып алып *«Жоламан! Жоламан!»* деп кейін ұмтылды» деп, Жоламан батырдың мәртебесін көтеріп, оны жігерлендіріп, жауға аттандырған екен [83, 50-51]. Қазақ халқында ел ішіне жау келгенде *«Аттан!»*, *«Аттан!»* деп ұрандаса, шайқастар мен жекпе-жек ұрыстарда *«Аруақ!»* деп ұран салған. Мәселен, І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының «Қаһар» кітабында: «Ожардың қасына шоғырлана қалған, тастай түйілген шағын топ *«А, құдай!»*, *«Аруақ!»*, *«Айдабол!»*, *«Қаржас!»* деп бір-біріне ұрандаса жел беріп, сойылдарын көтере, қарсы жаққа лап қойды» дей келе батырлардың бір-бірін жігерлендіріп, жұмыла отырып ұрандатып жауға төтеп бергені айтылған [87]. Бұған төмендегідей мысалдарды да келтіруге болады:

Сабалақ *«Абылай»* деп ұран салды,  
Найзаны майырылған жұлып алды.  
Құлаштай сар бестіге қамшы басып,  
Ағындап шауып келіп кезек алды.  
...Азырақ сөз сөйлейін шынды бұрмай.  
Шын аты Абылайдың Әбілмансұр,  
Сабалақ деп аталып болған бір сыр.  
Ұран сап *«Абылайлап»* жауын жеңіп,  
Кейінгі ұрпақтарға қалдырған жыр...  
... Демін тартып дей берді тек *«А, құдай!»*  
Бір бүйірден қол келеді құйғытып,  
Ұран салып, *«Абылай да, Абылай!»* [88]  
Батырың *«Жәнібек»* деп айғайлаған...  
... *Жәнібек, Жәнібек* деп! – деп ұран салдым...

Талдау барысында көркем шығармаларда ұран ретінде әруақ аттары (Пір Бекет, Аруақ), ру аттары (Беріш, Сүйіндік), ата-баба (Абылай, Жәнібек, Жоламан) жалқы есімдері, соғыс майданында ұрысқа шақыру, жігерлендіру, жұмылдыру мағынасындағы етістік формалы *«Аттан, аттан!»*, *«Аттан, қазақ»*, *«алға»*, *«шабуылда»* т.б. ұрандары қолданылғаны анықталды.

Алаш зиялылары М. Дулатовтың *«Оян, қазақ!»*, Мағжан Жұмабаевтың *«Мен жастарға сенемін!»* туындылары білім мен ғылымды насихаттау, еркіндікке шақырудың ұранына айналды. Бұл мысалдар ұранның адресантқа әсері мен беретін уәждік күшінің өте жоғары екеніне дәлел бола алады деп есептейміз. Сондықтан ұран идеологияның құралы деп тұжыраймыз. Ол идеологиялық дискурс арқылы жүзеге асады.

Фразеологиялық сөздікте: *«Ұран-сүрен салды, ұран тастады* (шақырды, шашты). *Ұрандап айғайлады, дабыл қақты, жар салды. Ахмет хан қалмақты рақымсыздығына қарай «мынау бір алашы болды зой» депті, – жан алушы*



*болды дегеннің орнына... Сонан соң хан бұл атты қалмақ қорыққаннан қойды зой, енді сіздер шапқан уақытта «алашы-алашы» деп ұран-сүрен салыңыз деп бұйырады... (Абай). Ер жігіт ұран тастағанда, Үн қоспай кім қалады бастамаға, Әркімнің мақсаты да осы емес пе, Теңделу маяк болған жақсы адамға (Х. Қыдыров). Қарсыласып екі топ, Іріктеді батырды, Қалмақ соғып барабан, Қазақ ұран шақырды (Д. Бабатайұлы). Кеңестің іздегені азаттық тең, Адамдық ықтиярын қылмақшы кең, Ескеріп, есепке алып, ұран шашып, мұндай ілгеріде болып па ең? (Ә. Тәңірбергенов)» [74, б. 732].*

Ұранның игерілуі, яғни, дискурстық айналымы ол ұранды айтушы немесе қабылдаушының сана-сезімі мен сол іс әрекетке қатысына байланысты орындалады. Ұран, үндеу мәтіндерінің бойында мәтін тұтастығын сақтап, хабарлаушыға әсер етіп тұратын оның өзегі болады. Ол өзек сөздерді біздер тірек сөздер деп қарастырамыз. Сол тірек сөздер ойдың игерілуіне себепші болады. Яғни дискурсқа түсушінің танымына әсер ететін кілт болып саналады. Біз «Тірек сөздердің табиғаты қандай болады?», «Кез келген сөз тірек сөз бола алады ма?» деген сұрақтарды қарастырамыз. Дискурс айналымға түскен уақытта оның бірліктері дискурсты қабылдаушыға ақпарат бере бастайды. Ақпаратты қабылдаушы өз танымына сәйкес тірек сөздер, таныс мәліметтер іздейді. Дискурстық айналым адамның санасында, яғни ми қызметі арқылы жүзеге асады. Сол үшін дискурсты құрушы мақсатты түрде ақпараттың танылуын жетелдету үшін көздеген мақсатын, ой өзегіне түйіп, дискурсты нақты тірек сөздерге құрады. Біздің ойымызша, кез келген сөз ұран, үндеу бола алмайтыны секілді кез келген сөз де тірек сөз бола алмайды. Мысалы, «*Атқа міну мәдениетімен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны белгілі*» («Ұлы даланың жеті қыры» мақаласынан алынған – Қызылорда облысы, Арал қаласы). Бұл сөйлемде тірек сөз – *Ұлы дала* тіркесі деп есептейміз. Себебі автордың айтпақ идеясының өзегі атқа міну мәдениетінің жер жүзіне қазақ елінен тарағандығы болып тұр. Қазақ елі метафоралық қолданыста *ұлы дала* тіркесімен ауыстырылып қолданылған. Ұлы сөзі қазақ танымында жоғары құрметті білдіреді. Дала – қазақ халқының ұрпақтан ұрпаққа аманат етілген ең бірінші байлығы болып саналады. Ұлы сөзіне қатысты қазақ тілінде *ұлы жүз, ұлы жібек жолы, ұлы дала* тіркестері бар. Ұлы сөзінің мазмұны үлкен сөзімен тең дәрежеде қолданыла алмайды. Оның бойында қасиеттілік реңк бар. Сол себепті адресант атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығының дамуын қасиетті қазақ жерінен таралғанын дөп басып көрсету, дискурсқа түсушінің танымына әсер ету мақсатында *ұлы дала* дискурстық бірлігін тірек сөз ретінде берген деп есептейміз. Ұран, үндеу мәтіндерінде көбіне *ұрпақ* бірлігі тірек сөзі қолданылады. Мысалы, «*Мәңгілік Ел тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел*» (Қызылорда облысы, Арал қаласы). Бұл сөйлемде бірнеше тірек сөздер бар. Мысалы, *Мәңгілік Ел, түтіні түзу шыққан, ұрпақ, бақытты Ел*. Бұны ой сызба форматына ауыстырсақ, Мәңгілік Елге жетудің алгоритімі, яғни алғы шарты болады. Тірек сөздерге талдау жасасақ. *Мәңгілік Ел* – мәңгілік сөзі жалпы жұртшылық танымында о дүниемен

байланыстырылады. Осыған қатысты мәңгілік өмір, мәңгілік ұйқы, мәңгілік сапар деген тіркестер бар. Біздің зерттеуімізде адресат жағымды формадағы жойылмайтын ел мағынасында қолданған. Тіркестің адресат санасына жағымды формаға көшуіне мәңгілікті – жойылмау, өшпеу фреймімен сабақтастыру әсер еткен. Көк Түріктерден бастау алған Мәңгілік ел идеясы, Қорқыт, Асан қайғы, алаш зиялаларының ойымен сабақтасып, күні бүгінгі қазақстандықтардың ұлттық ұстанымында жалғасын тауып отыр. Асан қайғы да Жерұйықты ұрпақтың мәңгі жасауы үшін іздеген. Қазақ ұғымында жас келе адамдар саналы түрде өмірдің өткіншілігін түсініп, ақ өлім сұрап, жастардың өмірінің саулығын тілеп, жас ажалдан сақтанып отырған. Сондықтан Қорқыттың ажалдан қашуы өзінің қара басын ойлау ғана емес, еліне жайлы мәңгілік өмір, ұрпағы өшпейтіндей тұрақты мекен іздеу болды. Мұхтар Әуезов Қорқыттың мәңгілік өмір туралы толғаныстарын аша келіп, оның болашақ ұрпақ үшін дүниетанымдық маңызы зор, мәңгілік мұра екенін атап өткен. Мәңгілік ел тіркесінің тамыры Тоныкөк бабамыздан бастау алады. «Көне түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясы үш негізі бар: оның біріншісі – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» идеясы, екіншісі – Әл-Фарабидің «Қайырымды қала» философиялық шығармасында, үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында. *Мәңгілік ел* тірек сөзі дискурса түсушілердің «мәтін кітапханасына» қарай әр түрлі игерілуі мүмкін. Дискурса түсушінің ақпаратты қабылдау мүмкіндігіне байланысты дискурстық әсер де кейде күшті, кейде солғын болады. Ал ақпарат туралы «мәтін кітапханасында» хабары болмаған адаммен дискурстық айналым болмауы да мүмкін. *Түтіні түзу шыққан* – фразеологиялық тіркесі қазақтың танымда ісі оңынан оралған шаңырақ, жайлы отбасы немесе көшпенді кезеңдегі бір ауылға байланысты қолданылған. Бұл тұрақты тіркес қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдарында жиі қолданылып жүр. Мысал ретінде аудандық газетте жарияланған «Түтіні түзу шыққан Талды» мақаласын айтуға болады. *Ұрпақ* – қазақтың ұлттық танымында ең қасиетті сөздердің бірі болып есептеледі. Бір адамға қатысты қарастырғанда ол қанның жалғастығы деп есептелсе, үлкен ұғымда өмірдің жалғасуы, жалпы ұлттың өшпеуімен сабақтастырылады. Қазақ үшін ұрпақтың маңыздылығын А.Қайдар жан-жақты түсіндірген. Ғалым қазақтар үшін, ұрпақ – өмірдің мәні, балаларды дүниеге әкеліп, лайықты тәрбие беру деп есептейді [89]. Тұжырымдап келгенде, ұрпақ концептінің құндылығы осы мағынаға негізделеді және басқа да бірқатар концептердің құрамдас бөлігіне кіреді Біздің ойымызша, «*ұрпақ*» сөзі қазақ ұлтының танымында жиынтық ұғымды білдіретін сөз. Ол – қанның, ұлттың жалғасы. Ол халықтық дүниетанымда мынандай мақал-мәтелдерге бекіген: *Жаман да болса, ұрпақ қалсын, ошағыңда отың жансын. Ұлы бардың – ұрпағы бар.* Сондықтан ұрпақ сөзі тірек сөз қызметін еркін атқарып, дискурса түсушінің танымына әсер ете алады. «Бұл өмірде бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан» Н.Ә. Назарбаев. Ұрандағы *Отан, Тәуелсіз Қазақстан* сөздерін тірек сөз ретінде белгіледік. Отан – XIX ғасырда түрік тіліне араб тілінен енген (ватан) кірме сөз. Зерттеуші Юлай Шамилоғлы «Әлем тілдеріндегі термин жасау мәселелері»

мақаласында Отан сөзін түрік тіліндегі «ватан» сөзімен бір және атамекен сөзі мүмкін орыс тіліндегі отечество немесе неміс тіліндегі waterland сөзінің калькасы ретінде зерделейді [90]. Біздің пікірімізше, Отан сөзі орыс тіліндегі родина сөзімен бірдей мағынада жұмсалады. Отан әбден қазақыланып, ұлттық құндылық ретінде әр адамның санасында орныққан бірлік. Қазақ тілінде Отан сөзіне қатысты мақал-мәтелдер көп қолданылады. *Отан – елдің анасы, ел – ердің анасы. Отанға опасыздық еткенің өз түбіңе жеткенің. Опасызда Отан жоқ. Бұлбұл гүлзарын сүйеді, Адал адам Отанын сүйеді. Жауда қалған бұлбұлдан Отанға қайтқан ит артық. Отан қадіріне жетпеген өз қадіріне жетпейді. Отанын сүйген отқа жанбайды, суға батпайды т.б.* Қазір Отан сөзі патриотизмнің символына ауысты. Тәуелсіз сөзі орыс тіліндегі «независимый» сөзінің аудармасы ретінде қалыптасқанымен, оның сәтті аударылуы мен тәуелсіз сөзінің колориттік реңі, тәуелсіздікке жету жолындағы тарихи оқиғалар арқылы ел танымында әбден орныққан. Бұл ұранның игерілуіне осы тірек сөздермен қатар ой екпіні де ерекше әсер етіп тұр. Мұндағы *бір ғана* тіркесін ерекшелендіріп тұрған – оған түскен ой екпіні. Яғни *бір ғана* тіркесінің айрықшаланып көтеріңкі дауыспен айтылуы ұранның мазмұнын ашып, дискурстық әсерін күшейте түседі. «Туған жер – тұғырың, туған ел – қыдырың» мақалында *тұғыр* мен *қыдыр* тірек сөздер қызметін атқарып тұр. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Тұғыр – 1. Қолға үйретілген саят құстың қонақтайтын орны, биіктеу ағаш қондырғы. 2. Мініске төзімді, жабы тұқымдас жылқы, жұмыс көлігі [79, б. 821]. Қазақ халқында ер азаматтар саятшылықпен айналысып, жігіттің серігі қыран бүркітті және оған керекті бұйымдарды қасиетті санап, оған құрметпен қараған. Туған жерін тұғырға балау түсінігі қазақтың танымдық ерекшелігіне байланысты осыдан туындаған. Аңыздар бойынша, Қыдыр (Қызыр) – мұсылман елінде ел аралап жүретін адам бейнелі әулие, адамға қамқоршы, дәулет беруші. Қыдыр ата (Қызыр ата) бүкіл халыққа қамқор, оларға жақсылық жасаушы, ырыс, несібе, құт әкелетін, бақыт, береке, өмір сыйлайтын қасиет иесі, кеменгер, әулие, көріпкел, жарылқаушы қарт деп танылған. Ол ұлыстың ұлы күнінде әр елге келіп, әр шаңыраққа соғып бата береді. Мұсылман қауымы Қыдыр атаны ерекше ықыласпен күтіп, бата беріп кетеді деп сенген. Оған қатысты қазақ тілінде *Қыдыр қонған, қыдыр дарысын, Қыдыр қолдасын, Қыдыр жолдасың болсын* деген тіркестер қолданылады. Қыдыр ата тіркесі бата-тілектің бір компоненті болып орныққан. Талдауларға сүйеніп, ұран, үндеу мәтіндеріндегі тірек сөздер мәтіннің ой өзегінің тетігі деген тұжырымға келдік. Ұран, үндеудегі тірек сөздер ой қозғау, иландыру, сендіру, мақсатында жұмсалады. Оларды біріктіретін ортақ нәрсе – ұлттық таным деп есептейміз. К.Қ. Садированың пікіріне сүйенсек, «Дискурс сөз әрекеті, бірақ ол тек айтылған сөз сапасында ғана емес, тыңдаушысымен, олардың әлеуметтік статусы, психологиясы, жас ерекшелігі мен тәрбиесі, білім мен сөйлеу сәтіндегі мақсаты, көңіл-күйі, ұлты мен жынысын қоса есептеліп талданатын сөз әрекеті. Адамның айтайын деген ойын «Не айтамын?», «Кімге айтамын?», «Не үшін айтамын?», «Қалай айтамын?» деген мәселе төңірегінде екшеп, соған сай таңдап, белгілі бір құрылымға салып жұмсау

заңдылықтары...» [91]. Біздің пайымдауымызша, осы мақсаттар тірек сөздер арқылы жүзеге асады. Дискурстық айналымдағы тірек сөздер – ұлттық танымдық сипатта, дискурсқа түсушіге ой қозғаушы, дискурстық әсерді тудырушы құрал. Кез келген сөз тірек сөз қызметін атқара алмайды. Оның бойында сол ұлтқа сіңісті таным болуы шарт. Сондай-ақ бір мәтіннің бойында бірнеше тірек сөздер де болуы мүмкін. Ол жеке сөз тұлғасында да, тіркестік қатынаста да қолданыста бола береді. Бұл пікірлерімізге дәлел ретінде Қазақстанның әр облыстары бойынша, оның ішінде, Маңғыстау, Қызылорда, Түркістан, Ақтөбе облысы аудандары мен Алматы, Астана, Қандыағаш қалаларының мектеп, мекеме, көше билбордтары, қабырға стенді, маңдайшаларынан жинақталған 164 ұран, үндеу дискурстық мәтіндері бойынша тірек сөздердің тұлғалық формада қолданылу жиілігін анықтадық (5-кесте).

Кесте 5 – Ұран, үндеу мәтіндеріндегі тірек сөздердің қолданылу жиілігі

Тірек сөздер	Түбір формасында	Тұлғалық ерекшелікте	Тіркес түрінде	Барлығы
Ел	12	27	30	69
Қазақ	19	15	12	46
Тіл	6	22	25	53
Білім	13	14	19	46
Ұлт	6	10	15	31
Жер	5	10	14	29
Тарих	3	9	11	23
Ұрпақ	2	6	8	16
Қазақстан	4	4	7	15
Заман	6	1	8	15
Халық	4	5	7	15
Ақыл	9	-	1	10
Тәуелсіз	2	2	3	7
Болашақ	-	3	3	6
Ана тілі	-	2	2	4
Мәңгілік ел	-	-	4	4
Батыр	-	2	2	4
Қазақ тілі	-	2	2	4
Елбасы	2	1	-	3
Егемен	1	1	1	3
Діл	-	2	1	3
Отан	1	-	-	1
Алаш	1	-	-	1
Салт-сана	-	-	1	1
Әдет-ғұрып	-	-	1	1

Ұран мәтіндерінің бойындағы негізгі мән тірек сөздерге өзектеледі. Ұранның қабылдануы есту және көру арқылы жүзеге асады, яғни оның игерілуіне бұқаралық ақпарат құралдары және көрнекі ақпараттар қызмет етеді. Әлеуметтік желі кеңістігінде және көрнекі ақпарат материалдары арқылы идеологиялық дискурс айналымы жүзеге асады. Кеңестік кезеңде идеологияның

негізгі құралы газет-журналдар болды. Газет-журналдар мен көрнекі ақпарат құралдарындағы насихат сөздер мен жолдаулар, саяси бағдарламалардағы тірек сөздер арқылы сол уақыттағы идеологиялық құндылықты тануға болады, яғни әр дәуірдегі идеологияның таратушы құралдарындағы ақпараттар сол дәуірдің идеологиясынан хабар береді. Кеңестік дәуірдегі көрнекі ақпараттағы ұрандарды мазмұнына қарай төмендегідей топтарға бөлуге болады (6-кесте).

Кесте 6 – Кеңестік дәуірдегі ұрандардың тақырыбына қатысты түрлері

Еңбекке баулу	Мастерству учиться – всегда пригодится! Хлеб – родине! Железнодорожник, готов ли ты к зиме?
Отанды сүю	Родина – мать зовет! Страна моя, надейся на меня!
Бейбітшілікті дәріптеу	Перьямы пишут и мелом: нам не нужна война!
Ұстазды құрметтеу	Учитель друг и наставник наших детей!
Отбасылық құндылықтар	Все умеем делать сами, помогаем нашей маме!
Адамгершілік, мінез-құлықты реттеу	Не болтай! Ни капли! Нет! Долой избиение и наказание детей семье. Не бей и не наказывай ребят. Не бей ребенка – это задерживает его развитие и портит характер.
Өнерге баулу	Уроки рисования, музыки и пения культуру школьника повысят без сомнения!

Кеңестік дәуірдегі ұрандар саясатқа байланысты орыс тілінде жазылған. Олардың мазмұны отанды сүю, бейбітшілікті бағалау, еңбекке баулу, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге негізделген жалаң құрылымды сөйлемдерден тұрады. Тірек сөздері: «готов ли ты к зиме», «мастерству учиться», «Родина», «страна», «учитель», «не бей, не наказывай», «повысят» дискурстық бірліктері.

Тәуелсіздік кезеңіндегі ұран, үндеу мәтіндерінің мазмұны тәуелсіздікті дәріптеу, бағалауға құрылған. Заманауи ұран, үндеу мәтіндерінің идеологиялық дискурс бірлігі сапасындағы рөлі, тілдік құрылымы қандай? деген сұрақтар туындайды. Ұран мәтіндерінде адресанттың берген ақпаратын адресат яғни дискурста түсуші әр қилы қабылдауы мүмкін. Ұран, үндеу «дискурс-формацияларының» қабылдаушы тарапынан игерілуін, идеологиялық дискурста зерделенуін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді (Қосымша А). Дәстүрлі үлгіде алынған сауалнамаға 17-70 жас аралығындағы 300 респондент қатысты. Респонденттердің ұлттық ерекшелігіне қарай пайыздық көрсеткіші 80% – қазақ, 15% – орыс, 5% – өзге ұлт өкілдері. Сауалнаманың 1-сұрағы – *Көшеде немесе ғимараттарда ұран, үндеу мәтіндерін кездестіресіз бе? Оларды оқисыз ба?* Респонденттердің 100% «оқимын» деген жауап жазған. Бұл ұран мәтіндерінің дискурстың шикізаты әрі өнімі бола алатынын білдіреді және олар арқылы идеологиялық мақсат жүзеге асады. 2-сұрағы – *Ұран, үндеу мәтіндерінің қызметі қандай? Қандай мақсатта жазылған?* Сауалнамаға қатысушылар *жастардың патриоттық сезімін ояту, халыққа ақпарат беру, саяси мақсатта, халықты өзіне қарату, дипломатиялық жүйені жүргізу, ереуілге шақыру, жобаларды насихаттау, көпшіліктің назарын аудару, ой*

салу, рух көтеру, алға жетелеу, бірлікке шақыру, патриоттық тәрбие деген жауаптарды ұсынған. 3-сұрағы – *Сізге қалай әсер етеді?* Сұрақтың жауабы 100% ұран, үндеу мәтінімен танысатынын айтқан, сонымен қатар патриоттық ұрандар ерекше әсер етеді деп көрсеткен. 4-сұрағы – *«Өмір сүре білу үшін, өзгере білу қажет» ұранын қалай түсінесіз?* Жауап берушілер *«өміріңді өзгерт», «жаңашылдыққа ұмтыл»* деп жауап жазған. Респонденттер тарапынан берілген бірнеше жауаптарды талдасақ. *«Сіз өмір сүріп жатқан қоғамға сіңісіп біте қайнасып кетуіңіз керек, сонда ғана өмір сүре аласыз».* Бұл респондент өзін қоғамның бөлшегі ретінде есептейді және қоғамның шарттары мен дамуына ілесіп жүретінін аңғартқан. *«Өмірде неше түрлі қиындықтар, қуаныштар кездеседі. Соған көңіліңді өзгерту керек».* Бұл респондент өз жауабын көңіл-күймен байланыстырған. *«Өмір деген өзгерістерден тұрады».* Респонденттің жауабында өмірдің кезеңдеріндегі өзгерістерді айтумен шектелген. Жауаптың дәл сол сәтте респонденттің өмірінде болып жатқан өзгерістермен байланысты болуы да мүмкін. 5-сұрақ – *«Елбасы – ел тірегі» дегенді қалай түсінесіз?* Респонденттер елбасын басшы, халықтың бетке ұстар адамы деп таныған. Елбасына «патша», «көсем», «біртуар», «болашақ» метафораларын жазған. Ұран толық игеріліп, дискурсқа түсуші санасында еркін танылып, метафоралық баламалармен қайта туындап тұр. 6-сұрақ – *«Ұран, үндеу мәтіндерінде идеологиялық мазмұн бар ма?»* Сауалнамаға қатысушылардың 100% идеологиялық мазмұн бар деп белгілеп ішінара респонденттер елді бірлікке үндеу, уәждік ұрандардың көп екендігін көрсеткен. 7-сұрақ – *Көркем әдебиетте, батырлар жырында кездесетін ұрандар мен қазіргі заманауи ұрандардың айырмашылығы қандай?* Сауалнамаға қатысушылар көркем әдебиетте берілетін ұрандарды батырлар есімімен, аруақ аттарымен, ру аттарымен байланыстырған. Олардың жауаптарында *Бекет, Жәнібек, Аруақ, Абылай* ұрандары жазылған. Заманауи ұрандарды саясаттың құралы деп белгілеген. 8-сұрақ – *«Ұран, үндеу дегенді қалай түсінесіз?»* Сауалнама нәтижесі бойынша *ұранды белгілі бір идеяға негізделген тыңдаушының назарын аудару, оған бағыт беру үшін қолданылатын тіркестер деп анықтама берген.* Респонденттердің жауабы бойынша ұранның игерілу деңгейі өте жоғары, дискурстық құзыреттілігі күшті болатыны анықталды. Талдау негізінде кез келген сөз немесе сөз тіркесі ұран, үндеу бола алмайды, оның бойында дискурсқа түсушіні идеологиялық мақсатқа жетелейтін тірек сөздер болуы тиіс деген қорытындыға келдік. Ол тірек сөздер – ұранның өзегі, күш, қуаты. Нақтырақ айтсақ, миға сигнал беруші бірліктер. Ұрандардағы өзек сөз жекпе-жекте, қан майданда батырларға рух берген. Ұран сөздер мен үндеу мәтіндері ерекше екпінмен, дауыс ырғағымен айтылады. Дауыс ырғағы да ұранның дискурстық айналымына ерекше әсер етеді. Сондықтан ұран құрылымы жұмыр, жинақы, ұйқасқа негізделген болып келеді [82, б. 230-230]. Бұл туралы Б. Қалиев «Тілдік таңбалардың сыртқы формасы, ішкі мазмұны және оның тыңдаушыға ықпал жасайтын, әсер ететін күші болады. Сөйлеуші тілдің осы қасиеттерін пайдалана отырып, оны өз мақсатына орай жұмсайды. Өйткені ешбір сөз мақсатсыз қолданылмайды. Өз мақсатына жету үшін

сөйлеуші тілді қолдану арқылы тыңдаушыға әсер етіп, оны іске, әрекетке итермелейді. Сөйтіп ойын іске асырады» [92]. Біздің ойымызша, ғалымның айтып отырған әсер ететін күш белгілі бір тірек сөздерге байланып тұрады. Сол тірек сөздерге негізгі ой мен мақсат түюлі болады. Тірек сөздер ұлттық танымға негізделген, тыңдаушының санасына сіңімді болатын, ойына түрткі жасай алатын дискурстық бірліктерден құралады. Зерттеу барысында жинақталған ұран, үндеу мәтіндерін мазмұнына қарай төмендегідей топтарға жіктедік. 7-кестеге мағыналық топтарына сәйкес үлгі мысалдар салынып, жинақталған ұран, үндеудің толық нұсқасы қосымшаға тіркелді (Қосымша Ә).

Кесте 7 – Қазіргі ұран, үндеу мәтіндерінің мағыналық топтастырылуы

Ұлт пен ұлттық құндылық	<i>Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде.</i>
Ғылым-білімді насихаттау	<i>«Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу біздің қанымызда бар қасиет».</i>
Көшбасшыларды дәріптеу	<i>Елін сүйген, елі сүйген Елбасы!</i>
Рухани құндылықты насихаттау	<i>Адамның адамилығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан балады.</i>
Салауатты өмір салты	<i>Еңбек адамның бағын ашады, спорт адамның әрін ашады.</i>
Уәждік ұрандар	<i>«Көзіңді аш, оян қазақ, басты көтер, Өткізбей қараңғыда бекер жасты.</i>
Тәртіпке шақыру	<i>Пайда ойлама ар ойла, талап қыл артық білуге.</i>
Пандемия ұрандары	<i>Үйде қалыңыз! Оставайтесь дома!</i>
Туған жерді ұлықтау	<i>«Құтты мекен – Ақтөбе».</i>
Жолдау мазмұнынан тікелей алынған	<i>«Біз елімізді реформалаудың жаңа кезеңіне қадам бастық. Осы маңызды міндеттерді сапалы орындауымыз керек».</i> <i>«4-ші өнеркәсіптік революция жағдайындағы адами капитал».</i>

Заманауи ұран, үндеу мәтіндерінің мағыналық топтары ұлтымызды мақтан ету, ұлттық құндылықтарымыз бен рухани байлығымызды, адамгершілікті дәріптеуге негізделген. Бұл ұран мәтіндері «дискурстық формация» – идеологиялық дискурстың шикізаты – идеологиялық дискурс құрал. «Дискурстық-формациялардың» тірек сөздері – *ұлт, тіл, тарих, қазақ, алаш, тәуелсіздік* дискурстық бірліктері.

Ұран, үндеу мәтіндерінің уәжі мен мақсаты – адресатты сендіру, иландыру болып табылады. Үндеу мәтіндерінің өзіндік құрылымы бар. Біз осы мақсатқа байланысты үндеу мәтіндерінің құрылымдық және мағыналық ұйымдасу заңдылықтары мен байласым, тұтасым мәселелерін талдаймыз.

Мәтіннің байласымы бір сөйлемнің екіншісімен, екіншісінің үшіншісімен байланысуын білдіреді, ал тұтасым – мәтін бөліктерінде, мысалы күрделі фразалық тұтастықта, абзацта, бөлімде, тарауда т.б. қамтылған мазмұнның бірімен екіншісінің байланысып жатуы.

Мәтін байласымы (когезия) күрделі бірліктерді құрайтын тілдік құралдардың белгілі әдіс-тәсілдермен ұйымдасуынан көрінеді. «Мәтіннің байласымы мен тұтасымын айыра білген жөн. Байласым тұтасымның шарты болып табылады, ал тұтасым байласым арқылы толықтай айқындала алмайды.

Енді бір жағынан, байласым сипатына ие мәтін үнемі тұтасым қасиетін иеленбейді» [91, б. 127]. Егер мағыналық-тұлғалық жағынан сәйкеспейтін сөйлемдерді бір мәтін бойына жисақ, тұтасымы жоқ дүние құралады. Мәтіннің негізін, оның тұтасымын осы бірліктер арасындағы тұлғалық-мағыналық байланыс түзеді. Соның негізінде байласымның екі тәсілі көрінеді: 1. Эксплицитті – мәтін құрамындағы сөйлемдердің өзара формалды, тілдік бірліктердің қолданысы арқылы байланысуы. 2. Имплицитті – мәтін құрамындағы сөйлемдердің өзара мағына бірлігі арқылы байланысуы. Мәтін байласымы – тек екі сөйлем аралығын ғана қамтымайды, бұл күрделі фразалық тұтасымдарды, абзацтарды, тарауларды да біріктіретін категория. Ендеше мәтіндегі сөйлемдер арасында екі түрлі байласым түрі анықталады. Оның бірі іргелес байласым, яғни өзара іргелес сөйлемдер арасында орнаса, екіншісі – алшақ байласым, араларында бір не бірнеше сөйлем орналасқан синтаксистік бірліктердің арасында жүзеге асады [91, б. 128].

Сайлау алды дискурсы мәтінінің ұйымдасуы мәселесіне қатысты зерттеуінде К.Қ. Садирова мәтіндегі байласымды жүзеге асырушы лексика-грамматикалық амал-тәсілдерге есімдік, тәуелдік жалғау, үстеу, шылау, қыстырма, синоним, антоним сөздер, етістіктің бірыңғай шақ тұлғасы, синтаксистік параллельдерді, түрлі қайталауларды жатқызады.

Мәтін лингвистикасында мәтіннің құрылымдық бірліктерінің байласымын жүзеге асыруға қатысатын құралдар субституттар мен дейксистер, скреп сөздер немесе шегендеуіштер деп аталады.

Субститут (орынбасар) – бір сөздің де сөйлемнің де не сөйлемдер тізбегінің де орнына қолданылып, зат, мекен, мезгіл т.б. атаулардың мағынасында қолданылады. Бұл орынсыз қайталауды болдырмау үшін қолданылады.

Дейксис – (грекше – *deixis* - сілтеме) тілдік құралдармен берілетін сілтеме, орнына жұмсалып отырған тілдік бірліктің мағынасына немесе қызметіне нұсқайды. Оларға есімдіктер, үстеулер, шылаулар мекендік, мезгілдік ұғымды білдіретін сөздер жатады. Дейксистер мәтіннің алдыңғы бөлігінде қамтылған хабарға нұсқайды.

Біз қала көшелерінде, ғимарат, мекемелердің маңдайшасында ілінген насихат мақсатында жазылған мәтіндерді үндеу мәтіндері деп қарастырып, олардың мәтіндеріндегі байласым мен тұтасымды жоғарыда келтірілген тұжырымдарға сай талдауға тырыстық. Мысалы, *«Бүгінгі қазақ халқы сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ тұлпарларының тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, үлкен үйдің қара шаңырағын атажұртта сақтап қалған халық. Бұл ескіден қалған көне жәдігерлер, сақ заманының куәгері және Түркі қағанатының тарихын танытқан Орхон-Енисей мен Талас жазбалары дәлелдеген шындық»* Н.Ә. Назарбаев (Түркістан қаласы бойынша жинақталған тілдік материалдан алынды).

Келтіріліп отырған мысал екі сөйлемнен құралған. Сөйлемдердің байласымы тізбектеле орнығып, мәтін логикалық құрылымы анық жеткізілген.



Ел Президентінің айтпағы – қазақ халқының атажұртты, қара шаңырақты сақтап қалған халық екендігі. Автордың өз ойын жеткізу амалы – *Бүгінгі қазақ халқы сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ тұлпарларының тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы*, яғни қазақ халқының тарихына шолу болса, дәлелдеу – *Бұл ескіден қалған көне жәдігерлер, сақ заманының куәгері және Түркі қағанатының тарихын танытқан Орхон-Енисей мен Талас жазбалары дәлелдеген шындық*. Адресат бірінші сөйлемді, тарихи шегіністі, информаттың – ақпарат алушының – патриоттық сезіміне әсер ету, ояту, ұлттың тарихынан ақпарат беру мақсатында қолданып, екінші бөлігінде өз ойын тарихи жәдігерлермен, яғни нақты дерекпен дәлелдеген. Мәтін байласымының сәтті орнығуына сөйлем ішіндегі тіркестер де әсерін тигізеді. Бірінші сөйлемде қазақ халқының ұлттық танымына сәйкес *есте жоқ ескі замандардан-ақ, дүниені дүр сілкіндірген тұрақты тіркестері мен тұлпарлардың тұяғы, көне сақтар, ежелгі ғұндар, үлкен үй, қара шаңырақ* секілді бірдей тіркестер қолданылған. Бұл сөйлемде қазақ халқының танымында концептілік деңгейде танылған *үлкен үй, қара шаңырақ* тіркесімдері мен атажұрт сөзі байласымның жатық құрылуына септігін тигізіп алдыңғы тіркестерді өзіне үйіріп, бірінші сөйлемнің мәйегі – мәтін тұтасымын – ұстап тұр. Үндеу мәтінінің баяндауыштары да бірыңғай есімдерден жасалған.

*«Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана»* Ә. Кекілбаев. (Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік кітапханасының холынан алынды). Байласым қайталанатын бірліктер арқылы жүзеге асқан. *Адам* сөзі үш түрлі тұлғада қолданылып тұр. Олар: *адамды* – табыс септігінде, *адам* – түбір күйінде, *адамзат* – туынды тұлғада, *еткен* – есімше формасының 2 рет қайталануы, түбір тұлғадағы – *кітап* сөзі мен туынды тұлғадағы – *кітапхана* сөзі. Сөйлем негізінен 3 түбір сөздің тұлғалық өзгеруінен құралған. Бірақ мағыналық байласымы тығыз. Сәйкесінше тыныс белгісі – сызықша қойылған. Ол ой екпінін анықтап, сөйлемнің игерілуіне мүмкіндік береді.

Сөйлемдердің байласымын жүзеге асыруға қызмет ететін тәсілдің бірі – шылаулар. Шылаулар – лексикалық мағынаға ие болмағанымен, мәтінде ерекше қызмет атқарады. Соның ішінде жалғаулықты шылаулар өзара байланысқан сөйлеудің бірліктері арасында орнайтын түрлі логика-семантикалық қатынастарды эксплицитті түрде білдіретін тілдік құрал әрі олардың арасындағы байласымды жүзеге асырудың бірден-бір тәсілі болып саналады. Жалғаулықтар жекелеген сөйлемдердің арасындағы мағыналық байланысты күшейте түседі. Ол мағыналық байланыстың түрі шылаудың білдіретін грамматикалық мағынасымен (қарсылықты, талғаулықты, себептік т.б.) сипатталады. Сондай-ақ мәтіндегі бірліктердің арасындағы байласымды жүзеге асыруда қыстырма құрылымдардың атқаратын қызметі зор. Қыстырма құрылымдар арқылы, біріншіден, сөйлемдер арасындағы байласым нығая түссе, екіншіден, мәтіндегі ойға автордың қатынасын білдіріп, мәтіннің модалділігін айқындайды. Бұл ретте автордың осы элементтер арқылы оқиғаға т.б. жағдайға әртүрлі қатынасын білдіруге мүмкіндік туады [91, б. 36]. *«Біздің жастарымыз*

*ғылым мен білімге ұмтылып, елдің болашағын ойлайтын болса, келешегіміз кемел, тәуелсіздігіміз баянды болады» Н.Ә. Назарбаев.* Байланысу амалдарына талдау жасасақ: 1) үндеу мәтіні 4 құрамнан тұратын аралас құрмалас сөйлеммен келген. Сөйлемде *біздің жастар, ғылым мен білімге ұмтылып, елдің болашағын ойлау, кемел келешек, баянды тәуелсіздік* тіркестері қолданылған; 2) бірінші бағыныңқы сөйлемнің бастауышы (*біздің жастарымыз*) екінші бағыныңқы сөйлемге де ортақ болып тұр (*олар*), ол баяндауыштың шартты рай тұлғасында 3-жақтық нөлдік тұлғада тұруынан білініп тұр (*ойлайтын болса*); 3) үшінші сөйлем мен төртінші сөйлем баяндауышының көмекші етістігі сыйыстырылған (*кемел, тәуелсіз болады*); 4) аралас құрмалас сөйлемнің әрыңғай мағыналық қатынаста келуі (*амал – шарт – ыңғайлас*) де бұл сөйлем байланысын туғызып тұр.

Талдау қорытындысында қазіргі ұран мәтіндерінің төмендегідей ерекшеліктері көрінді: заманауи ұрандар мәтіндері сөйлемдерден құралған. Ұран мәтіндерінің идеологиялық аспектісі толық сақталған. Жаугершілік замандағы ұрандардың идеологиялық мақсаты – жер қорғау, азаттықты сақтау. Кеңестік дәуірдегі ұрандарда негізінен еңбекке баулу, бейбітшілік насихатталады, тәуелсіздік жылдарындағы ұрандар, тәуелсіздікті дәріптеуге арналған, заманауи ұран, үндеу мәтіндерінде ұлттық құндылық мәселесін қамтиды. Заманауи ұран, үндеу мәтіндерінің негізгі функциясы, яғни идеологиялық қызметі жойылмаған, билік пен халықты байланыстыру мақсатында идеологиялық сипаты активтенген, қолданылу аясы, яғни кеңістігі өскен, тақырыптық топтарға жіктелген. Сауалнама қорытындысы бойынша ұран, үндеу мәтіндерінің дискурстық құзыреттілігінің, дискурстық айналымының, қабылдануы мен игерілу дәрежесінің жоғары екендігі анықталды. Ұран, үндеу сөздеріне түсіндірме сөздікте бірдей анықтама берілгенмен, екеуінің ара жігі бар. Ұран қысқа қолданыстағы, жұмыр тіркестер, сөйлемдер. Үндеу, үгіттеу, насихаттау мақсатында болғандықтан, ол бірнеше сөйлемдерден құралады. Осы тұжырымымызды басшылыққа алып, біздер көшелерде ілулі тұрған авторлық қолданыстағы сөйлемдерден құралған насихат тұжырымдарын үндеу мәтіндері ретінде, ал қысқа жинақы құрылымда жасалған тіркестерді ұран деп қарастыруға болады деп ойлаймыз. Бұл тараушада мынадай тұжырымдарды анықтадық: ұран, үндеу – «дискурстық формация» деп танылады, себебі ұран, үндеу – халықты, маңызды іске, идеологиялық мақсатқа сендіру, жігерлендіру, рухтандыру мақсатында айтылатын идеологиялық дискурстық бірлік сапасында қызмет етеді; ұран белгілі бір идеологиялық мақсатта қолданылатын қысқа құрылымды, жеке сөзден немесе тіркестен құралады. Ол қарасөз немесе ұйқас формасында келеді. Ұран, үндеу идеологияның негізгі құралы болғандықтан, идеологиялық дискурстың шикізаты және өнімі болып саналады. Ұран формасы әр заманда саяси, қоғамдық өзгерістерге сай әр түрлі сипатқа ауысқаныменен, оның ең бірінші қызметі мен күші өзгермейді; идеологиялық дискурстың құрылуына тірек сөздер әсер етеді. Олар – идеологиялық дискурстық айналымдағы ұлттық танымдық колоритті, дискурсқа түсушіге ой қозғау, дискурстық әсерді

тудырушы дискурстық бірліктер; әнұранның, ұранның рухының мықтылығы мен оның адамды қуаттандыратындығын пандемия уақытында жаппай халықтың әнұран айту акциясы дәлелдеді. Біздің ойымызша, әнұранның сақ дәуіріндегі әуенді, аспаптармен сүйемелденген формасы осы әр елдің рәмізі әнұранда қайта жаңғырған оны ресми ұран деп есептеуге болады. Кез келген ақпараттық база «мәтін кітапханасында» орналасады да, идеологиялық мақсатқа сай қажет мерзімінде идеологиялық дискурстық құрылымға айналады. Мысалы, XIX ғасырда жазылған би мен болыстар заманында «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деген мәтін екі ғасырдан кейін ұран ретінде жемқорлық, паракорлықпен күрес мақсатында идеологиялық дискурстық құрылымда қолданылды; қазіргі заманауи ұрандар құрылымы, негізінен, сөйлемдерге негізделсе, жанрлық жағынан өлеңдер, мақал-мәтелдер, цитаталар, қарасөздер түрінде кездеседі. Зерттеу материалдары қорытындысы бойынша жинақталған ұран, үндеу мәтіндерінің 30% «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мәтіндерінен алынған және ұран, үндеу мәтіндерінің тақырыптық мазмұны бағдарламаның бағыттарына сәйкес келеді. Бұдан шығатын қорытынды: 2017-2022 жылдар аралығында қазақстандық идеологиялық дискурстың негізгі өзегі – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы болды деп айтуға болады; ұран мәтіндерінің үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жазылып ілінуі де кездеседі. Біздің ойымызша, бұл «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласындағы «Үш тілде білім беру» идеясына сәйкес қалыптасқан деп есептейміз.

Осы ұран, үндеу мәтіндерінің қазақстандық идеологиялық дискурста игерілуінің деңгейі «Рухани жаңғыру» концептісінің қоғам мүшелерінің тілдік санасында орнығуынан көрініс табады. Сондықтан да біз келесі тараушаны «Рухани жаңғыру» концептісінің тілдік санада орнығу (концептуалдану) мәселесіне арнаймыз.

## **2.2 «Рухани жаңғыру» концептісінің концептуалдануы**

М. Хайдеггер әлемнің бейнесін «дүниені кескіндейтін суретті емес, сурет ретінде түсінілетін дүниені білдіретін маңызды ұғым» деп қарастырады [93].

Біз аталған ғалымның ізімен әлемнің тілдік бейнесін анықтауда негізгі үш аспектіні бөліп көрсетеміз. Біріншіден, әлемнің тілдік бейнесі – қандай да бір білім жүйесінен туындайтын қорытынды, ақиқат, адамның рухани және практикалық әрекетінің нәтижесі. Екіншіден, әлемнің тілдік бейнесі адамның практикалық іс-әрекетінің нәтижесі түрінде ғана емес, құндылықтық-танымдық бірлік ретінде де өмір сүреді, ол дүниені санада бейнелеп қана қоймайды, сонымен бірге өнімді ойлау элементі ретінде де әрекет етеді. Үшіншіден, әлемнің тілдік бейнесі – негізгі және қосалқы элементтердің арақатынасын анықтайтын композициялық құрылымын құрайтын білімнің синтезі. Әлем бейнесін кеңістіктік, уақыттық, сандық, этикалық және басқа да параметрлердің көмегімен көрсетуге болады. Оның қалыптасуына тіл, салт-дәстүр, табиғат, тәрбие, оқыту және өзге де әлеуметтік факторлар әсер етеді.

Әлемнің шынайы дүниенің көрінісі ретіндегі бейнесі мен осы көріністің тілмен сипатталған суреті арасында тығыз байланыстар бар. Әрбір табиғи тілде дүниені қабылдау мен ұйымдастырудың белгілі бір тәсілі болады. Ондағы айтылған мағыналар нақты бір тілдің барлық өкілдеріне міндетті түрде жүктелетін белгілі бір көзқарастар жүйесін түзіп, ұжымдық философияның бір түрін қалыптастырады [94]. Әлемнің тілдік бейнесі нақты бір тілде сөйлеушілердің ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне байланысты дүниетанымдық көзқарасты қамтиды. И.И. Токареваның көзқарасы бойынша, әлемнің тілдік бейнесінде «сөздік әрекеттердің стереотипіне әкелетін тілдік және әлеуметтік-мәдени шарттылық ретінде анықталған факторлардың иерархиясы» ашылады [95]. Әлемнің тілдік бейнесін құрайтын негізгі элементтер семантикалық өрістер (Б.А. Серебренников пен Ю.Н. Караулов) болса, әлемнің концептілік бейнесі санада орныққан жоғары деңгейдегі бірліктерден – топтар мен жоғарғы ұғымдардан тұрады. Әлемнің концептілік бейнесі ақпаратты ұғымдар түрінде қамтиды, ал әлемнің тілдік бейнесі негізінде қандай да бір нақты тілдің семантикалық және функционалдық-семантикалық өрістерінің шекарасында әр түрлі құрылымдалған сөздердің, сөйлемдердің, грамматикалық категориялардың мағыналарында берілген білімдер жатады. Әлемнің семантикалық өрістерден тұратын тілдік бейнесі белгілі бір дәрежеде үзік-үзік және әрқашан толық бола бермейтін сипатта болады. Ол әлемнің когнитивтік бейнесіне қарағанда қозғалмалы. Адамды қоршаған әлемде болып жатқан ұдайы өзгерістер мен қайта құрылымдауды тікелей көрсететін әлемнің концептілік бейнесі неғұрлым тұрақтылығымен және әмбебаптығымен ерекшеленеді. «... бір тілдік қауымдастықтағы әлемнің тілдік үлгілері (бейнелері) мен әртүрлі тілдегі тілдік бейнелер арасындағы сәйкессіздіктер әлемнің концептілік сипаты деңгейінде бейтараптанып, өзара түсіністікке келеді. Әлемнің концептілік бейнесі үлкен реттілікпен, жүйелілікпен сипатталып, онда ғылыми болжамдар мен идеологиялық сәттер басты рөл атқарады. Сыртқы дүниенің байқалатын қатынастарын ретке келтіру тәсілі ретінде түсінілетін идеология иерархиялық тәуелділіктер тізбегін құруға, яғни әлемнің концептілік бейнесінің элементтері мен бөліктері арасында ненің қайсысына бағынатынын анықтауға көмектеседі» [77, с. 8]. Әлемнің тілдік бейнесінің үлкен ерекшелігі – оның өзек құру жиынтығы бойынша да, өрістердің құрамы жағынан да өзгермелілігі, бірақ сөйте тұра, оның белгілі шарттылығы, әлемнің концептілік бейнесіне тәуелділігі білініп, тілдің нормасы мен құрылымының қатынасына ұқсас әртүрлі деңгейлерге жататын осы үлгілердің сабақтастығынан көрінеді. Норма мен құрылым арасындағы сияқты әлемнің тілдік бейнесі мен концептілік бейнесі арасында өтпелі шекара жоқ. Екі модель де әлемнің сөздік бейнесінің (сөздік) өмір сүру тәсілін көрсетеді. Тіл тасымалдаушысының санасында олардың уақытымен ашылатын мүмкіндігі, қасиеті бар. Екеуі де бір дереккөзге қайтып оралады, сөздіктің құрылымынан, онымен байланысты грамматикадан қалыптасады, оған сіңіседі, алшақ элементтер арасында байланыс орнатуға және әлемнің біртұтас бейнесін жаңғыртуға көмектеседі.

«Дүниетанымда үш түрлі «бейне» мойындалған. Оның бірі – концептуалды бейне, екіншісі – тілдік бейне, үшіншісі – ғылыми бейне. Концептуалды бейне – объективті дүниенің санада қалыптасқан бейнесі; шынайы болмыстың мидағы көрінісі, толық моделі. Ол дүниені, затты ой елегінен өткізу, тану, пайымдау арқылы жасалады. Концептуалды бейне – шынайы, реалды бейне. Ол әр уақыт толық болады, бай болады. Онда болмыстың, заттың, құбылыстың, барлық қасиеттері мен белгілері көрініс табады» [96]. Б. Қалив концептуалды бейне, тілдік бейне, ғылыми бейненің арақатынасын талдап, концептуалды бейне заттың ішкі, танымдық бейнесін көрсететінін, оның тілдік бейне арқылы таңбаланатынын айтады. Ғылыми бейне болмысты объективті бейнелейді деп көрсетеді. Концептуалды бейнені тануға концептілерді талдау арқылы қол жеткіземіз. Концепт дүниенің адам санасындағы бейнесі, когнитивтік бірлік. Концептінің зерттелуі мынадай бағыттарға топтастырылып жүр:

1. Сөз мағынасының концептінің мазмұнын ашатын құрал ретінде (А. Әмірбекова, С. Жиренов, З.Д. Попова, И.А. Стренин, А.П. Бабушкин, Е.С. Кубрякова т.б.).

2. Концептілерді белгілі бір мәдениеттің ерекшеліктері мен сол мәдениет иесі – халықтың ұлттық құндылықтар жүйесін танытатын элементтер сапасында лингво-мәдениеттанымдық бағыт (Г. Мұратова, В.И. Карасик, Ю.С. Степанов, Г.Г. Слышкин, С.Г. Воркачев, Г.В. Токарев).

3. Концептіні оның тілдік формасымен тікелей байланыста алмай, логикалық әдістер арқылы зерттелуі (Р.И. Павилинис, Н.Д. Арутюнова).

4. Концепт құрылымын онтологиялық және гносеологиялық құрамдас бөліктері бойынша лингвистикалық және философиялық-діни әдістерді қатар пайдалану арқылы қарастыру (С.А. Аскольдов-Алексеев, П.А. Флоренский, А.Ф. Лосев, В.А. Степаненко).

5. Концептінің әлеуметтік лингвистикалық, прагмалингвистикалық әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, саяси дискурс шеңберінде қарастыру (Қ.Ө. Есенова, Е. Бабаева, В.А. Марьянчик, О.С. Синепупова т.б.) [17, б. 93]. Ғалым соңғы бағыттың қарастыратын саяси ұғымдарын лингвоидеологиялық концепт деп атауды ұсынады.

Б. Қалиев концепт болудың өзіндік талаптары мен шарттарын төмендегідей анықтайды: 1) концепт ауқымды, үлкен ұғымдарға негізделеді; 2) концептінің тақырыбы және оны құрайтын тілдік бірліктері болады; 3) концептіні құрайтын тілдік бірліктері көп болуы керек (тілдік бірліктердің саны аз болса, олар ұғымды толық аша алмайды); 4) концепт құрайтын тілдік бірліктердің мағыналары бір-біріне жақын әрі бір-бірімен байланысып жатуы тиіс; 5) концептіде ұлт мәдениетінің ерекшеліктері көрініс тауып жатуы тиіс [97].


Біз «Рухани жаңғыру» дискурстық бірлігінің концепт ретінде қалыптасу үдерісі мыналарға сүйеніп жүріп жатыр деп тұжырымдаймыз: 1) көру, есту сезім мүшелері арқылы тікелей қабылдау: барлық жерде, көшеде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын насихаттайтын ұрандар мен үндеулердің, бейне

роликтердің т.б. көру арқылы қабылдануы; 2) адамдардың арнайы бағытталған әрекеті («Рухани жаңғыру» кеңселерінің жұмысы); 3) ойлау операциялары (арнайы конкурстар мен шығармашылық жұмыстардың орындалуы барысындағы ойлау әрекеттері); 4) тілдік қарым-қатынас арқылы («Рухани жаңғыру» концептісінің тілдік формамен түсіндірілуі); 5) тілдік бірліктерді саналы қабылдау жолымен («Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын мақсатты түрде түсініп оқу арқылы).

Концептуалдану концепті орныққан кездегі модельдер арқылы көрінеді. «Рухани жаңғыру» концептісінің жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес концептуалдануын 2019, 2020, 2021, 2022 жылдары алынған сауалнама жауаптары негізінде анықтай аламыз. Сауалнама жүргізу мақсаты мынада: «Рухани жаңғыру» концептісінің тілдік санадағы когнитивтік моделдері мен құрылымын, лексика-семантикалық, ассоциативтік өрісін анықтау. Сауалнамаға әлеуметтік жағдайы әр түрлі 10-75 жас аралығындағы 3000 респондент қатысты. Сауалнама екі форматта жүргізілді. Біріншісі google form бағдарламасымен жасалған сауалнама сілтемесін әлеуметтік желілерде тарату арқылы (WhatsApp, электронды пошта, facebook), екіншісі дәстүрлі форматта алынды. Біз бұл тараушада респонденттердің сауалнаманың бірінші сұрағына («Рухани жаңғыру» дегенді қалай түсінесіз?) берген жауаптары бойынша «Рухани жаңғыру» концептісінің макромоделдері, микроконцептілері мен логикалық модельдері, олардың жіктелуіне негіз болған тірек сөздер, макромодел мен логикалық модельдер арасындағы байланысты анықтаймыз. Б. Қалиев тілдік құрылымдарды модельдеу танымдық тіл білімінде үлкен рөл атқаратынын айтып, өз пікірін Н.М. Амосовтың «Таным дегеніміз – модельдеу» деген ойымен сабақтастырады [96, с. 49]. Модельдеуге қойылатын басты талап – ғылыми ұғымның құрылым-құрылысын айқындауға, сол құрылымға кіретін элементтердің (мүшелердің) санын, сапасын және мағыналарын анықтауға, олардың арасындағы байланысты көрсетуге тиіс [96, с. 49]. Біз зерттеуімізде респонденттердің түсінігіндегі «Рухани жаңғыру» концептісінің вербалдануындағы тірек концептілерге сүйеніп, нысанаға алынған концептіні бейнелейтін дискурстық бірліктерін, үш макромоделді құрайтын логикалық модельдер, микроконцептілері және олардың арасындағы байланысты анықтадық. Респонденттер тарапынан «Рухани жаңғыруға» 1000 анықтама берілген. «Рухани жаңғыру» концептісінің «Рухани жаңғыру – ұлттық құндылық» (6-сурет), «Рухани жаңғыру – саясат» (7-сурет), «Рухани жаңғыру – күш» (8-сурет) макромоделдерінің сызбасы жасалды. «Рухани жаңғыру» концептісінің модельдерін ажыратуға тірек сөздер, макромоделдердің логикалық модельдерін анықтауға респонденттердің жауаптары негіз болды.

### «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

макромодельдің микроконцептілері: ұлттық код, қыран құс, сананың ашықтығы, ұлттық киім, салт-дәстүр, шаңырақ, ұлттық ою-өрнек, мемлекеттік ту, ата-баба, аманат, құндылық, мәңгілік ел, көк байрақ, елтаңба, тыйым, ауыл, бақытты тұрған, ұлттық тәрбие, ұлттық сана, мәдени мұра, рухани құндылық, елжандылық, ұлт, дәстүрді сақтау, ұлт тарихы, туған жер, рухани жаңғыру, рухани тоғысу, ұлы дала, тәуелсіздік, жеті ата, жеті жарғы, қыран, байрақ, көк ту, наным-сенім, ырым, мәдениет, ауылдың өркендеуі, діл, еркіндік, сұңқар, тарихи кітап, мирас, ізгелену, мұрағат, мұра, зираттар, қазақ, жан тазалығы, әдет-ғұрып, тіл, батырлар, киіз үй, домбыра, ескерткіштер т.б.



Сурет 6 – «Рухани жаңғыру – ұлттық құндылық» моделі

«Рухани жаңғыру – ұлттық құндылық» моделінің сауалнамаға жауап берушілер танымында репрезентациялануына тоқталсақ. Идеологиялық дискурста метафора құрамына енген салт-дәстүр, ұлттық дәстүр, ұлттық код, ғұрып, ұлттық сана, тарлан тарих, ұлттық мұра, мұражай, мәдениет лексемалары «Рухани жаңғыру» концептісінің семантикасының бейнелік қабатын құрайды. Бейнелік лексика-семантикалық компоненттер сауалнамаға жауап берушілер тарапынан таңбаланып, «Рухани жаңғыруды» ұлттық құндылық ретінде сипаттап тұр. Халық танымында ұлттық құндылық ғасырлар бойы тағандалып қалған негізгі лексемаларға таңылады. «Рухани жаңғыру – ұлттық құндылық» макромоделі үш логикалық модельге бөлінді. Олар: «Аманат», «Ұлттық код», «Сананың жаңғыруы» логикалық модельдері. Макромодель мен логикалық модель арақатынасы төмендегідей анықталды. Ұлттық құндылықты ата-бабаның аманаты ретінде санау, насихаттау «Аманат» логикалық моделін жүйеледі. Ұлттық құндылықтың жиынтық бейнесін құру арқылы «Ұлттық код» логикалық моделі қалыптасты, ұлттық құндылықты жаңғырту түсінігі «Сананың жаңғыруы» логикалық моделін жасақтады. «Аманат» логикалық моделі мен «Ұлттық код» логикалық моделінің өзара байланысы идеологияны дискурста тасымалдау қызметін атқарады және олар «Сананы жаңғырту» логикалық моделімен сабақтасып тілдік санада ұлттық құндылықтар туралы білімді, рухты ояту қызметімен байланысады. Бұл модельді анықтауға негіз болған жауаптардың үлгілері:

*«Аманат» логикалық моделі.*

*Құндылықтарымыз, атадан балаға мирас боп қалған, бірақ ұмытылып бара жатырған салт-дәстүрімізді жандандыру (Респондент – Бердеш Інжу, қазақ, студент).*

*«Рухани жаңғыру» әуелі ата-бабамыз қалдырған жерімізді, салт-дәстүрімізді санамызға енгізіп, жан-тәнімізбен танып, білу (Респондент өзі туралы дерек қалдырмаған).*

*Ата-бабамыздың арманы мен мақсаты (Респондент – Зейноллаева Ақмарал, 30 жаста).*

*«Рухани жаңғыру» ана тілімізді, ұлттық тарихымыз, төл дәстүріміз, ата-бабамыздан келе жатқан салт-санамыз, жас ұрпақтың бойына сіңіру, ұрпақтан-ұрпаққа аманат ету (Респондент – 36 жаста, мұғалім).*

*Бұрынғы ата-бабаларымыздан келе жатырған салт-сананы қастерлей отырып, жаңа заманның жағымды әрі пайдалы жақтарын бойымызға сіңіру (Респондент – студент, 19 жаста).*

*«Рухани жаңғыру» – ұлттық дәстүрімізді, салт-санамызды жаңғырту. Ұлттық ерекшеліктерімізді еске түсіре отыра, оны келешек ұрпаққа мұра етіп сақтап кетуге жол ашу (Респондент – Түгелова Райхан, 45 жаста, қазақ, мұғалім).*

*«Аманат» логикалық моделінің тірек сөздері мен дискурстық бірліктеріне ата-баба, мирас, мұра, ата-баба қалдырған тіркестері жатады.*

*«Ұлттық код» логикалық моделі:*

*Модельді анықтауға негіз болған жауаптардың мысалдары:*

*Рухани байлығымыз, құндылығымыз, ұлттық мұраларымыздың тек тарихта, мұражайда, үлкендердің естелігінде қалмай, жастардың жадында жаңғыруы, күнделікті қолданысқа белсенді енуі (Респондент – Базарбай Мөлдір, қазақ, мұғалім).*

*«Рухани жаңғыру» – тілімізді, ұмыт болудың сәл алдында тұрған құнды жәдігерлерді қайта жаңғырту. Жастар елін сүйіп, білім көкжиегін кеңейтіп, туған жеріне адал қызмет жасау (Респондент – зейнеткер, 74 жаста). Құндылықтарымыз бен мәдениетімізді жандандыру (Респондент – Амангелдиева Гүлнұр, қазақ, студент).*

*Ұлттық кодымызды қайта жарыққа шығару (Респондент – зейнеткер).*

*Ұмыт болған салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды қайта жаңғырту (Респондент – зейнеткер).*

*«Рухани жаңғыру» басты шарты – ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңару болмайды. Рухани жаңғыру – тарихтың жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы (Респондент – Амангелді Жаннұр Асанқызы, 19 жаста, студент).*

*«Рухани жаңғыру» дегеніміз – жеке тұлғаның жан-жақты дамуы. Ұлттық тарихтың, ұлттық мәдениеттің, ұлттық салт-сананың, ұлттық руханияттың қазіргі заманға сай жаңғыруы (Респондент – студент, 17 жас).*



Ұлттық санамыздың, ой-өрісіміздің, тәлім-тәрбие, өнер, білім сынды салалардың жаңғыруы (Респондент – студент, 18 жас).

Ең бастысы жас – ұрпақ бойында Отанға туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру. Жастар тәрбиесіндегі басты ұстаным – өзін-өзі басқаруға мүмкіндік беріп, еркіндікті, сөз бостандығын, пікір бостандығын, сезіну, Олардың ұстанымдарымен санасу (Респондент өзі туралы деректер қалдырмаған).

Бұрынғы қазақы салт-дәстүрлерімізді, ырым-жоралғыларымызды, мәдениетімізді ұмытпай жандандыру (Респондент өзі туралы деректер қалдырмаған).

Тарихты біліп, тілімізді қолға алу, ұмытылған салт-дәстүрлерді жаңғырту (Респондент – 32 жаста, кәсіпкер).

Әр жанның өз елін сүюі, Жастар елдің болашағы, сондықтан да тілін, жерін құрметтей отырып, оны әлемге таныту керек (Респондент өзі туралы деректер қалдырмаған).

Рухани жаңғыру – еліміздің алға ұмтылуы, жаңа биікке көтерілуі, рухани азық жинауы (Респондент – 37 жас, дәрігер).

Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күні мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы (Респондент – Нұрмағанбетова Назерке, 24 жаста, қазақ, мұғалім).

Экономикамыздың және қазақ ұлтының жаңғыруы (Респондент – Төлегенқызы Самал, қазақ, студент).

«Ұлттық код» логикалық моделінің тірек сөздері: ұлттық мұра, құнды жәдігерлер, туған жер, құндылық, ұлттық код, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық тарих, ұлттық мәдениет, ұлттық салт-сана, ұлттық руханият, ұрпақ, ырым-жоралғылар, рухани азық.

«Сананың жаңғыруы» логикалық моделі.

Ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту (Респондент – 17 жаста, студент).

«Рухани жаңғыру» деген сөзді бөліп қарайтын болсақ, «рухани» – «ішкі әлем» болса, сана-сезім, «жаңғыру» – кемелдену. «Рухани жаңғыру» адам баласының ішкі әлемінің, сана-сезімінің жаңаруы, кемелденуі (Респондент – мұғалім-зейнеткер).

Негізгі мәселенің бірі – сананың ашықтығы (Респондент өзі туралы деректер қалдырмаған).

Адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі (Респондент – Кәрімов Нұрбақыт, 29 жаста, қазақ, мұғалім).

«Рухани жаңғыру» – ой-сананың кемелденуі. Мемлекеттің, халықтың санасын ұлттық ғұрпымыз арқылы жаңғыртуы (Респондент – Тәуірбай Елдос, 18 жаста, қазақ, студент).

«Рухани жаңғыру» – ұлттық сананың кемелденуі. Бірінші Елбасымыз айтқандай, «жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты» (Респондент – өзі туралы деректер қалдырмаған).


«Рухани жаңғыру» – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісімді үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу (Респондент – Маратқызы Айкөркем, 19 жаста, қазақ, студент).

Рухани жаңғыру мен үшін халқымыздың ақыл-ой санасының артуы, мәдениеттің дамуы (Респондент – 17 жаста, студент).

«Сананың жаңғыруы» логикалық моделінің тірек сөздері: ұлттық сана сезім, сананың ашықтығы, ой-сана, ұлттық сана, халық санасы, ақыл-ой.

«Рухани жаңғыру – ұлттық құндылық» макромоделінде жағымсыз бағалауыштық мәндегі қолданыс та кездесті. Мысалы, «Рухани жаңғыру – адамның өзінің кенелуі. Өкіметтің семіііз айтып, арық шыққан сөзі (өкінішке орай)» (Респонденттің жауабы өзгертілмей берілді). Адресант «рухани жаңғыруды» жеке тұлғаның кемелденіп дамуы ретінде танығанымен, оның саяси тұрғыдан дұрыс жүзеге асатынына күмәнмен қарап, «семіііз айтып, арық шыққан сөзі» деген тіркесті қолданған. Респондент жауабындағы семіз «і» әріпінің төрт рет қайталануы арқылы берілген.

Респондент жауаптарындағы *рух, жаңару, салт-сана, ұлттық код, болашақ, ұлттық сана, тарих, ұлттық құндылықтар, ұлттық мұраларымыз* микроконцептілері «Рухани жаңғыру – ұлттық құндылық» макромоделін құраса, оның толық мінездемесін «Аманат», «Ұлттық код», «Сананың жаңғыруы» логикалық модельдері ашады (7-сурет).



Сурет 7 – «Рухани жаңғыру – саясат» моделі

Саясат халық пен билікті байланыстырады. «Рухани жаңғыру» идеологиялық мақсатта саясаттың негізгі құралы ретінде қызмет етті. Бұл модельдің құрылуына «Рухани жаңғыруды» елдің болашағы үшін жасалған идеологиялық бағдарлама ретінде қабылдаған және оны сынаушылар мен қолдаушылардың түсінігі негіз болған. Жаңа идеология белгілі бір мәселеге қатысты үміт үзіліп, сенім жоғала бастағанда туындайды. «*Рухани жаңғыру*» – *саясат*» макромоделі мен «*Жаңа бағыт*» логикалық моделін байланыстырушы өзек «Рухани жаңғыруды» ұлттық, саяси және экономикалық мәселелерді шешу жолындағы жаңалық деп санайтын сенім мен үміт. «*Рухани жаңғыру*» – *саясат*» макромоделі мен «*Бағдарлама*» логикалық моделінің арақатынасы «Рухани жаңғыруды» идеологиялық құрал деп қабылдау арқылы байланысады. «Рухани жаңғыру – саясат» моделінің репрезентациясы логикалық модельдері арқылы ашылады.

«Жаңа бағыт» логикалық моделі.

«*Рухани жаңғыру*» жаңа бағыт. *Болашақ ұрпақтың уақыт талабына сай бейімделіп, мәдени ортаға сай қалыптасуын қамтамасыз етеді. Ұлттық дәстүріміз бен мәдениетіміздің санамызда қалуы (Респондент өзі туралы деректер қалдырмаған).*

*Біріншіден, өз-өзіңді рухани жаңғырту, жаңа бағытқа өзгеру. Екіншіден, ұлттық құндылықтарды жаңа бағытта жаңарту (Респондент – Құттыбай Асыл, қазақ).*

«*Рухани жаңғыру*» – *ішкі жан-дүниеміздің жаңа өзгерістерді қабылдап, өзгере түсуі, Өткенді саралай отырып, болашаққа нақты қадам жасау (Респондент – мұғалім, 22 жаста).*

«*Рухани жаңғыру*» – *құндылықтарымызды ұмытпай, жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол (Респондент – Айғаным, 67 жаста).*

*Халқымызға рухани жол көрсететін нақты бағдар (Респондент – Зейнолла Данабике, 20 жаста, студент).*

«*Рухани жаңғыру*» жаңа бағыт. *Болашақ ұрпақтың уақыт талабына сай бейімделіп, мәдени ортаға қалыптасуын қамтамасыз етеді. «Рухани жаңғыру» негізі халықтың, жеке адамның тұлғаға айналуы (Респондент – студент, 17 жаста).*

*Ол келешекке бағдар, алысқа құлаш сермен, биіктен көрінудің басты бағдар жолы. Адамның сана-сезімін жарыққа шығару, мемлекетке өз пайдасын тигізу жолын көрсету (Респондент – Рахымова Фарид, 18 жас, қазақ, студент).*

«Жаңа бағыт» логикалық моделінің тірек сөздері: *жаңа бағыт, қадам жасау, жол, бағдар.*

«*Бағдарлама*» логикалық моделі.

*Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі (Респондент – Түгелова Раушан, 17 жаста, қазақ).*

*Мәңгілік Ел мұратын жүзеге асырудың түп негіздерін көрсетіп берген тұжырымдамалық бағдарлама (Респондент – Сәбитұлы Жігер, 19 жаста, қазақ, студент).*

*Әлемдік озық тәжірибе мен жетістіктерге қол жеткізуімізге мүмкіндік туғызатын бағдарлама (Респондент – Түгелова Зайтуна, 39 жаста, қазақ, мемлекеттік қызметкер).*

*Еліміздің, жастарымыздың жарқын болашағы үшін жасалған үлкен бағдарлама. Бұл арқылы ұлттың деңгейін біршама көтеруге болады. Өткен тарихымыз бен жарқын болашағымызды қиюластыра ұштастыру (Респондент – Муптоллаев Қонысбай, 51 жаста, қазақ, жұмысшы).*

*XXI ғасырда шынайы өмірде ұлттық сананы айқындайтын және қоғамдық сананы өзгерту жолдарының жалпы бағыттарын белгілейтін дүниетанымдық-идеологиялық мақала (Респондент – Темірханова Назерке, қазақ, студент).*

*Қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталып отырған бұл идеяның ұсынылуы мен уақыт талабы мен ел дамуының тарихи кезеңіне сай, маңызды зор шешім болып отыр, бұл идеяның үшінші идеяның өзегіне айналуы елімізге мүлдем жаңаша сипат, тың серпін әкелері анық (Респондент – Бошаева Сәлима, 48 жаста).*

*«Рухани жаңғыру» – қазақ елінің жалпы қазақстандықтардың рухани дүниелерін, салт-дәстүрлері мен ұлт ретінде ерекшеліктерін, тарихын халық санасында қайта жағырту мақсатында ұйымдастырылған бағдарлама (Респондент – Айдана, 18 жаста).*

*Бағдарлама аясында үштілділік қолға алынды. Қазақ елі көп ұлтты мемлекет. Сондықтан әр халықтың дәстүрін, тілін білуіміз керек. Ең алдымен 2025 жылға дейін қазақ тілін жандандырып, кез келген ортада қатынас тіліне айналдыруымыз керек (Респондент өзі туралы деректер қалдырмаған).*


*Бұл – халықтың игілігі үшін жасалған бағдарлама. Бұл арқылы жастарымыздың санасында Отанға, ұлтқа деген сүйіспеншілігін оятамыз. Осы бағдарлама аясында істелген қай шара болсын ел болашағы үшін, оның ар жағында ұлтқа деген жанашырлық сезім жатыр деп ойлаймын (Респондент – Муптоллаев Абатбай Көкебайұлы, 49 жаста, қазақ, мемлекеттік қызметкер).*

*«Рухани жаңғыру» алдымызға саяси, рухани, экономикалық жағынан нақты жоспарларды қоя отырып, соны орындау (Респондент – 40 жас, мемлекеттік қызметкер).*

*«Бағдарлама» логикалық моделінің тірек сөздері: жаңа идеялар, бағдарлама, тарихи мүмкіндік, тұжырымдамалық бағдарлама, идеологиялық мақала.*

*«Рухани жаңғыру – саясат» моделінің жағымды репрезентациялануы қабылдаушылардың бағдарлама мазмұнын болашаққа деген сеніммен байланыстыруынан туындаған. Ал оның таңбасы – жаңа өзгеріс, рухани жол көрсететін нақты бағдар, тұжырымдамалық бағдарлама, нақты қадам жасау, жаһандық жаңашылдық, болашаққа қадам, үштілділік жағымды бағалауыштық мән иеленген дискурстық бірліктер. «Рухани жаңғыру – саясат»*

моделінің респонденттердің жауаптарындағы жағымсыз мәндегі тұжырымдалуы: 1-жауап. *«Рухани жаңғыру – менің түсінігімде мемлекеттің ұлттық сананы жоғары дәрежеге көтеру бағдарламасы. Бірақ бұл бағдарлама өз деңгейінде жоспарланбай басталды деп ойлаймын (Респондент – Көкебай Нұрсұлу, 19 жас, қазақ)»*. Адресат «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мазмұнын толық жағымды қабылдап тұр. Ол адресаттың «... мемлекеттің ұлттық сананы жоғары дәрежеге көтеру бағдарламасы» деген тіркесінен көрінеді, оның жағымсыз бағалауыштық мәні осы ойға «бірақ» қарсылық мәнді шылауы арқылы жалғасып, бағдарламаның дұрыс орындалмайтындығы «... дұрыс жоспарланбай басталды» деген тұжырыммен аяқталады. 2-жауап. *Мемлекеттің, халықтың ойын бір бағдарламаға аудару керек. Сол үшін құрылған жай ғана бағдарлама деп есептеймін (Респондент – 19 жаста, студент)»*. Адресат бағдарламаны «саясаттағы ойын» деп есептейді. Оның астырт құрылымында: «бұл халық назарын мемлекеттің маңызды мәселелерінен өзге бір нәрсеге бағыттау, алаңдату шарасы» деген түсінік жатыр. Бұл дискурстық құрылымдағы жағымсыз бағалауыштық мән «*жай ғана бағдарлама*» тіркесінен көрінеді. Адресат «Рухани жаңғыру» бағдарламасына сенімсіздігін білдіруде «ғана» шылауын қолданған. Бұл респонденттің жағымсыз бағасының эмоциялық реңкін күшейтіп тұр. 3-жауап. *«Рухани жаңғыру» өзіміздің болмысымызды (ұлттық код), салт-дәстүр, тіл, дінді сақтай отырып, жаңа заманға бейімделу. Өз құндылықтарымызды заманға сай жаңғырту. Ескі әдіспен жастарды тәрбиелей алмаймыз. Сол үшін жаңа идеялар керек. Мысалы, ұйықтап жатқан ұлттық кодты, ар-намысты ояту керек. Үшінші адресаттың жауабы «Рухани жаңғыру – ұлттық құндылық» моделіне мазмұндас болғанымен, адресаттың астырт құрылымындағы ақпарат жағымсыз бағалауыштық мәнде танылып тұр. Ол «*ұйықтап жатқан ұлттық код, ар намыс*» дискурстық бірлігінен көрінген. Адресат мақсатты түрде «ұлттық код» дискурстық бірлігін «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мазмұнынан алып, оны «*ұйықтап жатқан ұлттық код пен ар-намыс*» деген тіркесте сарказммен беріп тұр. Бұл оның сапалы жүргізілмеуіне сыни бағалауыштық көзқарасын көрсетеді. Әрі ол «сол үшін жаңа идеялар керек» деп, бұл мәселені шешудің жолын ұсынады. 4-жауап. *«Рухани жаңғыру» – елбасының қалауы (Респондент – менеджер, 42 жаста)»*. Адресат бағдарламаны Президенттің жеке басының меншігі, елге ешқандай қатысы жоқ нәрсе ретінде қабылдаған. 5-жауап. *Еліміздегі көп бағдарламалардың бірі. «Рухани жаңғыру емес, рухани қаңғыру» (күлген таңба) (Респондент – қызметкер, 20 жаста)»*. Бұл жауапта адресат жағымсыз бағалауыштық мәнді «*көп бағдарламалардың бірі*» дискурстық бірлігі арқылы көрсеткен. «*Жаңғыру, қаңғыру*» етістіктерін қарама-қарсы қолдану арқылы эмоциялық реңкін күшейткен. Әрі қазіргі интернет кеңістігінде сезімді таңбалауда қолданылатын белгіні пайдаланған (8-сурет).*



Сурет 8 – «Рухани жаңғыру – күш» моделі

«Даму» логикалық моделін «Рухани жаңғыру – күш» макромоделімен жаңалық байланыстырса, «Өзгеріс» логикалық моделін қажеттілік сабақтастырады. «Даму» және «Өзгеріс» логикалық модельдері арасында өркениетке сай болу, рухты жаңғырту қатынасы бар.

*«Рухани жаңғыру – даму» логикалық моделінің репрезентациялануы:*

*Әр адам өмір сүре отырып, өзін жан-жақты дамытып отыру қажет, рухани жаңғыру – даму (Респондент – Жұмашева Айнұр, мұғалім).*

*Халықтың санасын, яғни елімізді дамыту (Респондент – Тойшинова Айсұлу, қазақ, студент).*

*Салт-дәстүр мен өнер-білімді тоғыстыра, дамыту, жаңғырту (Респондент – Қазмұханова Жансая, 18 жаста, студент).*

*Сана-сезімнің, ішкі әлемнің кемелденуі. Белгілі бір деңгейден жоғары деңгейге көтерілу. Адамзат баласы үздіксіз рухани жаңғырып отыруы тиіс. (Респондент – Тұрғалиева Салтанат, қазақ, студент).*

*Адамның ой-сана арқылы, рухани дамуы, оқу, ізденіс арқылы дамуы. (Респондент – қазақ, 18 жаста).*

*«Рухани жаңғыру» халықтың алға қарай дамуы. «Рухани жаңғыру» өткен мен бүгінді салыстыра отырып, құнды дүниелеріміз, рухани мәдениетімізді биікке көтеру (Респондент – 19 жаста, студент).*

*«Рухани жаңғыру» қолда барды бағалай отырып қолданып, білімге, дамуға ұмтылу (Респондент – студент).*

*Өткен мен бүгінді салыстыра отырып, құнды дүниелеріміз, рухани мәдениетімізді көтеру (Респондент – 29 жаста, сатушы).*

*«Рухани жаңғыру – даму» логикалық моделінің тірек сөздері етістіктерге негізделеді. Олар жан-жақты даму, елмізді дамыту, өнер-білімді дамыту, сана-сезімді дамыту, рухани даму дискурстық бірліктері арқылы беріледі.*

*«Рухани жаңғыру – өзгеріс» логикалық моделі*

*Рухани жаңғыру – адам баласының ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, өзгерісті қабылдау (Респондент – Тілесбаева Анар, мұғалім, 23 жаста, қазақ).*

*«Рухани жаңғыру» елімізге жақсы өзгерістер әкеліп жатыр. Халықтың жақсы жаққа өзгеруіне деген үлесі мол (Респондент – Құттыбай Әсел, студент).*

*Халықтың салт-санасын, дүниетанымын өзгертетін қозғаушы күш. (Респондент – Қадір Ақтоты, студент, қазақ).*

*«Рухани жаңғыру» – алға жылжу және жаһандық үрдіс бойынша жаңару (Респондент – қазақ, студент, 20 жаста).*

*«Рухани жаңғыру» мен үшін еліміздің алға ұмтылып жаңа биікке көтерілуі. Қазақстандықтардың салт-санасы мен дүниетанымын, өмір сүру салтын өзгертетін өмір қозғаушы күш (Респондент – қазақ, психолог, 22 жаста).*

*«Рухани жаңғыру» адам баласының оның ішкі әлемінің жаңару, сана-сезімі, жаңа өзгерістерді қабылдай білуі, Рухани жаңғыруды өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз (Респондент – Ерсайымова Ақерке, қазақ, 18 жаста).*

*Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі, үлкен көрегендік пен ұлттың алға іргелілеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш (Респондент – студент, 20 жаста).*

*«Рухани жаңғыру» еліміздің жаңа серпілістерге, жаңа биіктерге ұмтылуы (Респондент – Бақберген Арай, қазақ).*

*Менің танымымда сананы жаңғырту, білімді болу, алға қадам басу (Респондент – 25 жас, жұмысшы).*

*«Рухани жаңғыру – өзгеріс» логикалық моделі респонденттер түсінігінде алға ұмтылу, биікке көтерілу, жаңа өзгерісті қабылдау етістікті тіркестері арқылы және образды формада жаңа серпіліс, жаңа биік, жақсы өзгерістер, қозғаушы күш дискурстық бірліктері арқылы таңбаланған. «Рухани жаңғыру – күш» макромоделінің жағымсыз бағалауыштық мәнде сипатталуы берілмеген. Бұл респонденттердің барлығының «Рухани жаңғыруды» қажеттілік нәтижесі – өзгеріс, дамудың тетігі ретінде түсінгендерін сипаттайды және «Рухани жаңғырудың» идеологиялық мақсатта сәтті игерілгендігін көрсетеді.*

*Әлемнің ақиқат болмысын тілдік санада бейнелейтін когнитивтік бірліктер туралы Б. Қалиұлы: «Концептілердің бірігіп, бір бүтін құрауы танымдық (когнитивтік) іс-әрекет. Ол – адам мыйының жемісі. Сонымен бірге, бұл құрылым – дүниетанымдық әрекеттердің ең күрделісі», – деп, оған қойылатын басты талаптардың бірі ретінде онда ұлттық ұғым-түсініктің, ұлттық дүниетанымның болуы міндетті екендігін атайды [97, б. 62-63]. «Рухани*

жаңғырудың» макромоделдері мен логикалық модельдерінің құрылымы осы шартқа сәйкес, толық ұлттық дүниетанымға негізделгеніне талдаулар арқылы көз жеткіздік. Талдау нәтижесінде «Рухани жаңғыру» концептісінің өзара логикалық модельдермен байланысқан үш макромоделі, микроконцептілері, тірек сөздері орныққаны анықталды. Респонденттер тілдік санасында «Рухани жаңғырудың» концептісінің жағымды, жағымсыз сипаты толық бейнеленген. Соның ішінде жағымды бағалауыштық мәнге ие түсінік басымырақ болғаны анықталды.

### **2.3 «Рухани жаңғыру» концептісінің лексика-семантикалық өрісі және сипаттамасы**

Тіл ғылымында функционалды-семантикалық өріс, ассоциативтік өріс, семантикалық өріс терминдері қолданылады. Семантикалық өріс терминінің мазмұнына қандай да бір лексемаға мәндік байланысы бар сөздер мен ассоциацияларының барлық жиынтығы кіреді. «Өріс» дегеніміздің өзі – әр түрлі тіл деңгейіне жататын, бірақ тек біркелкі қатынастарды дұрысында бірыңғай мағыналарды білдіретін тіл құралдарының жиынтығы [98].

Өріс терминін алғаш қолданған – Г. Ипсен. Ғалым зерттеу еңбектерінде сөздік құрам белгілі бір ұғымға топтасқан бір-бірімен тығыз байланыста тұратын сөздердің тобынан тұратынын айтқан. Оның «сөздер жеке тұрып мағынаға ие бола алмайды, тек өріс құрамында ғана мағына мазмұны ашылады» деген пікірі сынға алынғанымен, ғалымдардың осы мәселеге қызығушылығын арттырып, зерттеу жұмыстары мен зерттеушілер қатары көбейді. Осы бағытта В. Порциг, А. Мартине, А.В. Суперанская, Г.С. Щур, А.М. Кузнецов, Ю.Н. Караулов, Ю.Д. Апресян зерттеу жүргізген.

Тіл білімінің теориялық, әдістемелік жағынан қалыптасуы мен дамуы, лексика-семантикалық топтарды салыстыра-салғастыра зерттеу бағытында ғылыми жұмыспен айналысқан М.М. Копыленко, А.Е. Карлинский, С.С. Құнанбаев, С.Е. Исабекова, М.Т. Сабитов, Б.Қ. Қалиев, З.Қ. Ахметжанова, Қ.Т. Рысалды, Т. Аяпова, Ә.А. Сапарова секілді отандық ғалымдарымызды атауға болады.

Лексика-семантикалық өріс термині Й. Трир зерттеулерінен басталған. Оның түсіндіруінше, семантикалық өріс, ең алдымен, құрылым немесе түсінікке қатысты шеңбер. Ол белгілі бір түсінікке қатысты барлық сөздерді бөліп алу. Ал оларды анықтауға өлшем болатын нәрсе – сол лексика-семантикалық өріске енетін сөздердің мағыналарының ортақтығы [99]. Бұл мәселе Й.Л. Вайсбергер зерттеулерінде де қарастырылған. Ол өрісті парадигматикалық категория деп қарастырады. Олардың негізгі ойы мынаған саяды: *сөздің мағынасы – сол сөз енетін семантикалық өрістегі лексикалық бірліктермен сабақтастырылып анықталуы керек* [100].

Семантикалық өріс – қазіргі лексикалық семантиканың негізгі түсінігі. Лексика-семантикалық өрісті сипаттағанда сөздердің өзара қатынасы лексика-семантикалық байланыстары негізінде талданады. Лексика-семантикалық өрістің семантикалық доминанты болатын – лексикалық бірлік сол өріске



кіретін бірліктердің барлығына байланысты, қатысты жалпы мағынаны білдіреді. Семантикалық өріс күрделі тілдік құрылымға ие. Оның құрылымына барлық парадигматикалық топтар жиынтығы кіреді. Парадигматикалық қатынас сипаты әр түрлі болады, әр түрлі лексикалық бірліктердің мәндік белгілері арасында туындайды. Семантикалық өрістегі бір сөз бір уақытта әр түрлі лексика-семантикалық парадигмаға кіре алады, олар семантикалық белгілері жағынан бір-біріне қарсы қойылуы да ықтимал. Ю.М. Караулов сөздік құрамды түрлі семантикалық өріске бөліп қарау қажеттігін айтады [101]. Лексика-семантикалық өрістің маңызды компоненті – сөздің лексика-семантикалық топтары. Семантикалық өрістің аумағына лексика-семантикалық топтар енеді. Л.М. Васильев лексика-семантикалық топ терминімен кез келген сөздің семантикасына ортақ сипаты бар өзге барлық сөздер жиынтығын атайды [102]. Басқаша айтқанда, лексика-семантикалық топқа енетін лексикалық бірліктердің бәріне ортақ, оларды байланыстыратын семантикалық белгілері болады. Семантикалық өріске енетін сөздердің барлығының мағынасы тірек сөз мағынасымен байланыста болады [103].

Лексика-семантикалық өріске енетін лексика-семантикалық топтардың парадигматикалық қатынастарына негіз болатын семантикалық корреляттар бар. Оларға мыналар жатады:

– *синонимия*: лексикалық бірліктердің толық не ішінара мағыналас болуы;

– *антонимия*: ортақ түсінікке қатысты болғанымен, семаларының қарама-қайшы болуы;

– *партонимия*: нысан мен оның құрамдас бөліктерінің арасындағы байланыс;


– *түрді анықтайтын корреляттар*: гипероним – сөзді жалпы түсінікпен байланыстыратын тектік белгі; гипоним – жалпы түсініктің жеке қырларын таңбалайтын топтық бірліктер;

– *сәйкессіздік*: бір уақытта бір нысанға қатысты бола алмайтын сөздер арасындағы қатынасты сипаттайды;

– *конверсивтілік*: бір жағдаятты әр түрлі көзқарас тұрғысынан таңбалайтын сөздердің арасындағы байланыс [104].

Осы айтылған теориялық тұжырымдарды негізге ала отырып, «Рухани жаңғыру» концептісінің лексика-семантикалық өрісіне сипаттама береміз. Ол үшін 2019, 2020, 2021, 2022 жылдары жүргізілген сауалнаманың «*Рухани жаңғыру*» сіздің санаңызда немен бейнеленеді?, «*Рухани жаңғыруға*» қатысты қалыптасқан тілдік бірліктер мен тіркестер деген сұрақтарының нәтижесіне сүйенеміз. Сауалнама 10-75 жас аралығындағы әр түрлі әлеуметтік топ өкілдерінен алынды. Сауалнамаға 3000 респондент қатысты. Бірінші сұраққа респонденттердің жауабы әр түрлі болғанымен, 90%-ның мазмұны бір арнаға саяды. Оларға ортақ сипат – «ұлттың жаңғыру» деп түсініп, ұлттық құндылықпен байланыстыруы. «Рухани жаңғыруды» ұлттық құндылықтардың, сананың, салт-дәстүрдің, қоғамның жаңғыруы деп көрсеткен. Респонденттер рухани жаңғыруды бағдарлама арқылы танығандықтан, бағдарламамен

байланыстырған. Жауаптардың мазмұндық құрылымын төмендегідей топтастыруға болады. Бірінші тобының жауаптарында бағдарлама мәтініндегі тіркестер қамтылған: 1. *Еліміздің дамуына жасалған жаңа бағдарлама. Тарихқа үңілу, болашаққа нық қадам.* Екінші топ жауаптарының мазмұны, ұлттық құндылықпен байланысты. 2. *Бабалардың бойындағы қасиетті дәстүрді жаңғырту. Қазақстандықтардың салт-дәстүрін, санасын өзгертетін күн.* Үшінші топтың жауабы ел болашағын жаңалықпен байланыстыру, тарихи өзгеріс күту. 3. *Жарқын болашақ кепілі. Халқымызға нақты жол көрсететін қадам. Рухани жаңғыру – елімізді дамыту, көркейту. Қоғамды жаңарту. Елімізді рухани байытуға арналған бағдарлама.* Жауап берушілер «Рухани жаңғыруды» саналы түрде қабылдап, оны құндылық және саяси реформа ретінде бағалағаны көрінді. Алынған жауаптарды талдау негізінде «Рухани жаңғырудың» негізгі мағыналық ұғымдарына екі түрлі таным негіз болған деп есептейміз: 1) жаһандық жұтылудан сақтайтын «ұлттық иммунитеттің» қажеттігі, яғни «Рухани жаңғыруды» ұлттық құндылықтармен сабақтастыру, рухани құндылықты жаңғырту; 2) идеологиялық дискурстың негізгі құралы – 2017 жылы жарияланған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының жаппай насихатталуы, оны саяси құрал, тарихи өзгеріс деп қабылдау. Респонденттер бағдарламаның мазмұнымен таныс болғандықтан, соған сай берілген тірек-стимул сөздер олардың тілдік санасында немесе танымдық құрылымында бағдарлама мазмұнына сәйкес ұғымдармен, реакция сөздермен таңбалаған. Мысалы «Рухани жаңғыру» концептісінің өзегіне респонденттер тарапынан 1000 анықтама берілген. Оларды іштей екі топқа жіктеуге болады. Біріншісі тобы нақты жоба мәтінінен алынған тірек сөздермен анықтаған. Атап көрсетсек, *бәсекеге қабілетті болу, ұлттық кодты сақтау, жаңа дәуірге аяқ басу, өркениетті ел* т.б. Екінші тобы мақала мәтінімен танысып, оны өз танымында сүзгіден өткізіп, тіркестермен бекіткен: *мемлекеттік бағдарлама, дамудың жаңа сатысы, өркениеттің өріне жүзу, заман сынағына төтеп беру, өткен мен болашақ арасындағы қазақ халқының тарихын байланыстырушы көпір* т.б. Сауалнаманың жауаптары негізінде «Рухани жаңғыру» концептісінің сызбанұсқасы жасалды (9-сурет).



Сурет 9 – «Рухани жаңғыру» концептісінің сызбасы

Алынған жауаптардың жиілігі негізінде «Рухани жаңғыру» концептісінің өрісін анықтауда В.А. Маслова, З.Д. Попова, И.А. Стернин [105] ізімен шеңбердің ортасына концептінің тірек ұғымы өзегі – *рух* лексемасын, шеңбер перифериясының бірінші қабатына ұлттық танымдағы рухтың танылуына байланысты туындаған тілдік бірліктерді: *рухани жаңғыру* (47), *жаңғыру* (22), *рухани даму* (15), *ұлттық бірегейлікті сақтау* (5), *ұлттық болмыс* (7), *ұлттық рух* (6), *ұлттық жаңғыру* (5), *рухани баю* (4), *рухани жаңғыру кезеңі* (4), *рухани* (3), *рухани жаңғыру – салт-сананы жаңғырту*, (3), *рухани жаңғыру – әлемнің жаңғыруы* (3), *руханият* (3), *рухани байлық* (2), *рухани құндылық* (2), *рухани қазына*, (2), *рух* (2), *ұлттық руханият* (1), *рухани жол* (1), *рухани тоғысу* (1), *рухани қоғам* (1), *рухани білім* (1), *рухани сана* (1), *рухани жаңару* (1), *рухты көтеру* (1), *рухани орта* (1), *рухани көзқарас* (1), *рухын көтеру* (1), *рухты қалыптастыру* (1), *кемелденген рух* (1) т.б. орналастырдық. Екінші қабатына рух сөзін жоғары бағалау негізінде қалыптасқан құндылықтарды сипаттайтын: *салт-дәстүр* (110), *ұлттық код* (107), *ұлттық сана* (65), *мәңгілік ел* (53), *тарих* (47), *ұлттық құндылық* (44), *болашақ* (39), *білім* (34), *мәдениет* (31), *тәуелсіздік* (29), *патриотизм* (28), *ұлт* (26), *мемлекеттік тіл* (24), *тіл* (22), *кітап* (22), *әдебиет* (19), *қыран* (17), *құндылық* (16), *елтаңба* (13), *қазақ тілі*

(11), әдет-ғұрып (9), қазақ (9), еркіндік (9), шаңырақ (8), киіз үй (8), ту (8) бірлік (7), мәдени мұра (7), бірегейлік (7), ескерткіштер (7), адамгершілік (7), Қазақстан (6), қыран бүркіт (6), биікке самғаған құс (6), жеті ата білу (6), жеті ата (5), салт-сана (5), домбыра (5), ел (4), ұрпақтар сабақтастығы (4), ұлттық тәрбие (5), ұлтшылдық (4), саналы ұрпақ (4), жеті жарғы (4), жастар(3), Отан(3), көк ту (3), сауаттылық (3), бейбітшілік (3), дәстүр (3), ұлттық киім (3), ана тілі (3), Алға Қазақстан (3), әдеби мұра (3), батырлар (2), қазақ тарихы (2), жер (2), мәдени даму (2), ұлттық идеология (2), тарихқа тағылым (2), тәуелсіз ел (2), Қазақстанның киелі жерлері (2), кең байтақ дала (2), ұлт тарихы (2), ұлттық мәдениет (2), мұрағат (2), өнер (2), ұлттық нышандар (2), мемлекеттік ту (2), үміт, арман (2), көк байрақ (2), патриот (1) т.б. лексемалары орнықты. Шеңбердің сыртқы қабатына «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының негізінде пайда болған тілдік бірліктер мен тіркестерді жатқыздық: болашаққа бағдар (122), 100 жаңа есім (67), бәсекелестік қабілет (44), жаңашылдық (31), патриотизм (28), латын әліпбиі (25), прагматизм (20), цифрлы Қазақстан (17), жаһандану (16), жолдау (12), дамыған ел (12), жарқын болашақ (12), ұлы дала (9), елбасы (9), дамыған стратегия (9), жаңа заман (9), 100 жаңа кітап (8), 100 жаңа оқулық (6), үш тіл (5), озық технология (5), жаңа идея (5), дамыған мемлекет (5), жаңа жоба (5), бәсекелестік (5), жастар жылы (4), өркениеттілік (4), елбасының жолдауы (4), 100 нақты қадам (4), мәңгілік ел мұратына нақты бағдар (4), дамыған мемлекет (3), зайырлы Қазақстан (3), болашақ бағдар (3), елбасының бастау (3), экономикалық жаңғыру (2), тұрақтылық (1) т.б.

Тірек атауға – өзекке – барлық шеткері аймақтың атаулары тікелей байланысты. Бәрі осы тірек атаудан бастау алады, осы атау арқылы түсіндіріледі. «Рухани жаңғыру» концептісіне қатысты атаулардың арасындағы туыстық байланыстарды екі топқа бөлуге болады. Бірі – тікелей байланыс (тік), екіншісі – жанама (көлденең) байланыс. Тікелей байланысқа *рухқа* қатысты лексемалары жатады, жанама байланысқа қалған атаулардың тірек-өзек ұғыммен өзара байланыстары жатады.

«Рухани жаңғыру» концептісінің семантикалық өрісі келесі лексикалық бірліктерді қамтиды. Олар түбір сөздер мен сөз тіркестерінен тұрады. Рухани құндылықты сипаттайтын лексемалар: түбір формасында – *кітап, мұра, ұлт, дәстүр, ел, Отан, жер, дала, сана, діл, ғасыр, өнер, сұңқар, мұра, зират, қазақ, тарих, ту, тіл, дін, батыр, домбыра, аңыз, самұрық, мақсат, ұрпақ* т.б. Туынды лексемалар – *білім, тыйым, құндылық, сауаттылық, ізгілендіру, жаңғыру, мәңгілік, жандану, тапқырлық, азаттық, егемендік, жолдау, мүмкіндік, жаңарту, зайырлы, заманауи, ұмтылу, самғау, қазақшылық* т.б. Сонымен қатар сауалнаманың 2-сұрағының («Рухани жаңғыру» сіздің санаңызда немен бейнеленеді?) негізінде респонденттер ассоциациясының өнімі және 3-сұрағына («Рухани жаңғыруға» қатысты қалыптасқан тілдік бірліктер мен тіркестер) респонденттердің «мәтін кітапханасындағы» ақпараттың «мағына кітапханасында» дискурстық бірліктер арқылы таңбалануы негізінде «Рухани жаңғыру» концептісінің парадигматикалық,

синтагматикалық бірліктері анықталды. Синтагматикалық ассоциацияда стимул сөзбен сөз тіркесін құрайтын реакция - сөздер жинақталса, парадигматикалық ассоциацияда – стимул сөзбен жалпы ортақтығы бар, бірақ онымен сөз тіркесін түзбейтін реакция сөздер жинақталады. Сондықтан ассоциативті өрісті лексика-семантикалық топтың өзегі мен перифериясы, яғни шеткері аймағы деп бөлеміз. «Рухани жаңғырудың» парадигматикалық, синтагматикалық бірліктері:

«Рухани жаңғырудың» парадигматикалық бірліктері:	«Рухани жаңғырудың» синтагматикалық бірліктері
<p><i>Рухани жаңғыру, ұлттық бірегейлікті сақтау, жеті ата білу, ұлттық жаңғыру, жаңғыру ой сананың кемелденуі, рухани баю, ұлт жаңғыруы, сананы жаңғырту, кемелдену, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, әлемнің жаңаруы, мәдени даму, қарқынды жұмыс, сатылы даму, біртұтас ұлт болу, заманға сай түлеу т.б.</i></p>	<p><i>салт-дәстүр, мәңгілік ел, тәуелсіздік, ұлы дала, ұлттық сана, киіз үй, болашаққа бағдар, ұлттық код, бәсекеге қабілеттілік, мәдени мұра, ашық аспан, жастар жылы, рухани жаңғыру кезеңі, 100 нақты қадам т.б.</i></p>

Алынған жауаптар қатарында «Рухани жаңғыру» концептісін жайлы өмірмен байланыстыру «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» фразеологизмі арқылы, бағдарламаның өзгеріс ретінде қабылдау – «көзі ашық, көкірегі ояу» тіркесімен, «елу жылда ел жаңа», «ел боламын десең, бесігіңді түзе», «бір жазадан бас, бір жеңнен қол шығару», «адамды адам еткен – еңбек», «білімді мыңды жығады» мақалдары арқылы көрінсе, бағдарламаны сынаушылар жауабы қатарынан «қасыңнан да, досыңнан да бірдей сақтан», «сүтпен сіңген сүйекпен кетеді» фразеологизмі берілген.

«Рухани жаңғыру» концептісінің лексика-семантикалық өрісіне енетін топтардың парадигматикалық қатынастарына негіз болатын семантикалық корреляттары:

– синонимия: лексикалық бірліктердің толық не ішінара мағыналас болуы (*ұлттық болмыс, ұлттық код, жеті ата, ұлттық тәрбие, ұлттық салт-дәстүр, жеті жарғы, руханият, рухани құндылық т.б.*);

– антонимия: ортақ түсінікке қатысты болғанымен, семаларының қарама-қайшы болуы (*көненің жаңаруы, қасыңнан да, досыңнан да бірдей сақтан*);

– партонимия: нысан мен оның құрамдас бөліктерінің арасындағы байланыс (*салауатты өмір салты, ұлттық идеология, елбасы бастауы, елбасы саясаты, Қазақстанның киелі жерлері, прогресс, заманауи білім, экономикалық жаңғыру, саяси реформа, бәсекеге қабілетті ел, 100 жаңа есім, 100 жаңа оқулық, жастар жылы, латын альфавиті, кадр дайындау, техникалық прогресс, цифрлы Қазақстан, эволюциялық даму т.б.*);

– түрді анықтайтын корреляттар: гипероним – сөзді жалпы түсінікпен байланыстыратын тектік белгі (*жолдау, мақала, тарихи бағдар, бағдарлама т.б.*); гипоним – жалпы түсініктің жеке қырлары таңбалайтын топтық бірліктер

(болашаққа бағдар, жаңа бастама, дамыған стратегия, болашаққа бастар жол, рухани жаңғыру кезеңі, елбасының жолдауы, жаңару жолы, рухани құндылық, «Туған жер» жобасы ұлттық прагматизм, мемлекеттік бағдарлама т.б.). Бұлар семантикалық өрістің әртүрлілік сипатын түсіндіреді. Өзегі мен шеткі аймақтарын ажыратады;

– конверсивтілік: бір жағдаятты әр түрлі көзқарас тұрғысынан таңбалайтын сөздердің арасындағы байланыс (дамыған мемлекет, гүлденген Қазақстан, бірлігі мықты Қазақстан, дұрыс жол көрсету, Рухани жаңғыру емес, рухани қаңғыру, саяси күрестер, қоспасыз тарих, ұйықтап жатқан ұлттық кодты ояту, елбасының қалауы, үнсіз, бірақ қозғалыстағы дене, елбасы саясаты, елбасының асыл арманы, болашаққа мың қадам, бостандық пен теңдік, ескі гұрыптар, үш тілді қоғам т.б.);

– сын есімді лексика-семантикалық өріс – 160 бірлік: ұлттық код, қарқынды жұмыс, ұлттық сана, мәңгілік ел, рухани жаңғыру, ұлттық құндылық, бәсекелестік қабілет, цифрлы Қазақстан, мемлекеттік тіл, мәдени мұра, ұлттық болмыс, жаңа бастама, ұлттық рух, қыран бүркіт, білімді ұрпақ, туған ел, ашық аспан, озық технология, жаңа идеялар, дамыған мемлекет, ұлттық бірегейлік, ұлттық тәрбие, егемен Қазақстан, саналы ұрпақ, жарқыраған күн, ұлттық киім, зайырлы Қазақстан, жаңа түсінік, қазақ тарихы, рухани байлық, интеллектуалды өріс, дамушы ел, ұлттық идеология, мәңгі өлмейтін мемлекет, бақытты ел, кең дүниетаным, жаңа бастамалар, ұлттық салт-сана, тәуелсіз ел, жарқын болашақ, табысты ел, Қазақстанның киелі жерлері, кең байтақ дала, табысты мемлекет, заманауи білім, тарихи бағдар, ұлт тарихы, ұлттық мәдениет, биік аспан, бай ел, жақын болашақ, саяси күрестер, самғаған қыран, жақын сәуле, көк дала, жаңа толқын, саяси реформа, бәсекеге қабілетті ел, ұлттық нышандар, мемлекеттік ту, білімді болашақ, алға қойылған мақсат, елін сүйген елбасы, көк байрақ, алып бәйтерек, саяси жиын, тың ой, тәуелсіз қазақ елі, кемел келешектің кілті, ел кемелденген ой, ұлағатты мұрасы, көк теңіз, сапалы білім, дербес мемлекет, тарихи жәдігерлер, діни сенімдер, азат мемлекет, мықты дамыған, қуатты ел, жаңа жобалар, болашаққа жарқын жол, ұлттық ою-өрнек, түрлі-түсті эмблема, елбасының озық ойлы идеясы, тату-тәтті ел, Қазақстанның салт-дәстүрі, кезекті бір бағдарлама, конфессияаралық келісім, тарихи кітап, ұлттық рәміздер, ұлы тұлға, қазақ салт-дәстүрі, жаңа оқыту жүйесі, рухани жол, егемен ел, бірлігі мықты Қазақтан, сүйіспеншілік сезім, озық дәстүр, ауқымды өзгерістер, дені сау ұрпақ, техникалық прогрестер, табиғи байлық, ұлттық аударма бюросы, еңсесі биік Қазақстан, бақытты тұрғын, жаңаша жаңалық, сұлу сұңқар құс, жаңа белес, жас ұрпақ, «Туған жер» жобасы, рухани жаңғыру – ұлт айнасы, құқықтық мемлекет, рухани білім, кемел келешек, рухани сана, жалынды жастар, мықты мемлекет, мемлекеттік бағдарлама, заманауи Қазақстан, интеллектуалды ой, ұлттық прагматизм, үш тілдік білім, жаңа оқулық, жаңа мақсат, жаңа серпін, жаңа ой, жасампаз ұрпаққа жарқын болашақ, Қазақстанның қасиетті, рухани құндылықтары, мәдени шың, үш тілді қоғам,

болашаққа нық қадам, біртұтас ұлттық жауапкершілік, рухани орта, рухани көзқарас, бақытты отбасы, бақытты мемлекет, бақытты болашақ, жаңа белес, ұлттық келешек, үлкен өзгеріс, басқа өмір, жаңа өмірдің бастамасы, саналы адам, жаһандық белес, жаңа мүмкіндіктер, жасыл ел, заманауи қазақ елі, заманауи техника, қамқорлық акциясы, кемел болашақ, компьютерлік сауаттылық, күшті медицина, еркін құс, қоспасыз тарих, мәңгілік елге қадам басқан Қазақстан, еркін сана, ішкі өзгеріс;

– етістікті лексика-семантикалық өріс – 86 бірлік: ұлттық кодты ояту, ұлттық бірегейлікті сақтау, дамыған стратегия, рухани даму, жеті атаны білу, ұлттық жаңғыру, рухани баю, эволюциялық даму, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, мәдени даму, сатылы даму, біртұтас ұлт болу, экономикалық жаңғыру, сананың жаңғыруы, ұлттың қалыптасуы, жаңа өзгеру, ішкі дүниенің баюы, заманға сай түлеу, саяси жаңғыру, саналы өмір сүру, болашаққа жетелеу, кадр дайындау, өсіп отыру, басқаша ойлау, басқаша өмір сүру, латын әрпіне көшу, қалықтап ұшу, ішкі әлемнің жаңғыруы, дұрыс жол көрсету, озық ойлау, рухани тоғысу, туған жерге құрмет көрсету, дәстүр сақтау, тарихи жандану, дамыған ел қатарында болу, кемелдене ізденіске түсу, алға қарай даму, рухани өсу, қарқынды даму, дәстүрді жаңғырту, Қазақстанның жаңғыруы, дамыған отыз елдің қатарына қосылу, рухани қазына – туған жердің – дәстүрін, тарихын және мәдениетін құрметтеу, білім жолындағы тың идеялардың пайда болуы, үш тілдікке бағыт беру, тарихты жаңғырту, латын әліпбиіне көшу, ұлттық руханиятты жаңғырту, ұлттық рухты жаңғырту, биік белестерден көріну, үлкен жетістіктерге жету, сауатты болу, ұлттың көркеюі, қайта өңдеу, рухани жаңару, рухты көтеру, рухтың қалыптасуы, көненің жаңаруы, рухты қалыптастыру, рухын көтеру, цифрлық даму, отыз дамыған мемлекеттің қатарына кіру, адал болу, әділдік орнату, адамның дамуы, ана тілін құрметтеу, арманыңды мақсатқа айналдыр, ауызбіршілікте өмір сүру, бақытты болу, жадырап жайнау, біз біргеміз, ажырамас іргеміз, алға қадам басу, даму, баю, балалардың көп туылуы, елімізге өз үлесімізді қосу, дүниетанымның дамуы, елдің ішкі жаңғыруы, әдеби мұрамызды сақтап, ежелден келе жатқан салт-дәстүрімізді дәріптеу, әр түрлі салалардың дамуы, тарихи кезеңге аяқ басу, ілім-білімге ұмтылу, өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте;

– зат есімді лексика-семантикалық өріс – 21 бірлік: тарих бейнесі, ұлт құндылығы, тарих сахнасы, еріктілер жылы, теледидардағы үндеулер, заман ағымы, ұлт болашағы, ұлт мақтанышы, болашақтың бастауы, ақындар өлеңі, ел мүддесі, тарих тағылымы, тарих толқынында, табыстың кілті, дағдарыс циклдары, елбасы жолдауы, ел болашағы, ұрпақтар сабақтастығы, бабалар мұрасы, бәсекеге қабілеттілік, жастар жылы;

– сан есімді лексика-семантикалық өріс – 15 бірлік: 100 жаңа есім, 100 жаңа оқулық, 100 нақты қадам, Қазақстан 2030, болашаққа мың қадам, 30 дамыған елдің қатары, бір мақсат, 100 ән, ұлы даланың жеті қыры,

Қазақстан – 2050 стратегиясы, 100 күй, 100 оқулық, 2030 Қазақстан, 2030-ға жол, 2050 жаңғыруы.

«Рухани жаңғыру» концептісінің лексика-семантикалық тобының тақырыптық жіктелімі:

«Рух» лексика-семантикалық тобы – 35 бірлік:

Рухани жаңғыру – 47, рухани даму – 5, ұлттық рух – 6, рухани баю – 4, рухани жаңғыру кезеңі – 4, рухани – 3, руханият – 3, рухани байлық – 2, рухани құндылық – 2, рухани қазына – 2, рух – 2, ұлттық руханият – 1, рухани жол – 1, рухани тоғысу – 1, рухани өсу – 1, рухани қоғам – 1, рухани жаңғыру – ұлт айнасы – 1, ұлттық рухты жаңғырту – 1, ұлттың руханиятын жаңғырту – 1, рухани жаңғыру – ұлт дамуының кепілі – 1, рухани білім – 1, рухани сана – 1, рухани жаңғыру – әлемнің жаңғыруы – 1, рухани жаңғыру – ұлттың ұлы мұраты – 1, рухани жаңғыру – ұлттың көркеюі – 1, ұлт болашағы – рухани жаңғыру – 1, рухани жаңғыру – заман талабы – 1, рухани жаңғыру – елдігіміздің белгісі – 1, ұлттық рухты жаңарту – 1, рухани жаңару – 1, рухты қалыптастыру – 2, рухты көтеру – 1, рухани жаңғыру – болашаққа нық қадам – 1, рухани-әлеуметтік жаңғыру айнасы – 1, кемелденген рух – 1.

«Ұлт» лексика-семантикалық тобы – 34 бірлік:

Ұлттық код – 107, ұлттық сана – 65, ұлттық құндылық – 45, ұлттық болмыс – 7, ұлттық рух – 6, ұлттық жаңғыру – 5, ұлттық салт-дәстүр – 4, ұлттық бірегейлік – 5, ұлттық тәрбие – 4, ұлттық салт-сана – 3, ұлттық киім – 3, ұлттық бірегейлік – 4, ұлттық идеология – 2, ұлттық салт-сана – 2, ұлттық мәдениет – 2, ұлттық нышан – 2, ұлттық сана – 2, ұлттық руханият – 1, ұлттық ою-өрнек – 1, ұлттық рәміздер – 1, ұлттық аударма бюросы – 1, ұлттық сананың кемелденуі – 1, ұлттық рухты жаңғырту – 1, ұлттық бірегейлікті сақтау – 1, ұлттық прагматизм – 1, ұлттық рухты жаңарту – 1, ұлттық нақыштар – 1, ұлттық құндылықтың дамуы – 1, біртұтас ұлттық жауапкершілік – 1, ұлттық өнерді жаңғырту – 1, ұлттық келешек – 2, ұлттық құндылықты ұмытпау – 1, ұлттық білім беру – 1, ұлттық сананың жаңа белесі – 1

«Сана» лексика-семантикалық тобы – 28 бірлік:

Ұлттық сана – 66, салт-сана – 5, ой-сананың кемелденуі – 5, адам санасының жаңғыруы – 4, саналы ұрпақ – 4, сананың кемелденуі – 4, сананың ашықтығы – 4, сананы жаңғырту – 3, ұлттық салт-сана – 3, саналылық – 2, сана жаңғырту – 2, жан дүние – 2, ой-сана – 2, ұлттық сананың ең басты кілті – 1, саналы өмір сүру – 1, сананың жаңғыруы – 1, қазақстандықтардың санасы – 1, еркін сана – 1, сананы өсіру – 1, ұлт санасы – 1, ұлттық сананың кемелденуі – 1, рухани сана – 1, саналы қадам – 1, саналы жаңғыру – 1, ұлттық санамыздың жаңғыруы – 1, қоғамдық сананың жаңғырту – 1, саналы адам – 1, сананы дамыту – 1, ұлттық сананың жаңа белесі – 1.

«Қазақстан» лексика-семантикалық тобы – 27 бірлік:

Цифрлы Қазақстан – 17, Қазақстан – 6, жан-жақты дамыған, мәдени Қазақстан – 5, Егемен Қазақстан – 4, бірыңғай мақсатымызға жету жолындағы Қазақстан – 1, зайырлы Қазақстан – 3, алға, Қазақстан – 3,



Қазақстан 2030 – 3, Қазақстанның киелі жерлері – 2, гүлденген Қазақстан – 2, қазақстандықтар санасы – 1, Қазақстанның 30 елдің қатарында болуы – 1, бірлігі мықты Қазақстан – 1, еңсесі биік Қазақстан – 1, заманауи қазақстандық мәдениет – 1, Қазақстанның жаңғыруы – 1, мәңгілік ел болуға қадам басқан Қазақстан – 1, тәуелсіз Қазақстанның тарихи ұстанымы – 1, жаһандық заманауи қазақстандық мәдениет – 1, заманауи Қазақстан – 1, Қазақстанның бүгінгі мен болашағы – халқымыздың ынтымақ-бірлігінде – 1, жаңа Қазақстан – 2, Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары – 1, кемелденген Қазақстан – 1, 2030-Қазақстан – 1, Қазақстанның бірінші жаңғыруы – 1, Қазақстанның үшінші жаңғыруы – 1.

«Тарих» лексика-семантикалық тобы – 28 бірлік:

Қазақ тарихы – 49, тарихқа тағылым – 2, тарлан тарих – 3, тарихқа тағылым – 2, тарихи бағдар – 2, ұлт тарихы – 2, тарихқа көзқарас түзеу – 1, тарихи жерлерге тұсаукесер жасау – 1, ел тарихы – 1, тарихи жәдігерлер – 1, тарих сахнасы – 1, өткен тарих беттері – 1, қоспасыз тарих – 1, тарих бейнесі – 1, тарихи кітап – 1, тарихи жандану – 1, тарихи ескерткіштер – 1, тарихи-мәдени ескерткіштер – 1, туған жердің тарихын және мәдениетін құрметтеу – 1, тарихты жаңғырту – 1, тарих тағылым – 1, тарих толқынында – 1, тарих толқынына биік қадам – 1, тәуелсіз Қазақстанның тарихи ұстанымы – 1, халық тарих толқынында – 1, тарихи бағдарлама – 1, ел тарихы – 1, жаңа тарихи кезең – 1.

«Ұлттық код» лексика-семантикалық тобы – 23 бірлік:

Қазақ тарихы – 51, әдебиет – 19, мәдени мұра – 7, жеті ата білу – 6, жеті ата – 5, туған ел – 5, дін – 5, домбыра – 5, ел – 4, бабалар мұрасы – 4, жеті жарғы – 4, ана тілі – 3, ескерткіштер – 7, тәрбие – 6, ата дәстүр – 1, озық дәстүр – 1, ұлы дала есімі – 1, наным – 1, сенім – 1, ырым – 1, ауыл – 1, самұрық – 1, Отан – 3.

«Саясат» лексика-семантикалық тобы – 23 бірлік:

Теледидардағы үндеулер – 2, жоба – 2, саясат – 2, саяси күрес – 2, бәсекелестік – 1, саяси жаңғыру – 1, саяси жиын – 1, Назарбаев жолдауы – 1, тұңғыш президент – 1, жастар жылы – 4, үш тілді қоғам – 1, елбасының кемел саясаты – 1, плакаттар – 1, кезекті бағдарлама – 1, адал қызмет – 1, газет – 1, газет-журналдар – 1, патриотизм – 28, жаңа идеялар – 5, жаңа жоба – 5, бәсекелестік – 5, елбасының жолдауы – 4, 100 нақты қадам – 4.

«Мемлекет» лексика-семантикалық тобы – 11 бірлік:

Мемлекеттік тіл – 24, мемлекет – 6, дамыған мемлекет – 5, мәңгі өлмейтін мемлекет – 2, табысты мемлекет – 2, мемлекеттік тіл – 1, дербес мемлекет – 4, азат мемлекет – 1, көп ұлтты мемлекет – 1, 30 дамыған мемлекет – 1, бақытты мемлекет – 1.

«Білім» лексика-семантикалық тобы – 9 бірлік:

Үштілді білім – 1, біздің қанымызда бар қасиет – білімді болуға ұмтылу – 1, табысты болудың ең басты факторы – білім – 1, білімге құштарлық – 1, білімді мыңды жығады – 1, біліммен ерекшелену – 1, білімнің салтанат құруы

– 1, болашақ білімді жастар қолында – 1, ілім мен білімге ұмтылып, жан-жақты жетілу – 1.

«Болашақ» лексика-семантикалық тобы – 8 бірлік:

Ғаламдық үрдіс – 1, интеллектуалды ой – 1, өркендеу – 1, зерек тұлға – 1, биікке самғаған құс – 6, гүлденген – 5, ашық аспан – 5, озық технологиялар – 5.

«Салт-дәстүр» лексика-семантикалық тобы – 6 бірлік:

Салт-дәстүр – 110, ұлттық салт-дәстүр – 4, Қазақстанның салт-дәстүрі – 1, қазақ салт-дәстүрі – 1, рухани жаңғыру – салт-дәстүрдің жаңғыруы – 1.

«Мәдениет» лексика-семантикалық тобы – 5 бірлік:

Мәдениет – 31, Ұлттық мәдениет – 2, мәдениетін құрметтеу – 1, заманауи қазақстандық мәдениет – 1, тіл мәдениеті – 1.

Бұл лексика-семантикалық топтар «Рухани жаңғыру» концептісінің лексика-семантикалық өрісін құрайды. Олардың пайыздық көрсеткішін анықтадық (8-кесте).

Кесте 8 – «Рухани жаңғыру» концептісінің лексика-семантикалық өрісі құрайтын лексика-семантикалық топтардың пайыздық көрсеткіші

Лексика-семантикалық өріс категориясы	Лексика-семантикалық өріс категориясы пайыздық көрсеткіші, %	Жалпы саны
сын есімді лексика-семантикалық өріс	25,73	160
етістікті лексика-семантикалық өріс	8,72	86
зат есімді лексика-семантикалық өріс	3,35	21
сан есімді лексика-семантикалық өріс:	2,25	15
«Рух» лексика-семантикалық тобы	5,06	35
«Ұлт» лексика-семантикалық тобы	4,78	34
«Тарих» лексика-семантикалық тобы	3,93	28
«Сана» лексика-семантикалық тобы	3,93	28
«Қазақстан» лексика-семантикалық тобы	3,93	29
«Ұлттық код» лексика-семантикалық тобы	3,37	23
«Саясат» лексика-семантикалық тобы	3,23	23
«Мемлекет» лексика-семантикалық тобы	1,54	11
«Білім» лексика-семантикалық тобы	1,4	9
«Болашақ» лексика-семантикалық тобы:	1,12	8
«Салт-дәстүр» лексика-семантикалық тобы	0,84	6
«Мәдениет» лексика-семантикалық тобы	0,84	5

«Рухани жаңғыру» концептісін З.Д. Попова мен И.А. Стерниннің әдісі бойынша семантикалық тұрғыдан сипаттау (лингвомәдени) өзара байланысты үш компоненттің негізінде ашылады. Олар *дефинициялық құрылысы* және когнитивтік белгілеріне қарай көрініс табатын *ұғымдық метафораларды қамтитын образды және эмоционалды-бағалауыш мән* [105, с. 106]. «Рухани жаңғыру» концептісінің эмоциялық-бағалауыштық қабатының жағымды-жағымсыз мәні толық қалыптасқан.

«Рухани жаңғыру» концептісінің эмоциялық-бағалауыштық қабатының жағымды мәні:

*Бақытты тұрғын, бәсекеге қабілеттік, ұлттық бірегейлік, рухани даму, дамыған стратегия, болашаққа бастар жол, тарихи жандану, елін сүйген Елбасы, жарқыраған күн, еңсесі биік Қазақстан, бірлігі мықты Қазақстан, табысты мемлекет, сананың кемелденуі, ауылдың өркендеуі, ауқымды өзгерістер, ақпарат толқыны, ұлы дала – ұлы есім, цифрлы Қазақстан, жан тазалығы, елімнің өркендеуі, ұлттық бірегейлік, ішкі әлемнің жаңғыруы, экономикалық жаңғыру, тәуелсіз қазақ елі, тарихи жәдігерлер, эволюциялық даму, мәңгілік ел, мәңгі өлмейтін мемлекет, ой еркіндігі, жарқын болашақ, ұрпақтар сабақтастығы, тарихи бағдар, жаңа идеялар, жаңа өркениет, дамыған мемлекет, бақытты өмір, ұлы тұлға, кең көсілген дала, көк ту, көк байрақ, тату тәтті ел, әдемі қалалар, асқар тау, кең дала, танымал шығармалар, өркениетті ел, алып самұрық, жүйрік жылқылар, мәдени мұра, қазақы оюлар, трендке айналған ұлттық киімдер, бостандық пен теңдік, болашаққа мың қадам т.б.*

«Рухани жаңғыру» концептісінің эмоциялық-бағалауыштық қабатының жағымды мәні қазақстандықтардың ұлттық құндылық тіндерімен, жарқын болашақпен байланысты сенімдерін танытатын лексемаларды қамтыса, эмоциялық-бағалауыштық қабатының жағымсыз мәні оны саясаттың құралы ретінде тану, елбасымен сабақтастыратын тіркестерді қамтиды.

Концептіні анықтайтын негізгі белгінің бірі – метафора. Метафоралану – ментальді операция, әлемді танудың жолы. Ол адресанттың «мәтін кітапханасындағы» ұғымдарды жаңа ақпараттармен байланыстырып, «мағына кітапханасында» жаңа формада түрлендіріп, толықтырады. Метафора ойды естен кетпестей түсінікті етіп, тыңдаушыға жеткізу үшін қажет. Ой неғұрлым көркем құрылса, тыңдаушыға түсінікті әрі әсерлі болады. Ойдың көркемдігі жалпы халыққа таныс суретке құрылуымен тығыз байланысты. Бір кездері мақтаны ақ алтынға, көмірді қара алтынға, ақ астықты сары алтынға балап, жай қолданған болсақ, бүгінгі таңда осы метафоралық теңеулер әдеби тілімізге әбден сіңісті болып, біржола орнығып алды. Бұл метафораларды тұрақты метафоралар деп атайды. Ә. Болғанбаевтың зерттеулерінде жеке қолданыстағы

«Рухани жаңғыру»

концептісінің эмоциялық-бағалауыштық қабатының жағымсыз мәні:

*Рухани жаңғыру емес, рухани қаңғыру, саяси күрестер, қоспасыз тарих, ұйықтап жатқан ұлттық кодты ояту, елбасының қалауы, үнсіз, бірақ қозғалыстағы дене, елбасы саясаты, елбасының асыл арманы, ескі ғұрыптар, үш тілді қоғам т.б.*

(индивидуальная) метафоралар туралы айтылады [23, б. 132]. «Қоршаған ортаны, дүниені концептуализациялаудың ең кең тараған түрлерінің бірі – концептуалды метафора. Концептуалды метафора ұғымды, түсінікті категоризациялап қана қоймайды, сонымен бірге ол жинақталған білімді еске сақтауды қамтамасыз етеді», – [23, б. 78]. Метафоралану процесі арқылы ойлау қызметі барысында тұлға танымында ұқсастықтар түзіліп, даралық сипаты ашылып, бағалаушылық әсері көрініп, әлем бейнесінің эмоционалды реңкі танылады. Когнитивтік ғылым бойынша, метафора когнитивтік базаны көрсетеді. Метафораны алғаш Б. Хасанов «Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы» (1966) деген еңбегінде қарастырған. Бұл тақырыпты қазақ тілші ғалымдарынан Р. Барлыбаев, К. Аханов, Б. Хасанов, Ш. Мұхамеджанов, Ә. Болғанбаев, А. Сыбанбаева, Б. Қалив зерттеген. Б. Қалив метафораға берілген анықтамалардың ішіндегі ең толығы ретінде К. Ахановтың анықтамасын көрсетеді: «Белгілерінің ұқсастығына қарай бір заттың не құбылыстың басқа бір заттың не құбылыстың атауымен аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы – метафора деп аталады» [106]. Б. Хасановтың пікірінше, метафора – «екі затты (құбылысты) салыстырудың негізінде сөздің ауыс мағынада қолданылуы» [106, б. 8]. А. Сыбанбаева метафораны: «Метафора бір заттың, құбылыстың не оның әртүрлі белгілерінің (түс, қалып, көлем т.б.) атауының ойлау және таным заңдылықтары негізінде салыстыру, ұқсату, теңдестіру арқылы басқа зат, құбылыс не белгілеріне атау ретінде ауысу құбылысы», [107] – деген анықтама береді. Б. Хасановтың тілдік метафораларды «халық қазынасы» ретінде танып, оларды «бейнелілік сипатқа ие», уақыт өте келе бейнелілік сипатының солғынданып, тұрақты сөйлеу штампына айналуы мүмкін деген пікірін А. Сыбанбаева да айтады. Б. Қалиев метафораны өте күрделі және көпқырлы құбылыс ретінде танып, оның басты белгісі ретінде бейнелілік пен образдылықты көрсетеді. Бейнелілік арқылы метафора тілді көрікті етіп, лексика-семантикалық қорды дамытатындығын, дүниені танудың құралы екендігін айтады. Концептіні арнайы зерттеген орыс тіл білімінің зерттеушісі Р.Ф. Рохвадзенің айтуынша, метафора бір құбылысты екінші бір құбылыспен өзара үйлесімі арқылы байланыстыратын танымның мықты құралы [23, б. 133]. Метафораның жасалуы өте күрделі. Ол салыстыру, ортақ ұқсастықтарды байланыстыру арқылы жасалады. Соның нәтижесінде тілде бар байырғы бір атау екінші бір атауға беріліп, жаңа образды, бейнелі атау туындайды. Бұған мысал ретінде Б. Қалив *көңілдің кірі* метафорасына негіз болған *көйлектің кірі* деген ұғымды талдайды. Ондағы екеуін байланыстырып тұрған ортақ белгі – «кірлегендік», «ластанғандық» деп түсіндіреді. Б. Қалиев метафораға тән белгіні талдап көрсетеді. Оның айтуынша, метафоралық мағына бір сөзден немесе тіркестерінен болады. Мысалы, *дүниенің тұтқасы, бақыттың кілті, адамның қасқыры* деген еркін тіркес құрамындағы *тұтқа, кілт, қасқыр* сөздері – ауыспалы мағынаға ие болған – метафораланған. *Тұтқа* – «тірек», «таяныш», *кілт* – «кепілі», *қасқыр* – «мықтысы», «зоры» мағынаға ие. Тұрақты тіркестерден жасалған метафоралар: *өмірдің өрі, бақыттың базары, жүрек пернесі* т.б. Бұл метафораларды тұрақты метафоралар деп атайды.

Тұрақты метафораның құрамындағы бірінші сыңары анықтаушы болса, екінші сыңары анықталушы болады (*бақыттың базары, көңіл толқыны* т.б.). Б. Қаливтің жіктеуіне сүйеніп талдайтын болсақ, «Рухани жаңғыру» концептісінің метафоралары ауыспалы мағынаға ие болған сөздерден жасалған. «Рухани жаңғыруға» *мәңгілік ел, бақыт жолы, жарық өмір, ұлттық код, жақын сәуле* метафоралары қолданылған. Метафоралар құрамының мағыналарына талдау жасасақ, *мәңгілік ел* – ел «өшпейтін», *бақыт жолы* – жол «бағыт», *жарық өмір* – өмір «бақыт», *ұлттық код* – код «мөр», «құндылық», *болашақ кілті* – кілт «кепіл», «негіз», ғылым бастауы – бастау «өзегі», тарихи көпір – көпір «байланыс», *жақын сәуле* – сәуле «жақсылық» мағыналарына ие болған. Тұрақты метафораларға *жұмақ өмір, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған* метафораларын атауға болады. «Рухани жаңғыру» концептісіне қатысты *болашақ кілті, ғылым бастауы, кемел келешек кілті, табыс кілті* метафораларының қалыптасуына бағдарламадағы «Бәсекеге қабілет», «Білімнің салтанат құруы» бағыттары негіз болған. Бұл бағыттарда тұтас ұлттың ғылым мен білім бәсекесіне қабілетті болуы, ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерді игеру, шетел тілдерін жетік меңгеру, мәдени ашықтық, компьютерлік сауаттылық мәселелері қамтылған. Табысты болудың ең басты факторы білім, ғылым екендігі нақты дәлелді талқыланады. Осыған ұқсас қазақ тілінде *бақыт кілті, өнер бастауы* т.с.с. қалыптасқан тілдік метафоралар бар. *Мәңгілік ел, бақыт жолы, жарық өмір, тарих сахнасы, тарихи көпір* метафораларының орнығуына екі нәрсе негіз болуы мүмкін деп есептейміз. Біріншісі, бағдарламаның «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Прагматизм» бағыттарындағы жаңғыру көшінде өзге дамыған мемлекеттерге жұтылып кетудің алдын алу алғышарттары көрсетілген. Соның ішінде ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық салт-дәстүріміз, әдебиетіміз, музыкамыз, ақын-жазушыларымыз, жоралғыларымызды дәріптеу, жаңғырту, ұрпаққа аманаттау мен оның жойылмауына шаралар қолдану мәселелерін қамтиды. Сонымен қатар жеке тұлғаның дамуына кедергі келтіретін кертартпа мінездерден арылу, ысырапшылдық жасамау, бақытқа жетудің жолы ретінде қанағатшылдық, ұстамдылық, қарапайымдылыққа бой ұсынуды айтады. Идеологиялық дискурс сапасында қызмет еткен бағдарламалық мақала бақыттың жолы, мәңгілік елдің сақталуының алғышарты осы қасиеттер екендігін әлеуметтік топқа, дискурсқа түсушілер санасына сіңіру мақсатын көздеген және ол мақсаттың орындалғанына орныққан тіл бірліктері дәлел. Екіншісі, ұлттық танымда мәңгілік ел саясаты Түрік жұртының данагөйі Тоныкөк, жерұйық іздеген Асан қайғы, мәңгілік өмір философиясы – Қорқыт есімдерімен байланысты орныққан. Бұл бағдарлама сол идеяны жалғаған.

*Ұлттық код* «Ұлттық бірегейлікті сақтау» бағытына сәйкес, *тарихи көпір* метафорасы «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы», «Сананың ашықтығы» бағыттарының мазмұнына сәйкес жасалған.

Тіл-тілде метафораның екі түрі кездеседі. Бірі – тілдік метафора, екіншісі – поэтикалық метафора. Тілдік метафора – тілде бұрыннан жасалып, әбден орныққан, мән-мағынасы елдің бәріне түсінікті метафора. Оны тұрақты

метафора немесе дәстүрлі метафора деп атап жүр. Тұрақты метафораларға жалпы халықтық сипат тән. Мысалы, *таудың етегі, үстелдің аяғы, сөз астары, көңіл кірі* [108]. Осы анықтамаға сәйкес «Рухани жаңғыруға» байланысты орныққан метафоралар тілдік метафоралар. Олардың мағынасы түсінікті, тілімізде бар сөздерге балау негізінде пайда болған.

«Рухани жаңғыру» поэзияда *үміт, ата-баба аманаты* ретінде метафораланған.

«Рухани жаңғыру» – сәт қой ол сауапты,

«Рухани жаңғыру» – *үміттің ақ ордасы.*

...Бұл жаңғыру – жанашылдық нышаны,

Бұл жаңғыру – ата-баба арманы. Фариза Бейсенбекова (Рухани жаңғыру - Фариза Бейсенбекова - Өлеңдер - Bilim - All bilim-all/olen/ 13.11.2018).

...Алыстардан жылдам ақпар алдырып,

Жапан түзде төтеден жол салдырып.

Арзанға емес, асылдарға ынтығып,

Ел болайық, *рухани жаңғырып.*

Даму үшін *рухани жаңғырып,*

Болу үшін отыз елдің алды нық

Бірлік, білім ұстап білсек тізгінін

Сонда ғана ел боламыз Мәңгілік! Ярослав Сверчков (Рухани жаңғыру - Ярослав Сверчков - Өлеңдер - Bilim - Allbilim-all/olen/ 09.11.2019).

Бұл жаңғыру – өрге бастау ұлтымды,

Бұл жаңғыру – төрге бастау ғұрпымды.

Ұлттық кодым – менің ұлттық құлпым,

Кім көрінген қолды етпесін кілтімді.

*Бұл жаңғыру – ұлыларды ұлықтау,*

Ұлы Абайдың даналығын ұмытпау...

Бұл жаңғыру – кемелденіп жаңғыру,

Кеуде соққан күллі әлемді таң қылу. Серік Сейітман (Серік СЕЙІТМАН: Рухани жаңғыру – Ұлттың Ұлы Мұраты! (adebiportal.kz)bilim-all/olen/ 09.11.2019).

Тілдік метафоралардың грамматикалық сипаты – изафеттік тіркес.

Изафет метафораға жақын құбылыс. Ол да балау негізінде туындайтын тілдік бірліктер. Изафет дегеніміз – зат есімдердің өзара тіркесінен құралған анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің ерекше бір түрі [109]. Изафетке меншіктілікті білдіретін еркін тіркестер жатады. Изафетке тән белгілер: 1) матаса байланысқан еркін тіркестер; 2) бағыныңқы және басыңқы сынарының зат есімдерден жасалуы; 3) сынарларының арасында анықтауыштық, меншіктік қатынастың болуы. Изафет құбылысын ғылыми айналысқа қосқан түрік тілінің маманы С.С. Майзель [110]. Оның пікірінше, изафеттің үш түрлі типі болады: 1) ілік жалғаулы зат есім мен тәуелдік жалғаулы зат есімнің тіркесуі арқылы жасалған (мысалы, малдың азығы); 2) ілік жалғауынсыз зат есім мен тәуелдік жалғаулы зат есімнің тіркесуі (мысалы, мал азығы); 3) ешбір жалғаулықтарсыз байланысқан түбір зат

есімдердің тіркесуі (мысалы, мал азық). «Рухани жаңғыру» концептісіне қатысты төмендегідей изафет тіркестер орныққан. Олар «Рухани жаңғыруды» ұлттық құндылықтармен сабақтастыру негізінде қалыптасқан. Мысалы, *ақындар өлеңі, қазақ ауылы, халық әндері, қазақ баласы, жан тазалығы, ұлттың айнасы, елбасы бастауы, елбасы саясаты, ой еркіндігі, сөз байлығы, ұрпақ сабақтастығы, ұлт бірлігі, ұлт санасы, елбасының жолдауы, құс бейнесі, қазақ тарихы, еріктілер жылы, заман ағымы, елбасы жолдауы, тарих бейнесі, тарих тағылымы, дағдарыс циклдары*. Бұл изафеттер қазақ ұлтының танымындағы ұлттық құндылықтарға байланысты түсініктер әрі *ұлт бірлігі* тәуелсіздікті бағалау мен оны қадірлеуден туындаған. Елбасы лексемасымен тіркескен үш изафет «Рухани жаңғыруды» қарама-қарсы екі түрлі қабылдаудың нәтижесінде туындаған. «*Елбасы бастауы*», «*елбасы жолдауы*» деп жағымды бағалауыштық мәнде қабылданса, «*елбасы саясаты*» деп ел мүддесіне негізделген бағдарламаны жеке ел басқарушының меншігіне телиді.

Зерттеу барысында жүргізілген сауалнама нәтижелерін салыстырмалы талдау барысында біз мынадай жайтты аңғардық: 2019 жылы респонденттердің 80% «рухани жаңғыруды» жалаң сөз немесе сөз тіркесімен сипаттаған. Мысалы, *бағдарлама, жоспар, елбасы жоспары, мақала* т.б. 2020-2021 жылдары алынған сауалнама қорытындысы бойынша респонденттердің 80% «Рухани жаңғыру» концептісін күрделі сөз тіркестерімен және жай сөйлемдермен, ішінара құрмалас сөйлемдермен анықтаған. Мысалы, *халқымызға рухани жол көрсететін нақты бағдар, жаңа тарихи кезеңге аяқ басу, дені сау, саналы, білімді ұрпақтың гұмыры, дамыған 30 елдің қатарына қосылу, елдің, ұлттың жаңа талапқа сай саналы түрде жаңғыруы, ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой*. 2020-2022 жылдары алынған респонденттер жауабында бағдарламалық мақаланың негізгі тірек сөздері жиі қолданылғандығы, бағдарлама мазмұнына лайық жеке пікірі қалыптасқандығы, оны рухани құндылықтармен байланыстыра суреттеуі аңғарылды. Бұл түсінік респонденттердің *тарихи ескерткіштердің дәріптелуі, ұлттық дәстүрдің жаңғыруы, білімінің салтанат құруы, қоғамдық сананы жаңғыртуға арналған идея, ұлттық мәдениеттің сақталуы, қазақ елінің тарихы, ұлттық салт-дәстүрдің әлемдік деңгейде танылуы, адам баласының ішкі әлемінің жаңаруы* дискурстық бірліктерінен көрінеді. Мұнан шығатын қорытынды: салыстырылған әр жылдардағы сауалнама нәтижелері «Рухани жаңғыру» концептісінің орнығуы жоспарлы, мақсатты жүргізілген, ұйымдастырылған сөз әрекеті нәтижесінде қалыптасқан.

«Рухани жаңғырудың» жаппай көрнекі ақпарат құралдары арқылы, бұқаралық ақпарат негізінде, интернет желілері арқылы жаппай насихатталуы «Рухани жаңғырудың» актив қолданысқа түсуіне, адресанттардың «мәтін кітапханасында» белгілі бір деңгейде ақпараттың қалыптасуына ықпал етті.

«Рухани жаңғырудың» концептуалдық бейнесі фреймдер арқылы көрінеді. Фрейм теориясының қалыптасуына М. Минский, Ч. Филлиор, Дж. Лакофф және басқа да батыстық ғалымдар үлкен қосқан. Білімді қабылдаудың фреймдік моделі М. Минскийдің теориясына негізделеді.

«Фреймдік модель шындықты адам жадында орналастырады, ол адам жадының психологиялық моделін танытады. Фреймдік модель шындықты адам жадында бұған дейін қалыптасқан фреймдермен салыстыруға негізделеді және әрбір фреймдік құрылым шындық дүниеден алынған ақпараттардың жадыдағы концептуалдық нысандарымен тығыз байланысты» [111]. Н. Уэли М. Минскийдің «фрейм – стереотипті сананың ой бейнесі» деген анықтамасына сүйеніп, фреймдік құрылымның негізгі белгісі – «санадағы бұрыннан тіркелген стереотип ситуациясы және оның бұрыннан аталып қойған екінші таңбасы, тілдік таңбасы» деп анықтап, ол фразеология және метафора арқылы вербализациялатынын айтады [111, б. 66]. «Рухани жаңғыру» концептісінің вербалдануындағы *ел дамуының баспалдағы* метафоралық дискурстық бірлігін фрейм деп тануға болады. Баспалдақтың «Рухани жаңғыруға» балама ретінде алынуына екі объектіге де ортақ сипат «жоғары қарай көтерілу» негіз болып тұр. Келесі фрейм – *кемел келешек кілті*. «Рухани жаңғыру» концептісінің адресант танымында «кемел келешек кілті» образды құрылымға айналуына бақыттың кілті, арманның кілті, ғылымның кілті секілді қалыптасқан дискурстық құрылымдармен қатар бағалы нәрсенің құлыпта тұратындығы, оны ашу құралы кілтпен байланыстыру стереотипі тұр. *Болашаққа бастар жол, болашаққа нық қадам* фреймінің таңбалануына «Рухани жаңғыруды» болашақпен сабақтастыру, оған барар жол – санадағы қадам, жол – стереотипіне тағандалған. *Тарих толқыны* фреймі «Рухани жаңғыруды» қоғамдағы өзгеріс, оны қолдаушылар мен сынаушылар арасындағы әр қилы көзқарастармен сабақтастыру нәтижесі. Яғни санадағы толқынның стереотипі өзгерісі тербеліс – «Рухани жаңғыру» *тарих толқыны* дискурстық бірлігі ретінде образдық құрылымда таңбалауға негіз болды.

Қорытындыласақ, «... жеке сөз арқылы нақты ұғым түсініледі, ал тілдік тұлғаның қолданысында дүниені тану, қабылдау ия сезіну, тұтастану (концептуалдану) нәтижесіндегі символ немесе бейнелі сөз арқылы іске асатын концепті ұлттық ділден тамырын үзбейді, жалғастырады, кеңітеді т.б. Таратып айтсақ, концептілер – индивидтің я элеуметтік топтың ойлау ерекшелігі мен іс-әрекет тәртібін сипаттайтын когнитивтік және стереотиптік ұстанымдар жиынтығы. Олардың этномаркерлік мазмұнының статикалық күйден динамикалық сипатқа ауысып, коммуникативті әрекет жүйесіне енуі мәтін кеңістігі арқылы жүзеге асады» [112]. Біз сауалнама жауаптарын талдау арқылы «Рухани жаңғыру» концептісінің негізгі мағыналық ұғымдарының өзегі *рух* лексемасы екендігін анықтадық. Концептінің лексика-семантикалық өрісінің шартына сәйкес тірек атаумен – өзек – барлық шеткері аймақтың лексемалары тікелей байланысады. «Рухани жаңғыру» концептісінің өзегі мен лексика-семантикалық шеңбер қабаттарының өзара мағыналық байланысы тығыз орныққан. «Рухани жаңғыру» концептісінің бірінші қабаты өзекпен рухтың танылуы, таңбалануы, рух сөзіне телінген тіркестер арқылы байланысса, екінші қабаты рухты жоғары бағалау сипатынан туындайтын ұлттық құндылықтар мәнін ашатын лексемаларымен тоғысады. Шеңбердің сыртқы қабаты өзекпен, бірінші және екінші қабаттарымен осы құндылықтарды насихаттау, жаңғырту



құралы – «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» – бағдарламалық мақаласының негізінде пайда болған лексемалар арқылы байланысады. «Рухани жаңғыру» концептісіне қатысты атаулардың арасындағы туыстық байланыс: тікелей байланыс (тік), екіншісі – жанама (көлденең) байланыстан тұрады. Тікелей байланысқа өзек – *рухқа* қатысты ұғымдар негізінде анықталса, жанама байланыс «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» – бағдарламалық мақаласы мен *рухқа* қатысты сипатталған лексемалары арқылы көрінеді. «Рухани жаңғыру» концептісінің семантикалық өрісіне енетін лексикалық бірліктер түбір сөздер мен сөз тіркестері түрінде келеді. «Рухани жаңғыру» концептісінің лексика-семантикалық тобының лексикалық бірліктерінің бәріне ортақ, оларды байланыстыратын семантикалық белгі: *рух, рухты жаңғырту, ұлттық код, бағдарлама*. Семантикалық өріске енетін сөздердің барлығының мағынасы тірек сөзбен байланысты. Зерттеу барысында «Рухани жаңғыру» концептісінің парадигматикалық, синтагматикалық бірліктері, эмоциялық-бағалауыштық қабаты, концептінің тілдік метафоралары мен изафеттері анықталды. Эмоциялық-бағалауыштық қабатының жағымды мәнінің жағымсыз мәніне қарағанда басымырақ екендігі анықталды. Лексика-семантикалық өріс категориясы бойынша сын есімді лексика-семантикалық өріс – 25,73%-ды, етістікті лексика-семантикалық өріс – 8,72%-ды, зат есімді лексика-семантикалық өріс – 3,35%-ды, сан есімді лексика-семантикалық өріс – 2,25%-ды құрайды. «Рухани жаңғыру» концептісінің лексика-семантикалық тобын он екі тақырыптық топтарға жіктеп, жиілігіне қатысты пайыздық үлесін анықтадық. Респонденттер тарапынан актив қолданыста сипатталған «*Рух*», «*Ұлт*», «*Сана*», «*Тарих*», «*Қазақстан*» лексика-семантикалық топ лексемалары болды. Келесі тарауда біз «Рухани жаңғыру» концептісінің тілдік тұлғалар санасында ассоциациялануына талдау жасаймыз.

### **Екінші бөлім бойынша тұжырым**

Екінші тарауда қазақстандық идеологиялық дискурстың вербалдануы талданды. Ұран, үндеу мәтіндері қазақстандық идеологиялық дискурстың өнімі әрі құралы ретінде қарастырылды. Ұран, үндеу мәтіндерінің дискурстық әсерін анықтау мақсатында респонденттерден алынған сауалнамаға талдау жасалып, ұран, үндеу мәтіндерінің байласымы мен тұтасымы, дискурстық әсері анықталды. Ақтөбе облысының аудандары мен ішінара Ақтау, Алматы, Қызылорда, Орал, Астана, Шымкент қалаларынан жинақталған ұран, үндеудің тірек сөздері анықталып, қазіргі заманауи ұран, үндеулер мағыналық топтарға жіктелді. «Рухани жаңғыру» концептісінің когнитивтік 3 макромоделі мен логикалық модельдері айқындалды. «Рухани жаңғырудың» лексика-семантикалық өрісіне сипаттама берілді, парадигматикалық, синтагматикалық бірліктері, метафоралары, изафеттері, мағыналық топтары ажыратылды.

### 3 «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» КОНЦЕПТИСІНІҢ ТІЛДІК ТҮЛҒАЛАР САНАСЫНДА АССОЦИАЦИЯЛАНУЫ (ТӘЖІРИБЕ НЕГІЗІНДЕ)

#### 3.1 Ассоциативтік тәжірибе жүргізудің тәртібі мен әдістемесі

Ассоциативтік тәжірибе жүргізудің өзіндік тәртібі мен әдістемесі орныққан. Олардың тәртібі мынадай:

1. *Ассоциативтік тәжірибенің мақсаты мен міндеттері айқындалады.*

2. *Ассоциативтік тәжірибе үшін материалдар іріктеледі.* Бұл кезде зерттелетін тіл тасымалдаушысының мәдениетіне қатысты тірек сөздер тізімі жасақталады. Өйткені әлемнің тілдік бейнесі тірек концептілер жүйесінен құралады, олар әлемді түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тірек концептілер олардың инварианттарымен де, уәждерімен де байланысты болады. Көп сөздер мен айтылымдар мазмұнында көрініс табады. Халықтың көзқарасы, дүниетанымы, мінезі тілінде, оның ішінде лексикалық құрамында көрініс табады. Дегенмен лексикалық бірліктердің ұлттық дүниетаным мен ұлттық мінезден беретін хабары бірдей бола бермейді. Сондықтан әлемнің тілдік бейнесін білдіретін лексикалық топтарды былайша жіктеуге болады:

– кеңістік пен уақытты таңбалайтын сөздер, мысалы, қазақ танымында бұл қозы көш жер, сүт пісірім уақыт, қыр астында т.с.с;

– әмбебап философиялық концептілер қатарына жататын сөздер: шындық пен ақиқат, міндет пен парыз, еркіндік пен бостандық, адалдық т.с.с;

– көп мәдениетте бар, бірақ белгілі бір ұлтта ерекшелікке ие сөздер: пешене, рух, аяушылық т.б.;

– белгілі бір ұлттың өзіне ғана тән сөздер: кереге, босаға, түндік т.б.;

– сезім мен қарым-қатынасты көрсететін сөздер: құрдас, замандас, туыс, ағайын т.б.;

– белгілі бір іс не ниетті көрсететін сөздер: жиналу, тырысу, ұмтылу т.с.с.

Сондай-ақ бұл тұста белгілі бір мәдениетке тән сөздердің қолданылу жиілігі де есепке алынады. Ол үшін сол тілдегі сөздердің жиілік сөздігі басшылыққа алынады. Сөздікте аталған тіл сөздерінің тізімі мен сол сөздердің мәтіндерде қолданылу жиілігі көрсетіледі, соны зерттеуші назарға алады. Осыдан кейін тірек сөздердің сол тілдегі ассоциативтік сөздіктердегі мәліметі алынады. Яғни түрткі сөзге қанша реакция сөз берілгенін анықтайды. Сонан соң түрткі сөзді іріктейді, оны іріктеуде тәжірибеге қатысатын респонденттердің жас ерекшеліктері ескерілуі керек. Өйткені оқушылармен ассоциативтік тәжірибе жүргізілсе, олардың физиологиялық дамуы ескерілуі керек. Е.И. Горошко [113] түрткі сөздің саны 25-30 сөзден аспауы керек деп санайды. Сөз одан көп болса, респонденттердің жауап реакция беруі орындалмай қалады, зейіні жойылады, сондықтан да олар әйтеуір жауап берсем болды деген ұстанымды ұстанады. Түрткі сөздер санының осы шамада келуі, негізінен, орныққан. Сонымен бірге егер ассоциациялық тәжірибе жүргізуде бірнеше тілді салыстыру не салғастыру мақсаты қойылатын болса,

салыстырылатын түрткі сөздердің аударма мағыналарының сәйкестігіне де мән берілуі тиіс.

3. *Еркін ассоциациялық тәжірибе үшін сауалнама дайындау.* Сауалнама заман талабына сәйкес қазіргі кезде Google электронды формада, сонымен қатар дәстүрлі үлгіде жүргізіледі. Сауалнаманы зерттелетін бірнеше тілде құрастыра беруіне болады. Сауалнамада респонденттердің әлеуметтік лингвистикалық деректеріне арналған мәліметтер болады: жынысы, жасы, қолданатын тілі т.с.с. Одан кейін түрткі сөз беріледі. Респонденттердің жауап беру уақытына шек қойылмайды.

4. *Тәжірибеге қатысушыларды іріктеу.* Бұл жерде қатысушылардың жасы, жынысы, тілі, тәжірибенің орындалу шарттары айқындалады.

5. *Түрткі сөзге берілген реакция сөздерді талдау.* Ассоциациялық тәжірибе қорытындыларын талдау сандық және сапалық сипатта жүргізіледі. Сандық талдау түрткі сөздерге берілетін түрлі реакция санын және стереотипті реакциялар деңгейін байқатады.

Стереотипті реакцияларды анықтау, негізінен, А.А. Залевская [114] көрсеткен мынадай қатынаспен анықталады: алынған барлық реакциялардың жалпы санының ең жиі кездесетін үшеуінің қатынасына сәйкес келеді.

Г.А. Мартиневич [115] стереотипті реакциялар деңгейін анықтауға өзіндік формула ұсынады. Оның формуласында «жауап реакциялардың әртүрлілік коэффициенті» деген түсінік бар.

*Әртүрлілік коэффициенті мынадай формуламен анықталады:  $K_r = B : A$ . Мұндағы  $B$  – әр түрлі реакция саны,  $A$  – реакциялардың қолданылу саны. Коэффициент жоғары болған сайын, стереотиптік деңгей төмен болады, соған сәйкес, коэффициент төмен болған сайын реакцияның стереотиптік деңгейі жоғары болады.*

Г.А. Мартиневич ассоциативті реакцияларды «стереотипті» (жиі, стандартты) және «бір реттік» (жеке дара, стандартты емес) реакцияларға саралайды.

Сапалық талдау ассоциативтік өріс құрылымын айқындауға мүмкіндік береді.

Ассоциативтік реакцияларды дәстүрлі түрде синтагматикалық және парадигматикалық деп екі топқа жіктейді:

1. Синтагматикалық реакция деп предикаттық қатынасты көрсететін түрткі сөздің сөз табынан басқа сөз табына жататын ассоциация аталады: *бабалар мұрасы, жастар жылы* т.б.

2. Парадигматикалық реакция – түрткі сөз бен реакция сөз бір сөз табына тиесілі болатын ассоциация: *рухани даму, дәстүрді жаңғырту* т.с.с. Зерттеу қорытындысын анықтауда төмендегідей өлшемдер негізге алынады:

- алынған реакциялар саны;
- реакциялардың жиілігінің саны;
- парадигматикалық және синтагматикалық ассоциациялардың пайыздық қатынасы мен саны;
- респонденттер ассоциациялайтын сөздердің категориялары;

– алынған реакция сөздерді бұрыннан бар сөздермен салыстыру.

Біз зерттеуімізге сәйкес ассоциациялық тәжірибе жасауда осы айтылған тұжырымдарды негізге аламыз.

Халықтың тілдік санасы жекелеген индивидтердің тілдік санасынан құралады. Сол себепті тілдік сананы бұқаралық психолингвистикалық эксперимент арқылы белгілейді. Оның ішінде белгілі бір территориялық және геосаяси, әлеуметтік жағдайлары әр түрлі аумақтарда тәжірибе өткізу аймақтық ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұндай жағдайда зерттеу объектісіне түрлі әлеуметтік деңгейдегі, түрлі жастағы тілдік тұлғалар санасы алынады. Ал зерттеу пәніне еркін ассоциативтік тәжірибе нәтижесі жатқызылады. Еркін ассоциативті тәжірибе әдісін қолдану тілдік санадағы ашық және жасырын құндылықтарды ашуға да жағдай туғызады.

Тіл ғылымында еркін ассоциативті зерделеу үлгісі – Енисей жағалауындағы Сібір тұрғындарына жүргізілген еркін ассоциативті тәжірибе. Бұл кезде респонденттерге 2000 анкета таратылған, респонденттердің жасы да әр түрлі. Тәжірибе 2013-2017 жылдар аралығында жүргізілген. Соның нәтижесінде электронды мәліметтер базасына «Енисей жағалауындағы Сібір ассоциативтік электронды сөздігі» енгізілген [116].

Қазіргі кезде бұл электронды ассоциативтік сөздік ғылыми зерттеулерде талдаудың дереккөзіне айналып жүр.

*Менталды лексиконның өзегі немесе тілдік сананың өзегі дегеніміз – ассоциативті-вербалды байланыс жиілігі жоғары лексикалық бірліктер. Ассоциативті байланыс жиілігінің деңгейіне сай лексикалық бірліктер ішкі және сыртқы периферияға жіктеледі.*

Алайда қазақ тіл ғылымында мұндай дәрежеде дайындалған электронды деректер базасына енгізілген кері ассоциативтік сөздіктер жоқ.

Менталды лексиконның өзегі немесе тілдік сананың өзегі – ассоциативті-вербалды байланысының саны жағынан жоғары лексикалық бірліктер. Ассоциативті-вербалды байланысының саны жағынан төмен бірліктер шеткі қабатта көрсетіледі.

Ассоциативтік сөздіктегі лексикалық бірліктер арқылы базалық құндылық қалай белгілі болады?

Ассоциативті байланысы жағынан ең жоғары жиілікке ие бірлік – базалық құндылықты байқатады. Базалық құндылықтарды сипаттау үшін «реакциядан түрткіге» ассоциативтік өрісін талдау жүзеге асады.

Ассоциативтік тәжірибе жүргізілген кезде S – түрткі сөз беріледі, қатысушылар еш ойланбастан, сол сөзге қатысты ойына алғаш түскен сөзді (R – реакцияны) жазады. Осы арқылы танымдағы бейсаналық құрылым және оның мазмұнын құрайтын элементтердің (сөздер) өзара байланысы анықталады. Бұл спонтанды реакция сөздердің жиыны – ассоциативті өріс деп аталады.

Сөздің ассоциативтік өрісін зерттеуді немістің ғалымдары И. Трир мен В. Порциг бастаған. Кейіннен осы бағытта зерттеу жұмысын жүргізіп, ғалымдар бұл теорияны түрлі қырынан жетілдіріп, дамытты. Олардың кейбірі сөздің ассоциативтік өрісін парадигматикалық тұрғыдан (Трир, Гуденаф,

Лаунсбери), синтаксистік аспектісін (Порциг, Вейсгербер), грамматикалық аспектіде (Адмони), грамматикалық-лексикалық аспектісін (Гулыга, Шендельс), функционалды-семантикалық өріс тұрғысынан (Щур) зерттеді. Сөздердің ассоциативті өрісін зерттеп, теориясын дамытқан ғалымдар қатарына А.В. Бондарко, Л.М. Васильев, Ю.Н. Караулов, З.Д. Попова, И.А. Стернин, А.А. Уфимцева т.с.с. айтуға болады.

Ассоциативтік өріс нақты бір семантикалық құрылымды білдіреді. Ол өте кең ауқымда болса да, сол тіл иелерінің бәріне де түсінікті болады. Мұндай ассоциативтік өрістің өз дербестігі мен тұтастығы, реттілігі мен үздіксіздігі және динамикалық мәндік кеңістігі бар.

Ассоциативтік өрістің әрбір бірлігі сол кеңістіктегі көрші бірлікпен еркін байланысады. Ассоциативтік өріске әр түрлі сөз табына жататын, сөзжасамдық сипаты түрліше болса да, бір-біріне семантикалық жағынан байланысты сөздер жатады.

Ассоциативтік өріс семантикалық өріс терминімен байланысты. Психолінгвистикада семантикалық өріс терминінің мазмұнына қандайда бір лексемаға мәндік байланысы бар сөздер мен оның ассоциацияларының барлық жиынтығы кіреді. Осылайша тілдегі әрбір лексикон бір мезетте бірнеше өріске (лексика-семантикалық, сөзжасамдық, сөз түрленім) еніп, бірақ олар өзара байланысады, қиылысады. Әр сөзформа адам санасында сөйлеу кезінде қатар қолданылатын сөз не сөз тіркестерімен сабақтасып тұрады. Компоненттік талдауды және ассоциативтік тәжірибе әдісін сөздердің семантикалық өрісін сипаттау немесе талдау үшін қолданады.

Ассоциативтік тәжірибе қорытындысында алынған сөздер ассоциативтік өріс деп аталады. Ассоциативтік өріс терминін алғаш қолданып, ғылыми айналымға енгізген ғалым – Ш. Балли [117]. Ассоциативтік өрістің ерекшелігі оның жүзеге асуы үшін тәжірибеге саналы түрде түрткі сөздің таңдалатыны жоғарыда айттылды. Осы түрткі сөзге реакция сөздер ассоциаттар сөздің тек лексикалық мағынасын ғана бермейді, сол сөздің концептілік мәнін ашатын сөздер болып та есептеледі. Олар тең ассоциативтік мағынаны ғана емес, сөзге қатысты бағалаушытық және сапалық мағынаны да береді.

Ю.Н. Карауловтың айтуынша, ассоциативтік өріс – адамның вербалды жадының, яғни білімінің, грамматикалық және семантикалық қатынастың үзігі ғана емес, қандай да бір мәдениет өкілінің уәжі мен бағалауы, санадағы бейнелер үзігі. Ассоциативтік өріс динамикалық сипатқа ие, өйткені адамдар үнемі жаңа ақпараттар әсерінен сөз мағыналарын сана сүзгісінен өткізіп, жаңа мән беріп отырады. Сондықтан сөз мағыналарында өзгерістер, трансформациялар болады, олар коммуникация барысында белсенді жұмсалады, сол мәдениеттің өкілдеріне түсінікті болады [118].

Ассоциативтік өріс өз ішінде кіші өрістерді қамтиды. Ол өрістерге сөздер мағына ұқсастықтарына сай бірігеді. Ассоциативті топқа әр түрлі сөз табына жататын сөздер кіре береді. Ассоциация синтагматикалық (сөз тіркесі сапасында тіркесетін) және парадигматикалық (түрткі сөзбен жалпы ортақтығы бар, бірақ онымен сөз тіркесін түзбейтін) болып бөлінеді. Сондықтан

ассоциативті өрісті лексика-семантикалық топтың өзегі және перифериясы, яғни шеткері аймағы деп бөлеміз.

Ассоциативтік өрістің өзегіне бірден ойға келетін реакциялар, стереотиптер жатады. Периферияға, яғни шеткері аймаққа жиілігі жағынан аз қолданылған реакция сөздер жатады.

Ассоциативтік тәжірибе барысында лексикаға жасалған реакциялар жүйелі болады. Олай дейтініміз реакция түзуші тіл тұтынушысы не тілдік тұлға бұл сөздерді өздерінің коммуникативтік тәжірибесінде қолданып, әбден орныққандығын танытады. Оны реакция сөздерді тек бір респонденттің ғана емес, өзге де респонденттердің жаппай сәйкес беруі дәлелдейді. Сондықтан да ассоциативтік өрісті моделдеу мен ассоциативтік ойлауды моделдеу өзара байланысты болып шығады.

Субъектінің ассоциативтік реакциясы тілдік қабілеттің лексикалық компонентінің өзара байланысын анықтайды. Сол арқылы лексикалық мағынаның құрамдас бөлігі болып есептеледі. Түрткі сөзге берілген реакция сөз сол сөздің тілдегі «ізін» көрсетеді.

Ассоциативтік тәжірибе негізінде алынған реакция сөздер мағыналарын лексикографиялық мәліметтермен салыстыру жұмысы жүргізіледі. Зерттеушілердің негізгі дені ассоциативтік өрістегі сөз мағыналарының сөздіктегі тіркелген мағыналарына қарағанда кеңірек болатынын тұжырымдаған.

Ассоциативтік тәжірибе нәтижесінде алынған нәтижелерді талдау ең алдымен негізгі түрткі сөзбен реакция сөз мағыналарының жалпылығына қарап топтастырудан басталады. Сол арқылы ассоциативтік өріс құрылымы анықталады.

Ішкі тілдік талдау кезеңінде ассоциаттардың бар екенін растайтын фактілерге назар аударылады. Ол ассоциаттар лексикалық-вербалды желінің өзектілігін танытады. Соның негізінде лексика-семантикалық вербалды желі анықталады.

Екінші кезеңде алынған нәтижелер бойынша сандық талдау жасалады. Реакциялардың стереотиптік дәрежесі анықталып, түрткі сөзге берілген жиі қайталанатын реакция сөздер мен бір реттік кездесетін реакция сөздер ажыратылады. Жауаптар негізінде парадигматикалық және синтагматикалық ассоциациялар топтастырылады.

Стереотипті реакциялар бұл ассоциативтік тәжірибе нәтижесінде маңызды рөл атқарады. Стереотипті реакция дәрежелері екі көрсеткішпен анықталады:

1. Реакция сөздердің пайыздық үлесі қандай, үш не онан жиі кездесетіні.
2. Тәжірибе барысында түрткі сөзге жасалған реакция сөздердің орташа саны.

Ассоциативтік өріс өзегі болатын реакция сөздер сөздіктерде беріледі де, ал перифериядағы сөздер арнайы сөздіктерде тіркелмейді. Өйткені мұның алғашқы өзек мағыналары анық, тура мағыналар болса, перифериядағы реакция

мағыналары имплицитті, қосымша мәнге ие, олар көбінесе ауыспалы мағыналар болып есептеледі.

Ассоциативті тәжірибе, негізінен, сөз мағыналарының психологиялық құрылымын тануға мүмкіндік береді. Қандай сөз болсын, тілдік тұлға санасында дербес өмір сүрмейді, ол қалайда өзге сөздермен ассоциативті байланыс негізінде тілдік санада орнығады. Егер сөздің ассоциативтік байланысы әлсіз болғанда, оның коммуникациядағы қолданысы да бәсең болады.

Түрткі сөзге ассоциативтік тәжірибе жасау барысында тілдік тұлғаның немесе белгілі бір мәдениет өкілінің танымдық үдерісі (жалпылауы, талдауы, жинақтау, салыстыру, қарама-қарсы қою, елестету, бағалау т.с.с.) түгел қатысады. Ол ақпаратты кодтау мен декодтауға ат салысатынын көрсетеді. Сондықтан да ассоциативтік өріс адамның дүниетанымын, қоршаған ортаға көзқарасын танытатын модель деп есептеледі. Ассоциативтік тәжірибе жүргізу негізінде зерттеуші тілдің табиғатына сүйеніп, ұлттық ерекшеліктерді анықтауға негіз болатын бай материал иеленеді.

«Түрткіден реакцияға» ассоциативті өрісін талдау арқылы тілдік тұлғалардың ассоциативтік портретін, келбеті жасалады.

«Реакциядан түрткіге» ассоциативтік өрісін талдау тілдік сананың терең құрылымын, сол реакцияны туғызған ассоциативтік байланыстар спектрін тануға мүмкіндік береді.

«Рухани жаңғыру» сөзінің ассоциативті өрісін екі тәсілмен де анықтадық. Тәжірибе нәтижесі арнайы тарауда талданады.

Әдетте ассоциативтік өрісті семантикалық өріске ұқсас деп түсінуге болады. Мәні бойынша жақын, бірін-бірі анықтайтын, шындық элементтерінің (заттың, нысанның, үдерістің, қасиеттің т.с.с.) бір-біріне тәуелділігі мен байланысын көрсететін сөздер жиынтығы деп айтуға болады. Сондықтан олар әр түрлі сөз таптарымен – зат есім, сын есім не етістік – бола береді. Әр семантикалық өріс семантикалық өзекке ие болады, семантикалық өзек деп отырғанымыз – нақты түсінік, оны архилексемалық өріс деп те атайды, оның айналасына орталық және шеткі лексемалар өрісі түзіледі [113, с. 53-60].

Түрткі мен реакцияның ассоциативтік өрістегі байланысы түрліше қырынан алынады: формалық, семантикалық, прагматикалық, мәдени және психологиялық [119].

Біз келесі тараушада осы тәжірибе жасау әдістемесіне сүйеніп, «Рухани жаңғыру» концептісінің тілдік тұлғалар санасында ассоциациялануын талдаймыз.

### **3.2 Қазақстандықтардың тілдік санасындағы «Рухани жаңғыру» концептісінің ассоциативтік өрісі**

Жалпы психолінгвистикалық аспектідегі тұжырымдарға сүйеніп, тұлғаның санасында «Рухани жаңғыруға» қатысты қалыптасқан түсініктердің құрамдас компоненттері болады деп айта аламыз. Оған адамның рухани құндылықтары жатады.

«Рухани жаңғыру» түсінігінің құрылымына «рухты жаңғырту» фреймі енеді. Осы фрейм құрамында бос орындар болады. Ол орындарды «рух» немесе «жаңғыру» түсінігінің түрлі деңгейдегі мәні анықтайды. Бұл деңгейлерді былайша топтастыруға болады:

- 1) когнитивтік деңгей, бұл әлем туралы білім жүйесі;
- 2) уәждік деңгей, жеке тұлға әрекеттерінің түрткі, уәждері;
- 3) моралдық-бағалауыштық деңгейі, бұл деңгейде тұлғалардың құндылық жүйесі анықталады;
- 4) эмоционалды деңгей, белгілі бір эмоцияның ықпалы.

Бұл деңгейлерді анықтау ассоциациялық тәжірибе нәтижесінде алынған реакция сөздердің жиынтығынан, басқаша айтқанда, «Рухани жаңғыру» сөзінің ассоциативтік өрісінен танылады.

Ол үшін *ассоциативтік тәжірибенің мақсаты мен міндеттері айқындалды*. Ассоциативтік тәжірибенің мақсаты – қазақстандықтардың тілдік санасындағы «Рухани жаңғыру» сөзінің ассоциативтік өрісін анықтау. Ол үшін «Рухани жаңғыру» тіркесін «Рухтың жаңғыруы» фреймінің құрамдас бөлігі сапасында қарастырамыз.

Қойылған мақсатқа сай төмендегідей міндеттер анықталды:

1. Қазақстандықтардың тілдік санасындағы «Рухтың жаңғыруы» фреймінің құрылымын, ассоциативтік өрісін анықтау үшін сауалнама өткізу.
2. Алынған нәтижелерді лексикалық, психолингвистикалық, сандық және сапалық талдау әдісімен бағалау, зерделеу.
3. «Рухани жаңғыру» түсінігінің психолингвистикалық құрылымдық моделін құру, сол арқылы ассоциативтік өрісін анықтау.

*Ассоциативтік тәжірибе үшін іріктелген мен материалдар*. 10-75 жас аралығындағы әр түрлі әлеуметтік топ өкілдері (3000 респондент) қатысқан, 2019, 2020, 2021, 2022 жылдары жүргізілген сауалнаманың «*Рухани жаңғыру*» сіздің санаңызда немен бейнеленеді?, «*Рухани жаңғыруға*» қатысты қалыптасқан тілдік бірліктер мен тіркестер деген сұрақтарының нәтижесі алынды.

1-қадамда. Біз «Рухани жаңғыру» сөзінің ассоциативтік өрісін «Қазақша ассоциативтік сөздіктен» қарастырдық. Бірақ аталған сөздіктегі ассоциациялық тәжірибеге ұсынылған стимул сөздердің қатарында «Рухани жаңғыру» сөзі берілмеген. Сондықтан да біз «стимулдан реакцияға» бағытындағы өз мақсатымызға сай талдау жасай алмаймыз. Керісінше бағытта, яғни «реакциядан стимулға» бағытында талдау жасауға тырыстық.

Зерттеу барысында мынадай нәтижелер көрінді. Жауап берушілер «Рухани жаңғыруға» 705 реакция сөз жазған. Біз талдауға кездесу жиілігі 3-тен жоғары реакция сөздерді ғана енгіздік:

1. «Рухани жаңғыру» реакция сөз қатарында 47 рет көрінеді.
2. «Рухани жаңғыру» сөзі реакция сөз сапасында төмендегідей стимул-сөздер өрісінде кездеседі (9-кесте).



Кесте 9 – «Рухани жаңғыру» сөзінің реакция сөз сапасында стимул сөздер өрісінде кездесуі

Реакция сөз	Кездесу жиілігі	Жасы	Әлеуметтік дәрежесі
1	2	3	4
Болашаққа бағдар	122	18, 19, 22, 23, 26, 28, 34, 14, 15, 39	Студент, журналист, оқушы, психолог
Салт-дәстүр	110	12, 17, 18, 19, 27	Студент
Қыран құс	109	11, 13, 14, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 28, 33, 39, 45, 47, 48	Студент, оқушы, мұғалім, мемлекеттік қызметкер
Ұлттық код	107	16, 18, 19, 20, 21, 26, 37, 13, 38, 43, 48	Мұғалім, студент
Даму	79	16, 17, 19, 20, 21, 22, 27, 38	Оқушы, мұғалім, студент, жұмыссыз
100 жаңа есім	67	18, 19, 20, 25, 53	Студент, мұғалім, бала күтіміндегі ана, оператор
Ұлттық сана	65	11, 13, 14, 17, 18, 19, 20, 21, 33, 32, 39, 44, 45, 50, 55	Студент, оқушы, мұғалім, үй шаруасындағы ана, кітапханашы, мемлекеттік қызметкер
Мәңгілік ел	53	12, 13, 14, 17, 18, 19, 20, 23	Оқушы, студент, журналист, зейнеткер
Қазақ тарихы	51	12, 14, 17, 20	Оқушы, дәрігер
Бүркіт	47	16, 17, 18, 19	Оқушы, студент
Рухани жаңғыру	47	18, 19, 20, 21, 61	Студент, құтқарушы
Тарих	47	18, 19, 20, 21, 61	Студент, мұғалім, зейнеткер
Ұлттық құндылық	44	17, 18, 19, 25	Студент, мұғалім
Бәсекелестік қабілет	44	10, 17, 18, 19, 21, 22, 33	Эколог, студент, қызметкер, мұғалім
Болашақ	39	14, 17, 18, 11, 15, 20	Оқушы, студент, банк қызметкері, мұғалім
Құс	38	17, 18	Студент
Білім	34	11, 18	Оқушы, студент, мұғалім, зейнеткер
Мәдениет	31	14, 17, 19, 20, 21, 23, 27	Оқушы, студент, мұғалім, мемлекеттік қызметкер, дәрігер
Жаңашылдық	31	17, 21, 38, 39, 40, 48	Студент, әнші, мұғалім, мәдениет қызметкері
Тәуелсіздік	29	18, 19, 50	Мұғалім, студент
Патриотизм	28	18, 19, 23, 25, 40, 42	Мұғалім, студент, декреттегі ана, тарихшы, бағдарламашы, кәсіпкер
Ұлт	26	16, 17, 23	Оқушы, студент, мұғалім
Латын әліпбиі	25	11, 17, 18, 19, 22, 50	Оқушы, мұғалім
Мемлекеттік тіл	24	12	Оқушы
Тіл	22	19, 20, 34	Студент, жұмыссыз, мұғалім
Кітап	22	18, 19, 42	Студент, жұмыссыз, мұғалім

9-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Жаңғыру	22	18, 19, 33, 42	Студент, мұғалім, зейнеткер
Жаңару	21	17, 18, 38	Студент, мұғалім
Прагматизм	20	18, 19, 23, 40	Студент, мұғалім
Әдебиет	19	17, 18, 19	Студент, мұғалім
Қыран	17	16, 17, 19	Оқушы, студент
Цифрлы Қазақстан	17	17, 18, 19, 20, 35, 37, 39	Студент, дәрігер, заңгер
Жаһандану	16	19, 30	Студент, банк қызметкері
Құндылық	16	16, 20, 53, 70	Оқушы, студент, зейнеткер
Рухани даму	15	18, 20	Студент
Елтаңба	13	12, 13, 14, 42	Жұмыссыз, оқушы
Жолдау	12	53, 63, 74	Мемлекеттік қызметкер, зейнеткер
Жарқын болашақ	12	12, 13, 14, 42	Қызметкер, оқушы
Дамыған ел	12	20, 21	Студент
Қазақ тілі	11	12, 13, 14	Оқушы
Әдет-ғұрып	9	12, 18, 21	Оқушы, студент
Еркіндік	9	16, 18, 19	Оқушы, студент
Қазақ	9	14, 17, 42	Оқушы, мұғалім
Білімді ұрпақ	9	10, 18, 20, 21, 23, 40	Мұғалім, студент, қызметкер, жұмыссыз
Жаңа заман	9	10, 18, 20, 21, 23, 40	Оқушы, мұғалім, студент, қызметкер, жұмыссыз
Дамыған стратегия	9	10, 18, 20, 21, 23, 40	Оқушы, мұғалім, студент, қызметкер,
Ұлы дала	9	18, 19, 61, 50, 48, 33, 45,	Оқушы, студент, зейнеткер
Елбасы	9	61, 50, 48	Мұғалім, зейнеткер
100 жаңа кітап	8	19	Студент
Ту	8	14,15,16	Студент
Шаңырақ	8	12, 18, 21	Оқушы, студент
Киіз үй	8	16, 20, 53, 70	Оқушы, студент, зейнеткер
Ұлттық болмыс	7	18, 19, 61, 50, 48, 33, 45, 48	Студент, мұғалім
Бірлік	7	17, 18, 19	Студент, мұғалім
Мәдени мұра	7	16, 18, 19	Оқушы, студент
Бірегейлік	7	17, 19	Студент
Ескерткіштер	7	17, 18, 22, 42	Студент, мұғалім, жұмысшы
Жаңа технология	7	17, 18, 19	Студент, мұғалім
Мақала	7	17,18	Студент
Жақсы	7	17, 18, 19	Студент, мұғалім
Адамгершілік	7	17, 18, 19	Студент, мұғалім
Жаңа бастама	7	18, 82	Студент, зейнеткер
100 жаңа оқулық	6	19	Студент
Тәрбие	6	16, 17, 19, 46	Оқушы, студент, үй шаруасындағы әйел

9-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Ұлттық рух	6	13, 14, 17, 59, 17, 49	Оқушы, студент, мұғалім
Жастар	6	18, 19	Студент
Қазақстан	6	14, 16, 17, 18, 24, 43	Студент, мұғалім, қызметкер
Қыран бүркіт	6	18, 19, 50	Студент
Биікке самғаған құс	6	17, 25	Студент, дәрігер
Жеті ата білу	6	15, 16	Оқушы
Мемлекет	6	17, 19, 30, 45	Мұғалім, студент
Дін	5	19	Студент
Туған ел	5	17, 19, 22, 35	Студент, жұмысшы, дәрігер
Жеті ата	5	15	Оқушы
Тілдік бірлік	5	16, 17, 19	Оқушы, студент
Үш тіл	5	19, 20, 21, 27, 39	Студент, үй шаруасындағы әйел, дәрігер
Гүлдеген	5	18, 40	Студент, жұмысшы
Ашық аспан	5	18, 19, 20	Студент
Салт-сана	5	16, 17, 18	Студент
Озық технология	5	17, 18, 21	Студент
Жаңа идеялар	5	18, 19, 43, 44	Студент, үй шаруасындағы әйел
Ұлттық салт-дәстүр	5	14, 17, 18, 19, 20	Студент, оқушы
Дамыған мемлекет	5	13, 18	Оқушы, студент
Жаңа жоба	5	12, 13, 19	Оқушы, студент
Ұлттық жаңғыру	5	19, 20, 42	Студент, менеджер
Домбыра	5	34, 49	Мұғалім
Жан жақты дамыған мәдени Қазақстан	5	17, 18, 21	Студент
Бәсекелестік	5	18, 19, 45, 60	Студент, зейнеткер, жұмысшы
Елу жылда ел жаңа	5	21, 26, 46, 58, 65	Мемлекеттік қызметкер, мұғалім, студент, зейнеткер
Ой сананың кемелденуі	5	17, 18, 21	Студент
Көк ту	5	12, 14, 18, 20, 49	Оқушы, студент, балабақша қызметкері
Ұлттық салт-сана	5	18, 19	Студент
Ұлт жаңғыруы	5	18, 20	Студент
Ұлттық тәрбие	4	12, 14, 18, 49	Оқушы, студент, үй шаруасындағы ана
Ұлттық бірегейлікті сақтау	4	19	Студент
Ұлттық салт-дәстүр	4	14,16	Оқушы
Елбасының жолдауы	4	15, 18, 19, 21, 74	Студент, мұғалім, зейнеткер
Ұрпақтар сабақтастығы	4	24	Мұғалім
Ел	4	18, 20	Студент
Ұлттық тәрбие	4	18	Студент

9-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Ұлтшылдық	4	19	Студент
Бабалар мұрасы	4	12	Оқушы
Бағдарламалық мақала	4	37	Жұмысшы
Егемен Қазақстан	4	14, 17	Оқушы, студент
Бәсекеге қабілеттілік	4	18, 28, 39	Студент, мұғалім
Жастар жылы	4	18, 21, 63	Студент, мұғалім, зейнеткер
Өркениеттілік	4	20, 22	Студент, мұғалім
Рухани баю	4	17, 18, 19	Студент
Саналы ұрпақ	4	14, 19, 20, 23, 39	Студент, мұғалім, жұмысшы
Рухани жаңғыру кезеңі	4	18	Студент
100 нақты қадам	4	19, 20	Студент
Сананың кемелденуі	4	18	Студент
Сананың ашықтығы	4	16, 22	Оқушы, жұмысшы
Болашаққа бастар жол	4	17, 18, 21, 41	Студент, үй шаруасындағы ана
Мәңгілік ел мұратына нақты бағдар	4	14, 18, 19, 22, 26	Студент, мұғалім
Жеті жарғы	4	17,18	Студент
Рухани байлық	4	19, 45	Студент, қызметкер
Рухани	3	20	Студент
Дәстүр	3	17, 19, 31, 34, 48	Студент, мұғалім
Сананы жаңғырту	3	18, 19, 21, 42	Студент, мемлекеттік қызметкер
Эволюциялық даму	3	18, 19, 21, 26	Студент, дәрігер, есепші
Кешендену	3	17, 18	Студент
Жастар	3	16, 19	Студент
Әлемнің жаңғыруы	3	18	Студент
Көркейген	3	18	Студент
Қазақ тілінің мәртебесін көтеру	3	19, 25, 30	Студент, оқытушы
Дамыған мемлекет	3	12, 17, 18, 21	Оқушы, студент
Отан	3	20, 36, 37, 41	Студент, мұғалім, кадр жөніндегі маман
Руханият	3	12, 19, 28	Оқушы, мұғалім
Жарқыраған күн	3	19, 29, 48	Студент, жұмысшы, бала күтімінде
Еңбек	3	16	Оқушы
Мақала	3	15, 18	Оқушы, студент
Еркін	3	18, 21, 65	Студент, мемлекеттік қызметкер, зейнеткер
Сауаттылық	3	23	Мұғалім
Қалалар	3	18	Студент

9-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Халық	3	39	Дәрігер, жұмысшы
Бейбітшілік	3	20, 22	Студент, жұмысшы
Ұлттық құндылықта рымызды ұмытпай, жаһандық жаңашыл дыққа жетелейтін жол	3	18, 40, 50	Студент, мұғалім
100 кітап	3	19, 20	Студент
Ұлттық киім	3	18, 22	Студент, жұмысшы
Өркениет	3	18, 19, 40	Студент
Жаңа өркениет	3	18	Студент
Өзгеріс	3	18, 19, 63	Студент, зейнеткер
Назарбаев	3	12, 18, 19, 62	Оқушы, студент, зейнеткер
Зайырлы Қазақстан	3	12, 21	Оқушы, студент
Жаңару жолы	3	39	Мемлекеттік қызметкер
Болашақ бағдар	3	15, 16, 18	Оқушы, студент
Ана тілі	3	11, 17, 22	Оқушы, студент
Алға, Қазақстан	3	19	Студент
Әдеби мұра	3	17, 23, 63	Студент, зейнеткер
Мақсат	3	19	Студент
Жаңа түсінік	3	15	Оқушы
Қазақстан 2030	3	17	Студент
Атамекен	3	37	Дүкенші
Табысты ел	3	18, 19	Студент
Рухани жаңғыру – салт-сананы жаңғырту	3	18, 19, 40	Студент, мемлекеттік қызметкер
Көк ту	3	18, 19, 40	Студент, мұғалім
Рухани жаңғыру – әлемнің жаңғыруы	3	18, 19, 40	Студент, үй шаруасындағы ана
Елбасының бастауы	3	18, 19, 40	Студент, мұғалім, құрылысшы
Орыс тілі	3	12,14	Оқушы

2-қадамда сауалнама жауаптарына сүйеніп, қазақстандықтардың тілдік санасындағы ассоциациялық-вербалды жүйедегі «Рухани жаңғыру» концептісінің ассоциациялық өрісін былайша модельдеуге болады:

Парадигматикалық реакция (синонимдер): *рухани даму, жаңғыру, ұлттық рухани баю, рухани тоғысу, рухани өсу, ұлттық рухты жаңғырту, рухты көтеру, рухтың қалыптасуы, дәстүрді жаңғырту;*

Идентификацияландыратын (жалпыландыратын) реакция: *жаңғыру, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, сатылы даму, үш тілді жетік меңгеру, саяси жаңғыру, озық ойлау, өзгеру, өркендеу, қарқынды даму, латын әліпбиіне көшу, зерек тұлға тәрбиелеу, ұлттық рухты жаңғырту, саналы жаңғыру, 30 дамыған елдің қатарына кіру, әділдік орнату, адамның дамуы, біліммен ерекшелену, даму, алға қадам басу, кемелдену, өсу, еліміздің дамуы;*

Синтагматикалық реакция: жағымды бағалау: *бағдарламалық мақала, болашаққа бастар жол, ел мұратына нақты бағдар, болашаққа бағдар, елбасы бастауы, ел дамуының баспалдағы, жаңа бастама, болашаққа нық қадам, өзгеріс, саяси реформа, кемел келешек кілті*; жағымсыз бағалау: *кезекті бір бағдарлама, елбасының жолдауы, болашаққа мың қадам, Н.Ә. Назарбаев жолдауы*.


Мәдени ассоциация: *жаңа идея, басқа ұлтпен қарым-қатынас орнату, экономикалық жаңғыру, адамдар арасындағы бірлік,ынтымақ, достық*.

Тарихи ассоциация: *тарихқа тағылм, тарихи бағдар, ұлт тарихы, ел тарихы, тарихи жәдігерлер, тарих санасы, өткен тарих беттері, тарих толқыны, тарих толқынына биік қадам, тәуелсіз Қазақстанның тарихи ұстанымы, тарихнама, тарихи бағдарлама*.

Уақытқа қатысты ассоциация: *рухани жаңғыру кезеңі*.

Респонденттердің жауаптарына сүйеніп, «Рухани жаңғыруға» берілген реакция сөздер елдің дамуына әсерін танытатын, Қазақстанды бейнелейтін, оның болашағын сипаттайтын тілдік бірліктермен тілдік тұлғалар санасында орныққан деген тұжырым жасадық. Респонденттер жауаптары сөз табы тұрғысынан зат есім, етістік, сөз тіркесі және түбір, туынды түбір сипатында берілген.

Респонденттерден алынған жауаптарды талдау қорытындысына сүйеніп, қазақстандықтардың тілдік санасындағы «Рухани жаңғыру» сөзінің ассоциативтік өрісін төмендегідей 10-суретке түсіруге болады:



Сурет 10 – «Рухани жаңғыру» концептісінің тілдік санадағы ассоциациялық өрісі

Ассоциациялық өріс аймақтарын суреттегідей орналастыру жауаптардың жиілік ретіне сәйкес, яғни «Рухани жаңғыру» концептісіне берілген реакция сөздердің жиілігіне сәйкес анықталды. *Орталық өзекке: – болашаққа бағдар – 122, салт-дәстүр – 110, қыран құс – 109, ұлттық код – 107, даму – 79, 100 жаңа есім – 67, ұлттық сана – 65, мәңгілік ел – 53, бүркіт – 47, қазақ тарихы – 51, рухани жаңғыру – 47, ұлттық құндылық – 44, бәсекелестік қабілет – 44,*

болашақ – 39, құс – 38, білім – 34, мәдениет – 31, жаңашылдық – 31, тәуелсіздік – 29, патриотизм – 28, ұлт – 26, латын әліпбиі – 25, тіл – 22, кітап – 22, жаңару – 21, прагматизм – 20 тілдік бірлік орналастырылды; 6-20 жиілікпен қайталанған бірліктер шеткі перифериясына орналастырылды: әдебиет – 19, қыран – 17, цифрлы Қазақстан – 17, жаһандану – 16, құндылық – 16, рухани даму – 15, жаңғыру – 22, елтаңба – 13, мемлекеттік тіл – 2, жолдау – 12, дамыған ел – 12, 100 жаңа кітап – 8, бірлік – 7, мәдени мұра – 7, бірегейлік – 7, ескерткіштер – 7, жаңа технология – 7, жақсы – 7, адамгершілік – 7, жаңа бастама – 7, ұлттық болмыс – 7, мақала – 7, 100 жаңа оқулық – 6, тәрбие – 6, ұлттық рух – 6, жастар – 6, Қазақстан – 6, қыран бүркіт – 6, биікке самғаған құс – 6, жеті ата білу – 6, мемлекет – 6, дін – 5, білімді ұрпақ – 5, туған ел – 5, жеті ата – 5, тілдік бірлік – 5, үш тіл – 5, гүлдеген – 5, ашық аспан – 5, салт-сана – 5, озық технология – 5, жаңа идеялар – 5, дамыған мемлекет – 5, жаңа жоба – 5, ұлттық жаңғыру – 5, домбыра – 5, жан жақты дамыған мәдени Қазақстан – 5, бәсекелестік – 5, елу жылда ел жаңа – 5, ой сананың кемелденуі – 5; шеткері перифериясын 4-3 жиілікте қайталанған лексемалар құрады: ұрпақтар сабақтастығы – 4, ел – 4, ұлттық салт-дәстүр – 4, ұлт жаңғыруы – 4, ұлттық бірегейлік – 4, ұлттық тәрбие – 4, ұлтшылдық – 4, бабалар мұрасымен салт дәстүріміз – 4, егемен Қазақстан – 4, бәсекеге қабілетті – 4, жастар жылы – 4, өркениеттілік – 4, елбасының жолдауы – 4, білімді дамыған ұрпақ – 4, рухани баю – 4, саналы ұрпақ – 4, рухани жаңғыру кезеңі – 4, 100 нақты қадам – 4, сананың кемелденуі – 4, сананың ашықтығы – 4, жеті жарғы – 4, болашаққа бастар жол – 4, рухани – 3, сананы жаңғырту – 3, эволюциялық даму – 3, мәңгілік ел мұратына нақты бағдар – 3, кешендену – 3, жастар – 3, әлемнің жаңғыруы – 3, көркейген – 3, ұлттық салт-сана – 3, қазақ тілінің мәртебесін көтеру – 3, дамыған мемлекет – 3, Отан – 3, руханият – 3, жарқыраған күн – 3, көк ту – 3, еңбек – 3, еркін – 3, сауаттылық – 3, қалалар – 3, халық – 3, бейбітшілік – 3, ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол – 3, дәстүр – 3, 100 кітап – 3, ұлттық киім – 3, өркениет – 3, жаңа өркениет – 3, өзгеріс – 3, Назарбаев – 3, орыс тілі – 3, инновация – 3, зайырлы Қазақстан – 3, жаңару жолы – 3, болашақ бағдар – 3, ана тілі – 3, Алға, Қазақстан – 3, әдеби мұра – 3, мақсат – 3, жаңа түсінік – 3, Қазақстан 2030 – 3 жауаптары алынды.

Ең көп жиілікте қолданылған болашаққа бағдар, салт-дәстүр, қыран құс, ұлттық код, даму тілдік бірліктері. Бұл респонденттердің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын толық игергендігін және оны ұлттық кодты жаңарту, салт-дәстүрді жаңғырту күші ретінде танып «мәтін кітапханасынан», «мағына кітапханасына» көшіргендігін көрсетеді.

Респонденттердің жауабы бойынша аңғарғанымыз – ассоциациялық өрісте берілген жауаптардың сипаты бірдей емес. Бірінші топ «Рухани жаңғыруды» ұлттық құндылықпен ассоциация жасаса, екінші топ «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасымен байланыстырады. Себебі ассоциациялауда респонденттер «мәтін кітапханасында» бар деректерге

сүйенген және олардың қалыптасуына түрлі факторлар себеп болған. Мысалы, орталық өзектің үшінші позициясындағы – *қыран құс* – «Рухани жаңғыру» бағдарламасын насихаттауда қолданылған логотип бейнесі. Бұл «Рухани жаңғыруды» насихаттаған көрнекі ақпарат құралдарын көру арқылы игерілген. Төртінші позициядағы (*ұлттық код*), алтыншы позициядағы (*100 жаңа есім*), сегізінші позициядағы (*мәңгілік ел*), он бірінші позициядағы (*рухани жаңғыру*), он үшінші позициядағы (*бәсекелестік қабілет*), жиырма екінші позициядағы (*латын әліпбиі*), жиырма алтыншы позициядағы (*прагматизм*) тілдік бірліктер бағдарламаны жаппай насихатталуы негізінде көру, есту арқылы қабылданған ақпараттың таңбалануын көрсетеді. Шеткі перифериясында ұлттық ерекшелікті сипаттайтын бірінші позициядағы (*әдебиет*), сегізінші позициядағы (*елтаңба*), жиырма бірінші позициядағы (*ұлттық болмыс*), жиырма бесінші позициядағы (*ұлттық рух*), отызыншы позициядағы (*жеті атаны білу*), отыз бесінші позициядағы (*жеті ата*), қырық алтыншы позициядағы (*домбыра*) тілдік бірліктері бағдарламаны толық игеріп, респонденттердің ұлт тарихымен, ұлттық болмыспен сабақтастыруының нәтижесі. Шеткері перифериясында орналасқан тілдік бірліктер де «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасына қатысты тілдік бірліктер мен ұлттық құндылықты байланыстыру негізінде таңбаланған. Шеткері аймағына орналасқан тілдік бірліктер қазақстандықтардың арманы мен мақсатын бейнелейтін тіркестерді қамтиды. Оны мынадай тілдік бірліктерден көруге болады: *ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол, ұрпақтар сабақтастығы, ұлт жаңғыруы, бабалар мұрасымен салт дәстүріміз, өркениеттілік, мәңгілік ел мұратына нақты бағдар қазақ тілінің мәртебесін көтеру, өзгеріс, білімді дамыған ұрпақ, Алға, Қазақстан!*

3-қадамда тәжірибенің бірінші, екінші сұрақтарының қорытындысы негізінде «Рухани жаңғыру» түсінігінің құрылымын анықтауға болады. *Түсініктің құрылымдылығы дегеніміз – тілдік тұлғаның санасында кодталған, түсініктің орталық өзегін айнала орналасқан, тұлғалардың санасында лексикалық бірліктермен объективтенген лексика-семантикалық өріс.* «Рухани жаңғыру» концептісінің құрылымы мынадай топтармен көрініс тапты:

*Ата-бабадан жалғасқан ұлттық құндылық: салт-дәстүр – 110, ұлттық код – 107, ұлттық сана – 65, мәңгілік ел – 53, рухани жаңғыру – 47, ұлттық құндылық – 44, білім – 34, мәдениет – 31, патриотизм – 28, ұлт – 26, тіл – 22, әдебиет – 19, құндылық – 16, рухани даму – 15, елтаңба – 13, мемлекеттік тіл – 24, бірлік – 7, мәдени мұра – 7, ескерткіштер – 7, бірегейлік – 7, адамгершілік – 7, ұлттық болмыс – 7, тәрбие – 6, ұлттық рух – 6, жеті ата білу – 6, дін – 5, салт-сана – 5, ұлттық жаңғыру – 5, домбыра – 5, жеті ата – 5, ұрпақтар сабақтастығы – 4, ел – 4, ұлттық салт-дәстүр – 4, ұлт жаңғыруы – 4, ұлттық бірегейлік – 4, ұлттық тәрбие – 4, ұлтшылдық – 4, бабалар мұрасы – 4, рухани баю – 4, саналы ұрпақ – 4, сананың кемелденуі – 4, сананың ашықтығы – 4, жеті жарғы – 4, рухани – 3, сананы жаңғырту – 3, ұлттық салт-сана – 5, қазақ тілінің мәртебесін көтеру – 3, Отан – 3, руханият – 3, дәстүр – 3, ана тілі – 3, әдеби мұра – 3, ұлттық киім – 3.*



Құндылық түсінігінің орталық өзегі: салт-дәстүр – 110, ұлттық код – 107, ұлттық сана – 65, мәңгілік ел – 53, рухани жаңғыру – 47, ұлттық құндылық – 44, білім – 34, мәдениет – 31, патриотизм – 28, ұлт – 26, тіл – 22, әдебиет – 19, құндылық – 16, рухани даму – 15, елтаңба – 13, мемлекеттік тіл – 24.

Орталық өзегіне: бірлік – 7, мәдени мұра – 7, ескерткіштер – 7, адамгершілік – 7, ұлттық болмыс – 7, тәрбие – 6, ұлттық рух – 6, дін – 5, салт-сана – 5, ұлттық жаңғыру – 5, домбыра – 5, ұрпақтар сабақтастығы – 4, ел – 4, ұлттық салт-дәстүр – 4, ұлт жаңғыруы – 4, ұлттық бірегейлік – 4, ұлттық тәрбие – 4, ұлтшылдық – 4, бабалар мұрасы – 4, рухани баю – 4, саналы ұрпақ – 4, сананың кемелденуі – 4, сананың ашықтығы – 4;

Шеткері перифериясына: рухани – 3, сананы жаңғырту – 3, ұлттық салт-сана – 5, қазақ тілінің мәртебесін көтеру – 3, Отан – 3, руханият – 3, дәстүр – 3, ана тілі – 3, әдеби мұра – 3, бірегейлік – 7, жеті ата білу – 6, жеті жарғы – 4, ұлттық киім – 3, жеті ата – 5 бірліктері жатады.

Қазақстан келбеті: Қыран құс – 109, Бүркіт – 47, Қазақ тарихы – 51, Құс – 38, Тәуелсіздік – 29, Қыран – 17, Жастар – 6, Қазақстан – 6, Қыран бүркіт – 6, Биікке самғаған құс – 6, Мемлекет – 6, Туған ел – 5, Егемен Қазақстан – 4, Көк ту – 3, Зайырлы Қазақстан 3.

Жолдау: Болашаққа бағдар – 122, 100 жаңа есім – 75, Бәсекелестік қабілет – 44, латын әліпбиі – 25, Кітап – 22, Прагматизм – 20, Жолдау – 12, 100 жаңа кітап – 8, 100 жаңа оқулық – 6, Үш тіл – 5, Жаңа жоба – 5, Бәсекелестік – 5, Бағдарламалық мақала – 4, Санасының жаңғыруына Болашаққа бастар жол – 4, Эволюциялық даму – 3, Мәңгілік ел мұратына нақты бағдар – 3, Кешендену – 3, Мақала – 3, 100 кітап – 3, Назарбаев – 3, орыс тілі – 3, Болашақ бағдар – 3, Қазақстан-2030 – 3, Мақсат – 3, Жастар жылы – 4, Елбасының жолдауы – 4, Рухани жаңғыру кезеңі – 4, 100 нақты қадам – 4, Бағдарламалық мақала – 4.

Болашақ: Даму – 79, Болашақ – 39, Жаңашылдық – 31, Жаңару – 21, Цифрлы Қазақстан – 17, Жаңғыру – 22, Дамыған ел – 12, Жаңа технология – 7, Жақсы – 7, Жаңа бастама – 7, Білімді ұрпақ – 5, Гүлдеген – 5, Ашық аспан – 5, Озық технология – 5, Жаңа идеялар – 5, Дамыған мемлекет – 5, Жан жақты дамыған мәдени Қазақстан – 5, Елу жылда ел жаңа – 5, Ой сананың кемелденуі – 5, Өркениеттілік – 4, Білімді ұрпақ дамыған – 4, Жастар – 3, Әлемнің жаңғыруы – 3, Көркейген – 3, Дамыған, мемлекет – 3, Еңбек – 3, Еркін – 3, Қалалар – 3, Халық – 3, Бейбітшілік – 3, Жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол – 3, Өркениет – 3, Жаңа өркениет – 3, Өзгеріс – 3, Зайырлы Қазақстан – 3, Жаңару жолы – 3, Алға Қазақстан – 3, Жаңа түсінік – 3, Сауаттылық – 3, Инновация – 3, Жарқыраған күн – 3.

4-қадамда «Рухтың жаңғыруы» фреймінің құрылымын анықтау көзделді. Оны талдау салыстырмалы, сандық, сапалық, лингвистикалық, психолингвистикалық, сонымен қатар когнитивті бағалау мен зерделеу әдістерін қолдану арқылы жүргізілді. Талдау барысында пропозицияны

предикаттық құрылымға қатысты есепке алу әдісін де қолдандық. Бұл әдіс арқылы стереотипті жағдаяттарды анықтауға болады.

*Пропозиция когнитивтік құрылымның компоненті болып есептеледі, ол бейсаналы деңгейде орналасып, концептілік құбылысты қисынды қалпына келтіру арқылы анықталады.*

Біз құрылымдар теориясының негізіне М. Минскийдің теориясын алдық. Оның теориясына сүйенсек [120], *фреймдік құрылым – жекелеген ұяшықтар мен атаулардан тұратын нақты бір құрылым.*

Ұяшықтың мағынасы ретінде басқа бір фрейм беріледі, ал ұяшықта нысанның белгілеріне сәйкес мағынасы беріледі.

Фреймдік зерттеу жүргізу әдістемесі төмендегідей алгоритммен орындалады:

*1-қадамда: респонденттерден алынған жауаптардың предикативтік құрылымға ие, оларға статистикалық, сапалық, лексикалық әдіспен талдау жасалуы тиіс;*

*– 2-қадамда: олар предикативтік құрылымдарды пропозицияға сәйкестеу әдісімен пропозицияларға шоғырландырылуы керек;*

*– 3-қадам: статистикалық әдіспен пропозициялар өңделіп, жекелеген және жалпы ұяшықтар айқындалады;*

*– 4-қадам: концептуалды талдау әдісімен когнитивтік құрылымның компоненттері жіктелуі керек;*

*– 5-қадам: фрейм ұяшықтарында «Рухани жаңғыру» түсінігінің құрылымындағы бірліктердің семантикалық байланысы табылуы тиіс;*

*– 6-қадам: когнитивтік құрылымдар өзара салыстырылуы керек;*

*– 7-қадам: пропозициялар когнитивтік бағалау және зерделеу әдісімен өңделіп, уәждік сипаты бар ұяшықтар айқындалады;*

*– 8-қадамда «Рухани жаңғыру» фреймі мазмұнындағы уәждерді ескере отырып, «Рухани жаңғыру» түсінігінің құрылымдық моделін жасалуы керек.*

Бұл талдауда біз сауалнаманың «Рухани жаңғыруды» қалай түсінесіз? деген сұрағы бойынша талдау жасаймыз. Сауалнамаға жауап беруде студенттер, оқушылар, мұғалімдер, зейнеткерлер, мемлекеттік қызметкерлер, үй шаруасындағы әйелдер белсенділік танытқан. Біз осы топ өкілдерінің жауаптарына талдау жасаймыз. Студент респонденттердің жауаптары 6 жалпы ұяшық, 6 жекелеген ұяшықтарға топтастырылды.

*Жалпы ұяшық:*

1. Ұмыт болған салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту. Ұлттық сананы жаңғырту. Қазақылықтың қалпын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа аманаттау – 71.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау, әрекет.

2. Өркениетті ел болудың сара жолы – 65

Когнитивтік құрылым компоненті – жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау, қарым-қатынасты қолдау.

3. Рухани жаңғыру ой-сананың кемелденуі – 69.

Когнитивтік құрылым компоненті – жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу.

4. Мемлекетті дамыту – 54

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу.

5. Батыл шешімге құрылған маңызды құжат – 49

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау, қарым-қатынысты қолдау.

6. Адам баласының ішкі әлемінің жаңаруы – 39

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу.

*Жекелеген ұяшықтар:*

1. Заман сынағына лайықты төтеп беру – 1

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдау алу.

2. Кемел, білімді ұрпақ тәрбиелеу – 5

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау.

3. Даму жолында еңбек етіп жатқан әр азаматтың саналы ғұмыры – 4

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу.

4. Табысты ел болудың кепілі – 4

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу.

5. Өткен дәуірдің айнасы – 2

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, бағалау.

6. Қазақстандықтардың салт-санасы мен дүниетанымын өзгертетін күш – 2

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, бағалау.

7. Елге адал қызмет ету – 1

Когнитивтік құрылым компоненті: талдай алу, әрекет.

Аталған респонденттер санасындағы концептуалды құрылым компоненттері мен олардың жиынтығы мынандай сипатта болды: *жағдаятты саналы түрде түсіну – 161, талдай алу – 161, бағалау – 103, қарым-қатынасты қолдау – 46, әрекет – 25.*

Қадамдардың нәтижелерін салыстыру арқылы концептуалдық құрылым бірліктердің өзара байланысын анықтадық. Мысалы, 2-қадамдағы «Рухани жаңғыру» концептісінің орталық өзегіндегі болашаққа бағдар позициясындағы лексемалар жалпы ұяшықтың «*Ұмыт болған салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту. Ұлттық сананы жаңғырту. Қазақылықтың қалпын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа аманаттау*» 1-позициясымен, шеткі перифериясы – дамыған Қазақстан позициясындағы лексемалармен жалпы ұяшықтың 2, 3, 4-

позициясы, шеткері перифериясындағы болашаққа бағдар позициясындағы лексемалармен жалпы ұяшықтың 5-позициясы байланысып тұр.

Жекелеген ұяшықтардың көп құрылуы қатысушылардың сөз жадының әлсіздігі мен стереотиптік ойлаудың төмен деңгейде қалыптасқандығын танытады. Стереотиптік ойлау тез жауап беру, санада қалыптасқан бірліктер мен ақпаратты шебер қолдануды қамтамасыз ететін бейімделу құралы.

Оқушылардан алынған жауаптарын талдауда 1 жалпы ұяшық анықталды, жекелеген ұяшықтар анықталмады:

1. Рухани жаңғыру – еліміздің мәдениеті, батырлары, ата-бабалар және ақындар. Соларды ұмытпай ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп жеткізу – 17.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, әрекет, қарым-қатынасты қолдау.

Аталған респонденттер санасындағы концептуалды құрылым компоненттері мен олардың жиынтығы мынандай сипатта болды: *жағдаятты саналы түрде түсіну – 17, талдай алу – 17, қарым-қатынасты қолдау – 17, әрекет – 17.*

Мұғалім респонденттердің жауаптарын талдау барысында төмендегідей ұяшықтар анықталды.

*Жалпы ұяшық*

1. Ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту. Ұлттық сананы жаңғырту. Ата-бабадан қалыптасқан ұлттық болмыс пен дәстүрді, ерекшелікті еске түсіру, жаңғырту – 21.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау, әрекет.

2. Ой-сананың кемелденуі – 10

Когнитивтік құрылым компоненті – жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау.

3. Ұлттық сананың жаңғыруы – 10.

Когнитивтік құрылым компоненті – жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу.

4. Жаңа заманға бейімделу – 10

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу.

5. Адамның ішкі әлемінің жаңғыруы – 14

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау.

6. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту – 10

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу.

7. Жаңалыққа ұмтылу – 11

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, әрекет, қарым-қатынасты бағалау.

8. Жан-жақты даму - 15

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, әрекет.

9. Бәсекеге қабілетті болу – 10

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, әрекет, бағалау.

10. Рухани даму – 7

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, әрекет.

11. Салт-сананы өзгертетін күш – 10

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау.

12. Заман талабына сай болу – 9

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау, әрекет.

*Жекелеген ұяшықтар:*

1. Рухани сауаттылық, имандылық – 3

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу.

2. Қайтып келген құндылықтар – 1

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу.

Аты дұрыс бірақ әкім-қаралар пысырмай отырған бағдарлама. Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау.

3. Ескіні жаңарту – 3

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау.

4. Отанға жауапкершілікпен қарау – 1

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау.

5. Үш тілді білу – 1

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау, әрекет.

6. Жаңа Қазақстан – 1

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау.

Мұғалім респонденттердің жауаптары 12 жалпы ұяшық пен 6 жекелеген ұяшықтарға жіктелді. Олардың жауаптарының негізінде мұғалім респонденттер санасындағы концептуалды құрылым компоненттері мен олардың жиынтығы мынандай сипатта болды: *жағдаятты саналы түрде түсіну – 147, талдай алу – 133, қарым-қатынасты қолдау – 11, бағалау – 81, әрекет – 66.*

Студент, оқушы, мұғалім респонденттердің тілдік санасындағы концептуалды құрылым компоненттері мен оның мағыналарының жиынтығын топтастырып беруге болады (10-кесте).

Кесте 10 – Студент, оқушы, мұғалім респонденттердің тілдік санасындағы концептуалды құрылым компоненттері мен оның мағыналарының жиынтығы

Студент респонденттер санасындағы концептуалды құрылым жиынтығы	Оқушы респонденттер санасындағы концептуалды құрылым жиынтығы	Мұғалім респонденттер санасындағы концептуалды құрылым жиынтығы
жағдаятты саналы түрде түсіну – 366 талдай алу – 367 бағалау – 192 қарым-қатынасты қолдау – 114 әрекет – 72	жағдаятты саналы түрде түсіну – 17 талдай алу – 18 қарым-қатынасты қолдау – 17 әрекет – 18	жағдаятты саналы түрде түсіну – 147, талдай алу – 133, қарым-қатынасты қолдау – 11, бағалау – 81, әрекет – 66.

Зейнеткерлерден алынған жауаптарды талдау барысында 3 жалпы ұяшық, 3 жекелеген ұяшық анықталды.

*Жалпы ұяшықтар:*

1. Өткенді қайтарып, өшкенді жаңарту – 6.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау, әрекет.

2. Осы заманға сай болу – 5

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау, әрекет.

3. Қазақстанның жоғары деңгейге көтерілуі – 6

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау, әрекет.

*Жекелеген ұяшықтар:*

1. Қазақ тілін дамыту – 2

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау, әрекет.

2. Сананың жаңғыруы – 3

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау, әрекет.

3. Жастардың жан жақты танылуына ықпал ету – 1

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау, әрекет.

Зейнеткерлерден алынған жауаптарды талдау барысында олардың санасындағы концептуалды құрылым компоненттері мен олардың жиынтығы мынандай сипатта болды: *жағдаятты саналы түрде түсіну – 23, талдай алу – 23, – бағалау – 23, әрекет – 23.*

Мемлекеттік қызметкер респонденттердің жауаптары бойынша 1 жалпы ұяшық, 3 жекелеген ұяшық пайда болды.

*Жалпы ұяшықтар:*

1. Ұлттық құндылықты жаңғырту – 10

Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау, әрекет.

*Жекелеген ұяшықтар:*

1. Ұлттық дәстүрді сақтай отырып, жаңаның да жақсысын қабылдау – 2  
Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау, әрекет.

2. Ұлттық сананы жаңғырту – 3  
Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау, әрекет.

3. Өзгеру – 2  
Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау, әрекет.

Талдау барысында мемлекеттік қызметкерлер санасындағы концептуалды құрылым компоненттері мен олардың жиынтығы мынандай сипатта болды: *жағдаятты саналы түрде түсіну – 17, талдай алу – 17, – бағалау – 17, әрекет – 17.*

Үй шаруасындағы әйел респонденттердің жауаптары 3 жалпы ұяшық, 3 жекелеген ұяшыққа топтастырылды.

*Жалпы ұяшық:*

1. Рухани даму – 5  
Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау, әрекет.

2. Елдің мемлекеттің дамуы, өркендеуі – 7  
Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау, әрекет.

3. Әр адамның өз мақсатына жетуі – 5  
Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, әрекет.

*Жекелеген ұяшықтар:*

1. Халық жағдайының жақсаруы – 2  
Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау, қарым-қатынас.

2. Әр адамның іштеу өзгеруі – 2  
Когнитивтік құрылым компоненті: жағдаятты саналы түрде түсіну, талдай алу, бағалау.

Талдау барысында үй шаруасындағы әйелдер санасындағы концептуалды құрылым компоненттері мен олардың жиынтығы мынандай сипатта болды: *жағдаятты саналы түрде түсіну – 19, талдай алу – 19, бағалау – 14, қарым-қатынас – 2, әрекет – 17.*

Мемлекеттік қызметкер, зейнеткер, үй шаруасындағы әйел респонденттердің тілдік санасындағы концептуалды құрылым компоненттері мен оның мағыналарының жиынтығын топтастырып беруге болады (11-кесте).

Кесте 11 – Мемлекеттік қызметкер, зейнеткер, үй шаруасындағы әйел респонденттердің тілдік санасындағы концептуалды құрылым компоненттері мен оның мағыналарының жиынтығы

Мемлекеттік қызметкер респонденттер санасындағы концептуалды құрылым жиынтығы	Зейнеткер респонденттер санасындағы концептуалды құрылым жиынтығы	Үй шаруасындағы әйел респонденттер санасындағы концептуалды құрылым жиынтығы
<i>жағдаятты саналы түрде түсіну – 17 талдай алу – 17 бағалау – 17 әрекет – 17</i>	<i>жағдаятты саналы түрде түсіну – 23 талдай алу – 23 бағалау – 23 әрекет – 23</i>	<i>жағдаятты саналы түрде түсіну – 19 талдай алу – 19 бағалау – 14 әрекет – 17 қарым- қатынас – 19</i>

Талдау қорытындысы бойынша ең көп жалпы ұяшық мұғалім респонденттердің жауаптары бойынша түзілді. Тәжірибеге қатысқан әр түрлі топ өкілдерінің санасындағы концептуалды құрылымдар негізінен бірдей екендігі, оқушы респонденттер жауаптарында бағалау концептуалды құрылымы орын алмағандығы анықталды.

5-қадамда «Рухани жаңғырудың» құрамындағы уәж сипатын табу мақсатқа қойылды. Ол үшін студенттер мен оқушылардың жауаптарындағы жалпы және жекелеген ұяшықтарынан уәж сипатын анықтаймыз. Бұл үшін біз А.Х. Маслоудың уәжге берілген анықтамасына сүйенеміз. Оның пікірінше, уәж – бейсаналы түрде тұлғаның қолайлы өмір сүру саласын анықтауға, өмірлік күшін сақтауға бағытталған психологиялық бағдары [121].

Осыған сәйкес уәжге түрлі себептер негіз болады: жарқын болашақты аңсау: *жан жақты дамыған мәдени Қазақстан, әлемнің жаңаруы, көркейген, гүлденген; материалды және рухани бай болу: даму жолындағы әрбір азаматтың саналы ғұмыры, дамыған мемлекет, жарқын болашақ, экономикалық жаңғыру; қоғамдағы қарым-қатынастарды реттеу: ұрпақтар сабақтастығы, бәсекелестік, эволюциялық даму; ұлттық құндылықты насихаттау: салт-дәстүр, мәдени мұра, ескерткіштер, жеті ата т.б.*

*Жалпы ұяшық*

1. Ұмыт болған салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту. Ұлттық сананы жаңғырту. Қазақшылықтың қалпын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа аманаттау – 71.

Когнитивтік құрылым компоненті: *өзара тиімді өмір сүру, ұлттық болмысты сақтау, ұрпаққа аманаттау.*

2. Өркениетті ел болудың сара жолы – 65.

Когнитивтік құрылым компоненті – жақсылыққа сену, сол арқылы өмір сүруді жеңілдету, болашаққа сенім.

3. Рухани жаңғыру ой-сананың кемелденуі – 69.

Когнитивтік құрылым компоненті – рухты жаңғырту, ұлттық кодты сақтау, бірегейлікті сақтай отыра даму.

4. Мемлекетті дамыту – 54.



Когнитивтік құрылым компоненті: экономикалық тұрғыдан бай болуға ұмтылу, салауатты, дамыған ел қатарында болу, билік пен халық арасындағы жағымды қарым-қатынас құру.

5. Батыл шешімге құрылған маңызды құжат – 49.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмірдің тепе-теңдігін сақтау, саясатты қолдау, сену, билік пен халық арасындағы жағымды қарым-қатынас құру.

6. Адам баласының ішкі әлемінің жаңаруы – 39.

Когнитивтік құрылым компоненті: өмірден өз орнын табу, жеке тұлғаның заман талабына сәйкес қалыптасуын қамтамасыз ету.

Оқушы респонденттер жауабы:

1. Рухани жаңғыру – еліміздің мәдениеті, батырлары, ата-бабалар және ақындар. Соларды ұмытпай ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп жеткізу – 17.

Когнитивтік құрылым компоненті: *өзара тиімді өмір сүру, ұлттық болмысты сақтау, ұрпаққа аманаттау.*

*Жекелеген ұяшықтар:*

1. Заман сынағына лайықты төтеп беру – 1.

Когнитивтік құрылым компоненті: менің ұстанымым өзгелерден ерекше уәжі.

2. Кемел, білімді ұрпақ тәрбиелеу – 4.

Когнитивтік құрылым компоненті: заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу, болашаққа сену.

3. Даму жолында еңбек етіп жатқан әрбір азаматтың саналы ғұмыры – 1.

Когнитивтік құрылым компоненті: менің ұстанымым өзгелерден ерекше уәжі.

4. Табысты ел болудың кепілі – 4.

Когнитивтік құрылым компоненті: материалды және рухани бай болу уәжі.

5. Өткен дәуірдің айнасы – 2.

Когнитивтік құрылым компоненті: бабалар рухын құрметтеу уәжі.

6. Қазақстандықтардың салт-санасы мен дүниетанымын өзгертетін күш – 2.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану уәжі.

7. Елге адал қызмет ету – 1.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану уәжі.

Мұғалім респонденттердің жауабы:

1. Ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту. Ұлттық сананы жаңғырту. Ата-бабадан қалыптасқан ұлттық болмыс пен дәстүрді, ерекшелікті еске түсіру, жаңғырту – 21.

Когнитивтік құрылым компоненті: ұлттық құндылықты дәріптеу, ұлттық болмысты сақтау, жаңғырту.

2. Ой-сананың кемелденуі – 10.

Когнитивтік құрылым компоненті – жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, жеке тұлғаның даму уәжі.

3. Ұлттық сананың жаңғыруы – 10.

Когнитивтік құрылым компоненті – ұлттық құндылықты бағалау, дәріптеу уәжі.

4. Жаңа заманға бейімделу – 10.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, материалдық құндылықты бағалау, заман талабына сай болу уәжі.

5. Адамның ішкі әлемінің жаңғыруы – 14.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, рухани бай болу уәжі.

6. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту – 10.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, рухани бай болу уәжі.

7. Жаңалыққа ұмтылу – 11.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, рухани бай болу уәжі, заман талабына сай даму уәжі.

8. Жан-жақты даму – 15.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, рухани бай болу уәжі, заман талабына сай даму уәжі.

9. Бәсекеге қабілетті болу – 10.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе теңдігін ұстану, рухани бай болу уәжі, заман талабына сай даму уәжі.

10. Рухани даму – 7.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, рухани бай болу уәжі, заман талабына сай даму уәжі.

11. Салт-сананы өзгертетін күш – 10.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, рухани бай болу уәжі, заман талабына сай даму уәжі.

12. Заман талабына сай болу – 9.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, заман талабына сай даму уәжі, материалды және рухани бай болу уәжі.

*Жекелеген ұяшықтар:*

1. Рухани сауаттылық, имандылық – 3.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, рухани бай болу уәжі, заман талабына сай даму уәжі.

2. Қайтып келген құндылықтар -1.

Когнитивтік құрылым компоненті: ұлттық құндылықты бағалау уәжі.

3. Аты дұрыс бірақ әкім-қаралар пысқырмай отырған бағдарлама.

Когнитивтік құрылым компоненті: менің пікірім өзгелерден бөлек деп есептеу, билікке наразылық уәжі.

Ескіні жаңарту – 3.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, заман талабына сай даму уәжі, материалды және рухани бай болу уәжі.

4. Отанға жауапкершілікпен қарау – 1.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, туған жерді қадірлеу уәжі.

5. Үш тілді білу – 1.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, рухани бай болу уәжі, заман талабына сай даму уәжі, материалды және рухани бай болу уәжі.

6. Жаңа Қазақстан – 1.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, заман талабына сай даму уәжі, материалды және рухани бай болу уәжі.

Зейнеткерлерден алынған жауаптардың уәждік сипатына талдау жасасақ:

*Жалпы ұяшықтар:*

1. Өткенді қайтарып, өшкенді жаңарту – 6.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, рухани бай болу уәжі, ұлттық құндылықты бағалау, заман талабына сай даму уәжі.

2. Осы заманға сай болу – 5.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, рухани бай болу уәжі, заман талабына сай даму уәжі.

3. Қазақстанның жоғары деңгейге көтерілуі – 6.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, рухани бай болу уәжі, заман талабына сай даму уәжі.

*Жекелеген ұяшықтар:*

1. Қазақ тілін дамыту – 2.

Когнитивтік құрылым компоненті: ұлттық құндылықты дәріптеу уәжі.

2. Сананың жаңғыруы – 3.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, рухани бай болу уәжі, заман талабына сай даму уәжі.

3. Жастардың жан-жақты танылуына ықпал ету – 1.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, жарқын болашақты қалыптастыру, заман талабына сай даму уәжі.

Мемлекеттік қызметкер респонденттердің жауаптары бойынша уәж сипаты төмендегідей анықталды.

*Жалпы ұяшықтар:*

1. Ұлттық құндылықты жаңғырту – 10.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, ұлттық құндылықты дәріптеу уәжі.

*Жекелеген ұяшықтар:*

2. Ұлттық дәстүрді сақтай отырып, жаңаның да жақсысын қабылдау – 2

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, рухани бай болу уәжі, заман талабына сай даму уәжі.

3. Ұлттық сананы жаңғырту – 3.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, рухани бай болу уәжі, заман талабына сай даму уәжі.

#### 4. Өзгеру – 2.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, рухани бай болу уәжі, заман талабына сай даму уәжі.

Үй шаруасындағы әйел респонденттердің жауаптары бойынша уәж сипаты төмендегідей:

*Жалпы ұяшық:*

##### 1. Рухани даму – 5.

Когнитивтік құрылым компоненті: рухани бай болу уәжі.

##### 2. Елдің мемлекеттің дамуы, өркендеуі – 7.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, заман талабына сай даму уәжі, материалды және рухани бай болу уәжі.

##### 3. Әр адамның өз мақсатына жетуі – 5.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, заман талабына сай даму уәжі, материалды және рухани бай болу уәжі.

*Жекелеген ұяшықтар:*


##### 1. Халық жағдайының жақсаруы – 2.

Когнитивтік құрылым компоненті: ұлтқа деген сүйіспеншілік, жарқын болашақты аңсау, сену, жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, заман талабына сай даму уәжі, материалды және рухани бай болу уәжі.

##### 2. Әр адамның іштеу өзгеруі – 2.

Когнитивтік құрылым компоненті: жағымды өмір тепе-теңдігін ұстану, заман талабына сай даму уәжі, материалды және рухани бай болу уәжі.

Тәжірибеге қатысқан әлеуметтік топ өкілдерінің байланыстыратын ортақ ұяшық – *ұлттық сананы жаңғырту* болса, ортақ уәж – *өзара тиімді өмір сүру, ұлттық болмысты сақтау, ұрпаққа аманаттау, рухани және материалды бай болу, заман талабына сай даму, өзгеру*. Біз талдауға сүйеніп, «Рухани жаңғыру» коцептісінің «Рухтың жаңғыруы» фрейміндегі құрылымының сызбасын ұсындық (12-сурет).



Сурет 12 – «Рухани жаңғыру» концептісінің «Рухтың жаңғыруы» фрейміндегі құрылымы

### **Үшінші бөлім бойынша тұжырым**

Үшінші тарауда ассоциативтік тәжірибе жүргізудің тәртібі мен әдістемесі сипаттала отырып, «Рухани жаңғыру» концептісінің тілдік тұлғалар санасында ассоциациялануы тәжірибе негізінде талданып, ассоциативтік өрісі 5 қадаммен анықталды. «Рухани жаңғыру» концептісінің ассоциативтік өрісі аталған тіркестің реакция сөз сапасында кездесу жиілігін кестелеу арқылы, парадигматикалық, идентификациялық, синтагматикалық реакциялар мен

мәдени, тарихи, уақытқа қатысты ассоциациялық өрісі модельденді, «Рухани жаңғыру» түсінігінің фреймдік құрылымы анықталды, «Рухани жаңғыру» құрамындағы уәж сипатын табумен айқындалды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу жұмысында қазақстандық идеологиялық дискурстың лингвистикалық вербалдануын, нақтырақ айтқанда, семантикасы мен лингвистикалық формасын, «Рухани жаңғыру» концептісінің концептуалдану үдерісін, макро модельдерін, лексика-семантикалық, ассоциативтік өрістерін, «Рухани жаңғыру» фреймі мазмұнындағы уәждерді негізге ала отырып, «Рухани жаңғыру» концептісінің құрылымдық модельдерін анықтауға тырыстық.

Біздіңше, дискурс – тілдік жүйенің элеуметтік топтардың не жеке тұлғалардың коммуникативтік мақсат-мүдделеріне сай жағдаятта қолданылуы. Оның құрылымы көп деңгейлі, шикізаты да, өнімі де – мәтін. Біз өз зерттеуімізде дискурс талдаудың бірнеше әдістерін кешенді қолдандық.

Дискурсты сыни талдау нақты мәтіндегі немесе мәтіндердегі жиі кездесетін қалыптарды (лексиканы, грамматиканы, қаратпаларды, басқа мәтіндермен, басқа жанрлармен қатынастағы интермәтіндікті қоса алғанда) табудан, сол қалыптың түсінілуін, зерделенуін ұсынудан, оның мағынасын, идеологиялық маңыздылығын сипаттаудан тұрады.

Дискурстың астырт құрылымы деп отырғанымыз – айтылатын ойдың өзегі, пропозициясы, ал үстірт құрылымы – сол ой өзегінің санадағы сөздердің, сөз тіркестерінің, сөйлемнің таңдалып, белгілі бір құрылымның іріктеліп, дыбыстық жамылғышын жамылып, коммуниканттың қабылдауына жеткізілуі. Яғни, тілдік бірліктермен таңбалануы. Ойдағы құрылымы мен тілдегі таңбалануының тұтастығын талдау.

Тіл мен идеологияның арақатынасына дискурстық талдау жасаған «дискурсты автоматты талдау», «дискурс теориясы» және «сыни дискурс-талдау» ғылыми бағыттарына сипаттама беріп, негізгі мәселелері мен оларға қатысты тұжырымдарын талдадық.

Қазақстандық идеологиялық дискурстың базалық ұғымдары «Билік» пен «Саясат» концептілеріне үш тілде ассоциациялық тәжірибе жүргізіліп, нәтижесі сарапталды.

Жалпы идеологиялық дискурс саяси дискурсты зерттеген еңбектерде, тіл мен идеологияның арақатынасын зерделеген зерттеулерде қарастырылғанымен, қазақстандық идеологиялық дискурс арнайы зерттеу нысанына алынбаған. Идеология тек саяси мәнмәтінге байланып қалмайтыны, идеологиялық сипат барлық таңбаларда болатынын негізге ала отырып, біз өзіміз ұсынып отырған жұмыста идеологиялық дискурсты саяси дискурстың жеке түрі сапасында қарай отырып, екеуінің өзіндік белгілерін жіктедік:

*Саяси дискурсқа тән белгілер:* саяси топтың не оның өкілінің жақтастар қатарын көбейтуді көздейді; саяси білімге құрылады; саяси терминдер қолданылады; саяси билікке қол жеткізуді мақсат етеді.

*Идеологиялық дискурсқа тән белгілер:* идеологияны насихаттайды, идеологияны оқытады, идеологияның негізгі «семантикалық өзегін» пропозициясын қалыптастырады, елдің болашаққа, билікке сенімін туғызады;

әлеуметтік танымның барлық түрінің негізінде жататын білімге құрылады; саяси терминдер қолдану міндетті болмайды; әлеуметтік топтарда ортақ пікір қалыптастыруды, қоғамдық сананы билеуді мақсат етеді.

Идеологиялық дискурс әр мемлекеттің не елдің өзінің мәдениетіне, тарихына, экономикалық және әлеуметтік даму стратегияларына сай анықталады. Олар әр елде түрліше болады. Соған сай идеология сол елдің атымен аталып жұмсалады, сондықтан біз Қазақстандық идеология деп қолданғанда қазақ мемлекетінде жүргізілетін идеологияны атадық. Бір елдің өз ішіндегі ұлттық құндылықтарды насихаттайтын, идеологияға сай қоғам мүшелеріне ортақ түсінікті қалыптастыруға бағытталған сөз әрекетін ұлттық идеологиялық дискурс деп түсінеміз. Олар өзара сабақтастықта жүзеге асады.

Қазақстандық идеологиялық дискурсты зерттеуге оның «шикізаты» әрі «өнімі» болып саналатын «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы алынды. Себебі кез келген дискурсты талдау, сипаттау сол дискурс өнімі саналатын мәтіндерге талдау жасау арқылы орындалады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы елімізде 2017-2022 жылдары арнайы «Рухани жаңғыру» кеңселері мен мекемелердің, оқу орындарының, Тілдерді дамыту орталықтарының, әкімдіктердің Жастар саясаты бөлімдерінің тарапынан мақсатты, жоспарлы түрде насихатталды. Бұл мақсатта бұқаралық ақпарат құралдары, интернет, әлеуметтік желілер, көшеде орналастырылған лэд экрандар, билбордтар мен ұрандар, үндеулер т.с.с. көрнекі ақпараттар толықтай жұмылдырылды. Аталған жұмыстар қазақстандықтар санасына «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мазмұнын, оның негізгі идеясын сіңірді. Қазақстандықтардың тілдік санасында «Рухани жаңғыру» концептісінің орнығуына жағдай туғызды. Бұл «Рухани жаңғыру» концептісінің концептуалдану деңгейін анықтау қажеттігіне түрткі болды.

Қазақстандық идеологиялық дискурста тіл идеологияны тасымалдап, оны қоғам мүшелерінің санасына орнықтырып, олардың ел болашағына деген сенімін туғызуға, бекітуге ықпал етті. Басқаша айтқанда, идеологиялық және дискурстық құрылымдар қоғам мүшелерінің танымдық (когнитивтік) модельдерінде түйісіп, орнықты, соның нәтижесінде қоғам мүшелерінің әлеуметтік шындық түсініктері құрылды. Қазақстандық идеологиялық дискурсты талдауда осы түсініктердің, идеологиялық мәннің тіл бірліктерінің қайсысында белсенді таңбаланып, қалай тасымалданды деген мәселені анықтауға тырыстық. Ол үшін «Рухани жаңғыру» бағдарламасын қоғам мүшелерінің қалай қабылдағанын анықтау мақсатындағы бірнеше сауалнама мен ассоциациялық эксперимент алынды. Ол тәжірибелік материалдар талданып, сәйкесінше қорытындылар шығарылды. Дискурсты пайдалануға да, идеологияның әлеуметтік құрылым туралы түсінікті қалыптастыруына делдал болатын танымдық (когнитивтік) модельдер (құрылымдар) анықталды.

Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесінде мынадай **тұжырымдар** жасалды:

1. Қазақстандық идеологиялық дискурс – қазақстандық идеологияны тасымалдайтын, жүзеге асыратын, оны қоғам мүшелерінің санасына сіңіру



мақсатын көздейтін, елдің болашаққа сенімін жоғалтпауын қамтамасыз ететін, рухын бекітетін, билік пен халықтың арасын жалғастыруға қызмет ететін сөз әрекеті. Қазақстандық идеологиялық дискурс моделі мынадай құрылымға ие: *идеолог – идеологиялық мазмұндағы хабарды тасымалдаушы (мәтін немесе ауызша және жазбаша сөз) – идеологиялық мазмұндағы хабарды (мәтінді) тарататын канал (интернет, әлеуметтік желілер, бұқаралық ақпарат құралдары, медиадискурс, ұран мәтіндері мен үндеу мәтіндері, ресми мекемелер, «Рухани жаңғыру» кеңселері т.с.с.) – қабылдаушының қабылдауы (түсінуі, идеологиялық ақпараттың қалыптасуы мен соған сай әрекеті).*

2. Қазақстандық идеологиялық дискурс семантикасы өз құрамына семантикалық бірліктерді енгізетін 4 семантикалық абзацтың (1-семантикалық абзац: *Ел мақсаты – жаңғыру.* 2-семантикалық абзац: *Ұлттық сананың жаңғыруы.* 3-семантикалық абзац: *Таяу жылдардағы міндеттер.* 4-семантикалық абзац: *Жаңа жағдайда жаңғыру – даму қағидасы).* өзара байланысынан түзілген, «жаңғыру» түсінігінің компонентіне кіретін, «жаңғыру» предикатына бекітілген семантикалық актанттар арқылы түзілетін пропозициялық құрылымдардан тұрады. Бұл идеологиялық дискурстың семантикасында «Жаңа заман талабына сай елді жаңғырту идеясы» бар. Семантикалық абзацтардың өзара байланыстылықта тұруын қамтамасыз етіп тұрған – пропозиция тақырыбы (*ел мақсаты – жаңғыру*), оны сыртқы құрылымда бекітіп тұрған – орталық пропозициялар (*жаңғыру: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру*).

3. Қазақстандық идеологиялық дискурстың лингвистикалық формасы «мен» есімдігінен гөрі «біз» есімдігінің жиі қолданылуымен, өткен шақ етістігімен 1-жақ жіктік жалғауының көптік тұлғасында қиысуымен, ілік септік тұлғасында жұмсалудымен, риторикалық сұраулы сөйлемдердің, ашық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдердің, идеологияның дұрыс қабылдануын ұйымдастыру мақсатында ұлттық-мәдени мазмұнға ие бірліктердің, метафоралық қолданыстардың, төл сөз бен кірме сөз тіркесінен туындаған қоғамдық-саяси бірліктердің, кірме сөздердің қолданылуымен сипатталады.

4. Қазақстандық идеологиялық дискурс мазмұны дискурс-мәтіндерде бекітіледі. Кез келген дискурсты талдау, сипаттау сол дискурс өнімі саналатын мәтіндерге талдау жасау арқылы орындалады. Қазақстан қалаларында көшеде, мекемелер мен түрлі ғимараттарда ілінген ұран, үндеу мәтіндерін қазақстандық идеологиялық дискурстың өнімі әрі оны тасымалдау құралы деп түсінуге болады. Зерттеу материалдарына жинақталған ұран, үндеу мәтіндерінің 30% «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мәтіндерінен алынғаны және ұран, үндеу мәтіндерінің тақырыптық мазмұны бағдарламаның бағыттарына сәйкес келуі – 2017-2022 жылдар аралығында қазақстандық идеологиялық дискурстың негізгі өзегі – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы болды деп тұжырымдауға негіз болады; ұран мәтіндерінің ішінара (Алматы, Ақтау қалаларында) үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жазылып ілінуі де – «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы «Үш тілде білім беру» идеясына сәйкес қалыптасқан деп есептейміз.

5. «Рухани жаңғыру» концептісінің концептуалдануы: 1) көру, есту сезім мүшелері арқылы тікелей қабылдау (барлық жерде, көшеде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын насихаттайтын ұрандар мен үндеулердің, бейне роликтердің т.б. көру арқылы қабылдануы); 2) адамдардың арнайы бағытталған әрекеті («Рухани жаңғыру» кеңселерінің жұмысы); 3) ойлау операциялары (арнайы конкурстар мен шығармашылық жұмыстардың орындалуы барысындағы ойлау әрекеттері); 4) тілдік қарым-қатынас арқылы («Рухани жаңғыру» концептісінің тілдік формамен түсіндірілуі); 5) тілдік бірліктерді саналы қабылдау жолымен («Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын мақсатты түрде түсініп оқу арқылы) жүзеге асты.

«Рухани жаңғыру» тіркесіне ассоциативтік тәжірибе жасау нәтижесі оның 3 макромоделі барын анықтады: 1. «Рухани жаңғыру» – ұлттық құндылық, өз құрамына «Аманат», «Ұлттық код», «Сананың жаңғыруы» логикалық моделін, олардың қатынасын. 2. «Рухани жаңғыру» – саясат, өз құрамына «Жаңа бағыт», «Бағдарлама» логикалық модельдерін, олардың қатынасын. 3. «Рухани жаңғыру» – күш, өз құрамына «Даму», «Өзгеріс» логикалық модельдерін және қатынасын енгізеді.

6. Сауалнама нәтижесінде «Рухани жаңғыру» концептісінің лексика-семантикалық өрісінің өзегі – *рух* лексемасы және «Рухани жаңғыру» концептісі құрамына *он екі лексика-семантикалық топ* енеді. «Рухани жаңғыру» концептісінің эмоциялық-бағалауыштық қабатының жағымды мәндері толық қалыптасқан және жағымды мәні басым орныққан. «Рухани жаңғыру» концептісіне қатысты метафоралардың қалыптасуына бағдарламадағы «Бәсекеге қабілет», «Білімнің салтанат құруы» бағыттары негіз болған.

7. «Рухани жаңғыру» концептісінің ассоциациялық өрісін анықтау мақсатындағы сауалнама жауаптары респонденттердің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын игергенін, болашаққа сенетінін, салт-дәстүрді жаңғырту сапасында ұғатынын аңғартты. Осыған сүйене отырып, біз 2017-2022 жылдар аралығындағы қазақстандық идеологиялық дискурста «Рухани жаңғыру» концептісі қазақстандықтардың санасында бұрыннан бар «бостандық», «тәуелсіздік», «мәңгілік ел» идеяларымен сабақтастықта орнықты деп тұжырымдаймыз.

Зерттеу жұмысының *болашақ бағдарын* мынадай зерттеу бағыттарынан көреміз:

1. Қазақстандық идеологиялық дискурстың қазақ және орыс тілді ортада жүзеге асу ерекшеліктері бар екені даусыз, сондықтан оны салғастыра зерттеу қажет.

2. Қазақстандық идеологиялық дискурстағы «Үш тілде білім беру» идеясының қазақстандықтардың тілдік санасына қалай ықпал еткенін арнайы зерттеу жаһандану саясатының оң не теріс ықпалын анықтауға және соған қатысты идеологияны нақтылауға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

3. «Рухани жаңғыру» концептісіне қатысты жүргізілген ассоциациялық эксперимент материалдарынан ассоциациялық сөздік дайындалады.

## ПАЙДАЛАНАЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ежелгі дәуір әдебиеті / құраст. А. Қыраубаева. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б.
- 2 Омаров Е. Қазақ өркениетінің негізі. – Алматы: Арда, 2014. – 456 б.
- 3 Кэмерон Д. Разговорный дискурс. Интерпретации и практики / пер. с англ. – Харьков: Гуманитарный Центр, 2015. – 316 с.
- 4 Labov W. The Study of Language in its Social Context // The Social Stratification of English in New York City. – Harmondsworth, 1972. – P. 3-17.
- 5 Смағұлова Г.Н., Күркебаев К., Жұмағұлова Ә. Шешендік сөздердің дискурсы: оқу құр. – Алматы: Арыс, 2008. – 184 б.
- 6 Ерназарова З.Ш. Аргументирующие модели в казахской ораторской речи // Тілтаным. – 2016. – №1. – Б. 14-19.
- 7 Садирова К. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. – Ақтөбе, 2008. – 428 б.
- 8 Нұрмышева Ш.А. Коммуникативно-прагматическая характеристика переводов кинодискурса: дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2010. – 120 с.
- 9 Буркитбаева Г.Г. Деловой дискурс: онтология, интеракция, жанры. – Алматы, 2005. – 230 с.
- 10 Айтмұхамедова Қ. Институционалды коммуникация: дәрігер-науқас (сөз мәдениеті аспектісі): 10.02.02: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2003. – 126 б.
- 11 Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтіннің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде): филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2007. – 345 б.
- 12 Жұмағұлова А.М. Шешендік сөздердің дискурсы. – Алматы: ҚазҰУ, 2012. – 184 б.
- 13 Саденова А.Е. Диалогтік дискурс: қазақ тілін меңгерудің деңгейлік динамикасы: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 112 б.
- 14 Асанова Г.С. Іскери қарым-қатынастың табиғаты мен ерекшеліктері (қазақ және ағылшын тілдері материалдары негізінде): док. PhD. ... дис. – Алматы, 2014. – 192 б.
- 15 Ахатова Б.А. Политический дискурс и языковое сознание. – Алматы: Экономика, 2006. – 300 с.
- 16 Кенжеханова К.Қ. Саяси дискурстың прагматикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар бойынша): док. PhD. ... дис. – Алматы: ҚазҰУ, 2015. – 187 б.
- 17 Дюсембина Г.Е. Мерзімді баспасөздегі ғаламның аксиологиялық бейнесі (саяси мәтіндер негізінде): док. PhD. ... дис. – Алматы: ҚазҰУ, 2015. – 187 б.
- 18 Жалалова А.М. Риторикалық құрылым теориясы: дискурс бірліктерінің семантика-интонациялық көрінісі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2016. – №5(40). – Б. 158-162.

- 19 Елшібаева К.З. Шаршысөз дискурсының лингвопрагматикалық аспектісі: док. PhD. ... дис. – Алматы, 2021. – 166 б.
- 20 Құлтанбаева Н.Қ. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері (қазақ, орыс, араб тілдері материалдары негізінде): док. PhD. ... дис. – Ақтөбе, 2022. – 145 б.
- 21 Күдерінова Қ.Б. Қазақ дискурсының (ауызша) ұлттық және заманауи ерекшеліктері // Дискурс теориясының өзекті мәселелері: халық. электронды ғыл. конф. матер. – Ақтөбе, 2011. – Б. 53-55.
- 22 Исакова С.С. Университеттік дискурстағы терминдердің қолданылу принциптері // Дискурс теориясының өзекті мәселелері: халық. электронды ғыл. конф. матер. – Ақтөбе, 2011. – Б. 97-104.
- 23 Қалиұлы Б. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін. – Алматы: мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 246 б.
- 24 Манкеева Ж. Қазақ сөзінің синергиясы. – Алматы: Қазақ Ұлттық университеті, 2021. – 272 б.
- 25 Садирова К. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. – Ақтөбе, 2008. – 428 б.
- 26 Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 137 б.
- 27 Степанов Ю.С. В поисках прагматики (Проблема субъекта) // Известия АН СССР. – 1981. – Т. 40, №4. – С. 325-332.
- 28 Степанов Ю.С. Альтернативный мир, Дискурс, Факт и принцип Причинности // Язык и наука конца XX века: сб. ст. – М., 1995. – С. 35-73.
- 29 Макаров М.Л. Основы теории дискурса. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2003. – 280 с.
- 30 Тетради новых терминов: англо-русские термины по прикладной лингвистике и автоматической переработке текста. Методы анализа текста / сост. В.З. Демьянков. – М., 1982. – Вып. 2, №39. – 290 с.
- 31 Силантьев И.В. Газета и роман: риторика дискурсных смешений. – М.: Языки славянской культуры, 2006. – 224 с.
- 32 Николаева Т.М. Лингвистика текста. Современное состояние и перспективы // Новое в зарубежной лингвистике. – 1978. – №8. – С. 5-39.
- 33 Чернявская В.Е. Лингвистика текста. Лингвистика дискурса. – М., 2013. – 201 с.
- 34 Кибрик А.А. Анализ дискурса в когнитивной перспективе: автореф. ... док. филол. наук: 10.02.19. – М., 2003. – 90 с.
- 35 Дейк Т.А. Дискурс и власть: репрезентация доминирования в языке и коммуникации / пер. с англ. – М., 2013. – 344 с.
- 36 Серио П. Как читают тексты во Франции // В кн.: Квадратура смысла. – М., 1999 – 413 с.
- 37 Соколова О.В. Типология дискурсов активного воздействия: поэтический авангард, реклама и PR. – Изд. 2-е. – М.: Гнозис, 2014. – 304 с.
- 38 Pecheux M. Discourse Analysis. – NY.: St. Martin's Press, 2005. – 264 p.

- 39 Foucault M. *The Archaeology of Knowledge and the Discourse on Language*. – London, 1972. – 245 p.
- 40 Dijk van T.A. *The semantics and pragmatics of functional coherence in discourse // Versus*. – 1980. – №26. – P. 26-27.
- 41 де Траси А.-Л.-К. *Элементы идеологии. Главы о языке и дискурсе (ч. 1, гл. 16; ч. 2, гл. 1) / пер., ком. и послес. Е.Е. Ланина // Метафизические исследования: сб. – СПб.: Алетея, 1999. – Вып 11. – С. 171-198.*
- 42 *Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірмелі сөздігі) / құраст. Н. Уәли, Ш. Құрманбайұлы, М. Малбақов және т.б. – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.*
- 43 Хейвуд Э. *Саясаттану / пер. с англ. – Алматы, 2020. – 520 б.*
- 44 Канашевич Н. *Постижение идеологии как поиск парадигмы: от эпохи модерна к постмодерну // Thesaurus: зб. навук. пр. – Магілёў, 2018. – Вып. 5. – С. 87-122.*
- 45 Гирц К. *Интерпретация культур / пер. с англ. – М.: Российская политическая энциклопедия, 2004. – 560 с.*
- 46 Бурдые П. *Социология политики / пер. с фр. – М., 1993. – 333 с.*
- 47 Манхейм К. *Диагноз нашего времени / пер с нем., англ. – М.: Юрист, 1994. – 700 с.*
- 48 Бурсевич В.В. *Взаимодействие идеологии и языка как проблема дискурса-анализа // Вестник БГУ. – 2011. – №3. – С. 40-44.*
- 49 Althusser L. *Ideology and Ideological State Apparatuses*. – London, 1970. – 288 p.
- 50 Лакло Э. *Невозможность общества // Логос. – 2003. – №4-5. – С. 56.*
- 51 Dijk van T.A. *Ideological discourse analysis // New Courant*. – 1995. – Vol. 4. – P. 138-140.
- 52 Dijk van T.A. *Ideology and discourse analysis // Journal of political ideologies*. – 2006. – Vol. 11, Issue 2. – P. 115-140.
- 53 Янковская Л.В. *Идеология как феномен духовной культуры // Вестник Полоцкого государственного университета. – 2011. – №7. – С. 114-120.*
- 54 Mann W., Thomson S.A. *Rhetorical Structure Theory: A Theory of Text Organization*. – Los Angeles: University of Southern California, 1987. – 91 p.
- 55 Гирц К. *Здравый смысл как культурная система / пер. с англ. // <https://magazines.gorky.media/nz/2007/4/zdravyj-smysl-kak-kulturnaya>. 14.06.2021.*
- 56 Wodak R. *Aspects of critical discourse analysis // Zeitschrift für Angewandte Linguistik*. – 2002. – Vol. 36. – P. 5-31.
- 57 Князев А.А. *Энциклопедический словарь СМИ. – Бишкек: Издательство КРСУ, 2002. – 164 с.*
- 58 Серио П. *О языке власти: критический анализ // В кн.: Философия языка: в границах и вне границ. – Харьков, 1993. – С. 83-101.*
- 59 Бахтин М.М. *Творчество Ф. Рабле и народная культура Средневековья и Ренессанса. – М.: Эксмо, 2015. – 640 с.*
- 60 Шварцмантель Д. *Идеология и политика / пер. с англ. – Харьков: Гуманитарный Центр, 2009. – 312 с.*

- 61 Малинова О.Ю. Концепт идеологии в современных политических исследованиях // Политическая наука. Политическая идеология в современном мире: сб. науч. тр. – М., 2003. – С. 32-68.
- 62 Тузиков А.Р. Западная теория идеологии: от критики «ложного сознания» к анализу дискурса массмедиа: монография. – М.: Соц. Гуманитар. Знания, 2002 – 289 с.
- 63 Герасимов В.И. Идеология и дискурс в работах Т ван Дейка: реферативный обзор // Политическая наука. Политическая идеология в современном мире: сб. науч. тр. – М., 2003. – С. 74-86.
- 64 Жиро Т. Политология / пер. с польск. – Харьков: Гуманитарный Центр, 2006. – 428 с.
- 65 Русакова О.Ф. Основные разновидности современных теорий политического дискурса: опыт классификации // Аналитика культурологи. – 2008. – №11. – С. 190-205.
- 66 Wodak R., van Dijk T.A. Racism at the top Parliamentary discourses on ethnic issues in six European States. – Klagenfurt: Drava Verlag, 2000. – 391 p.
- 67 Хасанұлы Б.Х. «Қазақ тілі» тұжырымы: мемлекет, қоғам, қалам қайраткерлері санасындағы көрінісі // Жаңа ғасырдағы Қазақстанның тілдік кеңістігі және әлемдік лингвистиканың өзекті мәселелері: халық. ғыл.-теор. конф. матер. – Алматы, 2008. – Т. 1. – Б. 10-38.
- 68 Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы: қазақ баспасөз материалдары негізінде. – Алматы, 2007. – 432 б.
- 69 Садирова К.Қ. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері: 10.02.02: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2008. – 54 б.
- 70 Halliday M.A.K. Language, Context, and Text: Aspects of Language in Social-Semiotic Perspective. – Oxford: Oxford University Press, 1989. – 126 p.
- 71 Holsti O.R. Content Analysis for the Social Sciences and Humanities. – Boston: Addison-Wesley Publishing Company, 1969. – 235 p.
- 72 Методология исследований политического дискурса: актуальные проблемы содержательного анализа общественно-политических текстов / под ред. И.Ф. Ухвановой-Шмыговой. – Минск: БГУ, 2000. – Вып. 2. – 479 с.
- 73 Hofstede G.H. Cultures and organizations: software of the mind. – London, NY.: Mc Graw Hill, 1991. – 279 p.
- 74 Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы. Арыс, 2007. – 800 б.
- 75 Есенғалиева Ж.Т. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Билік» концептісінің көрінісі мен аударма мәселесі // Молодой ученый. – 2019. – №35(273). – Б. 176-179.
- 76 Зейда Б., Қыбырай Ж. Қазақ және түрік лингвомәдениетіндегі «Билік» концептісі // Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Хабаршысы. – 2020. – №3. – Б. 23-31.
- 77 Трофимова Ю.В. Концепт «politika» в русской языковой картине мира: автореф. ... канд. филол. наук. – Барнаул, 2004. – 15 с.

- 78 Любимова О.В., Крячко В.Б. Концепт «власть» в русской и английской лингвокультурах // Альманах современной науки и образования. – 2012. – №6(61). – С. 100-102.
- 79 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / ред. Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 80 Дала фольклорының антологиясы: 10 т. / құраст. К.І. Матыжанов, А.Қ. Қалиева, С.А. Қасқабасов және т.б. – Алматы, 2019. – Т. 3. – 584 б.
- 81 Баллюзек Л. Народные обычаи имевшие, а отчасти и ныне имеющие в малой киргизской орде силу закона // Материалы по казахскому обычному праву. – Алматы: Жалын, 1998. – С. 217-299.
- 82 Әбдірова Ш.Г., Әбдіғазі С.Х. Ұран, үндеу мәтіндерінің идеологиялық аспектісі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2019. – №12/2. – Б. 228-231.
- 83 Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. – Алматы: Ел-шежіре, 2009. – Т. 8. – 312 б.
- 84 Торайғыров С. Сарыарқаның жаңбыры: өлеңдер мен дастандар / құраст. Е. Дүйсенбайұлы – Алматы: Раритет, 2007. – 208 б.
- 85 Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. – Алматы: Ел-шежіре, 2009. – Т. 9. – 352 б.
- 86 Махамбет. Менің атым – Махамбет: өлеңдер мен күйлер. – Алматы: Жібек жолы, 2002. – 224 б.
- 87 Есенберлин І. Қаһар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 325 б.
- 88 Шаңғытбаев Қ. Таңдамалы / құраст. Г.Қ. Шаңғытбаева. – Алматы: СаҒа, 2013. – Б. 279-280.
- 89 Қайдар Ә.Т. Қазақ қандай халық?. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 652 б.
- 90 Шамиоғлы Ю. Әлем тілдеріндегі термин жасау мәселелері // termincom.kz. 18.07.2021.
- 91 Садирова К.Қ. Дискурсология мәселелері: монография. – Ақтөбе: Колибри, 2019. – 200 б.
- 92 Қалиев Б. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін: мақалалар жинағы. – Алматы: Мемлекеттік тілдерді дамыту институты, 2012. – 246 б.
- 93 Хайдеггер М. Путь к языку // Время и бытие: статьи и выступления: сб. – М., 1993. – С. 259-273.
- 94 Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. – М., 1997 –208 с.
- 95 Токарева И.И. Этнолингвистика и этнография общения. – Минск, 2003. – 241 с.
- 96 Амосов Н.М. Психоллингвистика сознания // В кн.: Философские вопросы физиологии высшей нервной деятельности и психологии. – М, 1966. – С. 482.
- 97 Қалиұлы Б. Тіл білімінің тоғыз қыры. – Алматы, 2019. – 208 б.
- 98 Қабылдина Л. Көптік категориясының морфологиялық көрсеткіштері // ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 2006. – №4. – Б. 66-71.

- 99 Trier J. Der deutsche Wortschatz im Sinnbezirk des Vestandes: die Geschichte eines Sprachlichen feldes – Heidelberg: Winter, 1931. – 347 s.
- 100 Вайсгербер И.Л. Родной язык и формирование духа / пер. с нем. – М., 2004. – 229 с.
- 101 Караулов Ю.Н. Структура лексико-семантического поля // Филологические науки. – 1972. – №1. – С. 57-58.
- 102 Васильев Л.М. Теория семантических полей // Вопросы языкознания – 1971. – №5. – С. 105-113.
- 103 Кузнецова И.В. Итоги и перспективы семантической классификации русских глаголов // Семантические классы русских глоголов: межвуз. сб. науч. тр. – Свердловск, 1982. – С. 3-10.
- 104 Васильев Л.М. Современная лингвистическая семантика. – М.: Высшая школа, 1990. – 175 с.
- 105 Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. – М.: Восток-Запад, 2007. – 314 с.
- 106 Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1996. – 208 б.
- 107 Сыбанбаева А. Метафора: тілдік және концептуалды метафоралар. – Алматы: Қазақ университеті, 2002 – 162 б.
- 108 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
- 109 Қазақ тілі: энциклоп. / ред. К. Хусаин. – Алматы: Ғылым, 1998. – 508 б.
- 110 Майзел С.С. Изафет в турецком языке. – М.; Л.: Наука, 1957. – 158 с.
- 111 Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. – Алматы, 2011. – 312 б.
- 112 Манкеева Ж. Қазақ сөзінің синергиясы. – Алматы: Қазақ Ұлттық университеті, 2021. – 272 б.
- 113 Горошко Е.И. Проблемы проведения свободного ассоциативного эксперимента // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. – 2005. – №3. – С. 53-61.
- 114 Залевская А.А. Слово в лексиконе человека: психолингвистическое исследование. – Воронеж, 1990. – 204 с.
- 115 Мартиневич Г.А. Опыт комплексного исследования данных ассоциативного эксперимента // Вопросы психологии. – 1993. – №2. – С. 93-99.
- 116 Голикова Т.А. Алтайско-русский ассоциативный словарь. – М.: Олсиб, 2004. – 380 с.
- 117 Балли Ш. Жизнь и язык / пер. с нем. – М.: УРРС, 2003. – 230 с.
- 118 Караулов Ю.Н. Показатели национального менталитета в ассоциативно-вербальной сети // Языковое сознание и образ мира: сб. науч. ст. – М., 2000. – С. 191-207.
- 119 Фрейд З. Введение в психоанализ: лекции / пер с нем. – М.: Наука, 1999. – 456 с.
- 120 Минский М. Фреймы для представления знаний. – М., 1979. – 151 с.



121 Маслоу А.Х. Мотивация и личность / пер. с англ. – СПб.: Евразия, 1999. – 479 с.

## ҚОСЫМША А

Ұран, үндеу мәтіндерінің дискурстық әсерін талдау мақсатында жүргізілген сауалнама

Қадірлі дос!

Бұл сауалнама зерттеу жұмысын жазуға байланысты алынғандықтан, Сіздің жеке көзқарасыңызға шектеу, жөндеу, түзету, ескерту жасалмайды. Жауаптарыңыз тәжірибе нәтижесі ретінде қолданылады. Ғылыми жұмыстың жазылуына қосқан үлесіңіз үшін алғыс білдіреміз!

1. Көшеде немесе ғимараттарда ұран, үндеу мәтіндерін кездестіресіз бе? Оларды оқисыз ба?

2. Ұран, үндеу мәтіндерінің қызметі қандай? Қандай мақсатта жазылған?

3. Сізге қалай әсер етеді?

4. «Өмір сүре білу үшін, өзгере білу қажет» ұранын қалай түсінесіз?

5. «Елбасы – ел тірегі» дегенді қалай түсінесіз?

6. Ұран, үндеу мәтіндерінде идеологиялық мазмұн бар ма?

7. Көркем әдебиетте, батырлар жырында кездесетін ұрандар мен қазіргі заманауи ұрандардың айырмашылығы қандай?

8. Ұран, үндеу дегенді қалай түсінесіз?

*«Билік», «Саясат» концептілерінің қазақ, ағылшын және орыс тілді қазақстандық тұрғындардың тілдік санасындағы ерекшеліктерін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама*

«Билік» дегенді қалай түсінесіз?

«Билік» сөзі сіздің санаңызда қалай бейнеленеді?

«Билік» сөзіне синонимдер жазыңыз.

«Саясатты» қалай түсінесіз?

«Саясат» сөзі сіздің санаңызда қалай бейнеленеді?

«Саясат» сөзімен мағыналас сөздер, саясаткерлер жиі қолданатын тіркес немесе ұрандар.

Как вы понимаете слово «власть»?

Как вы представляете себе слово «власть»?

Слова-синонимы к понятию власть.

Как вы понимаете политику?

С чем вы связываете слово «политика»?

Слова-синонимы к понятию «политика», фразы или лозунги, часто используемые политиками.

How do you understand the word «power»?

How do you imagine the word «power»?  
Words are synonyms to the concept of «power»  
How do you understand politics?  
What do you associate the word «politics» with?  
Words-synonyms for the concept of «politics», phrases or slogans often used  
by politicians

*«Рухани жаңғыру» концептісінің тілдік санада ассоциациялануын, лексика-семантикалық өрісін, ассоциативтік өрісін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама*

1. «Рухани жаңғыру» дегенді қалай түсінесіз?
2. «Рухани жаңғыру» сіздің санаңызда немен бейнеленеді?
3. «Рухани жаңғыруға» қатысты қалыптасқан тілдік бірліктер немесе тіркестер.

## ҚОСЫМША Ә

Кесте Ә.1 – Тілдік деректер мәліметі (ұран, үндеу)

№	мәтіні	авторы	тілдік дерек алынған орын	форматы
Ұлт пен ұлттық құндылық				
1	Гибрат алар артына сөз қалдырсаң, Шын бақыт, осыны ұқ Мәңгілік өлмейсің!		Ақтөбе қаласы, №50 жалпы білім беретін орта мектеп	қабырға стенді
2	Басты мақсат – халықтың әл-ауқатын арттыру	ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев	Ақтау қаласы, 7 шағын аудан	билборд
3	Басты мақсат – халықтың әл-ауқатын арттыру	Қазақстан Республикасының Президенті	Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Өтек ауылы	маңдайша
4	Біріккен бітіреді, ұйымдасқан ұтады!	-	Қызылсай ауылы	билборд
5	Туған елдей жер болмас, туған елдей халық болмас	-	Ақтау қаласы, 14 шағын аудан	билборд
6	Туған жерге айрықша інкарлықпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көрінісі	Н.Ә. Назарбаев	Ақтөбе қаласы, №15 орта мектеп	қабырға стенді
7	«Ұлағатты ұрпақ – ұлттық ұстаным!»	Сәдібек Түгел	Алматы қаласы	билборд
8	Береке бірлігі болмаса – елге сын, ел үшін жасар тілегі болмаса, ерге сын.	халық даналығы	Түркістан облысы Қазығұрт ауданы, Алтынтөбе ауылы	билборд
9	«Ауыл – әр қазақтың алтын бесігі»	халық даналығы	Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы	билборд
10	Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас		Ақтөбе қаласы	маңдайша
11	«Елдік түбі- бірлік!»		Ана тілі газетінің ұраны	
12	«Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан».	Н.Ә. Назарбаев	Ақтөбе қаласы, №60 орта мектеп	қабырғадағы сурет
13	Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады	Абай Құнанбаев	Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарши ауылы Геолог көшесі	билборд
14	«Қазақтар – әдет-ғұрып, салт-сана, тіл жағынан біртұтас ұлт»	В.В. Радлов	Кеңкияқ ауылы	билборд
15	«Қазақстан Республикасын қорғау-әр азаматтың қасиетті борышы мен парызы» ҚР Конституциясы, 36-бап	-	Кеңкияқ ЖОББМ	қабырға стенді
16	Туған жерге қызмет ету – қарызым, Туған жерге тағзым ету - парызым	Н.Ә. Назарбаев	Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарши ауылы, Геолог көшесі	маңдайша
17	Туған жерге қызмет ету – қарызым, Туған жерге тағзым ету - парызым	Н.Ә. Назарбаев	Кеңкияқ ауылы	маңдайша
18	«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста»	Абай	Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Н.Байғанин көшесі	маңдайша
19	Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі	Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры»	Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Н.Байғанин көшесі	билборд
20	Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде	Н.Ә. Назарбаев	Шұбарши ЖББОМ	қабырға стенді
21	Басты мақсат – халықтың әл-ауқатын арттыру	Қазақстан Республикасының Президенті	Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Өтек ауылы	билборд
22	«Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарих. Қазақ тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық»	Н.Ә. Назарбаев.	Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Өтек ауылы	билборд

## Ә.1-кестенің жалғасы

23	Өз елінің қара тасын мақтан ете алмаған өзге жердің алтынын да мақтап жарытпақ емес	Қаныш Сәтбаев	Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Өтек ауылы	билборд
24	«Адамға екі нәрсе керектігі, бірі –тіл, бірі – ділің жүректегі»	Жүсіп Баласағұн	Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Шпелі 14 көшесі	
25	Ең бастысы, төл тарихымызды тану арқылы Қазақстан халықтарының уыздай, ұйыған береке-бірлігін, ынтымағы мен жарастығын, жылдар шындаған достығы мен туыстығын одан әрі нығайту мақсат	Әбіш Кекілбаев		билборд
26	Ежелден ер тілегі – ел тілегі. Адал ұл ер боп туса – ел тірегі	Бауыржан Момышұлы	Ақтөбе қаласы, Космос аялдмасы	үй сыртындағы сурет
27	Ежелден ер тілегі – ел тілегі, Адал ұл ер боп туса – ел тілегі	-	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Мұнайлы ауданы, Қызылтөбе ауылы	билборд
28	Тарихты білмей – өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын	Әл-Фараби	Ү. Түктібаев атындағы №24 орта мектеп	маңдайша
29	Өз тарихын сыйламаған халық өзін де сыйламайды	-	Ү. Түктібаев атындағы №24 орта мектеп	маңдайша
30	Туған жеріне жаны ашымаған адам – жәндік	-	Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Қызылорда облыстық филиалы	билборд
31	Береке мен бірлік, ақыл мен парасат халқымызды үнемі алға бастап келеді	Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауы	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, «Ағайынды Жұбановтар» көшесі	билборд
32	Тарихи ескерткіштерге жанашырлық – баршаның парызы	-	Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы	маңдайша
33	«Балам деген жұрт болмаса – жұртым дейтін бала қайдан шықсын!»	Ахмет Байтұрсынұлы	Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті	маңдайша
34	Бала, бала – мәңгілік ел кепілі	-	Ақтөбе облысы, Мұғалжау ауданы, Қандыағаш қаласы, «Жастық» мөлтек ауданы	үй сыртындағы сурет
35	Табиғат – адамзаттың өмір нәрі, қажетінің табылар содан бәрі	Халық даналығы	Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, №3 Шұбарқұдық ЖББОМ	маңдайша
36	Бақытты бала – мәңгілік ел болашағы	-	Кеңкіяқ ауылы	маңдайша
37	Ей, адамзат ең алдымен досыңды ұқ, Досың жер, су, таза ауа, өсімдік!	-	Кеңкіяқ ЖОББМ	маңдайша
38	«Тарихты білмей – өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын»	Әбу Насыр әл-Фараби	Ақтөбе облысы, Хромау ауданы, Тасөткел ауылы, Тасөткел орта мектебі	маңдайша
39	Бұл тарлан тарихтың жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы	ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев	Ақтау қаласы, Жоғары технологиялы смарт мектеп	тұтас қабырғаға жазылған
Ғылым-білімді насихаттау				
40	Кітап – адамның жан азығы		Шұбарши жалпы орта білім беретін мектеп	
41	Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу біздің қанымызда бар қасиет	Н.Ә. Назарбаев	Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарши ауылы, Геолог көшесі	маңдайша

## Ә.1-кестенің жалғасы

42	Рухани жаңғыру Білімді, көзі ашық көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет	Н.Ә. Назарбаев	Ақтөбе қаласы, №15 орта мектеп	қабырға стенді
43	Еліміздің ертені бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында.  Будущее страны в руках нынешнего молодого поколения. А судьба молодого поколения в руках педагогов.  The Future of our country is in hands of today's younger generation. And the fate of the younger generation is the hands of teachers.	Н.Ә. Назарбаев	Ақтау қаласы, жоғары технологиялы смарт мектеп	
44	Шын білім әрдайым ақиқат, анық болатын білім	Әбу Насыр Әл-Фараби	Ақтөбе қаласы, №50 ЖББОМ	қабырға стенді
45	Бүгінгі заман білектің емес, Білімнің заманы дегенді ескерсек, заман талабына сай дайындалған жоғары оқу орны оқытушысының шеберлігі мен саналы тәрбие алған шәкірттерінде болмақ»	Н.Ә. Назарбаев	Орал қаласы, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	маңдайша
46	Білім мен кәсіби машық – заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары	Н.Ә. Назарбаев	Орал қаласы, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	маңдайша
47	Табысты болудың ең басты факторы – білім	Н.Ә. Назарбаев	Қорғалжын қаласындағы Ақтан Төлеубаев атындағы орта мектептегі «Рухани жаңғыру» кабинеті	қабырғаға стенді
48	Оқыту мен оқуда жаңа әдіс тәсілдерді қолдану арқылы құзыреттілікті дамыту	-	Ақтау қаласы, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қызыл төбе елді мекені, орта мектеп	маңдайша
49	Ұлт болашағы – білімді ұрпақ қолында	Н.Ә. Назарбаев	Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Аққошқар кентінің Аққошқар орта мектебі	билборд
50	Ұлым саған айтайын өсиетін дананың: Білімдіні таны да, сонынан ер, қарағым	Махмұд Қашқари.		
51	Біз «білім, ғылым, инновациялар» үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз	Н.Ә. Назарбаев	Ақтау қаласы, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қызыл төбе 2 елді мекені, №6 орта мектеп	маңдайша
52	Математика – ұлы ғылым, адамның ең бір асыл қасиеттерінің жемісі	Д.И. Писарев	Шұбарши жалпы орта білім беретін мектеп	
53	Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу деген ұғым	Әбу Насыр әл-Фараби	Темір ауданы, Шұбаркүдық кенті, Қызылжар көшесі	
54	Кітап – шырақ, оқу – шын	-	Үш тілде оқытатын №21 орта мектеп-гимназиясы	стенд
55	Кез келген мемлекеттің қуаты – халқында, оның білімі мен біліктілігінде. Білім мен ғылым әлеуметтік жақсартудың құралы ғана емес, бүкіл прогреске апаратын данғыл жол	Нұрсұлтан Назарбаев	Шалқар қаласы, №8 ЖББОМ	билборд

## Ә.1-кестенің жалғасы

56	«Кел, балалар, оқылық!»	Ы. Алтынсарин	Шалқар қаласы, №8 ЖББОМ	маңдайша
57	Еліміздің ертені бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында	Н.Ә. Назарбаев	Байғанин ауданы, Қарауылкелді селосы	билборд
58	... біз кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттағанмыз жөн.	Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауынан 1 қыркүйек, 2020 жыл	Байғанин ауданы, Қарауылкелді селосы	билборд
59	Біздің ұстанымымыз – татулық пен тыныштық, ұранымыз – береке мен бірлік	ҚР тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев	Мәртөк ауданы, Сәкен Сейфуллин атындағы көше, аудандық әкімдік	маңдайша
60	«Тіл дегеніміз – қай ұлттың болмасын, кешегі, бүгінгі ғана емес, ертенгі де тағдыры»	Б. Момышұлы	Кенкияқ ЖББОМ	маңдайша
61	Білім үйрен данадан, жалтақтама басқаға, Қызмет қыл, басыңды и, өрлігінді таста да	Махмұт Қашқари	Ақтөбе облысы, Хромтау ауданына қарасты Онғар ауылдық мектебі	стенд
62	Қазақ мектебіндегі бала келешекте қай мамандыққа барам десе де, ең алдымен өзінің ана тілін, әдебиетін сүйуі керек	М.О. Әуезов	Ақтөбе облысы, Хромау ауданы, Тасөткел ауылы, Тасөткел орта мектебі	маңдайша
63	Бір Аллаға сыйынып, Кел, балалар, оқылық! Оқығанды көңілге, Ықыласпен тоқылық	Ы. Алтынсарин	Ақтөбе қаласы, №50 ЖББОМ	қабырға стенді
64	Оқу – өмірдің сәні, тіршіліктің шамы	-	Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарши ЖОБМ	қабырға стенді
65	Ұлттық сана ұлттық тілмен ғана қалыптасады	-	Ақтөбе қаласы, 11 мөлтек ауданы	маңдайша
көшбасшыларды дәріптеу				
66	Елбасының халқымызға және әлем қауымдастығына сіңірген ерен еңбегі мен ұлы есімін мәңгі есте сақтауымыз керек	ҚР Президенті Қ.Ж.Тоқаев	Мәртөк ауданы, Ж.Жабаев көшесі	билборд
67	Елін сүйген, елі сүйген Елбасы!	-	Ақмола облысы, Шортанды ауданының орта мектебі	билборд
68	Елбасы – ел тірегі, ел намысы!	-	Ақтөбе қаласы, Есет батыр көшесі	тақтайша
69	«Қолы қимылдаған адамға кедейшілік жоқ, Аяғы қимылдаған адамға алыстық жоқ»	-	Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Рабат ауылы	билборд
рухани құндылықтарды насихаттау				
70	Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, Күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, Ең болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал!	Абай Құнанбаев	Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарши ауылы Геолог көшесі	тақтайша
71	Ұлттық дамудың басты сипаты – рухани сауаттылық. Өрелі мәдениет, кемел білім.  Главные признаки национального развития – это духовная грамотность. Высокая культура, глубокие знания. The main signs of national development are spiritual literacy. High culture, deep knowledge.	Ө. Кекілбаев	Ақтау қаласы, Жоғары технологиялы смарт мектеп	
72	«Махаббат, достық, бауырмалдық – адамның ең бір асыл қасиеттері»	-	Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, №3 Шұбарқұдық ЖББОМ	маңдайша

## Ә.1-кестенің жалғасы

73	Тілін, ділін өшірген, жолығар бір кесірге!	-	Шымкент қаласының орталық базары	маңдайша
74	«Кек сақтама, достыққа ұмтыл» Не держи зла, Держитесь друг друга	-	Алматы қаласы	билборд
75	Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде		Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Саркөл ауылы, Шұбарши ЖББОМ	Қабырға
76	Тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы.	Әбу Насыр Әл-Фараби	Астана қаласы	билборд
77	Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба, Құмарланып шаттанба, Ойнап босқа күлуге, Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол Адам болам десеңіз Тілеуің, өмірің алдында Оған қайғы жесеңіз Өсек, өтірік, мақтаншақ Еріншек, бекер, мал шашпақ Бес дұшпаның білсеңіз Талап, еңбек, терең ой Қанағат, рақым, ойлап қой Бес асыл іс білсеңіз	Абай Құнанбаев	Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті	
78	«Кішілік пен кісілік – ұлылықтың белгісі»	-	Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті	
79	«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста. Сонда толық боласың «Елден бөлек», деп адамға нұрлы ақыл мен ыстық қайраттан бөлек жылы жүрек екендігін айтады. Бұл – қазақ халқының өмірлік философиясы»	ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев	Ырғыз ауданы	билборд
80	Өзін-өзі тану – адамгершілік құндылықтардың негізі	Сара Алпысқызы	Кеңкияқ ЖББОМ	маңдайша
81	Адам өзінің жанын ұсақ уайым, болымсыз қам-қарекет дертімен былғанудан сақтауы керек	Мұхтар Әуезов		
82	«Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық. Жүріңдер, іздеп тауып алалық та!»	А. Байтұрсынов	Кеңкияқ ЖББОМ	қабырға стенді
83	Қазақтың қара сөздерінде көп мән жатыр, күн шалмайтын қараңғы көңілді сөз шалады. Ендеше соншалық қуатты да, киелі қаруды қалай болса солай қолдануға болмайды.	Ғабиден Мұстафин	Астана қаласы	билборд
84	Тіл жұрттың жаны. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт	Халел Досмұхамедұлы	Астана қаласы	билборд
85	«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен озым ғой демектің бәрі де ақымақшылық...»	Абай Құнанбаев		стенд
86	Ана тілімізді шекараны қорғағандай қорғайық!	-	Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Қызылорда облыстық филиалы Қызылорда облысы	билборд
87	Если мы хотим быть нацией со своим неповторимым местом на глобальной карте XXI века, нужно, чтобы мир узнал нас по культурным достижениям	Н.Ә. Назарбаев		билборд



## Ә.1-кестенің жалғасы

88	Алтын ұяң – Отан қымбат, Құт-берекең атаң қымбат, Аймалайтын анаң қымбат, Асқар тауың – әкең қымбат	Қазымбек би	Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Кереев көшесі	
89	Тілден артық қазына жоқ, тілден артық қасиет жоқ	Н.Ә. Назарбаев	Ақтөбе облысы, Мұғалжау ауданы, Қандыағаш қаласы, «Жастық» шағын ауданы	маңдайша
90	Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек.  Ум, сила, сердце держи их в гармонии, и это делает тебя полноценным человеком	Қасым-Жомарт Тоқаев	Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Бұлақтыкөл ауылы	маңдайша
91	Адамның басшысы – ақыл, Жетекшісі – талап, Шолғыншысы – ой, қорғаны – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтыны – арман, ең қымбаттысы – ар сақтау, бәрінен ардақтысы – өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық.	Төле би	Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Кереев көшесі	
92	«Қазақ тілі ұлтаралық қатынас тіліне айналатын уақыт келеді. Бірақ сол уақытқа дейін біз артық сөзсіз жұмыс жасауымыз керек»	Қасым Жомарт Тоқаев	Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Өтек ауылы	
93	«Сөзінді түзе – әдетіне айналады, Әдетін – мінезіне айналады. Мінезін – сенің тағдырың»	Шекәрім Құдайбердіұлы		стенд
94	«Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, кадрлемеген адам толық мәнді интеллигент емес»	Мұхтар Әуезов		стенд
95	«Қазақ тілі – сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан дүниенді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл»	Бауыржан Момышұлы		стенд
96	Біз үш тұғырлы тілді қолдансақ жолымыз ашық болады	Н.Ә. Назарбаев.	Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Өйтеке би көшесі	билборд
97	«Ғалымға азық берер қайнар көзі кітап бетімен, лаборатория аумағымен ғана шектелмейді, өмірді танумен, еңбек адамының жасампаз ісін танумен кең өрісін табады»	Қаныш Сәтбаев		
98	Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі	-	Ү. Түктібаев атындағы №24 орта мектеп	қабырға газеті
99	Қазақстанның болашағы	Н.Ә. Назарбаев	Ақтөбе облысы, Мұғалжау ауданы, Қандыағаш қаласы, «Жастық» шағын ауданы	маңдайша
100	Бес нәрсеге асық бол талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым	-	Ақтау қаласы, 14 шағын аудан	билборд
101	Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте	Қадыр Мырза Әли	Еңбек негізгі мектебі	маңдайша

## Ә.1-кестенің жалғасы

102	Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан балады	А. Құнанбаев	Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Тасөткел ауылы, Тасөткел орта мектебі	маңдайша
103	«Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе»	-	Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Тасөткел ауылы, Тасөткел орта мектебі	қабырға стенді
104	«Әдебиет пен тарих егіз ұғым. Әдебиеті жоқ халықтың рухы сөнеді»	М. Дулатов	Ақтөбе қаласы, №50 ЖББОМ	қабырға стенді
105	Өмір сүру үшін өзгере білу керек	Н.Ә. Назарбаев		билборд
салауатты өмір салты				
106	Еңбек адамның бағын ашады, спорт адамның әрін ашады	-	Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Алтынтөбе ауылы	билборд
107	«Халық денсаулығы – мемлекет байлығы»	-	Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық аудандық ауруханасы	билборд
108	«Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі»		Қызылорда облысы, Шнелі ауданының, Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық аудандық ауруханасы	маңдайша
уәждік ұрандар				
109	Тауды биік демендер, Талаптансаң шығарасың, Жауды мықты демендер, Ерлік қылсаң жығарсың.	Н. Байғанин	Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Н.Байғанин көшесі	маңдайша
110	Күлтегінбіз, қаған Білгеміз, Құламаған елміз мүлде біз. Көк аспан мен көк ту астында, Күн сөнгенше біргеміз. Қыран казак, берік іргеміз, Құламаған елміз мүлде біз. Өлі бізде алар асу көп, Бәріміз де біргеміз!!!	Сырым Өуезхан	Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті	маңдайша
111	Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты, Қырандай күшті қанатты – Мен жастарға сенемін!	Мағжан Жұмабаев	Ақтөбе қаласы №50 ЖББОМ	қабырға стенді
112	Қазақ елі – мәңгілік ел	-	Ақтау қаласы, 14 шағын аудан	қабырға стенді
113	Ернұр Рысмағамбетов 100 жаңа есім Білегіңе сенбе, біліміңе сен	-	Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Теріскей көшесі	маңдайша
114	«Өз ісінің білгірі хәм шебері атану үшін жақсы жұмыс істеп, жетік білуге ұмтылу керек»	Әбу Насыр Әл-Фараби	Ырғыз ауданы	билборд
115	Біз болашаққа сеніммен қараймыз!		Байғанин ауданы, Қарауылкелді селосы	билборд
116	Қарабет болып қашқанша – қайрат көрсетіп өлген артық	Бауыржан Момышұлы	Астана қаласы	билборд
117	«Тәуелсізбін, Егеменмін, Еркінмін»	-	Кеңқияқ ауылы	
118	Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің еңсесі де биік болады	Н.Ә. Назарбаев.	Үш тілде оқытатын №21 орта мектеп-гимназиясы	маңдайша
119	Ұлтқа бағдар,рухани жаңғыру Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, одан бұрын жаңғырып отыруы дұрыс	Н.Ә. Назарбаев.	Үш тілде оқытатын №21 орта мектеп-гимназиясы	стенд

## Ә.1-кестенің жалғасы

120	Көзінді аш, оян қазақ, басты көтер, Өткізбей қараңғыда бекер асты. Жер кетті дін нашарлап, хал хараб боп, Қазағым енді жату жарамасты	Міржақып Дулатов	Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарши ауылы Геолог көшесі	маңдайша
121	Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман.	-	Шұбарши ЖББОМ	стенд
122	Дүниеде тәуелсіз Қазақ елі бар, Әлемде егемен Қазақстан бар. Оның көпұлтты тату, ынтымақшыл халқы бар. Ең бастысы бүгіннен нұрлы, Бүгіннен кемел болашағы бар	Н.Ә. Назарбаев	Мәртөк ауданы, Губина көшесі	маңдайша
123	Біздің ұстанымымыз – татулық пен тыныштық, ұранымыз – береке мен бірлік.	ҚР тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев	Мәртөк ауданы, Сәкен Сейфуллин атындағы көше, аудандық әкімдік	стенд
124	Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Білімді болуға оқу керек, Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек».	А. Байтұрсынов	Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Өтек ауылы	маңдайша
125	Ахмет Байтұрсынұлы: «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға білік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек»	-	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, 8 ықшам ауданы	билборд
126	Мен – қазақтың, осы үшін мақтанамын	Қазақтың тұңғыш генерал-лейтенанты Жансен Кереев	Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Шиелі 14 көшесі	маңдайша
127	«Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалаң»	Құнанбайұлы «Әсемпаз болма әрнеге»	Үш тілде оқытатын №21 орта мектеп-гимназиясы	стенд
128	Сен де бір дүниеге кетігін тап та бар қалаң Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға	Абай Құнанбаев	Е. Тілеубаев көшесі, орталық алаң	билборд
129	Рухани жаңғыру – өскелең ұрпақтың дара жолы	-	Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Өтек ауылы	маңдайша
130	Біз XXI ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, әлем бізді мәдени жетістіктерімізбен тану керек	Н.Ә. Назарбаев	Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Өтек ауылы	маңдайша
131	«Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның апыса, бойыңдағы азаматтық намысың болса, қазақтың жалғыз ұлттық мемлекетінің өсіп өркендеуі жолында теріңді төгіп қызмет ет, Елдің де, жердің де иесі өзің екеніңді ұмытпа»	Н.Ә. Назарбаев	Ақтөбе қаласы, №31 мектеп	стенд
132	Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке кетпесін деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп – найзасына жылқының қылын таққан елміз...	Қаз дауысты Қазыбек би		билборд
133	Жаңа заман жеке тұлғасын тәрбиелеу-бәсекеге қабілетті қоғам құрудың рухани адамгершілік негізі	Н.Ә. Назарбаев	Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Әйтеке би көшесі	маңдайша
134	«Еңсесін енді көтеріп келе жатқан біздің еліміз үшін дарынды ұрпақтың орны бөлек»	Н.Ә. Назарбаев		билборд
135	«Цифровизация – это следование модной тенденции, а ключевой инструмент достижения национальной конкурентоспособности»	Қ.Ж.Тоқаевтың жолдауы, 1 қыркүйек 2020 жыл		билборд

## Ә.1-кестенің жалғасы

136	Ел ертені – білімді жастар!	Н.Ә. Назарбаев	Ақтөбе облысы, Мұғалжау ауданы, Қандыағаш қаласы, «Жастық» мөлтек ауданы	маңдайша
137	Біз болашаққа сеніммен қараймыз!	-	Байғанин ауданы, Қарауылкелді селосы	билборд
138	Алыстан Алаш десем аттанамын, Қазақтың – қазақ десе мақтанамын, Болғанда әкем – қазақ, шешем – қазақ, Мен неге қазақтықтан сақтанамын!	Міржақып Дулатов	Астана қаласы	билборд
139	«Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет»	Н.Ә. Назарбаев	Кенкияқ мәдениет үйі	маңдайша
140	«Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет»	Н.Ә. Назарбаев	Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы Алтынтөбе ауылы	билборд
141	Білімді, көзі ашық көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет	Н.Ә. Назарбаев	Ақтөбе қаласы №15 орта мектебі	қабырға стенді
142	Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеніз		Ақтөбе облысы, Хромтау ауданына қарасты Онғар ауылдық мектебі	стенд
143	Менің арным – Қазақстанның «Мәңгілік ел» болуы. Заман өтеді. Адамдар өтеді. Бірақ тәуелсіздік қалады.	Н.Ә. Назарбаев	Астана қаласы, Ұлттық мұражай	ескерткішке жазылған
144	Ғибрат алар артыңа сөз қалдырсаң, Шын бақыт, осыны ұқ Мәңгілік өлмейсін!	-	Ақтөбе қаласы, 50 жалпы білім беретін орта мектеп	қабырға стенді
145	Біріккен бітіреді, ұйымдасқан ұтады!	-	Қызылсай ауылы	билборд
тәртіпке шақыру ұрандары				
146	Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды	Б. Момышұлы	Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Базарная көшесі	маңдайша
147	Тәрбиелі – тәртіптің құлы, тәртіпті – елдің ұлы	Бауыржан Момышұлы		билборд
148	Пайда ойлама ар ойла, талап қыл артық білуге	Абай Құнанбаев	Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Кереев көшесі	маңдайша
149	«Пайда ойлама ар ойла, талап қыл артық білуге»	Абай Құнанбаев	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, 8 шағын ауданы	билборд
150	«Өз пайданды ойлама, ел пайдасын ойла! Өз пайдаң соның ішінде...»	Жүсіп Баласағұни	Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті	маңдайша
151	Адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі	Абай Құнанбаев	Темір ауданы, Шұбарши кенті	маңдайша
152	Әділ адамның адамгершілік қасиеттері заңды жоқтатпайды	-	Ү. Түктібаев атындағы №24 орта мектеп.	маңдайша
153	Есірткіге жол жоқ. Нет наркотикам!	-	Ақтөбе қаласы	билборд
154	Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады.	Қазақстан Республикасының конституциясы, 35 бап	Мәртөк ауданы, Н.Байғанин атындағы көше	
пандемия ұран, үндеулері				
155	Біздің батырлар! Наши герои! Нұржанова Гүлбану #бізбіргеміз	-	Ақтау қаласы, 7 шағын аудан	билборд

## Ә.1-кестенің жалғасы

156	Үйде қалыңыз! Оставайтесь дома! #бізбіргеміз	-	Қарағанды облысы, Теміртау қаласы	билборд
157	Біз біргеміз! We Together!	-	Алматы қаласы	билборд
158	Носи маску! Давай вернемся к прежней жизни! #бізбіргеміз	-	Алматы қаласы	билборд
159	Үйде қалыңыз! Оставайтесь дома! #бізбіргеміз	-	Алматы қаласы	билборд
туған жерді ұлықтау				
160	Қиялмен қыр асамын, құмнан да өтем, Өзіңсің көне тарих, тұнған мекен . Ырғызым елдігің де, елдігің де Батырлар бейнесіндей тұлғанда екен	Мұхтар Құрманалин	Ырғыз ауданы	билборд
161	Ағынды менің Ақсуым, Ақырып әлі ағасың, Ақиланған ашумен, Ақтарды асқар сабасың, Тас тарпуын, шашуын, Қарасаң қайран қаласың, Жалғыз жазғы бір кеште, Жағаладым жағасың	І. Жансүгіров	Темір ауданы, Шұбарқұдық кәсіпшілігі, Жаңақұрылыс көшесі, 5б	билборд
162	Алмалы, алға! Ел жүрегі – Астана!	-	Алматы облысы, Алмалы ауданы, Алтынтөбе ауылы; Астана қаласы	билборд
163	Шуағындай балғын бөбек жазымның, Сағындым мен Тәттібеттің жазығын, Саумал көлдің қамыстарын сырнай ғып, Өстім сонда естіп аққу, қаз үнін	Қалижан Бекхожин	Астана қаласы	билборд
164	Темірім – елім, Өмірім менің, Жаралған жастық сезімнен Жанымның емі, Сағындым сені, Ботасын күткен боз інген	Боранғали Ырзабаев	Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті	билборд